

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

ӘОЖ: 94(574) "18/19"

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**ХІХ Ғ.АЯҒЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ДЖАДИДТЕРДІҢ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

6D020300 –Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Тулибаева Ж.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Философия докторы (PhD),
профессор Уяма Томохико

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘДИДТІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ (XIX Ғ. АЯҒЫ – XX Ғ. БАС КЕЗІ)	
1.1 Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени ахуалы	28
1.2 Қазақстандағы мұсылмандық білім беру ісі	45
2 МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ПАТШАЛЫҚ ӨКІМЕТТІҢ ІШКІ САЯСАТЫ	
2.1 Ресей империясындағы мұсылмандық мәселе	62
2.2 Қазақстандағы патшалық әкімшіліктің ағартушылық саясаты	79
3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ АҒARTУ САЛАСЫНДАҒЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР	
3.1 Жаңа әдісті мектептердің қалыптасуы	97
3.2 Жәдидтердің ағартушылық қызметі	123
ҚОРЫТЫНДЫ	141
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	144
ҚОСЫМШАЛАР	160

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АН – Академия наук

АН СССР – Академия наук Союза Советских Социалистических Республик

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

ЖМНП – Журнал Министерства Народного Просвещения

ЖОО – Жоғарғы оқу орындары

ИРГО – Императорское Русское географическое общество

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ҚазҰУ Хабаршысы – Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы

ҚМДБ – Қазақстан Мұсылмандырының Діни Басқармасы

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР ҒЖБМ БҒССБК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны бақылау комитеті

ҚР ҒЖБМ ҒК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві

ҚР ПА – Қазақстан Республикасының Президент Архиві

МВД – Министерство Внутренних Дел

ОМДЖ – Орынбор мұсылмандарының діни жиыны

ООМА – Орынбор облыстық мемлекеттік архиві

ТР ҰА – Татарстан Республикасының Ұлттық Архиві

ТОМА – Томск Облыстық Мемлекеттік архиві

ӨР ОМА – Өзбекстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы жәдидшілдік идеясының Қазақ даласының әлеуметтік-мәдени және ағартушылықтың даму үрдісі мәселесіне тигізген ықпалы тарих ғылымы тұрғысынан зерттеліп отыр. Сонымен қатар, жәдидшілдікті зерттеудің теориялық-методологиялық, тарихнамалық аспектілері мен Қазақ даласында ашылған жаңа әдістік мектеп-медреселер жұмысының бағыты, қазақ жәдидшілдерінің саяси көзқарастары мен ұстанымдары қарастырылған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін етек-жеңін жинап, өткені мен келешегін саралап, болашаққа бағдар жасауға мүмкіндік алды. Қылышынан қан тамған Кеңестік заманда ұлттық тарихқа қатысты мәселелерге бұғаттар қойылып, сол күйінде жабық қала берді, не сол уақттың икеміне орай бұрмаланылды. Осындай тақырыптардың бірі – мұсылмандық реформаторлардың мәдени-ағартушылық қозғалысы. Қазіргі кезеңде қоғамдық ғылымдар саласында қоғамның өткені мен болашақтағы әлеуметтік, мәдени және саяси дамуы мәселелеріне қызығушылық артып отыр. Сондықтан да XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақ даласында таралған ағартушылық қозғалыс жәдидшілдікті (арабтың «джадид» – «жаңа» деген сөзінен алынған) жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырумен зерттеу жұмысының өзектілігі айқындалады. Жәдидшілдікті жақтаушылар еуропалық мәдениет жетістіктерін пайдалана отырып, өз халқының білім беру жүйесін заман талабына сай жандандырып, ұлттық идеяны қалыптастыру, тарату және қоғамдық маңызды салалардағы күрделі мәселелерге өзгерістер енгізу арқылы шешуге тырысты.

Жәдидтік идеялар негізінен қазақ зиялыларының, сонымен қатар түркі-мұсылман халықтарының ауқатты топтарының өкілдері, соның ішінде Қазақ жерінде қайырымдылық шаралары негізінде жаңа әдісті мектептер мен медреселер ашқан татар көпестері тарапынан қолдау тапты.

Тақырыптың бүгінгі таңдағы өзектілігі қоғамдық қозғалыстар тарихы саласындағы ғылыми тұжырымдарды толықтырудың қажеттілігімен анықталады. Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарында отарлық езгіге қарсы әлеуметтік-саяси күштің қалыптасуы, ұлттық бірлікті сақтау идеясының туындауы және ұлттық сана-сезімнің оянуына арналған зерттеулердегі пікірлердің әрқилы болуына байланысты Қазақ жеріндегі жәдидшілдікті архив қорларындағы тың деректермен толықтыра отырып зерттеу тақырыптың өзектілігін анықтай түседі.

Зерттеу жұмысы жәдидшілдер қызметінің позитивті мазмұнға ие болуымен қазіргі таңда өткеннің қойнауында жатқан ұлттық құндылықтар мен озық дәстүрлерді білім мен ғылым саласында қалыптастыру үшін үлгі ретінде пайдалану мүмкіндігімен маңызды.

Түркі дүниесінің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби адамға ең алдымен білім емес, дұрыс тәрбие берілу керектігіне баса назар аударады. Себебі тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы екенін ескертеді. Осы орайда мұсылмандық мектептердің тек дүнияуи білім ғана емес, сонымен қатар рухани азық болатын, ислам дінінің тірегі болған Құран мен сүннетке сәйкес тәрбие де беріп отырған. Осындай рухани мектеп тәрбиесінен өткен көптеген зиялылар болашақта еліне, дініне, ұлтына қызмет еткеніне куә болғанбыз.

Қазіргі жаһандану жағдайында білім мен ғылымға аса қатал талап қойылуда. Ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық намыстың жоғары болуы білімді ұрпаққа байланысты. Мұны XX ғасыр басындағы қазақ халқының зиялылар қауымы жақсы түсіне білген және заман талабына сай қазақ жастарының зайырлы білім алуы үшін әлеуметтік маңызды өзгерістерді жүзеге асырған.

Революцияға дейінгі кезеңде ағартушылық саласында маңызды орын алған жәдидшілдік кеңестік дәуірде коммунистік идеологияның ықпалымен жетік зерттелмеді. Қазіргі кезде бұл мәселені жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қарау мүмкіндігіне жол ашылуда.

Жәдидшілдіктің ағартушылық және реформаторлық мазмұнына тоқталатын болсақ, реформалар білім беру мекемелері мен ағарту ісін ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананың қалыптасуы, саяси өмір және рухани мәдениет саласын да қамтыды.

Қазақ жеріндегі жәдидшілдердің баспахана, кітапхана ашу, баспа ісін, ана тілі мен әдебиетін дамыту және т.б. қызметтері қазіргі әдебиетті, мәдениет пен өнерді дамыту мәселелерін шешуде танымдық және тәжірибелік мәнге ие.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ даласындағы жәдидшілдікті қоғамдық, интеллектуалдық, ағартушылық қозғалыс сипатында кешенді зерттеу міндеті өзекті болып отыр.

Жалпы жәдидшілдік мәселесін қамтыған көптеген еңбектер жазылған, бірақ та соның ішінде Қазақстандық жәдидшілдік, оның жергілікті жердегі ерекшелігі деген мәселенің түйіні әлі күнге шейін шешілмеген. Бұлай айтуға не себеп, өйткені бұл тақырып бірнеше идеологияның астарында қалып қойған және көптеген тарихи деректердің өздері бір-біріне қайшы, яғни бір-бірін жоққа шығарады. Сонымен қатар, олардың мазмұнын талдауда қандай ұстанымды басшылыққа алу керектігі де әлі отандық тарих ғылымында өзінің шешімін таппауда.

Сонымен, жоғарыда аталған мәселелердің арнайы қарастырылуы зерттеу тақырыбының өзектілігін, мазмұнының тың сипатын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының нысаны. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақ даласының мәдени-ағартушылық, қоғамдық-саяси дамуындағы маңызды рөл атқарған жаңа әдісті мектеп пен медреселер және осы оқу орындарының білім беру бағдарламалары.

Зерттеу жұмысының пәні. Соны тарихи тұрғыда Қазақстандағы жәдидизм идеясының қалыптасуы мен дамуын талдау болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының негізгі **мақсаты** XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақ даласында жәдидшілдік идеясының өрістеуіне байланысты, қозғалыстың қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени, ағартушылық және рухани өміріне тигізген ықпалын анықтау болып табылады.

Алдыға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу жұмысында төмендегідей **міндеттер** жүзеге асырылды:

- XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақ даласының экономикалық, саяси, рухани, діни ахуалын қарастырып, саралау;

- Жәдидтік қозғалыстың таралуына дейінгі кезеңдегі қазақ халқы арасындағы жалпы ислам дінінің рөлі, таралу ауқымы, дәстүрлі мұсылмандық білім ошақтарының хал-жағдайын талдау;

- Жәдидтік қозғалысқа қатысты отандық, көрші мемлекеттердің және дүниежүзілік ғалымдардың жүргізген зерттеулерін қарастырып, жаңа тұжырымдар мен идеяларына талдау жасау;

- Патшалық ресейдің өзінің құрамына көптеген территориялар мен халықтарды қосып алуынан туындаған «мұсылмандық мәселені» шешуге қатысты ұстанған саясаты мен әдіс-тәсілдеріне анализ жасау;

- Отарлық саясаттың бір құрамдас бөлігіне айналған патшалық өкіметтің қазақ халқына қатысты жүргізген рухани қысымшылығын зерделеу;

- Қазақ жерінде XIX ғ. аяғынан бастап пайда бола бастаған жәдидтік жаңа әдісті мектептер мен медреселердің ашылуы, бағдарламасы, мақсаты, оқыту жүйесі, т.б. мәселелерге еркіндік позициясы тұрғысында зерттеу жүргізу;

- Көзі ашық, көкірегі ояу ұлтжанды прогресшіл азаматтардың қазақ халқын қараңғылықтан құтқарып, ояту мақсатында мәдени-ағартушылық бағытта жасаған еңбектерін талдау;

- Жәдидтік идеяның жалпы түркі-мұсылман халықтарын біріктірудегі, ислам дінінің, білім-ғылымның маңызын көтерудегі орны мен маңызын қарастыру;

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеудің басты жаңалығы жәдидшілдік қозғалыстың Қазақ даласына тигізген ықпалын кешенді түрде, жекелеген зерттеулердің тұжырымдарын топтастыра отырып, жан-жақты салыстырмалылық негізде қарастырып, зерттеу нәтижесінде алынған қағидаттар арқылы төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік:

- XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақ территориясындағы жәдидтік қозғалыстың келіп, кең қанат жаюына ықпал еткен факторлар анықталып, салыстырмалы талдау әдісі негізінде жәдидшілдіктің әртүрлі қырлары жан-жақты жүйелі түрде зерттелген кешенді ғылыми еңбек болып табылады;

- Жалпы жәдидтік қозғалысқа арналған, сонымен қатар қазақ даласындағы жәдидшілдіктің тарихына қатысты барлық ғылыми еңбектер

жинақталып, революцияға дейінгі, кеңестік кезеңдегі, тәуелсіздік жылдарындағы және шетелдік зерттеушілер түрінде классификацияланып, бұл зерттеулерге тәуелсіз көзқараспен сыни талдаулар жасалып, жаңаша бағаланды;

– Ғылыми жұмысты жазу барысында бірқатар архивтердің қорында жатқан бұрын зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген жаңа құжаттар ғылыми айналымға енгізіліп, жұмыстың тақырыбын ашуға пайдаланылды;

– XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан жеріндегі консервативтік және новаторлық мектеп пен медреселердің білім беру жүйесі зерттеліп, архивтік құжаттарға сүйене отырып мұсылмандық оқу орындарының статистикалық мәліметтері жинақталды;

– Жәдидтік идеяны басшылыққа ала отырып, қазақ даласында ағартушылық бағытта жұмыс жасаған қоғамдық ұйымдар мен қайырымдылық топтардың қызметі талданды;

– Зерттеу жұмысты жазу барысында тақырыпқа қатысты мәліметтерді сол заманда шығып тұрған бірқатар мерзімді басылымдардан алынып, архивтік құжаттар мен зерттеулермен өзара талдау жасай отырып, кеңінен пайдаланылды;

– Қазақ жерінде ашылған жәдидтік мектеп пен медреселердің оқу бағдарламалары, оқулықтары мен кітаптары жіктеліп, оқытушылар құрамы сараланды;

– Ұлт зиялыларының көзқарасы мен ұстанымдарына, тұлға ретінде қалыптасуына біршама ықпал еткен жәдидтік идея жаңа қырынан талданылды;

– Азаттық сана тұрғысында жәдидтік қозғалыстың мәдени-ағартушылық сипаты, діни ренессанс үдерісі, ұлттық рухани жаңғыру сипаты қайта қаралып, қазақ тарихындағы орны айқындалды.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Зерттеу жұмысының хронологиялық шегі жәдидшілдіктің тарих сахнасына XIX ғасырдың екінші жартысында көтерілгенінен бастап, 1917 жылы патша өкіметінің құлауы мен большевиктердің билікке келуіне дейінгі кезеңді қамтиды.

Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық негіздері. Қазақ тарихы ғылымында жәдидшілікке қатысты соңғы жылдары қалыптасқан нақты ғылыми анықтама орныққан. Қазақстан тарихының Энциклопедиясында төмендегідей анықтама берілген: «Жәдидшілдік – 19 ғ. соңы мен 20 ғ. бас кезінде Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтары арасында орын алған мәдени-ағартушылық және қоғамдық-саяси қозғалыс. Гаспринскийдің мұсылмандық оқу орындарды жаңа оқу әдісіне көшіру жөніндегі ұстанымы негізінде екпін алып, түрік бірлігі идеясымен ұштасты». Жәдидтер діни-схоластикадан бас тартып, түркі-мұсылман халықтарының алдыңғы қатарлы өркениетті халықтар қатарына қосылуын көздеген. Мектепті түзеп, ұлттық тәрбиені мектептен бастау керектігіне мән берген [1, 809 б]. Дегенмен билеуші тәртіп пен саяси идеологияға

байланысты жәдидшілдік түсінігі өзгеріп отырған. Мәселен, ресейлік патшалық империя заманында «прогрессистер», «модернистер», «орыстық білім жүйесінің бақталастары» секілді анықтамалар берілсе, кеңестік дәуірде «пантюркист», «панисламист», «діни фанатиктер» деген көзқарастар қалыптасқан. Қазақ даласының әлеуметтік-мәдени және саяси дамуына жәдидшілдіктің ықпалын қарастырғанда ғылыми тарихи зерттеудің негізгі қағидалары тарихилық, жан-жақтылық пен объективтілікке сүйендік. Сол арқылы қозғалыстың пайда болуы, даму барысы мен нәтижелері бойынша өзіндік Қазақ даласына тән ерекшелігі анықталды.

Алға қойған міндеттерді шешуде проблемалық, өркениеттілік және ағартушылық қағидаттары қолданылды. Өркениеттілік бағыт зерттеу жұмысының негізгі тірегі ретінде басшылыққа алынып, жәдидшілдік қозғалысының қалыптасуын, дамуын, жоғарғы шегіне жетуі мен бәсеңдеуін көрші халықтармен өзара байланыста қарастырамыз. А.Д. Тойнби ұсынған өркениеттілік тұрғысында басты рөл рухани-адамгершілік және интеллектуалдық факторға беріліп, оны сипаттауда діл, дін және мәдениет негізгі орын алады. Ғалымның пікірінше, кез-келген өркениет өзінің пайда болу, гүлдену, құлдырау шағын бастан өткереді. Соның негізінде қоғамдық дамудың қайталанбалы эмпирикалық заңдылығы теориясын ұсынған және оның қозғаушы күші элита болып табылатынын атап көрсеткен [2, 112 б.]. Тойнбидің «сұраныс-жауап» теориясына сүйенсек, жәдидтік қозғалыс сол заманның сұраныстарына ұтымды жауап бере алды. Халық түбінде ислам дініне арқа сүйеді, оның ішкі рухани өзегін ұлтты сақтап қалуға пайдаланды. Лев Гумилевтің пайымдауынша халық басына түскен ауыр жағдайда елді тығырықтан құтқаратын, бойына пассионарлық күшті жиған тұлғалар тарих сахнасына шығады десек, сол заманда осы пассионар тұлғалар жәдидтік идеямен сусындап, прогрессивті рухта білім алған зиялылар өз ұлтының болашағы жолында күреске шыққан болатын. Өркениеттілік тұрғысының ерекшелігі қоғам тарихын зерттеуде аймақтар мен елдердің өзіндік даралығы ескерілетіндігінде болып табылады. Сондай-ақ, қазақ даласындағы жәдидшілікті Ресей империясындағы көрші түркі халықтармен байланыста қарастырып, себеп-салдарлық байланысын, алғышартын зерттеу үшін, М. Вебер ұсынғандай белгілі бір құбылыстардың өзара байланысын, олардың пайда болуы мен маңызын ғылыми негізделген объективтілік тұрғысынан қарастырамыз [3, 391-392 бб.].

Тарихилық қағидасын басшылыққа ала отырып, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде орын алған саяси оқиғалар мен құбылыстардың бірінен соң бірі тізбектеліп жатқанының себеп-салдарлық байланысы негізінде, зерттеу нысанына алынған кезеңдегі мемлекеттік, қоғамдық-саяси даму үдерісін қарастыра отырып, жәдидшілдік құбылысының өрістеу себебіне сараптама жасалынды.

Қазақ даласындағы жәдидшілдіктің нақты көрінісін, оның ықпалы мен дамуын зерттеуде И.Д. Ковальченконың нақтылы-проблемалық әдісін

басшылыққа аламыз [4, 51 б.]. Өйткені нақтылы-проблемалық әдіс қарастырылып отырған мәселенің мәнін сипаттайтын теориядан басқа арнайы және жалпы ғылыми әдістерге негізделеді.

Зерттеудің мақсатына жету үшін гуманитарлық ғылымда кең таралған жалпы ғылыми әдістер: эмпирикалық, бақылау, тарихи-салыстырмалық, талдау, жинақтау, индуктивті, дедуктивті, нарративтік, кезеңдеу, аналогиялық, жүйелеу, абстракциялық, нақтылы-проблемалық, объективтілікті қолданамыз.

Жалпы зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыптың маңызды тұстарын объективті заңдылықтарды басшылыққа ала отырып қарастыруға талпыныстар жасалды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қарастырылып отырған мәселенің кейбір қырларын қоғамдық саладағы бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде қарастырғанымен, кешенді зерттеу ретінде нысанына алынбаған.

Айта кетуіміз керек, қарастырылған еңбектерде адамға қатысты жекеше түрде «жәдит», көпше түрде «жәдиттер» терминдері қолданылады, «жәдидшіл», «жәдидшілдер» атауларын да қосарлана пайдалануды жоққа шығармаймыз.

Сонымен қатар, архивтік құжаттарда, мерзімді басылымдарда, зерттеулерде жәдидтік қозғалысты, оның құрамындағы қолдаушыларды «жәдидтер» деген атаумен қатар бірнеше синонимдер қолданылған. Олардың ішінде «новаторлар», «прогресшілдер», «фанатиктер», «пантүркілер», «панисламистер», т.б. кездеседі. Соған орай, біздің де зерттеу жұмысымызда сол заманда қолданылған атаулар пайдаланылған.

Жалпы тақырыптың тарихнамасы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінен қалыптаса бастаған және бүгінгі таңда бірқатар зерттеулерде кездеседі. Бұл зерттеулерде жәдидшілдік және оның Қазақ даласына ықпалы, мұсылмандық білім беру жүйесі мен қазақ халқының әлеуметтік, мәдени және саяси салаларындағы қозғалысы ретінде тікелей кейде жанама түрде қарастырылған.

Зерттеу нысанына алынған тақырыптың тарихнамасы жалпы жәдидшілдік мәселесіне емес, нақты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезін қамтыған Қазақ даласындағы жәдидшілдіктің тарихнамасына арналған.

Сондықтан да біз қарастырып отырған Қазақ даласындағы жәдидшілдік тақырыбы бойынша зерттеулерді үш кезеңге: революцияға дейінгі, кеңестік кезеңдегі және қазіргі таңдағы зерттеулер деп бөліп қарастырамыз. Айта кету керек, қазіргі таңда бұл тақырыпқа шетел зерттеушілері де қызығушылық танытуда. Соған орай шетел ғалымдарының да бірқатар еңбектеріне тоқталып өтеміз.

Революцияға дейінгі кезеңде жарық көрген еңбектердің өзін екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Біріншісі, XIX ғасырдың 80-ші жылдарындағы

бірінші орыс революциясына дейінгі кезең, яғни жәдидшілдіктің енді ғана жанданып, өріс ала бастаған кезеңі.

Патша өкіметінің орыстандыру мен шоқындыру саясаты аясында мұсылман халықтарына зайырлы білімді беру жөнінде біршама зерттеу жүргізгендер шығыстанушы А.Е. Алекторов [5] пен өлкетанушы А.В. Васильев [6] болды.

Алекторов XIX ғасырдың соңындағы Қазақ даласындағы мемлекеттік мектептердің пайда болу хронологиясын береді. Ол өкіметтің ислам мен христиан діндері арқылы қазақтарды оқу-ағарту процесіне тартуды жүзеге асырғанын жазады. Орыстық білім ошақтарының кең қанат жая алмауының басты екі себебін көрсетеді, біріншіден жергілікті халықтың дайын болмауынан; екіншіден алғашқы кезеңдердегі қаржылық мәселенің оңтайлы шешілмеуінен дейді. Ақмола, Семей, Торғай облыстарындағы және Бөкей Ордасындағы қазақтардың білім алуы бойынша мәліметтерді қалдырған [5]. Автор қазақ тілін, қазақ халқының тұрмысын, тарихын, әдет-ғұрпын жақсы білген, қазақ жерінде халық ағарту ісін қалыптастырушылардың бірі болған. А.Е. Алекторов Бөкей Ордасында училище инспекторы қызметінде жүргенде сол аумақтағы мұсылмандық халықпен қарым-қатынас жасап, жергілікті оқу-ағарту ісінен хабардар болған.

А.В. Васильев өзінің Торғай облысындағы орысша білім беру жағдайы туралы еңбегінде Қазан, Санкт-Петербург университеттерінде оқитын қазақ балалары, оларға тағайындалған шәкіртақы, мектептегі орыс және қазақ тілінің оқытылуы жайын кезең-кезеңге бөліп қарастырады. Ол қазақ жастарына білім беру ісін айта келіп қазақтар мен орыстардың арасын біраз уақыттан бері жалғастырушы болып келген діни сауатты татар және башқұрттардың қазақ балаларының діни біліммен саналарын улап жатқандығы жөнінде: «Қазақ даласында халықтық мектептерге сауатты мұғалімдерді даярлау қажет. Өйткені қазақ жастары шала сауатты мұғалімдер мен болыс тілмаштары, қала берді башқұрт және татарлардан шыққан фанат молдалардан білім алып, кейін оларда да Ресей жөнінде қате түсінік қалыптасады», – деп жазады [6, 78 б.]. Васильев еңбегінің соңында қазақ даласындағы мектеп, медреселер, оқушылар мен оқытушыларды мектептерге бөліп орналастыру, сабақ барысы, оқытушылар туралы мәліметтерді диаграмма мен кестелер түрінде берген.

Жәдидшілдік тақырыбын қозғағанда оның бастауында тұрған ғалымның атын атамай өту үлкен қателік. Исмаил Гаспринский XIX ғ. 80-жылдары жалпы түркі-мұсылман халықтарына арналған үндеу памфлеты жарыққа шығарады. Онда Ресей патшалығының қоластындағы мұсылмандардың жағдайы, биліктің оқу-ағарту саласындағы қателіктері мен осалдығын, мұсылмандық оқу орындарының мүшкіл ахуалы, ағарту мәселесіндегі болашаққа жоспары, т.б. мәселелер төңірегінде өз ойымен бөліседі [7; 8].

Патшалық Ресейдің түркі-мұсылман халықтарын, соның ішінде қазақтарды орыстандыру саясатының белді өкілдері, миссионер-ғалымдар

Н.И. Ильминский (1822-1891) [9], Н.П. Остроумовтың (1846-1930) [10] революцияға дейінгі жылдарда Қазақ даласын діни және рухани отарлау мәселесіне арналған бірнеше еңбектері жарық көрді. Негізінен Ильминский ресми әдебиеттерде бұратана халықтың сауатын ашудағы ірі тұлға ретінде, орыс ағарту өркениетінің сәулесін бұратана халыққа әкелуші деп сипатталады. Бұл еңбектерде Қазақ даласындағы оқу-ағарту ісінің жүзеге асырылуы, халықтың орысша сауаттылық деңгейі туралы мәліметтер бар. Мәселен, Ильминский орыс тілін оқытудан бұрын қазақтарды шоқындыру керектігін алға тартады. «Исламизм христиан дініне қарсы екендігі даусыз, егер бұратана адам исламға кірсе онда оны одан басқа дінге алып кету мүмкін емес, одан да шаманизм ұстанып жүрген адамды шоқындыру әлдеқайда жеңіл», – деп жазған болатын [11, 19 б.]. Ол Ресей империясы қоластындағы бұратана халықты ағарту механизмдерін шетелдік тәжірибеге сүйене отырып жасаған, мәселен Ұлыбританияның Үндістанда, Францияның Алжирде оқыту жүйесі басшылыққа алынған.

Дегенмен, бұл еңбектер патша үкіметінің саяси мүддесі тұрғысында жазылғандықтан, мұнда қазақ халқына рухани салада жасалған қиянаттары көрсетілмеген немесе патшалық империя мүддесі тұрғысынан баяндалған.

Осындай бағытта жазылған келесі еңбектің авторы С.М. Граменицкий. Ол қазақ даласындағы халықты ағарту ісін Сырдария облысы бойынша «Очерк развития народного образования в Туркестанском крае» атты еңбегінде баяндап, онда орыс халқының «ұлылығы» мен «өркениеттілік миссиясын» баса көрсетіп, орыс емес халықтардың білім алуы мен оның жүзеге асырылуы жағдайынан хабар береді. Орыс-түземдік мектептер Граменицкийдің пайымдауынша, бұратана халықтардың өміріне орыстық мәдениетті және сауаттылықты алып келіп, қалың бұқараны орыс халқымен қосып жіберуге қызмет етуі керек еді [12, 44 б.].

Сонымен қатар, 1917 жылға дейінгі Қазақ даласындағы оқу-ағарту ісі мен білім беру жүйесі туралы мәліметтерді орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінен аламыз. Біз қарастырып отырған кезеңдегі саяхатшылар мен этнографтардың еңбектері олардың далада болып жатқан оқиғаларға тікелей атсалысып, көзімен көргендерді сипаттауымен құндылығы жоғары. Оның қатарына этнографиялық саяхат күнделіктері, жол жазбалары, очерктік зерттеулерді жатқызамыз. Сондай еңбектердің бірі А.Н. Красновтың Ресей географиясы мен статистикасы үшін жинақталған Жетісу қырғыз-қазақтарының тұрмысы туралы жазбалары. Онда Жетісудың Іле аймағындағы жергілікті көшпелі қазақ халқы туралы, олардың мәдени-рухани өмірі, тұрмысы және дәстүрлі мұсылмандық білім беру мекемелеріндегі оқыту жүйесі туралы құнды мәліметтер беріледі. Сөзімізді дәйектесек, «...татар ағартушылары көшпелілерге алып келіп жатқан мәдениет, мазмұны жағынан орыстық мүддеге қарама-қайшы келеді. Ал біз орыстар болсақ бұл жағдайды өзгертуге әлі күнге шейін дұрыс қадамдар жасай алмаудамыз», – деп жазады [13].

Орыс ұлтының зерттеушілері ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының біртуар азаматтары да халықтың оқу-ағарту ісіне белсене атсалысқан. Олардың еңбектері қарастырып отырған мәселенің ашылуына өз септігін тигізетіні сөзсіз. Олардың қатарында әйгілі ориенталист ғалым Шоқан Уәлиханов [14], ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин [15] және қазақ даласының ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтар бар [16]. Орыстық демократиялық мәдениет пен қоғамдық ойдың ықпалы нәтижесінде қалыптасқан тұлғалар, қазақ халқын Ресейдің озық жетістіктерін алып, білім-ғылымының жемісін пайдаланып, қазақ халқын биік шыңдарға көтеруді армандаған еді. Қазақ халқының мәдениеті мен ағартушылығын дамытуға көп үлес қосқан ағартушы-демократ Ш. Уәлиханов болатын. Ол Қазақстан мен Орта Азия халықтарының артта қалуының басты себебі монархиялық тәртіп пен ислам діні деп түсінді, бұқара халықтың аяусыз қаналып отырғанын көре білді, халықтың тілегімен санасып, мүддесін қорғады, сонымен қатар Қазақ даласындағы басқарушылық тәртіптің өзгеруін қалады. Ол «Қырдағы мұсылмандық туралы» атты очеркінде сауатсыз, мүлдем діни білімі жоқ молдалар мен қараңғы қазақ халқын сынға ұшыратады. Татарлардың алып келіп жатқан ислам діні тек схоластикадан басқаға үйретпейтінін, ал өкімет тез арада татар кезеңінен өтіп кетіп, орыстық мектептерді көбейту керектігін ескертеді [17].

Шоқан Уәлихановтың ағартушылық көзқарастарын одан әрі дамытқан ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин болды. Жаппай қазақтардың білім алуының ауадай қажеттігін түсінген ол, қазақ даласында зайырлы білім беру үшін күресті. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ территориясындағы мұсылмандық мектептердің артта қалушылығын сынап, діни догмамен шектелген қарапайым білім берудің орнына жаңа үлгідегі ағартушылықтың негізін қалады. Дегенмен жаңа әдісті мектептерде барлық пәндерге қосымша діни білім де оқытылды, өйткені бұл кезеңде жәдидшілдіктің Қазақ даласына ықпалы зор болып, ол Ы. Алтынсаринге де өз әсерін тигізді. Ы. Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің негізін салушы, алғашқы қазақ әліпбиінің авторы және қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралы «Қырғыз хрестоматиясын» [18] жазды. Мектеп ісін тек оқулықтармен ғана емес, арнайы дайындығы бар мұғалімдермен де қуаттады.

Екінші кезең, 1905-1907 жылдардағы төңкерістен 1917 жылғы төңкеріске дейінгі аралықта жарық көрген еңбектер, онда жәдидшілдік мектептік реформа аясынан кеңірек танылып, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық-саяси сипат алып мұсылман халықтары тарапынан үлкен қолдауға ие болады.

XX ғасыр басында жарияланған еңбектерде қазақ даласындағы патша үкіметінің орыстандыру саясаты көрініс береді. Атап айтқанда, Түркістан өлкесіндегі халықтардың діни, рухани өмірін зерттеуге, оларды орыстандыруға бағытталған бағдарламалар дүниеге келеді. Бұл бағытта жақсы жұмыс атқарған миссионер Н.П. Остроумов [19] қазақ халқының діни

танымына, мұсылманшылыққа көзқарасын зерттеу арқылы, алынған нәтижеге сүйеніп қазақтарды шоқындыруды жүзеге асыруды көздеген. «Характеристика религиозно-нравственной жизни мусульман, преимущественно Средней Азии» атты бес бөлімнен тұратын еңбегінде ислам дінін, оны ұстанушыларға «фанатиктер» деп жала жабады. Яғни миссионердің пікірінше ислам діні христиан дінінің жауы, ал мұсылмандар болса діни талаптарды шын жүреппен емес, өзгелерден қалмау үшін ғана әдет ретінде орындайтындығын алға тартады [20].

С.М. Граменицкийдің қызметі туралы 1912 жылдың күзінде Түркістан өлкесіндегі мектеп, медресе мен училищелердің жағдайымен танысуға барған Н. Ильминскийдің ісін жалғастырушы Н.А. Бобровников өзінің «Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии: Путевые заметки» [21] атты еңбегінде орыс-түземдік училищедегі орыс тілін оқыту бағдарламасы мен әдісін қарастыра келе көбінде осы С. Граменицкий тәжірибесіне сүйеніп, Түркістан өлкесіндегі мектептерді сипаттайды. Түркістандағы орыс-қазақ мектептерін мұсылмандық мактаб пен орыстық мектептің симбиозы негізінде құрылғанын айтады [22, 113 б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде Орта Азия мен Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде үлкен із қалдырған, Орал мен Еділ бойы халықтарының мәдениеті мен тарихын зерттеген, ағартушылықпен айналысқан дінтанушы Ризаитдин Фахретдин (1859-1936) еңбегінде [23] мүфтилер мен қадийлер патшаға бағынышты шенеуніктер ретінде сынай қарады. Жәдидшілдіктің Еділ мен Орал бойына таралуының саяси алғышарттарын, сонымен қатар ислам дінінің және оның институттарының тарихы жайында деректерді жинастыру мен зерттеуге көп күш салды.

Сонымен, төңкеріске дейінгі кезеңде халық ағарту ісінің дамуы бойынша жарық көрген еңбектерде, қазақ жеріндегі мектептердің, соның ішінде жаңа әдісті мектептердің рөлі патшалық Ресейдің саясаты аясында төмендетіліп, орысша білім беруді прогрессивті маңызды етіп көрсеткеніне көз жеткіземіз.

Бұл өз кезегінде ұлттық мүддені қорғау мақсатында түркі тілдес халықтардың, солармен бірге қазақтардың өткен дәуірлердегідей бірлесе әрекет жасауы, атап айтқанда ағартушылық жұмысын жүргізуге талпынысын назардан тыс қалдыруға әкеліп соқтырды. Мәселен ғылыми әдебиеттерде айтыла қалған жағдай да, оны ұлтшылдықтың, түрікшілдіктің көрінісі ретінде бағалады, нәтижесінде түркістандық ұлттық саяси элита өкілдерінің XX ғасыр басында атқарған қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметі объективті бағаға ие бола алмады. Патшалық билік түркі халықтарын бір-бірінен алшақтатуға тырысты.

Кеңестік кезеңде мәселе төңірегінде зерттеу жүргізген тарихи еңбектердің өзін бірнеше кезеңге бөліп қарастырамыз.

Белгілі шығыстанушы, түркітанушы, арабист ғалым В.В. Бартольд (1869-1930) өзінің Түркістан өлкесінің мәдени өмірін зерттеген еңбегінде

Қазақ даласында ашылған жаңа әдісті мектептерге, ондағы білім беру жүйесіне және нәтижесіне тоқталып өтеді. В.В. Бартольдтің пікірінше, орыс-түземдік мектептермен қатар жұмыс істеген жаңа әдісті мектептер халық арасында үлкен беделге ие болған. Еңбекте жаңа әдісті татар мектептерімен бірге жаңа әдісте оқытатын қазақ мектептері мен мұғалімдерінің болғаны жазылған. Мысалы, ғалымның зерттеуінен 1903 жылы Қазалыда жаңа әдісте білім беретін қазақ және татар медреселерінің бір уақытта ашылып, медреселерде қазақтардың мұғалім болғандығына көз жеткіземіз. Сондай-ақ, Түркістан қаласында 1900 жылдардан жұмыс істеген 30 мектептің 2-інде жаңа әдісте оқытқан, оның біреуі қазақ мектебі болғанын айтады [24, 137 б.].

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары жәдидшілдік тарихын негізінен жәдидшілдердің өздері жазған. Солардың қатарында Орта Азиялық жәдидшілдік өкілдері Садриддин Айни [25] мен Файзулла Ходжаевтардың [26] еңбектерін атауға болады. Олар, өз еңбектерінде негізінен Бұқара әмірлігіндегі жәдидшілдікті қарастырып, жәдидшілдікті бастапқыда мәдени-ағартушылық демократиялық қозғалыс десе, кейіннен таптық тұрғыда ұлттық буржуазиялық қозғалыс деп көрсеткен. Еңбектерінде Орта Азиялық жәдидшілдердің Түркістан өлкесі құрамындағы туыстас қазақ жәдидшілдерімен патшалық биліктің отаршылдық саясатына қарсы күресте бірігіп әрекет жасағаны баяндалады. Революция қарсаңында Бұхара жәдидшілдері Петерборда жүрген қазақ жәдидшілдерімен кездесіп, көмек сұрағандығы да жазылған.

Қазақ ұлтынан ағартушылық туралы XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында зерттеу жүргізген еңбек авторлары белгілі ұлт зиялылары С. Асфендияров [27] пен М. Тынышпаевтар болды [28].

Олар білім беру саласындағы патша өкіметінің отарлық саясатын әшкерелеп жазды, нәтижесінде репрессияға ұшырап, еңбектері ғылыми айналымнан алынып тасталынды.

Бұдан кейін тақырыпқа қатысты зерттеулер біраз уақытқа тоқтап қалды. Кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жәдидшілдік, көрінісі мен дамуы, оның апологеттері жөніндегі еңбектер жоқтың қасы. Өйткені бұл кезеңде ғылыми зерттеулер коммунистік партия саяси конъюнктурасы мүддесіне сай қарастырылды. XX ғасырдың 30-60-шы жылдары аралығында тақырып көлемінде зерттеулердің жүргізілмеуі негізінен түсінікті де, өйткені алдымен 1930-шы жылдардағы кеңестік саяси науқан, одан кейін Ұлы Отан соғысы, әдебиеттің де тарихтың да назарында соғыс, соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңдегі бейбіт өмірді қалпына келтіру тақырыптары, ал 1950-ші жылдардағы Одақтас республикалардың тарихы мен әдебиетіне деген кеңестік биліктің қатаң көзқарасы бірде-бір зерттеушіге өз ұлтының тарихы мен әдебиеті, мәдениеті мен ұлт зиялылары туралы қалам тартуға мүмкіншілік бермеді. Тек, 1956 жылы ақпан айында өткен партияның XX съезі Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптап, оның зардаптарын жоюды, тарих, әдебиет пен өнер мәселелеріне көп көңіл бөлуді тапсырды.

Осы кезең тарихқа «Жылымық жылдар» деген атпен енді ұлттық республикалардың құқығы біршама кеңейтілгеннен кейін тақырыптың қарастырыла бастауының жаңа кезеңі басталды.

Екінші кезеңге, 1950-ші жылдардың екінші жартысынан 1980-ші жылдарға дейінгі аралықта жарыққа шыққан зерттеулер жатады. Бұл кезеңде Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты еңбектерде жәдидшілдік жаңа қырынан қарастырыла бастады, зерттеулерде «жәдидшілдік» ағартушылық формасында айқындалды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мектептері мен ағартушылығына арналған қомақты зерттеулердің бірі Т.Т. Тәжібаевтың еңбегі болды, онда архив мәліметтері негізінде алғаш рет XIX ғасырдағы Қазақстандағы жалпы және кәсіби-техникалық білім беру жүйесін толық қарастырады. Әр облыс мектептеріне тән өзіндік ерекшеліктерін ашып, ересектерді оқытатын мектептер (мұсылмандық және шіркеулік) туралы мәліметтер де берілген [29]. Бірақ көптеген кеңестік ғалымдар сияқты Т.Т. Тәжібаев та өз зерттеулерінде большевиктік идеология ықпалынан асып кете алмай, жәдидшілдік тақырыбына тереңдеп бара алмады. Сондай зерттеушілердің қатарында К. Бержановты да атауға болады, ол өзінің «Русско-казахское содружество в развитии просвещения: историко-педагогическое исследование» атты еңбегінде өзіне дейінгі авторлар сияқты орыс ағартушылығына оң баға береді [30]. Мәселен, Орынбор мектебі қызметін қарастыра келе ол, орысша білім алған қазақ жастарының жаңа легі қалыптасқанын, олардың жергілікті халыққа орысша білім беруде оң ықпалын жазады. Кітаптың басынан аяғына дейін орысша білім берушілердің конфессиялық мектептермен, әсіресе мұсылмандық мектептермен күресі қызметіне оң баға берген.

Негізінен еңбектерін таптық тұрғыда қарастырып, қойылған талаптарды сақтап, орыс халқының өркениетті алып келушілік сипатында жазылған еңбектер ғана жарияланды.

Осы позицияда жарияланған зерттеулер қатарынан, ағартушылықты қарастырған еңбектердің авторлары А.И. Сембаев (1905-1989) пен Г.М. Храпченковтарды (1929-1999) атасақ болады [31]. Олар Қазақстанның Батыс облыстарындағы білім берудің дамуын жалпылама, Бөкей Ордасындағы ағарту ісі бойынша сандық және сапалық мәліметтер берумен шектеледі. Мектеп жүйесінің сипаты халыққа қарсы бағытталған дегенге тоқталып, ұлттық мектептердің жағдайын баяндай отырып, бұл мектептердегі кемшілікті бірнеше ведомстволарға: Халық ағарту министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Жол қатынастар министрлігіне және т.б. бағынатындығынан деп көрсетеді. Орыс-қазақ мектептеріндегі материалдық жағдай сыналады. Мектептердегі орысша білім беру ісіне ғана оң баға беріледі.

XX ғасырдың екінші жартысында шығыстанушы Н. Сәбитов өзінің еңбегінде қазақ мектебі мен медресесінің қызметін көрсетіп, революцияға

дейінгі кезеңде қазақ балалары үшін ашылған орыс мектептері туралы мәліметтер береді. Ондағы мұсылман мектептерінің қызметі, мағынасыз жаттанды білім беру, пассивті оқушылар, дене жазалары және т.б. мәселелер таптық тұрғыда қарастырылған, мектеп пен медресе қызметін халықты нағыз өмірден алшақтату сипатында теріс көрсетілген. Ұсақ буржуазия ортасынан шыққан жәдидшілдік, мектептер мен медреселерде жаңа әдістік оқытудың жақтастары панисламизм мен пантүркизмнің идеологтары және оның таратушылары деп қарастырылады [32].

Тарихнамалық тұрғыда бағалы болып табылатын тарихи-демографиялық еңбектердің авторларынан И.М. Богданов [33], Н.В. Алексеенко [34], Е.С. Самойлова [35], т.б. атасақ болады. Зерттеушілер жалпы КСРО-дағы ағартушылық мәселесін қарастырғанда қазақ жеріндегі оқу-ағарту ахауалына да тоқталып, статистикалық мәліметтер келтірген.

Түркі тілді халықтарда ағартушылық қозғалысын татар халқының қоғамдық-саяси ойларын басқа халықтармен, атап айтқанда қазақтармен байланыстыра отырып қарастырған ғалым Р.И. Нафигов болды. Ол Татарстан Орталық мемлекеттік архивінің құжаттық мәліметтерін ғылыми айналымға енгізді, онда негізгі басымдықты Қазандағы қазақ және татар студенттерінің қарым-қатынасына қатысты мәліметтерге аударған [36].

С.З. Зиманов өзінің «Россия и Буковское ханство» атты монографиясында XIX ғасырдың екінші жартысындағы Бөкей хандығындағы ағартушылық пен рухани мәдениет тарихына біршама тоқталған [37].

Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы халыққа білім берудің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырған еңбектердің ішінде Ж.Қ. Қасымбаевтың еңбегін атауға болады. Ғалымның еңбегінде халықтық ағартушылық ісінде діни мектеп пен медреселердің қызметіне жаңаша тұрғыда талдау жасалған [38].

Сонымен, кеңестік кезеңде жарық көрген зерттеулердің басым көпшілігінен Ресейдің шеткері аймақ елдерінің халық ағарту ісі бір жақты маркстік-лениндік идеология тұрғысында қарастырылғанына көз жеткіземіз. Өйткені бұл идеология XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ кеңестік тарих ғылымының методологиялық базасы ретінде қабылданды.

Қазақстандағы зайырлы халықтық ағарту ісінің қалыптасуы, дамуы, мектептер мен медреселердегі оқыту жүйесі, патшалық Ресейдің мұсылман халықтарының ағартушылығына деген көзқарасы мен түпкі саясатын революцияға дейінгі және кеңестік зерттеулердегі қарастырылуын жалпы бір сөзбен қорытындылайтын болсақ, бұл уақыт аралығында жазылған зерттеушілердің, ағартушы ғалымдардың, ресми билік өкілдерінің, т.б. еңбектеріндегі мәліметтер сол қоғамның мәдени-рухани, әлеуметтік өмірінен мол мәліметтер береді.

Заманауи отандық зерттеулер. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы діни, ағартушылық, әлеуметтік және мәдени өмірдің көрінісі ретінде пайда болған жәдидшілдік ағартушылық

сипатқа ие болды деп атап өттік. Осыған байланысты Қазақстандағы ағартушылық ісінің қалыптасуы мен даму тарихын зерттеудің ғылыми да танымдық маңызы зор. Бұл қазақ халқының мәдени мұраларын және мәдени-рухани даму салаларында жаңа қатынастардың қалыптасуын зерттеуге мүмкіндік береді. Осы топтағы еңбектерді отандық, ресейлік, орта Азиялық республикалар мен шетелдік ғалымдардың зерттеулері деп бөліп қарастырамыз.

Отандық ғалымдардан Ресей империясының идеологиясындағы мұсылмандық мәселесі, жәдидшілдіктің қазақ жеріндегі көрінісін Батыс Қазақстанның этномәдени байланысы жүйесінде қарастырған белгілі ғалым Г.С. Сұлтанғалиева болды. Автордың еңбегі Қазақстан мен Ресейдің архив мәліметтерін кешенді қарастырған эмпирикалық зерттеу болып табылады. Ол өзінің «Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-начало XX вв.)» [39] деген еңбегінде, жәдидшілдіктің тарихи бастауына себепші татар зиялылары мен қазақ жерінің батыс аймақтарына ағартушылық әкелген мұсылман қоғамдастықтарының қызметіне сараптама жасайды.

Ал, тарихшы Н.Д. Нұртазина Қазақстан мен Орта Азия халықтарының XIX ғ. аяғы – XX ғ. бас кезеңіндегі рухани дамуын қарастырған монографиясында, Ресейдің түркі-мұсылман қауымын түгелдей дерлік қамтыған жәдидшілдіктің әр аймақтағы ерекшелігіне тоқталған. Қазақстандағы жәдидшілдік буржуазиялық-реформаторлық сипатта көрініс тауып, негізгі мақсаты қоғамды жаңғырту мен патшалық отарлық езгіден құтқару болды және ұлт зиялылары отарлық езгіден құтылудың жалғыз жолы заң аясынан шықпай халықтың діни-рухани өміріне ықпал етіп, мұсылман бірлігі идеясы аясында қарсы тұру еді деп көрсетеді [40].

Бүгінгі таңда қазақ жеріндегі ислам дінінің таралуы мен оқу-ағарту жүйесінің орнығуы, Орта Азия территориясындағы мұсылман ғұламалары секілді ірі мәселелердің білгірі Ә. Муминов ғалым. Қазақстан жерінде ғана емес, одан тысқары елдерде де танымал ғалым өзінің еңбектерінде ислам діні мен дәстүрлі қазақ қоғамы симбиозын қарастырған [41; 42].

Жәдидшілдік – ұлттық рухани серпілу негізі деп есептейтін белгілі филолог Дихан Қамзабекұлы: «Біздің ұғымымызша, жәдидшілдік – Ресей империясының мұсылман аймақтарына ортақ дәстүр мен жаңашылдықтың синтезді құбылысы. Оны қарапайым тілге аударсақ «жаңару», «елдікті сақтау үшін жаңа бағыт ұстау» дегенге саяр еді», – деп пайымдайды. Ғалымның пікірінше, жәдидшілдік – бірыңғай саяси сипатты қозғалыс емес, ол – ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар концепция, әрі ағым болған және қозғалыстың дамуы біртекті болмаған. XX ғасырдың 10-шы жылдары ол Қазақстанда – Алаш, Әзірбайжанда – мусават, Қырымда – милли-фирк, Татарстанда – иттифак әл-муслимин, Өзбекстанда «жадидизм» атауымен дамыған. Қазақ даласындағы жәдидшілдік екі асудан, біріншісі, 1890-1911 жылдар – үйрену, тәжірибе жинау шағы. Ал, екіншісі, 1911-1920 жылдар – жәдидшілдік кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағы деп көрсетеді [43, 31-32 бб.].

Келесі ғалым Дархан Қыдырәлі өзінің «Біртұтас Түркістан идеясы: теориялық негіздері және іске асырылу жағдайлары» атты докторлық

диссертациясында жәдидшілдік қозғалысын қарастырып, қозғалыс бастапқыда отаршылдыққа қарсы бағытталған болатын деп көрсетеді. Кейіннен қозғалыс ұлттық идеология мәйегіне айналып, халықтың санасын оятуға және оны тәуелсіздікке бастауға, ол үшін дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып ғылым-білімге, озық технологиялармен қарулануға бағытталғандығын айтады. Д. Қыдырәлі мұсылмандардың артта қалу себебін жәдидшілдердің көзқарасы бойынша мұсылмандардың дінді, соның ішінде қайнар көзі – Құран-Кәрім мен Пайғамбар өсиетін дұрыс түсінбей Исламды жаңылыс жорудан, иман мәселелеріне салғырттықтан, надандықтан және алауыздықтан туындаған еді деп жазады [44, 89-90 бб.].

Жәдидшілдер мен «Иттифак әл-муслимин» бағдарламалық құжаттарындағы ұлттық идея мәселесін қарастырған А.А. Кульшанова өзінің «Парадигмы советской национальной политики в Казахстане в период становления тоталитарного государства (1917-1936 гг.)» деген монографиясында жәдидшілдердің қызметіне тоқталған. Ғалымның пікірінше, жәдидшілдердің қызметі қоғамдық-саяси ойдың дамуына әсер етіп, ұлттық, либералдық идеологияның қалыптасуында маңызды орын алған. Сонымен қатар, ұлттық интеллигенцияның идеологиялық және әлеуметтік-тәжірибелік қызметінде саяси бағдардың күшеюінен жәдидшілдер мәдени-ағартушылықты жақтаушылар, қоғамдық-саяси институттарды реформалаушылар және отаршылдық бұғауына қарсылар деп жіктелгенін атап өтеді [45, 151-154 бб.].

А. Кульшанованың көрсетуінше жәдидшілдердің идеялық-теориялық көзқарастарына батыстық либералдық теориялар мен әлемдік отаршылдыққа қарсы қозғалыстардың тәжірибесі негіз болған. Бірақ жәдидшілдер Еуропа мен Ресейдің көптеген ағартушылары сияқты дінге қарсы болған жоқ, қайта қоғамды ілгері жетелеу үшін мұсылмандардың бірігуіне қажетті фактор ретінде исламды сақтау керек және ислам діні орта ғасырлық схоластикасынан тазарса, онда ол рухани жаңарудың маңызды құралы болады деп есептеген [45, 56 б.].

Бастапқыда жәдидшілдердің қызметі Түркістан халқын әлеуметтік, экономикалық және саяси артта қалушылықтан алып шығатын мықты идеологиялық қару ретінде қолдану үшін, мұсылмандық діни мектептердегі дәстүрлі білім беру жүйесін реформалауға, жаңа әдісті мектептер құру, баспа ісін жандандыру, театр және т.б. мәдени мекемелерді ашуға бағытталды [46, 876 б.]. Түркістан жәдидшілдерінің негізгі үлесі орыс отаршылдығына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысын саяси негіздеуінде болды [47, 85 б.]. Бұл ұлттық-прогрессивтік қозғалыс ғылым мен мәдениеттің дамуын қолдай отырып, қоғамның демократиялық күштерінің шоғырлануына ықпал етті деп көрсетеді К.К. Базарбаев [48, 115 б.].

Ж.Т. Төлепберген Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Оралдағы мұсылмандық қозғалыстарының ерекшелігін қарастырған зерттеуінің екінші тарауын «Особенности джадидистского движения в Южном Урале и

Казахстане» деп алып, онда аймақта жаңа әдісті мектеп пен медресенің таралу деңгейі, түркі-мұсылман халықтарының әдебиетіне, мерзімді басылымдарына жәдидшілдік идеологиясының ықпалы қарастырылады. Аймақта жаңа әдісті оқу орындарының ашылу тарихын қарастыра келе, зерттеуші мектептік білім беру жүйесін реформалау негізінде мұсылман халықтарының бірігуі жүзеге асырылды деп көрсетеді. «Жәдидшілдік үшін күрес түрлі этникалық топтардан қалыптасқан мұсылман-зиялыларының өз халқының ағартушылығын дамыту үшін ішкі ұлттық күрес аясынан асып шықты. Жәдидшілдіктің ағартушылық және реформаторлық мазмұны тек мектептегі білім беру ісін ғана шарпып қойған жоқ, сондай-ақ рухани мәдениет саласын да қамтыды. Ең алдымен түркі тілдес халықтардың ескішілдік пен жаңашылдық арасындағы күресі кітаптарда көрініс тапты», – деп жазады [49, 21-22 бб.]. Демек, Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал өңіріндегі жәдидшілдік географиялық жағынан жәдидшілдіктің бастауы болған аймақпен жапсарлас орналасуы негізінде оның сипаты ағартушылық және реформаторлық болды.

Кез-келген қозғалыстың, қоғам өмірінің тынысы мерзімді басылымдар, ал қоғамдағы саяси, экономикалық, мәдени өзгерістерге байланысты оның қоғамдағы орны жоғарылай түседі. Қазақ даласындағы жәдидшілдердің қызметін ашуда құнды деректер беретін газет-журналдар болып табылады. Сондай газет-журналдарды қарастырған еңбектің авторы, тарихшы ғалым С.Ө. Смағұлова 1917 жылғы ақпан революциясына дейінгі кезеңде Қазақстанда шығып тұрған бейресми газеттер – «Қазақ», «Алаш» айналасына қазақ зиялыларын топтастырғанын жазады. Олар қоғамда болып жатқан түрлі оқиғалар мен құбылыстардың ресми орындардың қатаң бақылауында болғанына қарамастан, бүкіл түркі-мұсылман интеллигенциясының патша үкіметінің отаршылдық жүйесіне қарсы наразылықтарын көтере білді деп көрсетеді [50, 5-6 бб.]. Сонымен мерзімді басылымдарды зерттеу арқылы жәдидшілдік қозғалысының қалыптасуы, таралуы және дамуы бойынша қосымша маңызды деректер аламыз. Онда Қазақ даласындағы жәдидшілдік пен баспасөздің дамуы ғана емес, сонымен қатар мерзімді басылымдардың қоғамдық пікір қалыптастырудағы мәдени фактор ретіндегі деңгейі де анықталады.

Сондай-ақ жәдидтік қозғалысты асыра радикалды бағыт деп бағалап, оның пайда болуын Абдул Уахабтың (уахабизмнің негізін қалаушы) шақыртуының нәтижесі деп көрсететін көзқарас бар. Зікірия Жандарбек зерттеушінің пайымдауынша Уахабтың таза ислам дініне қайта оралу тұжырымның қорытындысы ретінде уахабизм мен жәдидшілдік пайда болған. Яғни жәдидтік идея классикалық ислам дініне қайшы идеология деп баяндайды. Мысалы, «Алаш Орданы» тұтас халықтың қолдамауының астарында дін проблемасы жатыр» атты мақалада автор: «XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында бүкіл Евразия мұсылмандарын түгел қамтыған жәдидшілдік атты қозғалысқа ұласты. Олар тоқырауға түскен мұсылман

халықтарын оятып, Ислам әлемін жаңа сатыға көтереміз деген үмітте болды. Алайда бұл жәдидшілдік қозғалыстың түбі өз бастауын Абд ал-Уаххаб Нажди негізін салған уаххабиліктен алатынын ол кезде көпшілік біле қойған жоқ», – дейді [51].

Шотанова Г.А. «Материалы Астраханских научных обществ и учреждений как источник по истории Казахстана» атты монографияда автор Астарахандық ғылыми орталықтар мен мекемелердің архивтік құжаттары негізінде Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер береді. Бір тараушасы халықтық білім беру тақырыбына арналған. Ол жерде негізінен Бөкей Ордасындағы ағартушылық процесі сипатталады. Жәңгір ханның Англиядан оқытушы мұғалім алдырып, оған өз қаржысынан жалақы төлеп, балаларды оқытқандығы сөзге тиек етіледі [52, 110 б.].

Қазақ жерінде мұсылмандықтың таралуы, қазақтар мен түріктердің өзара ғылыми, ағартушылық байланыстары, осман түріктерінің Түркістан аумағында ислам дінін насихаттауы мен оларға қарсы жандармериялық бақылауды орнату, ішкі істер органдарының осы бағыт бойынша жұмыстар жүргізуі жөнінде С.К. Рүстемовтің зерттеулері маңызды орын алады [53, 54, 55].

Қазақ жеріндегі жәдидшілдіктің таралуы жөнінде, Ресейдегі жәдидтік медреселерде оқыған қазақ жастары туралы Байғараев Н.Н. PhD докторлық диссертация қорғаған болатын [56]. Аталмыш зерттеу жұмысы архивтік құжаттарға бай. Жәдидшілдіктің кейбір көлеңкелі тұстарына жарық түсірген. Алайда, жергілікті жәдидтік қозғалыстың даму барысы, өзіндік ерекшеліктері, мектеп пен медреселердің оқу бағдарламалары назардан тыс қалған.

Тарихнамалық шолуымыздың келесі ірі бөлігін заманауи шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Жақын және алыс шетел зерттеушілері орыс империясының қыспағында қалған және кейіннен кеңестік тоталитарлық езгінің астында қалған периферияның тарихымен айналысқанды қолдап отырады. Осы орайда мұсылмандық мәселе, ислам дінінің интерпретациясы, новаторлық мұсылмандық оқу-білім, т.б. негізгі зерттеу объектілері болған.

Жақын шетелдік тарихнаманың бір бөлігін ресейлік ғалымдардың еңбектері құрайды. Тақырыпқа байланысты ресейлік зерттеулердің басым көпшілігі татар және башқұрт ғалымдарының еңбектері болып табылады. Өйткені олар татар және башқұрт жеріндегі жәдидшілдік мәселесін қарастырғанда қазақ жеріндегі жәдидшілдікке қатысты көзқарастарын да береді. Мұндай еңбектердің авторларынан Р.М. Мухаметшин [57], Р.С. Хакимов [58], Л.А. Ямаева [59], М.Н. Фархшатов [60] және т.б. атауға болады.

Келесі бөлігін Орта Азиялық республикалардың ғалымдарынан қазіргі кезеңде жәдидшілдікті қарастырып жүрген Тәжікстан ғалымдары Н.Б. Хотамов [61], Н.У. Гафаровты [62], өзбек ғалымдары Д. Алимова [63] Орта

Азиядағы жәдидшілдікті қарастырғанда Қазақ даласындағы мәдени, әлеуметтік және саяси өзгерістерге тоқталады. Алайда, жоғарыда аталған көршілес елдердің ғалымдары жәдидтік идеяның пайда болуына қатысты полицентристік көзқарастан гөрі, моноцентристік ұстанымды қолдайды. Яғни, жәдидшілдік идея сол ғалымдардың өздері тұрып жатқан мекеннен пайда болып, көршілес халықтарға тараған деген пікірде.

Алыс шетел зерттеушілері жәдидтік мәселеге қатысты іргелі зерттеулер жүргізіп, келелі ойлар айтқан. Олардың ішінде бүкіл әлемге аты мәлім болған А. Халид (Adeeb Khalid) [64, 65]. А. Франк (Allen J. Frank) [66] пен Пол Верт (Paul W. Werth) [67] екеуінің еңбектері бір-біріне ұқсас жазылған, себебі екеуі де микротарих әдісін пайдаланған және зерттеудің географиялық аймағы да жақын болған.

Қазақ тарихына қатысты, әсіресе Алаш зиялыларының тарихы мен рөлі, қазақ қоғамындағы ислам дінінің маңызы мен ықпалы, ресейлік отарлық саясат, т.б. мәселелер бойынша бірден-бір ірі ғалым – жапондық Уяма Томохико (Uyama Tomohiko). Саппоро қаласындағы Славян-Еуразиялық зерттеу орталығының басшысы қызметін атқарған, алдыңғы қатарлы ғалымның қаламынан көптеген еңбектер жарыққа шыққан. Қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихын, олардың ұлттық қозғалысқа қатысуы, патшалық әкімшілікпен қарым-қатынасы, қазақ жеріндегі оқиғаларға географиялық жағдайдың ықпалын зерттеп жүрген профессор қазақ территориясындағы мұсылмандық ағартушылықтың кең қанат жаюында татар молдалары және Орынбор муфтиятының рөлі зор болғанын жазады [68, р. 275]. Сонымен қатар басқа да іргелі еңбектерін атап өтуге болады [69, 70, 71, 72].

Жәдидшілдер білім беру жүйесін реформалау еуропалық өркениетпен бәсекеге түсудің маңызды тетігі деп қарастырды. Қазақ қоғамында исламның ықпалының төмен болуынан және қазақ зиялыларының бағдарының негізгі батыстық мәдениет жетістіктеріне бағытталғандығынан, қазақ зиялыларының жәдидшілдік қозғалысына барынша қолдау көрсетуіне алып келген [73, 13 б.].

Сонымен қатар қазақ даласындағы оқу-ағарту, мұсылманшылық, ислам мен билік, т.б. мәселелер төңірегінде зерттеу жүргізген біршама шетелдік ғалымдар бар [74, 75, 76, 77, 78].

Диссертациялық жұмыстың деректік негіздері. Деректану ғылымының түрлік классификациясына сүйене отырып деректерді 5 топқа бөлуге болады:

Деректердің бірінші тобын Отандық және көршілес елдердің архивтерінен алынған құжаттар тобы құрайды. Отандық архивтерден алынған құжаттар. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивінің 90-шы, 44-ші, 27-ші, 25-ші, 59-шы, 15-ші, 64-қорларының құжаттары пайдаланылды. Мәселен, 64-қордың 436-ісінде (Всепопданнейший отчет Степного генерал-губернатора за 1887-1888 годы):

«1867-1868 жж. реформалардан кейін рулық құрылым өз күшін жойып, күнделікті өмірден алынып тасталды. Енді қазақтар рухани тірек, рухани іргетас іздеп, бұрын дұрыс мән бермей келген ислам дініне табан тіреді. Осы тұста дін уағыздаушы татар көпестерінің рөлі күшейе түскен. Осындай аласапыран уақытты пайдаланып, абдырап қалған қазақтарды православие дініне кіргізу қажет» – делінген. Бұл рухани отарлау процесін жасырын түрде емес, жариялап, қорықпастан ашық түрде жүргізу керектігі жазылған [79, 24-26 пп.].

Сондай-ақ Орталық мемлекеттік кино-фото және дыбыс жазбалары архивінен революцияға дейінгі уақытта қазақ жеріндегі мұсылмандық білім беру орындары көрініс тапқан байырғы фотосуреттер зерттеліп, кейбір көшірмелері алынды.

Көршілес мемлекеттердің архивтерінен алынған құжаттарға қысқаша шолу жасасақ.

Орынбор облыстық Мемлекеттік Архивінің № 21 қорынан (Орынбор губерниялық жандармерия басқармасы) Ресейдегі мұсылмандардың көңіл-күйлері, зиялы қауым өкілдерінің өзара байланыстары, мектеп-медреселер жайлы, жалпы мұсылман әлеміне орнатқан бақылауының нәтижелері сақталған.

Құжаттардың ішінде № 618 істе мұсылмандардың саяси партияларға деген қызығушылықтарының артуы жөнінде мәліметтер береді. 1913 ж. Полиция Департаменті Империя территориясындағы көптеген жандармериялық басқармаларға құпия хат жолдап, өздеріне тиесілі аймақтағы мұсылмандардың жай-күйін жіті қадағалауды тапсырады. Оның себебі былай түсіндіріледі: «По имеющимся в Департаменте Полиции сведениям, населяющие Россию мусульмане стали в последнее время особенно интересоваться задачами и внутренним порядком политических организаций. В целях соорганизования ими собирается необходимый материал. Ознакомление мусульман с политическими партиями предполагается как на местах, так и за границей». Демек, мұсылман халқының озық ойлы азаматтары елінің болашағы үшін қам жеп, азаттық жолында заңды тетіктерді пайдалануға, соның ішінде халық мүддесін қорғайтын партия жүйесі арқылы күресуге бел буғандығының айғағы [80, 185 п.].

Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінің И-47 (Управление учебными заведениями в Туркестанском крае) қоры зерттеу тақырыбына қатысты құнды мәліметтер береді. Сөзімізді дәйектесек, №1148 істе Түркістан аумағындағы жаңа әдісті мектептердің көптеп таралуына сипаттама берілген. Ішкі Істер министрі Маклаков жаңа әдісті мектептер жөнінде сөз қозғай келе, «...әкімшіліктің салғырттығынан және заңның толық еместігінен діни мектептер жалпы білім беретін орындарға айналуға. Оның аты жаңа әдісті мектептер», – деп алаңдаушылық білдірген [81, 90 п.].

Диссертацияда зерттеу тақырыбын ашуда пайдаланылған келесі архивтік деректер – Томск облысының Мемлекеттік Архивінің құжаттары. Әсіресе, Қазақстанның Шығыс, Солтүстік, Орталық аудандарындағы орыстандыру мәселесі, оқу-ағарту саласының жағдайы, т.б. мәселелер қарастырылған. Мысалы, Ф-125 «Батыс Сібір училищелерінің бас инспекторы» атты қордың 597-ісінде қазақ даласында татар ықпалының күшейіп жатқандығы айтылады. Орыстандыру процесіне кері құбылыс ретінде бағаланған бұл үрдістен шығудың жолы іс-қағаздарды татар тілінде емес, қазақ тілінде шығару ұйғарылған: «Администрация усиленно распространила арабский алфавит, издавая для киргиз постановления на татарском языке; большая часть переводчиков в степи из татар, в настоящее время единственное средство сообщения между правительственными органами и киргизским народом, что нельзя не признать важною административною ошибкою» [82, 3 а.п.].

Санкт-Петербург мемлекеттік архивінің №821 «Департамент духовных дел иностранных исповеданий МВД» атты қорынан алынған құжатта: «... в общем ново-методисты не есть революционеры в нашем смысле этого слова, они революционеры в бытовой жизни татар, так как стремятся изменить ее исконные устои замкнутости и неподвижности в смысле проведения в нее светского знания», – деп жәдидтердің қызметіне баға берілген [83, 50 п.].

Деректердің екінші тобын архив құжаттарының жарияланған жинақтары құрайды. Бұл жинақтарда әртүрлі архивтердің құжаттары мен сол заманда шығып тұрған мерзімді басылымдар жинақталған. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Ресейдің мұсылман әлемінің мәдени және қоғамдық құбылыстары сипатталады. Мәселен, татар зерттеушісінің «Модернизационные процессы в татаро-мусульманском сообществе в 1880-е – 1905 гг.: документы и материалы» атты еңбегі [84]. Қазақстан, Өзбекстан, Ресей архивтерінен алынған құжаттардан «От протектората к колонии Российской империи: сборник документов и материалов» атты жинақты З.Т. Садвокасова жариялаған [85].

Тарих және этнология институтының ғалымдары археографиялық экспедиция мен зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бірнеше жинақтар шығарған. Солардың ішінде осы тақырыптың кейбір қырларына жарық сәулесін түсіретін құжаттар бар. Оларға «Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов» еңбегі [86], «Национально-освободительное движение казахского народа в конце XVIII – начале XX веков. Сборник документов» [87], «Национально-освободительное движение в Казахстане в XIX – начале XX вв. Сборник документов» [88] жатады. Сондай-ақ зерттеу жұмысының міндеттерін орындауда «Путевые дневники и записки российских чиновников и исследователей о Казахской степи XVIII – середины XIX века: Сборник документов и материалов» жинағының пайдасы зор [89].

Деректердің үшінші тобына XIX-XX ғғ. өмір сүріп, қоғамда орын алған оқиғалар мен құбылыстардың куәгері болған, не оған белгілі бір дәрежеде үлес қосқан саяхатшылардың, шенеуніктердің, ғалымдардың еңбектері жатады.

Наливкин «Туземцы раньше и теперь» очеркінде алғашында Орталық Азия халықтарының географиялық, этнографиялық ерекшеліктерін суреттейді. Сонымен қатар бұратана халық арасында ислам дінінің рөлі мен маңызына тоқталады. Әсіресе, ислам дінінің прогреске, жаңалыққа қарсы, кертартпа дін ретінде қабылдайды [90]. Ресей географиясы мен статистикасы үшін географ А.Н. Красновтың Алтай жеріне экспедиция ұйымдастыру барысының, нәтижесінің есебін келтірген. Бұл этнографиялық жазбасында қазақ даласындағы мұсылмандық білім беру мекемелеріндегі оқыту жүйесі туралы деректік мәліметтер де береді [91].

Келесі еңбек белгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтың «Мусульманский мир» туындысы. Зерттеуші бұл кітабында Түркістан аумағының Ресейге қосылғанға дейінгі тарихына тоқталады. Мәдени, әлеуметтік, саяси мәселелерін жаза отырып, мұсылмандық оқу-ағарту саласына тоқталып өтеді [92]. Осы секілді тағы да басқа зерттеушілердің еңбектері қарастырып отырған тақырыпты ашуда маңызы жоғары.

Деректердің келесі тобын XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында жарияланып тұрған мерзімді басылымдар, яғни газет-журналдар құрайды.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының модернизациялануы, қазақ жеріндегі мектеп медреселер, ондағы оқыту жүйесі мен бағдарламалары, жәдидшілдердің ұстанымдарын анықтауда мерзімді қазақ басылымдары: «Дала уалаятының газеті» [93]; «Қазақ» газеті [94] және «Айқап» журналы [95] беттеріндегі мақалалар септігін тигізді. Қазақ жерінде жарыққа шығып тұрған жоғарыда аталған газет-журналдар қазақ халқының «құлағы, көзі һәм тілі» іспетті болғаны анық. Себебі, бұл басылымдардың негізгі мақсаты қазақ халқының мұң-мұқтажын айтып, шешілмей жатқан көкейтесті түйіндерді шешіп, болашаққа бағдар беру еді. Ұлт жанашырлары газет беттерінде үздіксіз мақалалар жариялап, халықты оятып, білім-ғылым жолына түсуге шақырып отырды.

Сондай-ақ, Қазақ даласындағы жәдидшілдіктің ықпалы, ашылған жаңа әдісті мектеп-медреселер, білім беру саласында қол жеткен жетістіктері туралы хабарлама ақпараттарды татарлардың «Терджиман», «Миръат» басылымдарынан алсақ, орыс тіліндегі «Волжский вестник», «Казанские ведомости» басылымдарынан отарлық өкіметтің мұсылмандық діннің ахуалы, білім ошақтары, елде болып жатқан қоғам ішіндегі тербелістер, оқу-ағарту, орыстандыру процесі туралы мәліметтер кездестіруге болады.

Деректердің бесінші тобына жарияланған естеліктер жатады. Олардың қатарында Н.И. Ильминскийдің «Воспоминания об И.А. Алтынсарине. Письма и бумаги И.А. Алтынсарина» [96], А.Н. Куропаткиннің «70 лет моей жизни. Исторический архив» [97] естеліктерін атауға болады. Қазақ

жеріндегі оқу-ағарту ісінің хал-ахуалынан, мұсылмандық мектептер мен орыстық мектептердің бәсекелестігі турасында, ресейлік орыстандыру саясаты жайлы, т.б. мәселелер жөнінде ақпараттар алуға болады.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік қолданбалық құндылықтары. Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар жәдидшілдікті болашақта әлеуметтік-мәдени және ағартушылық қозғалысы ретінде қарастыратын зерттеулерде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы жәдидшілдіктің қадымшылдықпен, панисламизммен, пантүрікшілдікпен және діни реформаторлық, қоғамдық-саяси, либералдық қозғалыстармен өзара қатынасын барынша зерттеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің материалдары мен түйіндері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының мәдени өмірі, оқу-ағарту ісі, ұлттық сана-сезімнің оянуы, қазақ зиялыларының қалыптасуы, мектептер мен медреселер бойынша ЖОО-да арнайы курстар мен дәрістер оқу үшін, оқу құралдары мен бағдарламаларын, оқулықтарын әзірлеуде, жәдидшілдік бойынша ғылыми еңбектерді жазуда қолданылуы мүмкіндігімен тәжірибелік маңыздылығы анықталады. Диссертацияның тарихнамалық, деректанулық бөлімдері жәдидшілдік бойынша қажетті материалдарды іздеуде зерттеушілердің жұмысын жеңілдетеді. Диссертация нәтижелері қазақ даласындағы қоғамдық-саяси қозғалыстар бойынша жаңа, ауқымды, іргелі зерттеулердің туындауына септігін тигізеді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша төмендегідей ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылады:

1. Патшалық биліктің қоластындағы түркі-мұсылман халықтарға жүргізіп отырған отарлық саясаты мен әлемдегі мұсылмандардың рухани ахуалы жәдидтік қозғалыстың дүниеге келуіне алғышарт жасады.

2. Жәдидтік қозғалысты шартты түрде тек ағартушылық, не діни, не саяси, не мәдени деп бөліп қарастыруға болмайды. Себебі, жәдидтер стагнацияға ұшырап жатқан қоғам өмірінің барлық мәселелерін көтеріп, оны шешудің бірден-бір жолы ретінде білім мен ғылымды дамыту керектігін алға тартты. Осы бағытта Ресей империясының түркі-мұсылман халықтары мен қазақ зиялылары күш біріктірді.

3. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында әлемде болып жатқан ғылыми-техникалық прогрестен шет қалған түркі-мұсылман халқын оятып, жаңаруға бастайтын интеллектуалды элита қажет болды. Қалыптасқан тарихи, саяси-әлеуметтік және мәдени жағдайларға байланысты қазақ даласындағы мұсылмандық білім беру жүйесін реформалаудың қажеттілігі туындады.

4. Жаңа әдісті мектеп-медреселердің қалыптасуы қазақ халқының діни көзқарасының ерекшеліктері мен ұлттық танымының оянуына және заман талабына сай зайырлы білім алу қажеттілігіне байланысты болды.

5. Реформа бастапқыда сауат ашуды қамтамасыз ететін және ұйымдастыратын бастауыш білім беретін мектептерде жүргізілді. Жәдидтік жаңа үлгідегі мұсылмандық оқу орындарының қазақ даласында таралмай тұрып та діни сауат ашатын білім ошақтары болған. Олардан барлық дерлік қазақ жастары алғашқы сауатын ашқан. Бұл мектеп-медреселердің қоғам өмірінде алған орнын ешкім жоққа шығармайды. Алайда, XIX ғ. соңында пайда болған инновациялық оқыту методикасы аз уақыт ішінде өзінің тиімділігін көрсетіп, халықтың ықыласына бөленді. Осындай білім ордалары болашақ ұлт зиялыларын қалыптастырды.

6. Қазақстан территориясында жәдидтік идеяның кең таралуында мерзімді басылымдардың орны ерекше болды. Газет беттерінде дыбыстық оқытудың артықшылықтары насихатталды, әлемдегі болып жатқан ғылыми-техникалық жаңарулардан хабар берді, халықтың ұлт ретінде жоғалып кетпеуі үшін ескіліктен арылуға шақырды. Жалпы айтқанда, жәдидтер үгіт-насихат технологиясын кеңінен пайдаланып, оқыту мәселесімен қатар баспахана ашу, кітапхана, оқулық жазу, шетелмен тәжірибе алмасу, т.б. мәселелерді күн тәртібіне қойды.

7. Жәдидтік қозғалыс отарлық саясатқа қарсы бас көтерген ата-бабалардың ізін жалғастырушы феномен. Ерекшелігі, қолға қару алып емес, қалам алып интеллектуалды күреске шықты. Бабалар аңсаған тәуелсіздік, еркіндік идеяларының заңды жалғасы. Аз уақыттың ішінде халықтың көзін ашып, рухани құндылығын толықтырып, батыс әлемінің жетістіктерін ұлттық ерекшелікпен әдемі үйлестіре алды.

8. Жәдидтік идея кейіннен ұлттық идеологияға айналып, Алаш зиялыларының ұстанымдарымен бірікті. Қазақ жеріндегі жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі күллі түркі-мұсылман халықтарының арасындағы үзіліп қалған тарихи көпірді қалпына келтіріп, өзара достастық қатынас орнатып, әлемдік өркениетпен сабақтастырып кеткен құбылыс болып табылады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу жұмысы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасында орындалды. Зерттеу жұмысының ғылыми мәселелері, мазмұны мен нәтижелері республикалық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланды. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 13 мақала негізінде жарық көрді. Соның ішінде 6 мақала ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК тізіміне енетін журналдарында, 5 отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында және 2 мақала Scopus базасында тіркелген журналда сыннан өтті. Жарияланымдарда жұмыстың теориялық принциптері мен нәтижелері сипатталды.

Зерттеу жұмысы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының Ғылыми кеңесінде талқылаудан өтті.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен және әр бөлім екі тараушадан тұрады. Сонымен қатар, қорытынды бөлім, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі – 161 б.

1 XIX Ғ. АЯҒЫ – XX Ғ. БАС. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘДИДТІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1.1 Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени ахуалы

Отарлау процесі жаңа жерлердің байлықтарын игерумен, оның байырғы тұрғындарын құртумен, өздерінің мәдениетін жоғары қойып, оны күштеп таратумен тікелей баланысты жүріп отырады. Жаулап алушылардың көзқарасы бойынша жергілікті тұрғындар надан, қараңғы халық, ал олар Құдайдан берілген ақиқатты таратушылар, жоғары мәдениет әкелушілер ролінде сезінеді. Мәселен, орыс тарихнамасында патшалық Ресей билігі қазақ халқына жоғарыдан қарап, өзін ағартушылар ретінде көрсетуге талпыныстар жасалады. Тіпті, бұрынғы заманнан бері өз жерінде тұрып келе жатқан қазақ халқын «бұратана» («туземцы») деп атайды. Демек, сол арқылы адамшылық санаттан төмен санап, қарапайым жануар мен өсімдіктер әлемімен теңестіреді. Танымал зерттеуші Тойнбидің пікірінше, мұндай ұстаным тек екі мағынаны ғана білдіреді: біріншісі бұратана халықты не арам шөп секілді отап тастау, екіншісі өзінің мақсатына пайдалануға болатын құнды ресурс көзі ретінде пайдалану [98, 389 б.]. Бұл пікірдің шындық екенін, әрі нақты іс жүзінде қалай жүзеге асыруға талпыныстар жасалғандығын кейінгі қазақ тарихынан байқауға болады.

Жаңаша ой тұжырымдау методологиясы мен өркениеттік тұжырымның зерттеу салаларында қолданылуы ғалымдар алдында Орта Азиялық жәдидтік қозғалыстың тарихын зерттеуде жаңа методологиялық тұрғыларды жасауға итермелейді. Бұл процес үлкен жауапкершілікті, объективтілікті және қажырлы еңбекті талап етеді. Бұл қозғалысты зерттеуде көптеген ерекшеліктерді ескеру қажет, ең алдымен жәдидтік қозғалыс бірқырлы, біртекті субстанция емес, «жәдидтер» деген термин жаңалыққа, прогреске, білім-ғылымды дамытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, мұсылмандықтың рухты көтеруді ту еткен зиялы қауымға тиесілі ортақ атау. Оның құрамында демократтық та, либералдық та, радикалдық та көзқарастар ұстанған тұлғалар болған. Оған сол кезеңдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани факторлар әсер еткендігі даусыз. Өркениеттік концепция тұрғысынан алсақ, жәдидтік қозғалыс пайда болу, даму, шарықтау шегіне жету, құлдырау секілді қоғамдық-тарихи сатылардан өткен.

Білім-ғылым қай заманда болмасын қоғамның ілгері жүруіне немесе кейін қалуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Бұл тарихи шындық, аксиома. Ал қазақ халқы Ресей империясының боданы болғанынан бастап өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан, елдігінің тұғыры болған тілінен, дінінен, ділінен, салт-дәстүрі мен мәдениетінен айрыла бастады. Империялық амбиция импульстері қазақ халқына ауыр тиді, содан кейін билікті қолға алған Кеңестік басшылық та осы жолды ары қарай жалғастыра түсті. Ресейге бағынышты болған барлық түркі халықтары үшін бұл ортақ тарихи сипат

болды. Сондықтан да барлық түркі халықтары біріксе ғана егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздігін алуы мүмкін еді.

XIX ғасырдың 60-70 жылдары Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы империяның қазақ жеріне қатысты саясатында елеулі өзгерістерге әкелді [99, 198 б.]. Қазақстанды әскери-отарлық әрекеттермен қосып алу арқылы Ресей әскерлері Орта Азияның ең ақырғы нүктесіне дейін кіріп, бұл аймақтағы ағылшындардың ықпалын ығыстырды. Қолайлы халықаралық жағдайды пайдалана отырып, Ресей империясы Орта Азияны толықтай жаулап алды. Империялық билік өзінің алысты бақылаған саяси мүдделерін басшылыққа ала отырып, Орта Азия мен Қазақстанда толық отарлық режимді орнатты. Ол үшін арнайы заңды құжаттар мен шешімдер қажет болды. Солардың бірі 1867-1868 жылдары орын алған қазақ даласын басқару туралы Уақытша Ереженің жобасын дайындау үшін үкімет 1865 жылы Дала комиссиясын құрды. Жүзеге асырылғалы отырған барлық әкімшілік жобалардың дайындалуын қадағалау әскери министр Д. Милютиннің бақылауына берілді.

1867 жылы 11 шілде күні император Александр II патша Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына берілген Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы Ереженің жобасына қол қойды. Ал одан соң 1868 жылы 21 қазанда Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстарын біріктірген Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарын басқару туралы Уақытша ереженің жобасын бекітті. 1868 жылғы Дала аймақтарындағы әкімшілік туралы уақытша ережеге және 1867 жылғы Түркістан өлкесіндегі әкімшілік туралы ережеге сәйкес болыс губернаторы полиция мен әкімшілік билікті оның қолына шоғырландырды. Ол «бейбітшілік пен тәртіпті» сақтауды, тұрғындардан салықтар мен баждардың барлық түрлерін төлеуді қадағалады. Осы жағдайларда Ресей Қазақстанның бұрынғы басқару жүйесін түбегейлі бұзу туралы міндет қойды [100, 356-358 бб.].

Дегенмен, 1869-1873 жылдардағы Кіші жүзде орын алған көтерілістер аймақта патша үкіметі жүргізген реформалардың аяқталмағанын көрсетті. Реформаларды жалғастыру қажеттілігі басқа себептермен де айтылды. 1872 жылы көтерілістен кейін Маңғышлақ уезі Закаспий облысына берілді. Бұлайша Қазақстанның үш генерал-губернаторлыққа бөлінуі Ресейдің еуропалық бөлігінен шаруаларды жаппай қоныстандырумен байланысты мәселелерді тез және жүйелі түрде шешуге мүмкіндік бермеді. Сондай-ақ, Орталық Азияның Ресей империясына әскери аннексиясы болды, бұл кең аймақты басқаруда бірыңғай тәсіл мен үнемдеуді қолдануды талап етті. Патша үкіметі өлкенің Ресеймен біртіндеп бірігу мәселесін шешуді жоспарлады. Сондықтан да, қолданыстағы ережелер бастапқыда уақытша болды.

1882 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторлығы жойылып, Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кіретін Дала генерал губернаторлығы

құрылды. Көп жылдық тартыстан кейін 1886 жылы 2 маусымда Ресей императоры Александр III Түркістан өлкесін басқару туралы жарлыққа қол қойды. Жаңа ережеге сәйкес Сырдария, Ферғана және Самарқанд облыстары Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енді. Маңғышлақ уезі әуелі Кавказ әскери округына, одан соң, Закаспий облысының құрамына кірді [101, 4-6 пп.]. Келесі бір маңызды әкімшілік құжат – «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» 1891 жылы 25 наурызда қабылданып, ол бойынша Дала генерал-губернаторлығы құрылды, оның құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірді. Жаңа аумақтық құрылымның орталығы Омбы қаласында болды. Орал және Торғай облыстары Ішкі Істер министріне тікелей бағынышты болды. Қазақтарды көтермелеу, оларға мешіт салуға рұқсат беру мәселелері ішкі істер министрінің құзырында болды. 1899 жылы оның құрамына Жетісу облысы да Түркістанға қайта қосылды [102, 224 б.].

XIX ғасырды 60-90 жылдары жүргізілген әкімшілік реформалар оның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін анықтап берді. Реформаларға тоқталмай тұрып, қазақ жеріндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени процестерге кірісу мүмкін емес. Өйткені, бұл реформалар Қазақстан жеріндегі әлеуметтік өмір мен жаңа экономикалық реформаларды дайындап берді. Оның басты мысалдары, қаржы саласында жаңа шешімдер қабылданды, салық жүйесіне аса ірі өзгерістер енгізілді, капиталистік қоғамның дамуы жоспарланды, қоғам мен мемлекеттік басқарудың жаңа формалары қолданылды және ең маңызды экономика мен оның секторларына өзгерістер әкелінді. Бұдан шығатын негізгі тұжырымдардың бірі XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстанда жүргізілген әкімшілік реформалар халықтың саяси өміріне қарағанда әлеуметтік-экономикалық өміріне ерекше әсер етті. Бұған осы реформадан кейінгі халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің деңгейі мысал бола алады.

Қазақстанның аумақтық-әкімшілік құрылымындағы және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістер отаршыл империяның мүдделеріне сәйкес келетін жаңа сот ісі мен салық жүйесін қабылдап, ол аймақтың әлеуметтік-экономикалық өмірін өзгертті. Жергілікті басқаруда приставтар мен учаскелік басшылар жүйесі де енгізілу жоспарланды [103, 98 п.]. Әлеуметтік-экономикалық дамудың жетекші тенденциясы – бұл капиталистік қатынастардың үнемі қарқынды дамуы болып, ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін көрсетіп, сонымен қоса өз кезегінде капиталистік қанаудың мәнін да сипаттайды. Реформалардың негізінде жүзеге асырылған әлеуметтік процестер мемлекет экономикасымен тығыз байланысты болып, ол осы екі саланың тоғысқан түрін көрсетті. Бұл кездегі Қазақстандағы әлеуметтік процестер қоғамда кедей адамдардың болуына қарамастан, жалпы алғанда аса ірі қарама-қайшылықтарға толы болған жоқ деп айтуға болады.

Империялық отаршылдық қанау бастапқыда аса күшті болғанымен, кейінгі кезекте саяси-әкімшілік реформалардан кейін бұқара халық тек өзінің белгіленген салығын төлеумен ғана шектелді. Шектен тыс алымдар азайып, тіпті тоқтатылды деуге болады. Заңнамалық-құқықтық нормалар халықтың құқығын қорғаумен айналысып, қоғам санасының дамуы байқалды. Бұл әрине бүкіл Ресейде болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік прогреспен байланысты еді. Халықтың күнделікті өмірі мен тіршілігі әлеуметтік жай-күйі мемлекет экономикасымен тығыз байланысты болды. Заман талабы мен уақыт ағымына сай, әлеуметтік-экономикалық сала сан түрлі тармақтарға бөлініп, дәлірек айтқанда экономиканың бірқатар негізгі секторларын қамтыды деуге болады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық өмірінде тау-кен өнеркәсібі маңызды орын иеленді. Оның тарихи бастаулары ілгері кезден қалыптасып, ал ауқымды түрде орын алған кезеңі XIX ғасырда болды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде өнеркәсіптік өндіріс Қазақстанда жақсы қарқынмен дамыды деуге болады. XIX ғасырдың ортасында Қазақстанда табиғи пайдалы қазбалардың көптеген түрлерінің бар екені белгілі болды. XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап Ресей кәсіпкерлері Қазақ өлкесіне капиталды салып және бірқатар пайдалы қазбалар кен орындарының негізінде өндірістік кәсіпорындар құра бастады. Соның негізінде кен өндіру кең көлемді жүргізіліп, оның өзіндік нәтижелері алына бастады. XIX ғ. 70-80 жылдары ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін кәсіпорындар қарқынды дамыды, оның ішінде - май жасау, ұн тарту, әсіресе былғары өнеркәсібі тағы басқа салалар өркендеді. Дала өлкесіне қарасты Ақмола облысының қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсібі шикізат көздерін, жұмыс күшін қажет ете бастады [104].

Атап өткеніміздей, табиғи ресурстарға және мал шаруашылығының шикізатына бай Қазақ өлкесі ерте кезден ресейлік және еуропалық кәсіпкерлердің назарын өзіне аударып келді. Алайда, әр түрлі табиғи-географиялық жағдайлары бар алып аймақтың дамуы басқарушы шеңберлерден әкімшілік-аумақтық, сот және басқа жаңалықтар енгізуді талап етті. Екінші жағынан бұл кезде Қазақстанда салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бойы техникалық жағынан артта қалған өндіріс орындары жұмыс істеді, олар өндіріс көлемі және жұмысшылар саны бойынша қолөнер мекемелеріне жатқызылуы мүмкін еді. Мұндай деңгейдегі өндіріс орындары цехтық немесе зауыт деңгейіне көтеріле алмады. Алайда, XIX аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстан территориясында 300-500 жұмысшыдан тұратын салыстырмалы түрде ірі кәсіпорындар болды, олар: Спасск мыс қорыту зауыты, Успен кеніші, Қарағанды шахталары. Тау-кен саласы айтарлықтай дамыған сала болды. Жалпы алғанда, Қазақстанда 1855-1893 жж. 151182 пұт кен балқытылды. Қорғасын, 883 пұт күміс, 219186 пұт мыс, оның ішінде 484542 пұт таза мыс алынды. Қазақстан өнеркәсібі, әсіресе тау-кен өндірісі, көмір мен мұнай шетелдік капиталистердің назарына алынды. Спасск-

Успенск, Атбасар мыс, Риддер шахталары, Қарағанды көмір шахталары, бірқатар мұнай кен орындары шетелдік капиталистерге сатылды. АҚШ, Германия, Бельгия, Швеция және басқа елдердің өнеркәсіпшілері «Спасск мыс рудасы» акционерлік қоғамының акцияларының иелері болды [105, 123 б.].

XX ғ. басында Қазақстанда тау-кен және тау-кен өндірісі, сонымен қатар қайта өңдеу кәсіпорындары дамыды. Тау-кен өнеркәсібі түсті металдар мен көмірдің бай кен орындары игерілген Алтай мен Орталық Қазақстанда орын алды. XX ғасырдың басында мыс, алтын, көмір және басқада кен өндіретін тау-кен кәсіпорындары шетелдік акционерлік қоғамдардың қолында болды. Атап айтқанда, 1904 жылы Лондонда пайда құрылған Спасск мыс кендерінің ағылшын-француз акционерлік қоғамы Спасск-Успен мыс кеніші мен зауытын, Саранск және Қарағанды көмір шахталарын, темір рудниктерін еншіледі. Компанияның акционерлері американдықтар, немістер, шведтер мен австриялықтар болды. Риддер кеніші мен Екібастұз қорғасын-мырыш комбинатының құрылыстары ерекше орын иеленді. Сонымен қатар, XX ғасырдың басында аймақтағы тау-кен өнеркәсібінің негізгі салаларының бірі – алтын өндірісі болды. Екібастұз, Қарағанды, Саранскіде көмір кен орындары игерілді, өндірілген кен Пермь губерниясына, Омбы мен Барнаулға, сондай-ақ Павлодарға және облыстың басқа қалаларына теміржол және су арқылы жеткізілді [106, 43 б.].

Қазақстан экономикасының басты тірегі мұнай кәсіпшілігі болды. Мұнай Батыс Қазақстанда, Орал-Ембі аймағында өндірілді. 1912-1914 жылдардағы мұнай кен орындарының дамуы «Батыс Орал мұнай қоғамы», «Орал-Ембі қоғамы» және «Солтүстік Каспий мұнай компаниясы» сынды британдық капиталистерге тиесілі болған компаниялармен байланысты болды. Арзан жұмыс күші, бәсекелестіктің болмауы, мұнай кен орындары иелеріне үлкен пайда әкелді. Ғасырлар тоғысында Қазақстан өнеркәсібінде ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін кәсіпорындар басым болып, оның ішінде: тері, май шайқайтын, сабын шығаратын, және т.б. өндіріс орындары жұмыс істеді. Жетісу, Ақмола және Семей облыстарында жүн және мата фабрикалары, ет консервілері фабрикалары, сонымен қатар ұн және жарма өнеркәсібі дамыды [107, 577 б.].

Оңтүстік Қазақстанда шикізатты өңдейтін шағын кәсіпорындардан басқа мақта тазарту саласы да дамыды. XX ғасырдың басында. Шымкентте төрт, Түркістанда - екі мақта тазарту зауыты салынды [107, 574-576 бб.].

Балық шаруашылығы Еділ-Каспий бассейнінде, Орал-Ембі аймағында, Арал теңізінде, Ертіс, Балқаш және Зайсан көлдерінде дамыды. Қазақстанның шикізат көзіне және капиталистік өнеркәсіптің сату нарығына айналуында теміржолдардың құрылысы XX ғасырдың басында маңызды рөл атқарды. Қазақстанда темір жолдар Орынбор – Ташкент, Троицк, Алтай және Жетісу теміржолдарының құрылысы басталды. Революцияға дейінгі Қазақстанның негізгі теміржол желісі 1901-1905 жылдары пайдалануға

берілген Орынбор-Ташкент теміржолы болды. 1917 жылға қарай Қазақстанда тек 2 793 верст теміржол төселді, оның 2557 верст жалпы қолданыстағы және 236 версттің ғана жергілікті маңызы болды. Семей облысында теміржолдың жоқтығынан олар су жолын пайдаланды. Ертіс бойымен жүктерді «Батыс Сібір пароходствосы және сауда серіктестігі» су көлігі қатынастары компаниялары және басқалары тасымалдады. 1911 жылы Ертіс бойымен 73 пароходтар мен 214 пароходты емес кемелер мен баржалар жүзіп өтті, олардың көпшілігі Омбы мен Семей арасында жүк тасымалдаумен айналысқан [107, 579-581 бб.].

Бұл кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік өміріндегі басты факторлардың бірі – жұмыспен қамтылу болып, жергілікті халық көбінесе жеке меншік кәсіпкерлердің қарамағында жұмыс істегендіктен, олар капитализмнің лебін сезе бастады. 1911-1914 жж. Қазақстанда 675 кәсіпорын болды, онда 51 мың жұмысшы жұмыс істеді, оның 19 мыңнан астамы ірі өнеркәсіпте болды. 25 мыңнан астам жұмысшы жеңіл өнеркәсіп, теміржол және су көлігінде жұмыс істеді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ірі өнеркәсіп пен көлік кәсіпорындарында жұмысшылар саны көбейді. 1917 жылы Қазан төңкерісі қарсаңында және оның кезінде Қазақстандағы жұмысшылардың саны 90 мыңға жуық адамды құрады [107, 573-574 бб.].

Күнделікті және уақытша теміржолшылар құрамына көптеген жергілікті ұлт өкілдері кірді. Өңірдегі өнеркәсіп жұмысшыларының жағдайы, зауыт инспекциясы мен кәсіпкерлердің қызметін бақылау болмаған кезде, Ресейдің өнеркәсіптік дамыған аймақтарына қарағанда әлдеқайда қиын болды. Жұмыс күні кәсіпорын иелерінің қалауымен белгіленді және Ембі мұнай кен орындарында 12 сағатқа, алтын кен орындарында 10-12 сағатқа дейін, ал тұз кеніштерінде 14-16 сағатқа дейін жетті. Теміржолшылардың басым көпшілігі үшін 12 сағаттық жұмыс күні ресми түрде белгіленді, бірақ олар одан да көп жұмыс істеуі керек болды. Төмен жалақымен жалпы Ресейдегі жұмысшыларға облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындарында елдің орталық аймақтарына қарағанда 3-4 есе аз жалақы төленді. Жұмысшылардың мардымсыз жалақысы жалақының бір бөлігін азық-түлікпен және тауарлармен беру кезінде ерікті айыппұлдармен, алаяқтықпен және қате есептеу арқылы одан әрі қысқартылды [108, 107 б.].

XIX ғасырда Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы сауданың дамуына айтарлықтай әсер етті [109, 29 б.]. Ресейдің сауда капиталы өлкенің ең шалғай аймақтарына еніп, жергілікті мал шаруашылығын Ресейдің батыс бөлігі, Орталық Азия және Батыс Еуропа нарықтарымен тығыз байланыстырды. Мал сауданың негізгі нысаны болып қала берді. Әр жаз сайын тек Ақмола облысы арқылы 60 мыңға дейін ірі қара мен 200 мыңға дейін қой айдалды. Сонымен қатар, бидай мен дәнді дақылдар экспорты үнемі өсіп келе жатқан пропорцияларда жүзеге асырылды. Петропавл мен Омбы қалалары астық саудасының ірі орталықтарына айналды.

XIX екінші жартысында – ерте. XX ғасыр жергілікті көпестер сауда-саттықтың жаңа түрін – жәрмеңкені қолдана бастады. Ірі жәрмеңкелер Қарқаралы ауданындағы Қоянды, Петропавлдағы Тайыншакөл, Ақмоладағы Константиновка, Атбасардағы Петровская болып саналды, олардың айналымы жоғары көрсеткіштерге жетті [110, 109-111 бб.]. Ақмола облысының ірі жәрмеңкелеріндегі сауда-саттық операцияларының көлемі сәйкесінше жалпы сауданың 70-80 пайыз айналым көлемін құрады. Әділ сауданың тұрақтылығы байланыс желілерінің дамуымен байланысты болды, бұл малдың негізгі жеткізушілері - көшпелілер мен ірі «ірі қара мал саудагерлері» арасында тұрақты сауда биржасын құруға, сондай-ақ көшпелілер сауда шарттары едәуір таныс болған қалыптасқан әділ сауда дәстүрлеріне кедергі болды.

Өнеркәсіптің және ішкі сауданың дамуына өз ықпалын тигізген Қазақстанды Сібірмен және Ресей империясының басқа аймақтарымен байланыстыратын теміржол желілері салынды. XIX ғасырдың соңғы онжылдығында. Қазақстанда 482 верст теміржол желілері салынды. Қазақстан мен Ақмола облысының қалаларында да елеулі өзгерістер болып, олар әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық өмірдің орталықтарына айналды [111, 15-18 бб.].

1897 жылғы халық санағының мәліметтері XIX ғасырдың аяғында Қазақстан халқының саны, этникалық, жыныстық және жас құрамы динамикасындағы елеулі өзгерістерді көрсетеді [112, 15-16 бб.]. XX ғасырдың басында жергілікті емес тұрғындар санының өсуі қалаларда және басқа ауылдарда жаңа типтегі оқу орындарының, ғылыми, мәдени-ағарту қоғамдарының, ұйымдар мен мекемелердің құрылуына, кең байтақ аймақтың табиғи ресурстарының игерілуін жеделдетуге ықпал етті [112, 60 б.].

Бұл кезеңде Қазақстанда экономиканың ең маңызды секторы саналатын Банк ісі де жақсы жұмыс жасады. Банк капиталының Қазақстанға енуінің және оның территориясында несиелік желінің құрылуының басталуы XIX ғасырдың аяғынан басталады. Ресейлік капитализмнің кең көлемде дамуы, оның ұлттық негізде болуы, ең бай шикізат көздерін пайдалану, сату нарықтарының кеңеюі банк филиалдары мен несиелік мекемелердің кең желісін құрумен қатар жүрді. Қазақстанның несиелік жүйесі Ресей империясының қаржы жүйесінің бөлігі ретінде Мемлекеттік банктің филиалдарынан, коммерциялық банктердің филиалдарынан, қаланың орта капиталистік қабаттарының банктерінен (өзара несиелік қоғам және қалалық мемлекеттік банктер), сондай-ақ несиелік кооперативтерден және басқа да шағын несиелік мекемелерден тұрды [113, 16 б.].

Мемлекеттік банктің Қазақстан территориясындағы филиалдары ең алдымен аймақтың сауда-өндірістік қызметі орталықтарында пайда болды. Олар 1881 жылы Петропавлда, 1895 жылы Омбыда ашылды. Сібір Сауда Банкінің Қазақстан аймақтарындағы 57 филиалының 7-і жұмыс істеді, бұл 12,3% құрады. Территориядағы филиалдар саны бойынша екінші орынды

сауда айналымына несие беруге үлкен инвестициялары бар Ресейдің коммерциялық-өндірістік банкі иеленді. Ол Петропавлда өз бөлімшесін ашты (1904). Несиелік мекемелер саны бойынша Қазақстан аймақтарының арасында бірінші орынды Ақмола облысы алды. Санкт-Петербургтің тоғыз ірі коммерциялық банктерінің ішінде Қазақстан аумағында филиалдарының ең көп саны 1879 жылы құрылған Сібір сауда банкі болды [105, 123 б.].

Банк ісінде несие беру маңызды орын иеленді. Осы кезеңде несиенің жаңа түрлері тарала бастады. Капиталистік несие де дами бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың бас кезінде Қазақстан аумағында ең қарапайым банктік операцияларды жүзеге асырған қазыналарды есепке алмағанда, 44 банктік мекеме, сондай-ақ 345 несиелік және жинақтаушы қауымдастықтар жұмыс істеді. Мемлекеттік банктің Қазақстандағы бөлімшелері жергілікті және ресейлік коммерциялық буржуазияға несиелердің негізгі бөлігін берді. Несиелер көлемі бойынша бірінші орында ірі қара мал мен ет, екінші орында – нан, үшінші орында – «аралас» тауарлар саудасы тұрды. Қазақстанда Ресей империясының басты экономикалық көзі болып, онда банк секторлары жұмыс істеп, ол негізінен өндіріспен байланысты болды.

Қазақстанда Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде өндірістік салада бұрын болмаған алға ілгерілеу орын алды [106, 127 б.]. Шетелдік капиталистер мен олардың филиалдары жұмыс істеді. 1909-1913 жылдары мемлекеттік филиалдармен және акционерлік коммерциялық банктермен бірге сауда және өнеркәсіптік кәсіпорындарды несиелеуді жергілікті несие мекемелері – өзара несиелік қоғамдар мен қалалық қоғамдық банктер жүзеге асырды. Несиелік жүйенің орта буынының өкілдері ретінде олар негізінен орта және ұсақ буржуазияға қызмет етті. Бұл кезде Қазақстанда қалалық қоғамдық банктердің ішінде ең ірілері Верный және Семей қалаларында жұмыс істеді [107, 513 б.].

Экономикалық салада расында да капитализм қазақ жеріне тереңдей енді деп тұжырым жасауға болады. Қазақстанда капиталистік қатынастар қала мен ауылға еніп жатқан кезде, мұнда ұсақ тауар өндірушілер мен ауылдық буржуазия үшін әр түрлі типтегі шағын несиелік мекемелер құрылды, негізінен несиелік кооперативтер түрінде, өйткені банктік несие олар үшін қол жетімді болмады [114, 123 б.]. XX ғасырдың басында Қазақстандағы банк филиалдарында жинақ кассалары жұмыс істеп, олардың жұмыстары мен қызметі ел аумағында едәуір дамыды. Экономиканың банк ісімен және өндіріспен байланысты болған негізгі қаржы көздері несиенімен байланысты болды. Бүкіл империя аумағында қалыптасқан несие жүйесінің бөлігі ретінде Қазақстан аумағы осы саладағы негізгі бөлімшелердің бірі саналды.

Жергілікті жерде ірі кәсіпкерлер өз кәсібінің дамуы жолында белгілі бір деңгейде монополиялық жағдайды қалыптастырды. Капиталистік банктік несие өсімқорлық несиенің әртүрлі формаларын ығыстыратын және өсімпұл пайызының мөлшеріне айтарлықтай ықпал ететін деңгейге жеткен жоқ. Оның

үстіне шағын несиелік мекемелердің коммерциялық-өндірістік буржуазиясы мен кулак-бай элита банктерден алған несиелерін көбіне өсімқорлық операцияларға пайдаланды. Несиелік желінің, оның Қазақстандағы барлық буындарының сипаттамалық сипаты капиталистік банк несиесінің әр түрлі архаикалық өсімқорлық несиелік түрлерімен өзара әрекеттесуі мен тоғысуы болды. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Қазақстанда несиелік институттардың дамуы ішкі қайшылықта болды. Бұл қарама-қайшылықтың диалектикасы, бір жағынан, банктік капиталдың коммерциялық және өсімқор капиталмен қосылуы, капитализмге дейінгі формалардың сақталуына, екінші жағынан, олардың ыдырауына және қанаудың капиталистік формасының таралуына алып келді [115, 156-157 бб.].

Келесі кезекте, осы кезеңде қазақ жеріндегі саяси процестерге тоқталсақ, ол мемлекеттің өмірі үшін өте маңызды болды. Қазақ жеріндегі саяси процестер ХІХ ғасырдың соңында отаршылдыққа бағытталған жүйе болса, ендігі кезекте ХХ ғасырдың басынан бастап жағдай өзгерді. Ресей мен басқа да шетелдік жоғары оқу орындарында білім алған көзі ашық, көкірегі ояу қазақ жастары уақыт өте ірі зиялы қауым өкілдеріне айналды. Қазақ зиялыларының бірлескен саяси тәуелсіздік идеялары пайда болып, кейіннен сол бойынша ішінара үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, ол қазақ халқының тәуелсіздік алу жолына қарай бағытталды. ХХ ғасырдың басында Ресейдің жоғары оқу орындарында оқу қазақ жастарын өзіне тартты. Оның ішінде Петербург, Мәскеу, Орынбор, Қазан, Омбы қаласындағы жоғарғы оқу орындарында қазақ жастары көптеп оқыды. Бұл кезең қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш-ұлттық саяси интеллигенция араласа бастайды. Негізінен Ресейдің жоғарғы оқу орындарында білім алып, отаршыл мемлекеттік басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасында орыс мәдениетін тарату үшін даярланған саяси элита мұның бәрін ысырып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық мәдениеттің өсіп-өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды [115, 33-34 бб.].

Жоғарыда аталғандай қазіргі Қазақстан территориясы екі өлкенің Түркістан және Дала генерал-губернаторлығының құрамында болып, аймақтар өзіндік ішкі шекаралармен белгіленді. Екі генерал-губернаторлықта да қазақтар басым болып, олардың арасынан белсенді қазақ зиялы қауым өкілдері шығып отырды. Қазақ зиялылары әр облыстан шығып, бір идеяның аясына бірікті. Олардың кейбірі өз облыстарының атынан Ресейде мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып отырды [86, 135 б.]. Халық арасынан шыққан мұндай таңдаулы ұлт өкілдерінің мемлекеттік Думаға депутаттықа сайлануы қоғам дамуында, халықтың санасын көтеруде аса маңызды рөл атқарды. Қазақ зиялылары әр түрлі ресейлік саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарға мүше болып, әр түрлі қимылдар ұйымдастырды.

Басты мақсат – халықтың әлеуметтік жағдайының жоғары болуы және ең маңыздысы тәуелсіз, дербес өмір сүруі болды.

XX ғасырдың басында Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық салаларда даму ерекшеліктері байқалса, келесі бір жағынан осы салаларда және саяси хал-ахуал ұлттық және таптық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленді. Қазақстанда осы шиеленістен туындаған саяси және ұлт-азаттық қозғалыс ең алдымен отаршылдыққа қарсы бағытталды. Сондай-ақ бұл кезең қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық саяси интеллигенция араласа бастайды. Негізінен Ресейдің жоғарғы оқу орындарында білім алып, отаршыл мемлекеттік басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасында орыс мәдениетін тарату үшін даярланған саяси элита мұның бәрін ысырып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық мәдениеттің өсіп-өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды.

XX ғасырдың басында қазақ мемлекеттілігінің келесі бір кезеңі саналған Алашорда мен оның саяси тірегі болған Алаш партиясының құрылуы мен оның өмір сүруіне қарқынды етіп, ерекше еңбек сіңірген және атсалысқан тұлғалардың қызметіне зерттеулер жүргізіліп келеді. Мұндай ізденістер қазіргі уақытта да өзекті тақырыптардың қатарынан орын алып, Алаш қайраткерлерінің қызметі ғылыми талдауға түсіп келеді. Дегенмен кейбір қоғам қайраткерлері мен осы Алаш партиясының өкілдерінің есімдері аталмай, немесе өз деңгейінде бағаланбай келеді. Бұл жағдай қазақ зиялыларының саяси қызметінің тарихының әлі де толық ашылмай немесе айтылмай келе жатқан тұстарының бар екенін көрсетеді [116, 554 б.].

1905 жылдан бастап бір тудың астына біріге бастаған Алаш қозғалысының өкілдері XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының ірі өкілдері еді. Жаңа типтегі интеллигенцияның әлеуметтік негізі шамадан тыс кең болды. Ұлттық интеллигенцияның демократиялық тобының мойындалған көшбасшысы, экономист, орманшы, қазақтардың тұрмысы, мәдениеті мен тарихы бойынша білгір, халық арасында «Қыр баласы» аталған, Санкт-Петербургте білім алып, 1894 жылы Императорлық орман шаруашылығы институтын бітірген атақты қазақ зиялысы Әлихан Бөкейханов болып, ол осы қозғалыстың негізгі ұйымдастырушысы болды. Ол өз серіктестері Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатовпен бірге осы Алаш қозғалысын құрып, болашақта қазақ халқының тәуелсіздігі жолында қызмет етті [117, 32-33 бб.].

1905-1906 жылдары Ресейде революциялық қимылдардың басталуына қарай Ә. Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлері бұрынғы мұраттарды қайта қарастыра білді. Ресейдің кең-байтақ кеңістігінде социализм құрылысына әуестеніп, өзіне сенімді марксистік қолданыстағы жүйенің отарлық сипатын ғана емес, оның утопияшылдығына сенімді болды. Өз халқының өткен және қазіргі тарихын, оның мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық өмір салтын зерттей келе, ол

«социализмді бөлек алынған елде құру» негізінен мүмкін деген тұжырымға келеді, бірақ ешбір жағдайда қазақ даласына таратуға болмайды деп түсінді. Қазақ зиялыларының алғашқыда Ресейдегі саяси ұйымдарға мүше болып, олардың саяси идеяларының ресейлік либерал-демократтармен бірге екендігі айтылады. Мысалы, Ә. Бөкейхановтың орыс кадеттерінің құрамында болуы бұл партияның пайда болған күнінен бастап Ресейдегі ең ықпалды саяси ұйымға айналған Ресейдің конституциялық демократтарына қосылып қана қоймай, сонымен қатар осы партияның негізін қалаған санаулы қоғам қайраткерлерінің бірі болғанын атап өтеміз. Бұл партия негізінен 1905-1917 жылдары жұмыс істеген конституциялық-демократиялық партия болып, алайда олардың ұстанымдары ұлттық автономияға қарсы болғандықтан, Ә. Бөкейханов бұл партия қатарынан шыққан.

Одан басқа ұлттық-демократиялық интеллигенция құрамында А. Байтұрсынов – ақын, жазушы, М. Тынышпаев (байланыс инженері), М. Шоқай – заңгер, М. Дулатов – ақын, жазушы, Ж. Ақпаев (заңгер) сияқты көрнекті тұлғалар болды. Б. Қаратаев (қорғаушы), Х. Досмұхамедов (дәрігер) және басқалар осы топтың құрамына кірді. Қазіргі уақытта отандық тарих ғылымында есімі бұрын-соңды аталмаған алаштық саяси тұлғалардың есімдері жаңарып келеді. Алаш қозғалысымен бірге болған көрнекті қайраткерлері У. Танашевтың, Ж. Сейдалиннің, Айдархан Тұрлыбаевтың, Ыбырайым Жайнақовтың, Асылбек Сейітовтің, Т. Жаманмұрыновтың, Аспандияр Кенжиннің, Верный ерлер гимназиясының түлегі, болашақ заңгер Базарбай Мәметовтің, Иман Әлімбековтің, Әлжан Байғариннің, Садық Аманжоловтың, Мұқыш Боштаевтың, Дәулетше Күсепқалиевтің, Ережеп Итбаевтың, Хамит Тоқтамышевтың, Сейілбек Жанайдаровтың, Нұрғали Ипмағамбетовтың, әулиеаталық Әзімхан Кенесариннің [119, 12 п.], Сейдәзім Қадырбаевтың, Иса Тергеусізовтың [120, 1 п.] есімдері тарих алдындағы еңбектеріне лайықты баға беру, құрмет көрсету болып табылады.

Қазақ зиялыларының бірігуімен 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда Бірінші жалпықазақ съезі ұйымдастырылды. Бұл съезд қазақ зиялысы Халел Досмұхамедұлының төрағалығымен және А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, А. Сейітовтың және Ә. Көтібаровтың хатшылығымен өтті. Бұл съезд ұлттық автономия, жер, Бүкілресейлік Құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына баса назар аударды [121, 388 б.]. Сонымен қатар, ең маңыздысы саяси партия құру болды. Бірінші жалпықазақ съезі ұлттық-демократиялық ұстанымдағы Алаш партиясын құру туралы қабылданған шешіммен аяқталып, оны барлық қатысушылар қолдады. Бұл жағдай қазақ жеріндегі аса ірі саяси оқиғалардың бірі болып, ол ұлттық автономия құруға үлкен қадам жасады.

Осындай аумалы-төкпелі заманда қазақ зиялыларының келесі бір мәселесі Түркістан өлкесі және Түркістан қазақтарының жағдайы еді. Қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру жолында және халықтың әлеуметтік ахуалы мен тұрмысын жақсарту үшін қызмет еткен көптеген қазақ зиялы

қауым өкілдері Түркістанды назардан тыс қалдырмады. Уақыт өте күн санап құбылған саясаттың әлсіз жағдайын пайдалануға тырысқан аймақтардағы өзге де қазақ зиялылары осы Алаш қозғалысына мүше болып, аталған саяси тұлғалардың айналасына топтаса бастады. Түркістанда да қазақ зиялыларының үлкен тобы осы өлкенің тәуелсіздік жолындағы саясатпен айналысты. Олардың көшін түркілік көзқараста болған Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышпаев сынды зиялылар бастады және бұған атақты қазақ қайраткері Санжар Асфендияров сынды білімді тұлғалар үлес қосты [122, 14 б.]. Демек, өз кезегінде қазақ зиялылары екіге жарылып отырды. Бұл дала мен Түркістан өлкесінде қазақтардың білімділігін айтпаса да көрсетіп тұр.

Түркістандық зиялылар да тұтас Түркістан автономиясының құрылуы үшін бірінші Орыс революциясынан кейін-ақ саяси қарсыластық әрекеттеріне көшті. Оның басты мысалдарының бірі Түркістан зиялылары мен кейіннен Алаш партиясының құрамында да болған Әзімхан Кенесарин болды. Ол Әулиеата уезінің қазақтары атынан Ресей империясы Министрлер Кеңесінің төрағасы – С.Ю. Виттенің атына петиция ұйымдастырды. Ю. Виттенің атына жолдаған хатты дайындауда Ә. Кенесаринмен бірге Әулиеата уездік кеңсе қызметкері С. Хамутханов, Шу учаскелік приставының аудармашысы Х. Танкин, бұрын аудармашы қызметінде болған С. Толыбаев және Таластағы орыс-түзем мектебінің оқытушысы С. Өтегенов қатысты. Әзімхан Кенесаринға бұл ісі үшін оған айып тағылады, кейіннен тіпті қылмыстық іс қозғалады [123, 1-2 пп.].

1917 жылғы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында болып өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының съезі болып өтті. Бұл жиынға Мұхамеджан Тынышбаев төрағалық етті. Съезге Сырдария облысынан Ферғанадан, Жетісу және Самарқан облыстарынан жалпы саны 84 өкіл қатынасты. Бұл жиынның бет пердесін осы съезді ұйымдастыру бюросының төрағасы болған С. Асфендияров құттықтау сөз сөйлеп ашты. Ол съездің бұдан былайғы жұмысы халыққа қызмет етуіне тілек білдірді. Одан кейін съезд төралқасын сайлау туралы ұсыныс жасалып, оның құрамына: құрметті төрағалығына Санжар Асфендияров, сайланды ал төрағалығына Мұхамеджан Тынышбаевтың өзі таңдалды. Төралқа құрамына А. Мангелді, И. Қасымов, мүшелеріне Қ. Қожықов, С. Ақаев, С. Өтегенов, З. Сейдалин, Ш. Қапсаламов, С. Қожанов және Әзімхан Кенесарин де сайланды. [124, 89 б.].

Ақыры, Түркістан өлкесінде осындай жылдам әрекеттер 1917 жылы 28 қарашада Ресей мемлекетінің құрамында буржуазиялық-демократиялық бағыттағы автономиялы мемлекет құрып үлгерді. Бұл Түркістанды мекендеген түркі халықтарының ортақ автономиясы болып, оған Сырдария мен Жетісу қазақтарының үлкен бөлігі енді. Оның төрағасы етіп М. Шоқай сайланды [122, 10 б.].

Келесі кезекте, ұлттық интеллигенцияның үшінші бір тобы социалистік көзқарастағы адамдардан тұрды. Бұл топтың құрамына 1917 жылдың ақпанынан кейін өз ұйымдарын, баспа органдарын және т.б. құра бастаған

Әліби Жангелдин, Тұрар Рысқұлов, Көлбай Тоғысов, Сәкен Сейфуллин және т.б. кірді. Бұл топтың қызметі 1917 жылдың қазанынан кейін Кеңес үкіметінің Орталықтан, сондай-ақ Ташкенттен, Орынбордан, Омбыдан және Қазақстанға жақын елдің басқа да ірі қалаларынан қолдау алып, Алаш қозғалысына қарсы күресін күшейткеннен кейін ерекше белсенді болды [116, 565 б.].

1917 жылы 25 қазанда Уақытша өкімет құлап, оның орнына большевиктер басқарған Кеңес өкіметі орнады. Бұл жұмысшылар мен шаруалардың билігі орнаған өкіметі еді. Оның мақсаты – пролетариат диктатурасының басшылығымен Ресейде жаңа қоғам – социализмді орнату. Бұл оқиға бүкіл әлемді дүр сілкіндірді, себебі социализмге жол ашуды бірінші Ресей бастады. Қазан төңкерісі елді экономикалық және саяси дағдарыстан шығуға жол ашты. В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы осы дағдарыстан шығудың сара жолы – Ресейдің империалистік соғысты тоқтатып, бейбіт өмірге көшу деп білді. Сондықтан Ресей ең бірінші болып бірінші дүниежүзілік соғыстан шығады.

Елде орын алған аумалы-төкпелі жағдайдан тезірек шығу керек болды. Себебі, Алаш партиясы жұмыс істейтін автономиялық мемлекеттік бірлестікті құрып алу кезек күттірмейтін жағдайға айналды. Ол үшін арнайы тағы да Екінші жалпықазақ съезін ұйымдастыру керек деген шешім қабылданды. Көп ұзамай Екінші жалпықазақ съезі осы 1917 жылдың желтоқсанның 5-не жоспарланды, жан-жақтан қазақ зиялылары Орынборға шақырылды.

1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында өткен Екінші жалпықазақ съезінде «Алашорда» атты уақытша қазақ үкіметі құрылды. Үкімет құрамы 25 адамнан тұрды. Оның он мүшелік орыны қазақ арасында тұратын басқа халықтар үшін бос қалдырылды. Ал он бес мүшенің жетеуі облыс өкілдерінен құралды. Олар: Бөкейден - Уалитхан Танашев, Оралдан – Халел Досмұхамедов, Ақмоладан – Айдархан Тұрлыбаев, Торғайдан – Ахмет Бірімжанов, Семейден – Халел Ғаббасов, Жетісудан – Садық Аманжолов, Сырдариядан – Мұстафа Шоқай еді. Атап отырғандай, қазақ үкіметінде Базарбай Мәметов Әлихан Бөкейханов, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышпаев, Бақтыкерей Құлманов, Жақып Ақбаев және Отыншы Әлжановтармен бірге ешбір облысқа қарамайтын тәуелсіз өкіл ретінде сайланды. Съезге қазақ сахарасының әр аймақтарынан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу, Самарқан облыстарынан, Бөкей Ордасынан және Алтай губерниясындағы қазақтардың атынан барлығы 200-ден астам өкіл қатысты. Екінші жалпықазақ съезінің барысында аталған барлық мәселелер қарастырылып, оның ең маңызды нәтижесі атап отырғанымыздай, Алашорда үкіметі жасақталды және жоғарыда аталғандай қазақ автономиялық республикасы Алаш автономиясы өмірге келді [125, 18 б.].

Қазақ зиялыларының арасында тек саяси ұстанымдармен ғана емес, сонымен бірге халық ағарту ісімен және мәдениетті дамытумен айналысқан қайраткерлер де болды. Халық арасында білімді, оқыған азаматтар ретінде танылған ұлт зиялылары О. Жандосов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, С. Меңдешев, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев, С. Асфендияров, А. Бірімжанов, Б. Қаратаев және басқалар қазақ мәдениетінің нағыз жанашырлары болды. Ерте кезден бері мәдениетке, білім мен ғылымға құрметпен қараған қазақтар ресейлік жоғары оқу орындарында алған білімінің артықшылығын өз көздерімен көрді. Ендігі кезекте олар өз балаларын және бүкіл халықтың сауатын ашуға және ол үшін діни мектептер мен медреселерге оқытуға кең қолдау көрсетуді тоқтатпастан, сонымен бірге зайырлы мектептерге де оқуға жіберуді ұсынды. Ағартушылық XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси ойының жетекші бағытына айналды. Ұлттық зиялы қауымның әлеуметтік резервтерінің кеңеюі де қазақ қоғамының бүкілресейлік процестерге араласуының деңгейі мен нәтижелерін, даланың мамандарға деген қажеттілігінің өсуін көрсетті [121, 55 б.].

Қоғамдық-шығармашылық және мәдени-адамгершілік қатынастарда да капитализмге эволюциялық көшу кезеңінде, яғни XIX ғасырда дәстүрлі интеллигенцияның әдеби-музыкалық қызметі белсенді позицияға ие болды. Дала өмірі мен болмысының барлық дерлік мәселелері, қоғамдық өмірдің барлы салалары мен кезеңдері, атап айтқанда жанұяда баланың туылуынан бастап патша жарлығын сынауға дейінгі жағдайлар ақын-жыраулардың көркем шығармашылығында көрініс табатын еді. Мысалы, ілгеріден келе жатқан Құрманғазы, Тәттімбеттің күйлері мен Сайдалы Тоқа, Ақан, Біржан, Жаяу Мұсаның әндері, Сүйінбай, Шернияз, Шортанбай және басқаларының әдеби мұралары әлі күнге дейін қазақ мәдениетінің баға жетпес байлығы болып саналды. Олар қазақтардың әлемін түсіндірді, бұл олардың мақсаты мен соған арналған еңбегі болды. Оларда қазақтардың ұстанымы мен әлемін өзгерту миссиясы болған емес. Олар тек дала мәдениетін жоғалтпай [126], келесі ұрпаққа аманат етумен айналысты. Мемлекет саясаты мен идеологиясының мәселелері олардың қызметінен аулақ болды.

Бұл кезеңде әрине қазақ даласында Ислам діні мен оған негізделген мәдениет үстем болды. Хақ Ислам қазақ қоғамында білім мен мәдениеттің негізгі қайнар көзі саналды. Дәстүрлі зиялы қауым өкілдері мен Ислам дінінің қызметшілері – молдалар, қожалар, ишандар, мешіт басшылары болып қала берді. XX ғасыр қарсаңында тек Түркістан қаласы мен аумағында 5 мыңға жуық ишандар мен қожалар болған, сонымен қоса сан мыңдаған шәкірттер Түркістан өлкесінің мұсылман мектептерінде дайындалған [127, 87 б.]. Қазақтардың діндарлығы бұрын біркелкі емес, кейде қарама-қайшы сипатта болғандықтан, зиялы қауымның бұл тобының маңызы мен рөлі екіұшты көрінді. Жалпы алғанда, оның әсері белгілі бір елді мекеннен, ең жақсы жағдайда, бір аймақтың шеңберінен шықпады. Сонымен қатар,

отаршыл билік Исламға қарсы саяси ұстанымда болып, қауіпті бәсекелес ретінде таныды.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы үшін ұлттық өзін-өзі танудың жоғарылату мен дамытудың басты негізі – Қазақстан аумағында жәдидшілдік сияқты ағымдар енуі болды. Пантүркішілдік пен жәдидшілдік бір-бірімен тығыз байланысты және көбінесе бір-бірімен әр түрлі пропорцияларда үйлеседі. Бұл ағымдардың әр түрлі бағытты білдіретінін немесе біртұтас екендігін анықтау қиын. Бұл, ең алдымен, дереккөздерде түрік ұлтшылдығы мен түріктер арасындағы қозғалыстарға қатысты терминдер мазмұнындағы хаостардың орын алуымен байланысты [128, 148-150 бб.].

Жәдидшіліктің негізін қалаушысы саналған Исмаил Гаспринский Ресейдегі мұсылмандардың жағдайы Батыс державаларының мұсылман отарларына қарағанда әлдеқайда жақсы деп санады. Сонымен бірге, ол Ресей билігін мұсылман халықтарына қатысты саясатындағы қателіктері үшін сынға алды. Ол Ресей тарапының мұсылмандар арасында білім беруді дамыту және олардың қаржылық жағдайын жақсарту мәселелерін түсінуінің жеткіліксіздігін атап өтті. Оның ойынша ресейлік мұсылмандар орыстармен бірдей құқықтарға ие болуы керек және олардың арасындағы қатынастар шынайы болуы керек. Ресей оларға жоғары өмір деңгейіне жетуге және орыстандыру идеясынан бас тартуы қажет деп түсінді және осы идеяларды халық арасына таратты [129].

Жәдидтер қозғалысы Гаспринский мен оның жақтастары ұсынған Ресейдегі ислам реформасынан бастау алады. Гаспринский қозғалысты нақты бағдарламамен қамтамасыз етті және оның басшылығымен реформалардың діни аспектісі өмірлік мақсаттар мен міндеттермен ауыстырылды. Іс жүзінде олар бірінші кезекте бұқараның жалпы деңгейін дамытуға, білім беруді модернизациялауға, тілді біріктіруге және жалпы мәдени прогреске бағытталды. Патша үкіметі қозғалыс басшыларының ұлтшылдық ниеттерін және әсіресе олардың түркі саяси бірлігін құру әрекеттерін терең түсінді. Осыдан шыға отырып, билік бұл тенденцияларды пантүркішілдік және панисламизм деп анықтады.

Мұндай модернистік идеялар қазақ қоғамында қабылданды. Қазақ қоғамында да тегін немесе арзан мұсылмандық білім алу алдыңғы қатарға қойылды және жергілікті қазақтардың оған тартылуы орын алды. Жәдидшілдіктің сыртқы көріністері өте қалыпты болды және үлкен, орталықтандырылған және ұқыпты, тәжірибелі азаматтары болғандықтан, олардың басшылары билікке адал болып көрінді. Дегенмен, қалыптасқан қарапайымдылық пен адалдыққа қарамастан, жәдидтер қозғалысының Ресейдің діни және орыстандыру саясатына қарсы мәні тіпті діни мұсылман мекемелерінде де көрінді. Жәдидшілердің үгіт-насихат жұмыстары Қазандағы Мұхамедия медресесінде, Уфадағы Ғалия медресесінде, Орынбордағы Хусайния медресесінде және Троицк қаласындағы Расулия

медресесінде жүргізілді [130, 164-165 бб.]. Ресей полициясы оларды қудалап, түркі-мұсылман қоғамын қарама-қарсы екі топқа бөлуге тырысты.

Жәдидтердің мұндай қызметі Түркістан өлкесінде кеңінен тарады. Аймақтағы халық мұсылмандықты Дала қазақтарына қарағанда терең ұстанды. Олардың басты заңды-құқықтық принциптері мен нормалары көбінесе шариғатқа негізделгендіктен, олар Жәдидшіліктің идеяларын тез және кең көлемде қабылдады. Бұл жағдай Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман тарапынан қатаң бақылауға алынып, ол негізінен мұсылмандық білімді белгілі бір деңгейде қолдады. Ол мұсылмандық негізде білім алушыларды ұдайы бақылауында ұстап, олармен ымырада болды. Сонымен қатар, Түркістан өлкесінің Халыққа білім беру министрлігіне тиісті тапсырмалар берілді. К.П. Кауфман Түркістан өлкесіндегі мектептердің бірінші бас инспекторына мұсылман оқу орындарын (мектептер мен медреселерді) қадағалау ғана емес, сонымен бірге орыс мектептерінде оқуға жергілікті мұсылман балаларын тарту міндетін қойды [128, 151-152 бб.].

Аймақтағы діни процестердің жай-күйін жақсы біле отырып, либерал-демократиялық зиялы қауым мәдениет пен саясатқа қатысты екіжақты міндеттерді шешудің ерекше нұсқасын жасады. Біріншіден, ол діни зиялы қауымның наразылық көңіл-күйін азаттық күресінің мүддесі үшін пайдалануға тырысты. Екіншіден, ол дінді мемлекеттің әрбір азаматының жеке ісі ретінде қарастырды. Оның басты мысалдарының бірі, «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасының «Дін істері» бөлімінде: «Дін істері мемлекеттік істерден бөлінуі керек. Барлық қолданыстағы діндердің тең құқықтары бар [71, 48 б.]. Олар: Діни сенім бостандығы, Дінді қабылдау мен одан шығу еркіндігі және осы секілді сенім бостандығына қатысты факторлар болды.

Дәстүрлі интеллигенциядан айырмашылығы, Ислам діні құрылымы ұйымдық және саяси жағынан өте тиімді болып шықты. Модернизацияланған Исламды қолдаған жәдидшілердің бастамасымен мұсылман съездері өткізіліп, діни әдебиеттер, ең алдымен Құран көп таралыммен басылып, қажылыққа барды. Алайда ол қозғаған ілімдегі консерватизм мен утопияшылдық жетістікке жету мүмкіндігін қалдырмады. Діни интеллигенцияның мұсылман халқын ислам идеясының айналасына біріктіру ниеті 1917 жылғы революциялар кезінде сәтсіздікке ұшырады.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында болып өткен әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени процестер Қазақстан өмірінің барлық салаларына терең әсер етіп, әлеуметтік-мәдени өмірінде оң өзгерістер туғызды. Ресей империясы өзінің қоластына қараған азиялық территорияларға үлкен жоспарлар құрды. Ұлан-ғайыр аймақтың байлығын иемденіп, жергілікті халықты өзіне бағындырып ұстаудың тетіктерін жолға қойды. Отарлық саясатты жүзеге асырудың бірнеше бағыттарын жүзеге асырды, олар әскери, саяси, экономикалық және рухани. Отарлаудың алғашқы үш фазасы соңғы кезең рухани отарлауды сәтті

өткізуге жол ашады. Дәл сол секілді бұл отарлау тізбегі керісінше жүрсе де өз нәтижесін беретін еді. Ата-бабадан мұрадан мұраға қалып, дәстүрлі жүйеге айналған бірізділікті сыртқы күштер арқылы өзгеріс енгізу жергілікті халықтың болашағына балту шабумен пара-пар еді. Тек ұлттық кодты сақтап, ұлттық тұтастықтан қол үзбеу ғана жалпы халықтың аман қалып, басқа халықтар жұылып кетпеудің жолы болды. Мұны дер кезінде түсінген мұсылмандық интеллектуалдық элита тарих сахнасының төріне шықты. Империялық отарлық саясаттың толқынына қарсы тұру үшін зиялы қауым қоғамдық өмірдің барлық салаларында аянбай еңбек етіп, күрес жүргізді. Нәтижесінде жәдидтік идеялар қазақ даласында тарап, білім-ғылымның рөлі күшейе түсті [131, 53 б.].

Сонымен қатар, елдің саяси өмірінде де үлкен өзгерістер орын алды. XX ғасырдағы маңызды әлеуметтік оқиға 1905 жылғы 17 қазандағы Манифест болды. Ресейдегі саяси жағдайлар мен орталықтағы жалпы орын алған саяси процестердің негізінде пайда болған қазақ даласында бұрын-соңды болмаған саяси идеялар мен соған негізделген толқулардың орын алуына әкеп соқтыруы бұл үлкен саяси прогресстің көрінісі еді. Халықтың санасы сергіді, өз өмірінің қадірін түсіне бастады, күнделікті тұрмыс пен тіршіліктің және соған негізделген өмір сүру мәдениетінің қыр-сырын түсінді. Бұған әрине XX ғасырдың басында қазақ қоғамында құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыққан алаш зиялыларының қызметі өте ауқымды болды. Бұрынғы мәселелер тек күнкөріс немесе күнделікті тіршіліктің жағдайымен байланысты болса, енді барлық баскөтерулерде ұлттық сипаттағы мәселелер ортаға салынды. Еуропалық этнос өкілдерінен шыққан шаруаларды қоныстандыруды тоқтату, жерді қазақтардың меншігіне беру, мектептер ашу, мұсылмандық білім, діни сенім бостандығы сияқты мәселелер қарапайым халық арасына тарап, ол әр азаматтың көкейінде жүрген мәселеге айналды. Мәселе ұжымдық сипатта болғандықтан, халық кез-келген көтеріліске шығуға дайын болды, бұрынғыдай жасымады, қорықпады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен 1917 жылы болған екі бірдей революция 1918-1920 жылдары болған Азамат соғысы осының айғағы еді.

Осылайша, қазақ халқының тарихы Ресей империясына қосылғаннан бастап отарлық саясаттың қыспағында қалумен сипатталады. XIX ғ. саяси, экономикалық, рухани отарлаудың шарықтау шегі болды. 1917 ж. революциядан кейін билікті қолына алған большевиктік өкімет те осы бағыттағы отарлық саясатты бұдан да жоғары қарқынмен жүргізіп, қазақ халқының өмір сүруінің өзін «проблемаға» айналдырған болатын.

1.2 Қазақстандағы халықтық (мұсылмандық) білім беру ісі

Қазақ халқы қай заманда да білім-ғылымға құштарлығымен, ақыл-ойының кемелдігімен, зеректігімен ерекшеленіп отырған. Ислам діні қазақ жерінде кеңінен таралғаннан кейін рухани білім ошақтарының саны мен маңызы арта түсті. Жалпы алғанда Қазақстан территориясында халықтық білім беру ісі екі бағытта дамыды. Олар: біріншісі діни, екіншісі дүнияуи. Діни оқу орындарына мектеп пен медреселер кірсе, дүнияуи білім ошақтарына орыс-түземдік мектептер, жексенбілік кластар, тілмаштарды даярлайтын мекемелер, т.б. жатады. Бұл санаттағы оқу орындар Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін ашылған.

Сонымен, мектеп пен медреселерге дейін балалар алғашқы сауаттылық сабақтарын ауылдық молдалардың үйінен, мешіттерден алған. Мешіттер алғашқыда құлшылық үйі, келісімшарт жасасатын орын, жиын өткізетін мекеме, ілім үйренетін орталық қызметтерін атқарса, уақыт өте келе арнайы бастауыш білім беретін діни ошақтар ретінде пайда бола бастады.

Исламдық діни білім беру жүйесінің тізбегіндегі бұл сатысы мактабтар (мектептер) мен медреселердің алатын оны ерекше. Мектеп – бұл бастауыш үлгідегі оқу орны, мұнда балалардың сауатын ашып, құранды жатқа оқытатын болған. Оны аяқтағаннан кейін балалар медреселерге оқуын жалғастыруға баратын болған. Бірақ мектепке дейін де білім алатын орын болған, ол – Куттаб деп аталады. Араб тілін оқытып, Құранды жаттататын. Медресе – бұл мұсылмандық құқықтың білгірі, рухани дамыған, діни-адамгершілік негізде тәрбиеленген тұлғаны даярлайтын орта және жоғары оқу орны болып есептелінді. Сонымен қатар, медресе оқытушыларды дайындайтын «жоғары оқу орны» қызметін де атқарды. Қазақтарда исламды қабылдаған басқа халықтар сияқты діни мектептің екі түрі болды: бастауыш-мектеб (араб. «мактаб») және жоғары – медресе (араб. «мадраса»). Мектептің міндеті Құран және басқада діни кітаптар мәтінін жазуға (сауат ашуға) және оқуға үйрету болып табылды. Медресе исламның білгірлері, мұсылмандық дінді және мұсылмандық құқықтың мәселелерін түсіндірушілердің дәріс (араб. «дарс») оқитын орны болды [130, 116-117 бб.].

Алайда, білім беру мекемелерінің қызметтік артықшылықтарына қарай, кей жағдайда мектептерде тек қана бастауыш білім ғана емес, одан да терең ілімдер үйреткен. Дәл сол секілді бұрынғы дәстүрлі медреселер бүгінгі күнгі колледж бен университеттер іспетті болған [131].

Классикалық үлгідегі медреселер жоғарғы білім беретін оқу ошағы ретінде саналған. Сондай-ақ, шәкірттерге тек білім ғана емес, ең алдымен тәрбие беріліп, тәртіпке баулыған. Жалпы медресе тек ілім орталығы ғана емес, рухани және әлеуметтік институт іспетті. Медресе ұстазы – мударрис деп аталды, ол көбінесе фиқх маманы болған, сонымен қатар Құранға негізделген исламның құқықтық-этикалық мәселелерін жетік білген.

Қазақстан жерінде мұсылмандық білім беру орталықтары көп болған. Оның бастауы ислам дінінің келуімен тікелей байланысты болғандығы анық.

Парсы территориясы арқылы Орталық Азия мен Қазақстанға исламның енуі VII-VIII ғасырларға жатқызылады. Алғашқы араб-дін таратушылары 670 жылдардан бастап келе бастады. VIII ғ. басында Орталық Азияда миссионерлік қозғалыстың жандануы байқалады. Исламның түбегейлі орнығуына VIII ғ. ортасында, 751 жылы Тараз қаласының маңындағы араб әскербасы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Гао Сяньчжи арасында бірнеше күнге созылған Атлах шайқасында араб әскерлері қытайларды жеңіп, Жетісу, Мауеренахр, шығыс Түркістан аймағына өз ықпалын орнатуы – қазақ даласына исламның тарала бастауының бастамасы болды [132].

Қазақ даласына ислам діні келіп, өзімен бірге араб тілін, мұсылмандық мәдениет пен дәстүрді ала келді [133, 54 б.]. Ежелгі түркілік жазу мен грамматиканың орнына арабтық жазу ене бастады. Соның нәтижесінде түркі халықтары мәдениеттің жоғарғы сатысына көтеріліп, әлемдік озық ойлы елдердің көшбасшысына айналды. Жаңа мұсылмандық толқын әлемдік ойшылдардың қатарын жаңа есімдермен толықтыра түсті. Нәтижесінде Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған ғаламдық деңгейдегі ірі философ, ойшыл, ғалым әл-Фараби дүниеге келді. Мұсылмандық қайта өрлеудің келесі зор тұлғасы, әлемдік медицина канондарының негізін салушы ибн Сина (Авиценна) туылды. Одан бөлек түркілік көптеген саңлақтар пайда болды, олардың қатарында: Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, хадистерді теріп жазған әрі жүйелеген, Құран кітапты аударған, үлкен ғалым имам Бұхари, тірі кезінде қасиетті, әулие атанған қожа Ахмет Яссауи, т.б. бар. Абай Құнанбаев та осы ислам дінінің құндылықтары мен араб әдебиетінің жауһарларын бойына сіңіре отырып, ұлы тұлғаға айналған [134].

Ислам діні қазақ даласына таралғаннан кейін, көшпелі қазақ қоғамына үлкен өзгерістер алып келді. Бұрынғы діни-нанымдық, ғұрыптық тұрмыс формасы ендігі жерде исламдық көрініс ала бастады. Уақыт өте келе, мұсылман-араб мәдениеті қазақ даласына өз әсерін күшейте түсті. Дегенмен ислам діні бірден түркі халықтарының өміріне еніп, қоғамдық санада орныға қоймады. Бұл үдеріс бірнеше жүз жылға созылған үдеріс еді [135, 32 б.].

Ғалымдардың пікірінше, XVIII ғ. қарай ислам діні Қазақстанда адамдардың санасы мен ғұрыптық-догматикалық ережелерінде толығымен орнықты. Дін әлеуметтік өмір мен рухани шығармашылықтың іргетасына айналды. Алайда патшалық идеологияны таратушылар қоғамның стагнацияға түсіп, деградацияға ұшырауын тікелей ислам дінінен көріп, оны қаралау арқылы халықты қараңғылықтан, кедейліктен құтқаратын христиандықтың келуіне жағдай жасауға тырысып бақты. Мәселен Ш.Ш. Уәлиханов ислам діні прогресті тежеуші ретінде бағаласа, зерттеуші И. Аничков: «ислам халықтардың ақыл-ой дамуын толық тоқырауға ұшыратты. Барлық өмір салты, ойлау жүйесі, тұрмыс-тіршілігі осы ислам догматикасына негізделді. Діни фанатизмге және казуистикалық анықтамаларға сүйенген ислам діні адамдардың прогреске деген ұмтылыстарын жоққа шығарды», – деп жазады

[136, 200 б.]. Ислам дінін таптық қақтығыстар тудырушы фактор ретінде көрсеткісі келген еуропалық саяхатшы 1846 ж. А. Янушкевич атты польшалық: «қазақтардың тек бай аристократтары ғана ораза ұстап, мінәжат етеді. Ал қарапайым қазақтар мінәжат етпейді», – деп жазады [137, 33 б.].

Көшпелі халықты басқарып, оны мемлекеттік заңдарға бағындырудың бірден бір жолы отырықшыландыру екендігін тәжірибеден сабақ алған патшалық өкімет ислам дінінің көшпелілер арасында кең тарай алмайтындығын, отырықшы халықтар секілді мешіт төңірегінде жиналып отырмауы басты себеп екендігін көрсетуге талпынды. Оған дәлел XIX ғ. аяғына қарай И. Гейер саяхатшының жазбалары бойынша: «...ислам діні қазақтар арасында бірінші орынға шыққан. Бірақ, көшпелі өмір салты тұрақты мінәжат ететін мешіттер мен құрылыстардың болуына кедергі келтірді. Сондықтан ислам халық арасында кездейсоқтыққа айналған. Мешіт болмағаннан кейін ислам канондарын жүректеріне орнықтыру мүмкін болмады», десе, осы ойды американ географы Шулер де ұстанады. Қазақтардағы ислам діні әртүрлі пұтқа табынушылық пен шаманизмнен қалған баяғы заманғы элементтермен араласып кеткен дейді [126, 35 б.]. XVIII ғ. аяғында Император Екатерина II мемлекет қаражатына көшпенді қазақтар арасында мешіт салып, олар үшін Құран кітабын басып шығаруда жоғарыдағы мақсатты көздегені анық. Отаршыл өкімет көшпелі қазақтарды ислам дініне тартып, оларға мешіт салдырып, бір жерге тұрақтандыруды жоспарлады. Мешіт белгілі бір орталыққа айналып, соның төңірегіне қазақтар отырықшылыққа көшеді деген болжам жасалды. Отырықшы халықты басқару, билеп-төстеу жеңіл болатындығына сенді [138, 83 б.].

Қоғамның артта қалуын татар реформаторы Гаспринский ислам дінінен емес, білім алудың ескірген әдіс-тәсілдерінен көреді [139]. Жалпы жәдидтер ислам дінінің канондарын, не шарифатты өзгертуді ұсынған жоқ, тек мұсылмандық білім беру жүйесін реформалауды, исламды соқыр сеніммен танудың орнына саналы түрде түсінуді талап еткен.

Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар [140, 116 б.]. Ең алғашқы ислами орта оқу орындарының бірі Түркістан өлкесінде пайда болғанын сөзге тиек етеді. Оның себебін тілдік фактордың әсерінен болғандығын айтады. Мұсылмандықты қабылдаған түркі халықтары үшін ислам дінінің негіздерін үйрену, шарифат заңдылықтарын түсіну, зерттеу, тарату талпынысын араб тіліндегі Құран Кәрімді, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) хадистерін, исламдық мәтіндерді игеру арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін болған.

Қазақ даласындағы білім беру ісінің бір бағыты мұсылмандық білім беру мекемелері желісімен жүзеге асырылды. Бастапқыда балаларды ауылдағы молдалар киіз үйде сабақ беріп, сауатын ашқан. Бұл оқытудың басты ерекшелігі оқыту мезгілге қарамай, халықпен бірге көшіп-қонып жүрген білім орталығы болды. Молдаларға айлықты сол ауылдың байлары ақшалай

не заттай төлеп тұрды. Сонымен қатар ауыл адамдары да моладаларға барынша көмектесіп тұрды. Негізінен көшпелілер арасында мектептердің жұмысы халықтың жайлауға көшкен мезгілінде оқу жұмыстары қызу жүрген. Арнайы оқытушы молдаға бөлінген киіз үйде 6-12 жас аралғындағы балалар оқыған. Көбінесе 10-15 бала жиналғанда ғана сабақ өтіліп тұрған. Осындай жылжымалы мектептердің қазақтар арасында кеңінен тарауын Алекторов оның арзандығы мен қазақтармен бірге көшіп-қонып жүруге ыңғайлылығымен байланыстырады [141]. Әкімшілік бұл мектептерге үлкен мән бермеді әрі оның саны қанша екендігін анықтауға талпынбады.

Көптеген мектептер негізінен мешіт жанынан ашылып, жұмыс істеді. Бұл балалардың алғашқы бастауыш білім алатын оқу ордасы болды. Балаларды 4-5 жастан қабылдап, 3-12 жыл бойы оқытқан. Оқу мерзімі нақты бекітілмеген. Көбінесе балаланың талабына сай, білгілі бір оқулықтарды жаттаумен анықталып отырды. Білім беру үдерісінің нақты бір кезеңге бөлінбегені айтылады. Курсты аяқтағаны тек белгілі бір кітапты толықтай меңгерген кезеңмен тамамдалып, жаңа сатыға өтетін болған. Мысалы, «Иман-шарт» кітабын тәмамдау мен «Әптиекті» («хафтияк» парсы тілінен алынған, Құранның соңғы жетінші бөлімінің атауы, ол жеке кітап ретінде революцияға дейінгі кезеңде мұсылмандық мектептерде қолданылған оқу құралы) аяқтау сыныптан сыныпқа өтумен пара-пар болған. Арабша хат тану, татар тілінде оқу және жазу, Құранның сөздерін, дұғаларды жаттап алу бұл бастауыш мектептердің бағдарламасы болған. Бастауыш сыныпты аяқтау оқушының қабілеті мен мұғалімнің тәжірибесіне байланысты 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімді қамтитын болған [142, 1 п.]. Ал, медресе – жоғары білім беретін мекеме болып есептелген. Мұнда да мектептегідей курсты аяқтау мерзімі белгіленбеген, сыныпқа бөліну болмаған.

XIX ғ. аяғында Қазақстандағы мұсылмандық мектептерде балалар 3 жылдан 5 жылға дейін, ал медреседе 7-12 жылға дейінгі аралықта білім алған. Мектеп пен медреседе оқу мерзімінің қысқа немесе ұзақтығы шәкірттің денсаулығына, қабілетіне байланысты болды. Көбінде денсаулығына баланысты курсты аяқтай алмай, келесі оқу жылына, сол курсты қайта оқуға қалдырылған. Сондықтан да сыныптағы оқушының жас ерекшелігі де қатаң сақталмады, бір сыныпта 7 жастағы баладан 15-17 жастағы ересек балаларға дейін оқыды. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасында да нақтылық болмаған. Белгілі бір діни кітапты оқып аяқтаумен курсты бітіру мерзімі белгіленген. Оқудың алғашқы жылында араб графикасын, «Аптиекті» (Хафтийек) игерген, екінші жылы – оқу, Құран мәтіндері оқыған. Күніне 2-3 әріпті және мәтіннің бірнеше жолдарын жаттаған. Сонымен қатар, «Иман шарт», «Чар-Китаб», татар тіліндегі «Бадауам», «Қырық фарыс» және т.б. дұға, шариғат, парыз мәтіндерін қамтыған оқу құралдарын пайдаланған [143, 25-26 бб.].

Мектептің ішкі көрінісі, материалдық жағынан қамтамасыз етілуі туралы И.Т. деген лақап атпен «Журнал Мнистерства Народного

просвещения» журналында жазып қалдырған. Автор мектептің іші өте қарапайым екендігін айтады. Мәселен, мектеп бір бөлмеден тұрған. Терезенің орнына көп жағдайда есіктер болған. Жаз мезгілінде есіктер үнемі айқара ашық тұрса, қыста жабылып, сыртынан қапталатын болған. Қабырғада аяқ киімдер мен киімдерге арналған сөрелер бар. Балалар үшін партаның рөлін бір-бірімен жапсарласқан ағаш бумалар пайдаланылған. Бөлменің еденіне қамыстан жасалған төсеніш тасталған. Мұғалімнің қасында кітаптан бөлек ұзын қамшы жататын. Ойынға беріліп, сабақтан назары ауып бара жатқан баланы қамшы көмегімен бірден сабасына түсіріп отырғандығы жазылған [144, 3 б.].

Патшалық биліктің Қазақ даласындағы мұсылмандық білім беру мекемелерін жіті бақылап отырғанына қарамастан, мектептер мен медреселер саны ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғасырдың басына қарай көбейген. Деректерден байқайтынымыз мұсылмандық оқу орындарында білім алып жатқандардың саны жылдан-жылға өспесе кемімеген. Мәселен, бір ғана Жетісу облыстық әскери-губернаторына келіп түскен хабарлама материалдарына қарағанда 1886 жылы облыста 7909 бала (6157 ұл, 1752 қыз) мұсылманша білім алған. Бұл балаларға 361 молда қызмет еткен [145, 160 б.]. Ал, 1891 жылы Жетісу облысындағы 64 мектеп-медреседе 1251 шәкірттер болса, 1895 жылы 74 мектеп-медреседе 9086 шәкірт, 1897 жылы 88 мектеп-медреселерде 12835 шәкірт оқыған. Түркістан өлкесі бойынша мұсылмандық мектептер туралы мәліметтер жинақтаған патшалық әкімшілік құжаттарында 1907 жылы Жетісу облысында мұсылмандық 243 мектеп тіркелген, онда 6076 оқушы білім алған [146, 241 б.].

Наливкин өз жазбасында медреселердің көптеп ашылуы мен халық арасында абыройға ие болуының бір себебін аймақтағы экономикалық даму қарқынымен байланыстырады. Еңбегінен үзінді келтірсек: «Жерді өңдеп, мақта өсіруге байланысты, халықтың экономикалық ахуалы жақсара түсті. Бұл жағдай медресеге де өз ықпалын тигізді. Өйткені, вакуфтық медресенің жері бұрын өңделмейтін. Не өңделсе өнім аз ғана болатын. Енді жаңа американдық мақтаның сорты мен жаңа өңдеу әдісі арқылы бұл жерлер де игеріліп, көп өнім беріп, пайдасы бұрынғыдан 5 есе, тіпті одан да жоғары өскен. Содан медресенің шәкіртақысы да едәуір өсіп, мударристердің жалақысы артқан. Бұл өз кезегінде мұсылмандық білім алушылар үшін тиімді болып, 1880-1890 жылдары медресеге келушілер саны қатты өскен», – деп жазған [90, 130 б.].

Наливкиннің пайымдауынша білім ордаларының саны өскенімен де, онда барып білім алып жатқан оқушылардың көбейгенімен де, жалпы халықтың сауаттылық дәрежесі төменгі деңгейде қала берген. Оның себебін өз жазбасында былай түсіндіреді: «Даже при поверхностном ознакомлении с туземным бытом, бросается в глаза то обстоятельство, что наряду с громадным количеством школ, среди туземцев существует еще более громадное число людей безграмотных. Это объясняется, во-первых

внутренними, так сказать, свойствами их школ; а во-вторых, тем обстоятельством, что как мы видели выше, знания, выносимые из мактаба (даже и при благоприятных условиях) представляются почти неприменимыми в сфере обыденной жизни, а потому с наибольшим успехом могут эксплуатироваться лишь в качестве подготовительного курса для поступления в мадраса, куда попадает сравнительно ничтожная часть бывших школьников. Большинство остальных, вернувшись к обычным занятиям отцов, не находит занимательным для себя механически перечитывать давно опостылевшего Хафиза или Бидыля, забывает те скудные начатки грамотности, кои успело унести из мактаба, и мало по малу возвращается в первобытное состояние, совершая это с тем большей легкостью, что доступных для своего понимания книг на родном языке не находит ни в частных библиотеках, ни в книжных лавках на базаре» [147, 44-45 бб.]. Толық мағынасына сызат түсірмес үшін мақсатты түрде түпнұсқа түрінде орыс тілінен аудармай бердік. Себебі мұнда айтылған тұжырымның шындыққа жақындығы болғандықтан. Демек мектептен шала оқып шыққан бала өзі алған білімін қоғамда жүзеге асыра алмайды. Сондықтан қоғамнан өз орнын таба алмаған жастар бұрынғы ата-баба дәстүріне қайта оралып, мал шаруашылығына кетіп отырған. Демек, орта ғасырлық тоқырау кезеңдегі мұсылмандық мектептер бәсекеге қабілетті, өз орнын ойып тұрып алатын жастарды дайындауда қауқарсыз болған.

Дегенмен, мұсылмандық оқыту орындарының саны көп болғанымен, олар қоғамның көңілінен шыға бермейтін. Себебі, оқыту методикасы, сабақты түсіндіру әдіс-тәсілдері, беріліп жатқан білім сол заманның сұранысынан қалып қойған еді. Зерттеушілер еңбегінде мұндай заман талабынан артта қалған мектептер мен медреселерді ескі әдісті деп атаса, ал осы ескілікті қолдайтын топтарды ескішілдер, дәстүршілдер, «қадымшылдар» деп атаған. Қадымшылдық (араб тілінен аударғанда «ескішілдік») ислам дініне ешқандай жаңалық енгізбеуді, пайғамбар заманындағы қалыптасқан формада ұстануды қолдайтындар. Б. Сатершиновтың пікірінше, XX ғ. басында Қазақстандағы діни ахуал либералистер мен дәстүршілдер арасындағы өзара талас-тартыспен сипатталады. Автор бойынша, қадымшылдар заманауи жаңашылдықты қабылдамайтын, шариғат жолынан ауытқымауды талап ететін консервативтік ұстанымда болды [148, 60 б.]. Нәтижесінде қадымшылдар Ресейдегі дәстүрлі исламның тұйықтығын сақтап, империядағы үдерістерден алшақ болуға тырысты.

Демек бізге дейін әдебиеттерге сүйенсек қазақ қоғамының арасында мұсылмандық білім беруде екі көзқарас болған. Бір жағынан дәстүрлі оқыту жүйесін қолдайтын қадымшылдар, екінші жағында прогрессшіл жәдидтік білім беру жүйесін құп көретіндер. Алайда күн санап адамдардың көңілі қадымшылдық мектептерден қала берді. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, Дала өлкесінің тұрғындарының сенімді өкілдері бірнеше мәрте Дала генерал-

губернаторының атына хат жазып, жергілікті халықтың мұң-мұқтаждарын айтып, күн тәртібінде тұрған мәселелерді шешіп беруді талап еткен. Соның нәтижесінде осындай жиын 1907 жылдың 20 мамыр күні генерал-губернатордың төрағалық етуімен кеңес өткен. Оның құрамына Ақмола мен Семей облыстарының әр уездерінен екі өкілден кірген. Билік тарапынан қатысқандар: Омбы әскери округі Штабының басшысы, генерал-лейтенант Тихменев; Ақмола губернаторы Күпия кеңесші Лосевский; халық училищелерінің инспекторы Алекторов; Омбы ерлер гимназиясының директоры Курочкин; Дала генерал-губернаторлығы кеңесінің меңгерушісі Дьяченко; Омбы қазыналық Палатасының басшысы Гусельников; Округтік соттың прокуроры Фролов; Ақмола және Семей облыстарының Мемлекеттік мүлікті басқарушы Сладков және осы секілді көптеген жергілікті билік өкілдері қатысқан. Автохтонды халық жағынан болса 12 өкілетті уәкіл келді. Олар: Омбы уезінің Николаев болыстығынан Базарбай Сағантаев пен Алабота болыстығынан Мұқашбек Төлепбергенов; Петропавловск уезінің Тайыншы болыстығынан Ысқақ Бердіхожин; Көкшетау уезінің Қотыркөлден Жамбатыр Бабаназаров пен Ыбрай Шоев; Павлодар болыстығынан Мұхамед-Кабир-Ысхақ Бердалин; осы уездің Тереңкөлден Ілияс Жанқарин; Өскемен уезі Сұлусарыдан Хұсайын Күленов пен Шыңғыстаудан Әбдү-Кәрім Ережепов; Зайсан уезінен Абдрахман Сыпрандин; Қарқаралы уезінен Секербай Ханғожин мен Матыл Үндербаев. Сонымен қатар кеңеске қазақтар жағынан қатысуға Омбы уезінен Хорунжий Хәсен Кәкенов пен бекітілген молда Хусайн Кәкеновтерге қатысуға рұқсат берілген [149, 1-2 бб.].

Генерал-губернатордың мәлімдеуінше бұл жиында айтылған ойлар мен ескертпелер болашақта қазақтардың тұрмысын жақсарту шаралары кезінде басшылыққа алынатынын мәлімдеген. Келіп түскен хаттардағы мәселелерге қарай жиын бағдарламасы төрт топқа бөлінді:

1. Шаруашылық (төрағасы – А.И. Гусельников);
2. Құқықтық (төрағасы – Фролов);
3. Діни (төрағасы – Дьяченко);
4. Оқу-ағарту (Төрағасы – Алекторов) [149, 2 б.].

Зерттеу тақырыбымызға орай соңғы екі пункт біздің қызығушылығымызды тудырады. Соған орай бірнеше мәселелерге тоқталып өтсек.

Ең алдымен медресе типіндегі жоғарғы білім беретін «даруль-муғалимин» орталығын ашу мәселесі көтерілген. Яғни бұл ордада бұрыннан бері тек бір жақты – мұсылмандық ілім ғана үйретіліп келген. Бұл «қара шаңырақтан» шыққан бала тек имам қызметін ғана атқара алды. Алайда, қоғамның дамуы үшін қажетті дүниелік ілімдерден мақұрым қалып, қоғамнан өз орнын таба алмай, күнкөрісі тарылып отырған. Осы орайда ескі әдісті Араб, парсы, түрік, татар тілдерін оқыту жоспарланған, ал орыс тіліне басым көпшілігі қарсы болған. Бұл медресе мемлекеттік бақылаудан тыс болу керек. Талқылау нәтижесінде мұндай медреселер ашуға рұқсат берілген.

Алайда, ол жерде орыс тілін, географиясын және орыс тарихын оқыту міндеттелінді. Халық ағарту министрлігінің қарамағына беріліп, оның шығындарын қазақ қоғамдары мен жеке қайырымдылық қорларға жүктелінді [150, 67 б.].

Мешіт жанынан мектеп пен медреселер мәселесі бойынша халық тарапынан қойылған басты шарт ол жерде орыс тілі мүлде оқытылмау керектігі. Жалпы ескі әдісті мектептерде оқушылар күніне бірнеше араб әріптерін өтіп, ұстаздың артынан дауыстап айғайлап айтып отырумен шектелген. Сондықтан балалардың шуы мен айғайынан мектептің қай жерде екені бірден білініп тұрған. Әріпті өткен соң буындап оқуға кіріскен. Соңғы кездері әріптік буындап оқу әдісі орына дыбыстық оқыту жүйесі танымал болуда. Кадимистік мектептерде буындап оқудан кейін Хафтиек кітабына көшеді. Одан кейін Шаркитабқа ауысады, яғни шарифаттың кейбір бөліктері беріледі. Механикалық үлгіде қайталап отыру арқылы жаттайды. Ал жазу жағы мүлдем ақсап жатқан. Мәселелен, қарапайым сөйлемді жазуға бала қиналады, ал жазса да көп қателер жіберетін болған. Ал кейбір мектептерде тіпті оқу-жазуды үйретпей, тек ойсыз ұстаз артынан қайталап отыру әдетке айналған [150, 67-68 бб.].

Ескі әдіс бойынша егер мектептегі бір оқушы зейіні әлсіз болып, үлгерімі нашар болса, молда алға қарай жылжымай, өткен тақырыпты бәрі игергенше қайталап өте береді. Сондықтан ескі әдісті мектептерде оқу жылы 5, 6, 8 жылға дейін созылып кете береді [150, 68 б.]. Мектепте балаларды 16 жасқа дейін оқытқан.

Мектептен кейінгі жоғары оқу орны ол медресе. Медреселер мұсылмандар көп шоғырланған, әсіресе Орта Азияда кең таралған. Сабақ беру ісін мударрис жүргізеді, кейде олардың саны бірнеше адамға жеткен. Ертеректе сабақ оқытушыларды хандар не хәкімдер сайласа, жаңа ереже бойынша 1891 жылдан бастап жергілікті аудан басшысына жүктелген. Халықтық училищелер инспекторының қолы қойылған ұсыныс хат басшыға жолданады [151, 761-762 бб.]. Ең атақты мұсылман ғалымдары Бұқарада білім алған. Медреседе сабақ оқыту барысы ауқымды және өтетін пәндер саны көп. Әр оқытылатын пән Құранмен байланыстырылады. Себебі, ол тек діни емес, күнделікті мәселелерге, құқықтық пен саяси мәселелерге де жауап бере алады. Тәлімгерлер ондаған жылдар бойы түсіндірмелерді оқиды. Оқу процесінде философия, логика, дін, диалектика, метафизика, астрономия, география, тарих, парсы және түрік тілдерімен танысады [130, 120 б.].

«Путеводитель по Туркестану» атты еңбекте Гейер жалпы Түркістан аймағына кіретін облыстарға тоқталып, этнографиялық, географиялық, тарихи, т.б. мәліметтер беріп өтеді. Соның ішінде білім-ғылым мәселесін де жазып өткен. Автор сөзінше әр медресе өзінің вакуфтық көлеміне қарай үлкен не кішілі болып келеді. Ірі медреселердің кең ауласы болса, ал территориясы күйдірілген кірпіштен қаланады. Аула ішінде сабақ өтетін сыныптар (дәрісханалар), жатын орындар, оқытушылар бөлмелері,

шаруашылық қоймалар, т.б. медреседегі тәлімгерлер үш сыныпқа бөлінген: «Ученики разделяются на три класса: низший (адна), средний (аусать) и высший (ала). Время пребывания в каждом классе не ограничено; обыкновенно не менее 3 лет» – дейді [152, 20 б.].

Медресеге түскенде ең алдымен «Аууаль аль илим» атты ғылымға кіріспе кітабынан бастайды. Содан кейін барып араб тілінің грамматикасын өтеді. Екінші жылда оқу барысы екіге бөлінеді: мушкилят және масаля, яғни оқу-ағартушылық және заңнамалық сәйкесінше [153, 20-21 бб.]. Жалпы алғанда бұл мектептер мен медреселерде оқу барысы халықтың көңілінен шықпайды, ескіден арылып, жаңа өркениетті еуропалық үлгідегі білім алуға ниет білдіріп жатқандығын айтады.

Білім мен ғылым үздіксіз дамып отыратындығы белгілі. Ол ғылыми жаңалықтардың ашылуына қарай, технологияның дамуына орай бір орында тұрмай, үнемі ілгері дамып отырады. Бұл үрдіс діни білім беру мәселесін де қамтыған еді. Мұсылмандыққа үйрететін білім ошақтары заман талабынан кейін қала бастағаны XIX ғ. екінші жартысында анық сезіле бастады. Оған қоса Қазақстан Ресей империясының боданы болып, орталықтың империялық амбицияларына төтеп бере алмай жатты. Ресей билігі жаңадан басып алған елдерге қарсы рухани отарлау саясатын қолданып, орыстандыру мен шоқындыру тетіктерінің барлық мүмкіндіктерін пайдаланды. Алғашқы кезде Ресейлік әкімшілік дәстүршілдерді қолдап, олардың ұстанған бағытын құптап, қолпаштап отырды. Себебі, патшалық билік қазақ халқының артта қалушылығын өз мақсаттарында әрі қарай да тиімді пайдаланып отыруды көздеді. Білімі төмен, санасы ескішілдікпен қалған халықты билеп төстеу қай заманда болмасын жеңіл болған.

Мысалға, ескі дәстүрлі медресенің оқу бағдарламасының барысы деңгейі XI –XVI ғғ. аралығында жазылған, оқу тәртібінің кезектестігі қатаң сақталған, жалпылай қабылданған кітаптарды меңгеру арқылы жүзеге асырылып отырды. Шәкірт бастапқыда араб әліппесіндегі әріптерді дауыстап атап, буындарға қосып, содан кейін ғана сөздің аталуын жатқа жаттаған. Оның үстіне шәкірт араб әліппесіндегі түрліше жазылу жолдарын жатқа білуі керек еді. Жолдың үстіндегі немесе астындағы белгілер, әріптер мен буындардан құралған комбинацияны механикалық түрде жатқа білуі қажет болды. Сондықтан да мектептегі оқыту барысы мәтінді жатқа жаттау, «тажуидті» (Құранды дұрыс оқу туралы кітап) меңгеру, содан кейін қасиетті кітапты дұрыс ырғақпен оқу қабілетін меңгертумен шектелді. Жалпы білім беру пәндерінен қарапайым арифметика мен жағрафиядан қысқаша түсінік берілді. Дәстүрлі мұсылмандық мектептерде ана тілі оқытылмады. Нәтижесінде оқуды аяқтаған кейін шәкірт тәжірибеде қажет ана тілінде жазу мен оқудан ешқандай білімі жоқ, тек діни мәтіндерді жаттаған оқушы болып шығады. Медресені тамадаған шәкірттің де жай күйі осындай болды, тек кейбір медресе оқу бағдарламаларында тарих, астрономия, логикадан кіріспе білім берді [150, 64-65 бб.].

Патшалық өкіметтің пайымдауынша XIX ғасырдағы: «мұсылмандық мектептер баланың ақыл-ойы дамуына да, алғашқы түсініктер беруде де өте әлсіз. Мектепте ұзақ уақыт бойы білім алған адам сауатсыз болып қала береді. Ғылымның барлығы схоластикалық іспен шектелген, яғни балалар естігенін тек қайталаумен айналысқан. Бұл орындар ешбір білімді адамды дайындап шығара алмайды», – дейді [154, 11 п.]. Ал білімді, оқыған, жан-жақты ойлау қабілеті дамыған ел ерте ме кеш пе өзінің мүддесі үшін күресіп, құқықтарының сақталуын талап ететіндігін білді.

А. Әбдрәсілқызының пайымдауынша, қазақ жерін өзіне қосып алғаннан кейін, патша өкіметі ең алдымен тіл, дін, дәстүр деген үш негізгі ұлттың тұғырын жоюға көп күш жұмсады. Елімізде ашылған көптеген орыс-қазақ мектептері, миссионерлік экспедициялар, одан кейін Ресейдің түкпір-түкпірінен көшіп келген келімсектердің, т.б. барлығының мақсаттары бір еді. Бұл шаралардың түпкі міндеті қазақ халқының берік іргесін шайқалтып, нәтижесінде территориямыздағы жер асты, жер үсті байлықтарымызды, ұлан-ғайыр жерімізді басып алу болатын.

Автор татар молдаларының қазақ жеріне келіп, ислам дінін таратудың астарында негізгі үш мақсат жатқандығына тоқталады:

1. Санасы трансформацияға икемді, билікке бағына білетін момын мұсылмандарды қалыптастыру;

2. Ресей самодержавиесінің мызғымастығы жөніндегі түсінікті орнықтырып, қазақ халқының өмір салтын өзгертуге бейімдеу;

3. Қазақ мұсылмандығын азат рухта, тәуелсіз, биік рухани құндылықтар аясында қалыптастырған дәстүрлі Орта Азиялық ислам мектебінің ықпалына тосқауыл қою екендігін айтқан [155, 13-14 бб.].

Патшалық биліктің қазақ даласындағы отаршылдық саясаты осындай жолдармен жүзеге асырылған. Қазақ халқының тұрмысын, әл-ауқатын, мәдениетін өркениетті елдермен тең дәрежеге жеткізу үшін білімнің аса қажет екенін бүкіл болмысымен сезінген ағартушылар сол бағытта жұмыс жасап, қазақ даласына жаңашылдықтың келуіне алғышарт қалыптастырды. Осы уақытта діни білім жүйесіне түбегейлі өзгерістер алып келген жәдидтік қозғалыс пайда болады. Қырым татарларынан бастау алған бұл қозғалыстың басты мақсаты мектеп пен медреселердегі оқыту жүйесін реформалау, батыстық оқыту моделіне сай ұлттық мүддені синтездеу арқылы және ислами пәндермен қоса дүнияуи пәндерді де оқыту еді [156, 171 б.]. Мұрағаттық құжат мәліметтеріне сүйенсек қазақ даласындағы зайырлы білім беру ісі жергілікті халықтың талап мүддесіне сай қызмет атқарды. Қазақ халқының көшпелі өмір сүру жағдайы да сауат ашуға кедергі келтірмеді. Өйткені, көшпелілік тұрмысына лайықталған мұсылмандық оқу орындары «көшпелі гимназиялар» жұмыс жасады. Осындай жағдайда ауыл молдасынан білім алған жастар кейін оқуын ары қарай медреседе жалғастырды.

Жалпы қазақ территориясындағы медреселерде Бұқара [157, 34 б.], Стамбұл, Қазан [158, 19 б.], Уфа, Орынбор, Троицк, Омбы сияқты ірі

қалалардан оқып келген оқытушылар дәріс берді. Шәкірттерге араб тілі, дін, риторика, шығыс әдебиетімен қатар физика, химия, астрономия, ботаника, алгебра, геометрия сияқты пәндер тереңдете оқытылды [159, 101 б.].

Қазақ жерінде жоғарыда айтылғандай қадымшылдық үлгідегі ескі әдісті мұсылмандық білім ошақтары болып, тек діни бағытта білім берілсе, сонымен қоса дүнияуи пәндер оқытатын мектептер де қатар өмір сүрген.

XIX ғ. 60-жылдарынан бастап халық ағарту министрлігі «мұсылмандық білім беру жүйесін» мақсатты түрде зерттеуге бет бұрды. Өкіметтік билік арасында «мұсылмандық мәселе» деп аталатын жаңа термин пайда болып, онымен қатар «панисламизм, пантюркизм» түсініктері кең таралып, онымен күресу саясаты белең алды. 1912 ж. 13 наурызда Мемлекеттік Дума мүшесі Максудовтың жиында айтқан баяндамасында осы терминдердің шығу төркіні туралы сөз етеді. «Кез келген халықтардың, соның ішінде мұсылмандардың да өзіндік құнды, қолсұғылмайтын дүниелері бар. Олар: халықтың ұлттық тілі, ұлттық әдебиеті, ұлттық мектептері бар. Олар қасиетті. Ал билік болса оған шектеулер қойып, құдалау жұмыстарын жүргізуде», – дейді. Максудовтың пікірінше, «панисламизм», «пантюркизм» терминдерін саясилаған христиан миссионерлері ойлап тапқан. Мақсаты, билікті үрейлендіріп, мұсылмандарға қарсы айдап салып, агрессиялық сипатта нақты қадамдар жасауға итермелеу болды [160, 158 п.]. Бұл терминдерді шетелдік басылымдардан көшіріп алып, отарлық билік панисламизммен емес, исламмен қарсы, прогрессивтік қозғалыспен қарсы күрес жүргізгенін ашына баяндайды [160, 162 а.б.]. Осы орайда бастауыш білім беретін мектептердің оқыту бағдарламалары мен тілі басты назарға алынды. Сепаратистік көңіл-күймен күресу үшін мемлекеттік тілі орыс тілі, ал басты дін христиандық болатын ортақ ағартушылық кеңістік құру жоспарланды. Оқу-ағарту министрлігінің басшысы Толстовтың бастамасымен бастауыш мектептердің жаңа бағыттағы оқу үдерісі дайындалды. Егер бұған дейін орыс емес халықтарды арнайы миссионерлік мектептерде оқытса, енді Ильминскийдің ұсынған жоспары қабылданды. Яғни бастауыш мектепте сабақ жергілікті халықтың тілінде жүргізіліп, сол тілде «Қасиетті жазу» (Инжіл) оқытылып, христиандық өлеңдер мен дұғалар жаттатылды. Осы методика арқылы барлық өзге халықтарды орыстандырып, орыс халқына сіңдіру процесін жүргізу көзделді. Алайда, жергілікті халықтың тілінде сабақ оқыту сол елдің ұлттық сана-сезімін жандандыруы мүмкін деген үрейлер де болған. Сонымен 1870 жылдың 26 наурызында «Ресейде мекендейтін бұратана халықтарды оқытудың ережесі» қабылданады. Ережеге сәйкес орыс халықтарға арналып бастауыш білім беретін орыс-қазақ мектептері құрылып, сабақ беру тілі орыс тілі болып бекітіледі.

Негізі Ресей империясы бұратана халықтарды оқыту бағыты бойынша төрт ірі заң жобаларын қабылдаған. Ол жөнінде «Былые годы» журналында Ресейлік авторлар мақалаларында жазып кеткен. «На протяжении второй половины XIX – начала XX вв. разрабатывалось несколько концепций

«педагогической системы образования инородцев» и были приняты четыре законоположения: «О мерах к образованию населяющих Россию инородцев» (1870 г.); «Правила о начальных училищах для инородцев, живущих в восточной и юго-восточной России» (1906 г.); «Правила о начальных училищах для инородцев» (1907 г.); «Правила о начальных училищах для инородцев» (1913 г.)» [161, 116 б.].

Жалпы Қазақстанда алғашқы мұсылмандық емес империялық мектеп Змеиногорскіде (Шығыс Қазақстан) қорғасын-мырыш кен орнында 1761 жылы тау-кен жұмысшы балаларына арналып ашылды. 1786 жылы Омбы қаласында «Азиялықтар мектебі» бой көтерсе, аудармашы-тілмаштар даярлайтын бұл оқу орнына қазақ балалары да қабылданды. Осындай мектеп 1789 жылы Орынбор қаласында (Меновой двор жанынан) да ашылды. Қазақ феодалдарының (сұлтан, бай, би, старшын) балаларына Неплюев кадет корпусына (1825), Омбы кадет корпусына (1848) түсіп, білім алуына рұқсат етілді. Сондай-ақ, алғашқы дүнияуи қазақ мектебі Бөкей хан ордасында 1841 жылы, ал 1850 жылы Орынбордағы шекара комиссиясының жанынан ашылған болатын. Әрине бұл мектептердің ашылуында биліктің ұстанған өіндік саясаты болған [162, 94 б.]. Ол жөнінде диссертиялық жұмыстың келісі тараушасында толығырақ баяндалады.

Сонымен, жәдидшілдік идеяның таралуына дейін түркі-мұсылман халықтарында «консерваторлық» деп әдебиеттерде аталатын мектеп, медреселер жұмыс істеп тұрған. Оған қоса, кейінгі уақытта жәдидтік білім ошақтарымен қатар да өмір сүріп тұрған. Ендігі кезекте осы ескі әдісті мектептердің көзге ұрып тұран кемшіліктерін саралап өтсек. Біріншіден, оқу бағдарламасында дүнияуи пәндердің болмауы, материалдық-техникалық базасының әлсіздігі; бекітілмеген оқу жылы; яғни шаруашылықтағы мезгілдік жұмысқа байланысты сабақтың басталуы не басталмауы; жергілікті халықтың тілінде сабақ өтілмеді, нәтижесінде тілді түсінбеген балалар оқуды бітірген соң не санауды, не жазуды толық меңгере алмауы; болашақтағы өмірге қажетті білімнің берілмеуі, қоғамнан өз орнын табуы қиындықтарға ұласты; оқыту методикасының сол заманның көшінен тысқары қалып қалуы. Аталған кемшіліктер мұсылмандық мектеп пен медреселердің дәрежесін орта ғасырлық заманмен теңестірді. Осы мәселелерді ескере келе Орта Азияның жәдидшілдік қозғалысының ең беделді тұлғаларының бірі Қажы Муғин Шүкрулла 1916 жылы былай деген болатын: «Бүгінгі таңда біз, түркістандықтар, діни және дүнияуи білімдерді жеткілікті түрде игермедік. Біздің ескі мектептеріміз бен медреселеріміз құлдырап жатыр, құстың ұясындай ескіріп кеткен. Біздің медреселеріміз дүнияуи ғылымдарды оқытуды айтпағанда, діннің негізі болатын тәфсір мен хадис ғылымдарын оқытатын мұғалімдеріміз жоқ. Бізде мұғалімдердің өздерін оқытатын мұғалімдер жоқ, қазіргі әдіспен сауда-саттық ғылымын оқытатын ұстаз жоқ. Замануи сауда-саттық білімі бар ешбір саудагерді таба алмайсың. Бастапқы білім беретін, жүйеленген мектеп те жоқ. Егер біз осы жолды ұстанып жүре

беретін болсақ, жақын арада біз халық ретінде жоғалып кетуімізге қауіп төніп тұр», – деп ұлттың болашағы үшін қам жеп, білім-ғылымға қарай ұмтылуға, оқыту жүйесіне реформалар жасауға үндеу тастайды [163].

Жоғарыда айтылған үндеулерді қағазға түсіріп, билікке арнайы тәртіппен халықтың талаптары жазылып, алғашқы петицияның бірі 1903 жылы дайындалған. Сөзімізді дәйектесек, бұл жөнінде былай айтылған: «Известно, что первые петиции были составлены и отправлены в вышестоящие инстанции в 1902-1903 годах. В них содержались требования остановить политику христианизации казахского населения, создать условия для развития мусульманских учебных заведений и деятельности мулл. Инициаторами создания первых обращений были религиозные деятели, но со временем ситуация стало кардинально меняться» [163]. Мәселен, 1903 жылы шаруа бастықтары институтының енгізілуіне байланысты бүкіл Солтүстік Қазақстан бойынша көзі ашық мұсылман өкілдері татар тіліндегі үгіт қағаздарын таратады, онда орыс үкіметінің дала уездеріне жаңа шаруа мекемелерін орнықтыруының мақсатын және осы мекемелерге қазақ халқын бағындырып, сондай-ақ болыстарда мұсылмандық сенімді қазақтардан алып тастау және оларды зорлықпен христиан дініне кіргізу мақсатында ауылдық орыс-қырғыз мектептерін ашып жатқандығы туралы айтылады. Жәдидтердің бұл үгіт-насихаты қазақтар арасында қобалжуды туғызып, сол арқылы халық арасында наразылық қозғалыстары пайда болды [86, 424-425 бб.]. Билік бұған қатты алаңдағаны соншалық, Солтүстік Қазақстанның кейбір аудандарына әскери жасақтар жіберген. Сондай-ақ, құжаттардан 1903 жылдан бастап халықтың билердің сотына емес, шариғат бойынша істерді шешкен молдаларға жүгінгені байқалады; қазақ қауымдастықтарының мешіттер салу туралы өтініштерінің саны өсіп, Мекке мен Мединеге қажылық сапарлары көбейе түскен. 1903 жылы өткен қозғалыстың басында ұлтына жаны ашыған зиялы қауым өкілдері тұрғандығын Қарқаралы, Павлодар, Семей уездері, Семей облысы қазақтарының Ішкі Істер министріне жолдаған петициясынан көрінеді. Онда ең алдымен, мынадай талаптар қойылған:

1. Қырғыз (қазақ) халқы әскери қызметтен босатылып, мұсылман-қырғыз деп аталуы керек.
2. Қырғыздарды Қазан мұсылмандары сұраған ережелердің талаптарын ескере отырып, 1868 жылға дейін болғандай, Орынбор рухани жиналысына бағындыру.
3. Қырғыз халқына мешіттер, медреселер салуға, медреседе араб, парсы және түрік тілдерін үйрете отырып, еркін ғибадат етуге рұқсат ету [86, 425 б.].

Архив құжаттарында аталмыш қозғалыстың төмендегідей басшыларының аттары аталады:

- 1) Мулла 3-й мечети г. Петропавловска Мухамеджан Бегишев;

2) Мулла Кокчетавской киргизской мечети Таласов (происходит из Мизгильской волости, Кокчетавского уезда) и его помощник Шаймардан Кошигулов;

3) Мукан Кадыров (происходит из Мизгильской волости, Кокчетавского уезда);

4) Сакинбай Теленкин (казах Мизгильской волости, Кокчетавского уезда);

5) Убутали или Убуталин Бакинзель (казах Восточной волости).

Кейіннен патшалық өкімет бұл адамдарға қарсы қудалау шараларын жүргізген болатын [86, 426 б.].

Десек те, жоғарыда аты аталған Көкшетау мешітінің молдасы болған Наурызбай Таласов шын мәнінде жәдидшіл көзқараста болмаған, керісінше консерваторлық бағытты ұстанған. Тіпті жаңашыл идеяларға қарсы шығып тұрған. Науан хазрет тұлғасы жөнінде атақты тарихшы Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы өзінің монографиясында жазып кеткен. Елінің болашағы үшін күресіп өткен ағартушы ғалым 1843 жылы дүниеге келіп, 1916 жылы қайтыс болған. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, кейін білім іздеп Орта Азиядағы ірі ғылым ошақтарын аралап, білімін толықтырған. Елге оралған соң Көкшетау мешітіне имам болып, жастарға сабақ беріп, мешіт жанынан медресе ашуға күш салған. Патшалық биліктің қазақ халқына жасаған озбырлығы мен әділетсіздігі жанына батып, елінің жарқын өмір сүруі үшін аянбай қызмет еткен. Осы мақсат жолында ұлы ойшыл Абай Құнанбаевпен де хат алмасқан [164, 413 б.].

Қазақ даласындағы жәдидтік толқынның бір тұлғасы болған Ахмет Жанталин Науан хазреттің ескі дәстүршілдік көзқарасын сынап, газет-журнал беттеріне де жариялаған. А. Жанталин Троицк қаласында орналасқан мұсылман халықтары арасында аты мәшһүр болған Расулия медресесінде оқыған. «...болашақ жәдидше, төте оқуда болмақ, ал оған қарсы шығу орыс миссионерлеріне болысу, жол ашу», – деген тұжырым жасаған [164, 415 б.].

Ғұмар Қараш та халқының келешегіне бас ауыртып, болашағын оқумен, білім-ғылыммен байланыстырған. Сол заманда басты мәселе орыс переселендері, қазақтың өз жерінен айрылуы. Жерге иелік етудің отырықшы не көшпелі шаруашылық жүргізуі күн тәртібінде тұрған еді [164, 25 б.].

Өзінің «Қарлығаш» атты 1911 жылы Қазан қаласында жарыққа шыққан еңбегінде төмендегідей өлең жолдарын жариялаған:

Жалқау жұрт қалған кейін қазақ халқы,

Өнер жоқ, бірлігі жоқ, қазақ жарты.

Қолданған өнерлері осы күнгі

Ойын ойнап, ішкі ішіп жасы-қарты.

...Қарайлап жан-жағыңа қорғалама,

Жолына өнер, ғылым түсіп аңқы [165, 26 б.].

1911 жылы Уфа қаласындағы «Шарқ» баспаханасынан «Бала тұлпар» және «Тумыш» жинақтары шықса, 1914 жылы Орынбор қаласында «Аға

тұлпар» жинағы басылады. Гаспринскийдің газет бетінде жарияланған: «...қазақтар көшпелі бәдәуилікті тастап, отырықшылыққа көшпесе, өз жерінен айрылып, құрып кету қаупі бар» деген ойға қарсы шығып, тек құр сөзбен айтудың орнына нақты іске көшу керектігін айтқан. Ал бастауыш мектептерді қазақ балаларын татарша оқыту керек пе әлде қазақша ма деген сауалға Ғ. Қараш «бала бастауыш білімді өз ана тілінде алу қажет» деп, осы тұрғыда М. Дулатовпен толық келісетіндігін баяндаған [165, 214 б.].

Осындай қиын-қыстау заманда қазақ ұлтының жоғалып кетуіне тосқауыл болатын жаңа оқу жүйесі, жаңа идея, жаңа идеология керек болды. Ұлт болып сақталып қалу үшін дәстүрлі білім беру жүйесіне өзгерістер қажет екендігі мойындалды. Бұл жаңа реформаторлық толқын жәдидтік идея негізінде дүниеге келген жаңа әдістік білім ордаларының үлесінде болды [166]. Ол жәдидтік идеология, жәдидтік оқыту жүйесі, жәдидтік көзқарас. Жәдидшілдік дегеніміз араб тілінен аударғанда «жаңа» деген түбір сөзден шыққан. Яғни «усуль-жәдид» жаңа дыбыстық оқыту әдісімен байланысты пайда болған. Дегенмен, тарих ғылымында жәдидтік қозғалыстың сипаты, мақсаты мен барысы турасында авторлардың көзқарастары әртүрлі. Шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жәдидшілдіктің түпкі мағынасы мен қызметіне қатысты басқа пікірлер айтылады. Мысалы, белгілі зерттеуші Беннигсен оның ислам дінін модернизациялауды ғана көздеді деген пікірге қарсы шығып, діни қалыптың тек түбегейлі өзгеріске жетудің бір сатысы ғана екендігін айтады. Екінші сатысы ретінде дәстүрлі мұсылмандық мәдениетті түбегейлі трансформациялау болса, келесі деңгейі тіл мен мектептік білім беру жүйесін жетілдіру тұрғанын жазады [167, 16-17 бб.]. Салмақты көзқарасты Я.Г. Абдуллин білдіреді. Автор көзқарасы бойынша жәдидтердің қызметі татар халқын ұлт ретінде жойылып кетуден сақтауға бағытталып, прогреске жол ашуды көздеген. Оның ауқымы ағартушылықтан әлдеқайда кең, себебі ағартушылықпен арнайы мамандар ғана шұғылданатын болса, ал жәдидшілдік қозғалысқа молдалар да, мұғалімдер де, шәкірттер де, бай көпестер де, т.б. қатысқан [168, 33-34 бб.].

Белгілі тарихшы, Қазақ даласына исламның таралу тарихын зерттеуші ғалым Н.Д. Нұртазинаның пікірінше Қазақ даласындағы жәдидшілдіктің қалыптасуының әлеуметтік-мәдени алғышарттары патшалық Ресейдің жүргізіп отырған саясатына тікелей байланысты болды, яғни бұл патшалық Ресейдің қол астындағы бағынышты халықтарға жүргізіп отырған орыстандыру, шоқындыру саясаты еді. Сондықтан да, ислам діні аясында өлкедегі түркі халықтары бір-біріне жақындай түсті және осы маңызды кезеңде «жас мұсылмандар зиялылары» немесе «жәдидшілдік» өкілдері қалыптасқанын айтады [169, 100-101 бб.]. Сондай-ақ, автордың пікірі бойынша бұл процеске Орта Азиялық сопылық бағыт та өз ықпалын тигізген. Бірақ, ислам дінін таратушыларды, жәдидтік идеяны жақтаушыларды өз ішінде саралау қажет. Олардың ішінде ірі тұлғалы имамдар да, шала сауатты молдалар да болған. Ислам дінінің канондарын өзінің жеке басының

қажеттілігіне қарай бұрмалаушылар да кездескен. Мәселен, 1830 ж. А. Левшин мұсылман жиһангерлері, кейбір молдалар жайлы былай жазған, олар қазақ ауылдарына барып, пал ашып, діни рәсімдер жасап, Құранмен болашақты болжап, тасбихтер мен көзмоншақтарды сатып, баюды ғана ойлайтын [170, 55 б.] десе, Басилов В.Н. мен Кармышева Дж.Х.: «...дін таратушы қазандық молдалардың көбісі өздері сауатсыз, Құранды зорға ежектеп оқиды. Алайда, қараңғы қазақтар үшін осылай әрең Құранды оқыған адам өзі сый-құрметке ие болып, білімді молда атанатын», – деп жазады [171, 23 б.]. Татар молдалардың шала сауаттылығы жөнінде С. Мұқанов та өзінің кітабында жазады. 1904 ж. бастап оны оқытқан молданың өзі жаза алмайтын, ал оқығанда тек ежіктеп оқитын деп еске алады [172, 58-59 бб.].

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезі патшалық Ресей империясындағы мұсылман-түркі тілдес халықтар арасындағы діни ахуал ғылыми зерттеулерде дәстүршілдер мен жаңашылдар, консерваторлар мен ағартушы-демократтар, қадымшылдар мен жәдидтер деп, бұрынғы марксистік теория ұстанымдары бойынша сипатталады. Яғни, қоғамның дамуы үшін қарама-қарсы таптардың теке-тіресі формуласына жатқызады. Алайда, қадымшылдар да, жәдидтер де исламдық канондар шеңберінен шыққан емес. Жекелеген фактілер ғана болмаса, негізінен екі партия да (бағыт) ислам дінінің шеңберінде халықты бірлікке шақырған [173, 463 б.]. Жалпы алғанда, жәдидшілдер мен қадымшылдардың алға қойған мақсаттары, арман-тілектері бір болды. Басылым беттерінде, қоғамдық өмірде араларындағы туындаған теке-тірестер ұлт болашағы үшін қам жегеннің көріністері деп қабылдауға болады. Тек мұратқа жетудің таңдаған жолдары ғана әртүрлі болып, ортақ консенсусқа келе алмады. Бірі дәстүрлі ата-бабадан қалған жолды ұстануды мақұлдаса, екіншілері ата-баба жолын заманауи талаптарға сай өзгертіп, ислам дінінің барлық рұқсат еткен мүмкіндіктерін пайдалануды алға тартты.

Белгілі ағартушы-миссионер Бобровников Н.А. жәдидтік қозғалыстың пайда болуы туралы төмендегідей көзқарасты ұсынады: «...новометодное движение создается общим подъемом самосознания мусульман, от усиливающихся с каждым днем сношений с русскими и недовольством мусульман своей традиционной школой [20, 67 б.]. Автордың пайымдауынша, ескі мұсылмандық мектептер халық арасында өзінің абыройын жоғалтқан, себебі адамдар медреселер арқылы тек жалақысы мардымсыз, діни қызметкер, діни ошақта оқытушы немесе молданың дәрежесіне дейін ғана көтерілуі мүмкін екенін көзбен көрген. Мұсылмандық дін адамның болашақта өз орнын тауып, ел қатарлы өмір сүруге мектеп-медресенің ықпал етуге қауқары жоқтығын түсінді. Бұл қоғамның мұсылман болмай қалды деген сөз емес, тек таза тар мұсылмандық мүддеден бас тартқан зайырлы қоғам өкілдері қалыптаса бастағанын білдіреді деген тұжырым жасайды [20, 88 б.].

Сонымен, қазақ даласында ХІХ ғ. аяғында күрделі өзгерістер болып жатты. Ресейдің саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани отарлау саясаты өршіп тұрды. Азаттық, теңдік, еркіндік, бостандық үшін басталған бұл пацифистік күрес толастамай, Кеңестік билік кезінде де жүріп отырды. Бас көтерудің соңғы нәтижесі еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі. Дәстүрлі білім беретін не жәдидтік оқу орындары болса да көптеген ту ұстаған азаматтардың алғашқы сауатын ашқан білім ордалары болғандығы тарихи факт.

2 МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ПАТШАЛЫҚ ӨКІМЕТТІҢ ІШКІ САЯСАТЫ

2.1 Ресей империясындағы мұсылмандық мәселе

Ресей өкіметі әрқашанда өзінің құрамындағы миллиондаған мұсылман халықтарының өзара бірігіп, бір-біріне қолдау көрсетуінен сескенетін, әсіресе жақын көршісі Түркиямен қосылуынан алаңдайтын [172, 94-95 бб.]. Өзінің бодандығындағы мұсылман халықтарын үнемі қараңғылықта, надандықта болуын, туыстас түркі халықтардың ортасына от салып, «бөліп ал да, билей бер» саясатын одан ары жалғастыруды көздеген. Алайда, білім-ғылымның дамуы, көрші мұсылман халықтарының сана-сезімінің оянуы, газет-журналдардың көптеп таралуы мұсылман халықтарының өміріне де үлкен сілкіністі алып келуі заңды құбылыс болды. Ресей билігінің алаңдауы орынды еді, себебі миллиондаған туыстас, бауырлас, діндес халықтар біріксе, алпауыт күшке айналуы ақиқат еді. Тарихта «Мұсылмандық мәселе» («Мусульманский вопрос») атымен қалған бұл сұрақ Ресей империясында XIX екінші жартысында өте өзекті болды [175, 76 б.].

Дәл осы кезде Ұлы жүз территориясы толық бағындырылса, Орта Азиядағы мұсылмандық хандықтар Қоқан, Хиуа, Бұқара Ресей протекторатын қабылдайды. Сонымен империядағы мұсылман халықтар саны 14 миллионға жетіп [176, 324-326 бб.], ислам діні христиандықтан кейінгі екінші орындағы ірі діни конфессияға айналады.

Алғашында патшалық өкімет ислам діні мен оны ұстанушыларға қолдау көрсеткен болатын. Мәселен 1785 жылы діни толеранттылық заңы қабылданса, ал содан кейін Қазақстан территориясында мешіт пен медреселер салынды [177, 45-46 бб.]. Императрица Екатерина II ислам дінін заңды дін екенін мойындап, өзінің арнайы жарлығымен Орынборлық мұсылмандық діни кеңесті құрған еді [178, 4 б.]. Дегенмен, бұл шаралар ислам дініне, не мұсылмандарға жан ашығаннан немесе оларға бір жақсылық жасау ниетінен туындаған әрекеттер еместі. Билік өзінің құрамына енді қосылып жатқан миллиондаған мұсылман халықтарын өзінің жағына шығарып, шовинистік саясатын еш кедергісіз жүргізуге алғышарт жасады. Ал құрылған діни басқарма мұсылмандар мәселелерін шешуден гөрі, әкімшіліктің саясатын жүзеге асырушы, қадағалаушы мен тыңшылық функцияларды атқарды. Өкіметтік идеяға берік, сенімді бас мүфти арқылы барлық мұсылмандарды басқару әлдеқайда жеңіл болғандығы анық.

Осындай ислам діні үшін тиімді ахуал қазақтар арасында мешіттердің, мектеп пен медреселердің көптеп салынып, халықтың білім-ғылымға деген қызығушылығын арттырды. Сондай-ақ патшаның бұйрығымен елге келген татар молдалары халықтың иманын күшейтіп, өздерімен бірге мұсылмандық бірлікті, ислам дінінің таза формасына ақыл-ой көмегімен қайтуды, білім-ғылымды оқытуда заманауи методологияны пайдалануға, т.б. заманға сай

идеяларды ала келді. Бұл толқын зерттеушілер еңбектерінде жәдидтік қозғалыс атымен белгілі.

Еділ-Орал аймағында татар халқы арасында пайда болған жәдидтік идея барлық мұсылман халықтарына жетіп, қоғамның санасына серпіліс әкелді. Қазақстан жерінде бұл идея татар молдалары, сауда-саттықпен айналысатын көпестер, ислам дінін уағыздаушылар, газет-журналдар арқылы тарала бастады. Жәдидизмнің бастауында тұрған Исмаил Гаспринский жаңа әдісті оқу орындарын ашып, оқулықтар мен газеттер шығарды. Прогрессистік идеяның таралуындағы алғашқы кезде басты құрал «Тәржіман» газеті болды. Жәдидтік қозғалыстың тез тарап, белең алуынан патшалық өкімет сескенді, оған алғашқы уақытта қандай баға беруді, қандай позиция ұстану керектігін білмеді.

Түркістан генерал-губернаторы Кауфманның: «...мемлекеттің тиісті қолдауынсыз бұл реформаторлық қозғалыс өзінің нәтижесін бермейді. Орыстың мәдениетінің, оқуының, христиан дінінің артықшылығын көрген халық орыстануды таңдайды», – деп бейтарап позиция ұстанады. Алайда уақыт өте келе бұл бағыттың ешқандай оң нәтиже бермек тұрмақ, Ресей империясының өміріне қауіпті екендігін сезінеді. Әсіресе, 1898 жылы орын алған Андижан көтерілісі патшалық әкімшіліктің мұсылмандық мәселеге қатысты көзқарасын түбегейлі өзгерту керектігін көрсетеді. Дукчи ишанның екі мыңдық қаруланған жауынгермен орыс казармаларына шабуыл жасауы тез арада өкіметтік деңгейде дискуссия жасауына мәжбүрледі. Сол кезде Түркістанның генерал-губернаторы болған Духовскийдің есебінде, «...бұдан былай ислам мәселесіне немқұрайлы қарамау» туралы қорытынды жасалған [151, 761 б.].

Ал жәдидтік қозғалыстың негізін қалаушы Гаспринскийдің Ресейдің барлық түркі халықтарының басын мәдени және ұлттық бірлік идеясы негізінде «тіл, ой және әрекет бірлігі» формуласы арқылы біріктіруді жоспарлайды. Ол үшін арнайы жаңа әдісті мектептер мен медреселерді халық арасында көптеп ашуға талпыныстар жасалды. Орта ғасырлық схоластикадан арылып, жастарға заманауи білім беретін жаңартылған мектептерді құруға бар күшін салады. Осы мектептерде жаңа дыбыстық әдіспен оқуды үйретіп, діни сабақтармен қоса дүнияуи пәндерді де оқытады. Аталмыш үлгі бойынша бүкіл Ресей империясының территориясында жаңа әдісті мектептер көптеп ашыла бастайды [178, 91 б.].

Қысқа уақыт ішінде бұл мектептер халықтың біршама бөлігі арасында беделге ие болып, қолдау табады. Әрине, отарлық билік өкілдері мұсылмандық оқытудың жаңа әдісті ошақтарынан, жалпы жәдидтік қозғалыстан күдіктенді, оған қауіппен қарады. Мәселен, Ақмола облысының әскери губернаторына Полиция департаментінен 1900-1901 жылдары келген хатта жәдидтік идеясын насихаттаушыларды «новаторлар», жаңалық енгізушілер, прогрессистер деп атап, олардың қызметіне толық баға берілген анықтама жазылған: «Они указывают на необходимость осмыслить свою

веру, очистить ее от суеверий и невежественных толкований мулл и укрепить свою народность, расширяя область применения родного языка в литературной, научной, религиозной сфере и вообще хлопочут о прогрессе ислама и тюркской народности». Демек, жәдидтер мақсаты ислам дініне сүйене отырып, жалпы мұсылмандар мен түркі халықтардың заман талабынан кенже қалмай, жаңа ілімдерді үйреніп, жарқын болашаққа ұмтылу. Осы архивтік құжаттың жалғасында жаңа әдісті мектептерде еуропалық ғылым мен білім Құранмен сабақтастырылып, татар тілінде оқытылу жолға қойылғандығы айтылады. Бұл мектептер орыстық гимназиялар мен оқу орындарына бәсекелес екендігі, халықтың сауатын ашуда үлкен рөл ойнап отырғандығы баяндалады [179, 7 а.б.]. Алайда қараңғы халықтың санасы оянып, көзі ашылып, надан кеуделеріне ұлттық мүдде тұрғысында білім нұрының сәулесі төгіліп жатқандығына отарлық билік қарсы болды.

И.В. Аничков қырғыздардың ауылдары мен білім беру ошақтарын суреттеген еңбегінде, түркі халықтарының бірігуі, әсіресе ислам дінінің аясында жиналуы Ресей империясы үшін өте қауіпті екендігін айтады. Новаторлардың ислам дінінің позициясын күшейтуге ұмтылуы орыс мемлекетінің саясатына қарама-қайшы келді. Яғни Аничковтың пайымдауынша, ислам рөлінің қазақтар арасында әлсіреуі – оларды орыстық мәдениетке ұластырудың бірден-бір жолы, сол арқылы бөліп алып басқарудың, орыстандырудың жеңілдейтіндігін жазады [180, 24 б.].

Полиция департаменті облыстық губернаторларға 1901 ж. арнайы хат жазып, өздеріне тиесілі аумақтардағы ахуалды қадағалап, мұсылман халықтары арасында кез келген қозғалыстар мен күдік туғызатын көңіл-күйлерге мұқият назар аудару керектігі айтылған арнайы нұсқаулық жіберіледі [181, 8 п.].

Циркуляр нұсқаулық бойынша татар мерзімді басылымдарында мақала жазып жүрген новаторлардың жергілікті мұсылман қоғамымен байланысы, олардың аты-жөні, қоғамдық және мүліктік жағдайы, білімін анықтау тапсырылған. Сонымен қатар, жәдидтік қозғалыс өкілдерінің жас түріктер ұйымымен байланысы, басқа да мұсылмандық орталықтармен қарым-қатынастары, аймақта жаңа әдісті мектептердің бар-жоғы, бар болса кімдер ұстаздық етіп жүргендігі туралы мәліметтерді анықтау бұйырылған [181, 3 п.]. Бұл үдерістер XX ғ. бас кезінен басталған болатын. Диссертациялық жұмыстың алдыңғы тараушасында Кауфманның ұстанған бейтараптылық позициядан енді мұсылмандық әлемді зерттеп, оны қадағалау тәсіліне көшкенін көреміз. Билік өзінің жауымен күресу үшін ең алдымен жәдидтік идеяның, соның ішінде жаңа әдісті білім ошақтарының және новаторлық идеямен «ауырған» білім иелерінің қаншалықты кең көлемде тарағанын білуді жоспарлайды. Осы мақсатқа сәйкес жоғарыда аталған мәселелер бойынша әр облыс басшыларына арнайы құпия нұсқаулықтар жіберілген. Ол

бойынша әр губернатор өзінің қарамағындағы территориясында мынадай мәселелерді анықтауға бұйырылды:

1) өзіне тиісті ауданда татар әдебиетінде новаторлық шығармалар авторларының бар-жоқтығын табу;

2) сол авторлардың мүліктік, білімділік, қоғамдық жағдайы туралы, қайда оқығандығы жөнінде мәліметтер алу;

3) жәдидтер (новаторлар) мен жастүріктер арасында байланыс туралы, олардың Түркиядан шабыт алуы жөнінде;

4) жаңа оқыту методикасы бойынша ашылған мектептер мен, мұғалімдер саны туралы, оның басшылары жөнінде есеп беру [179, 8 п.].

Көп ұзамай осы сұраныс хатқа байланысты әр ауданнан, қаладан жауаптар келе бастайды. Мәселен, Атбасар мен Петропавлда прогрессивтік идеяға қатысы бар адамдар мен мектептер мүлдем жоқ екендігі айтылса, Ақмола қаласында көзі ашық, оқи алатын сауатты адамдар аз екендігі, сондықтан жаңа қозғалыстардан мүлдем алшақ екендігі, тіпті қырғыздар үшін шығарылатын Дала газетін тек кейбір адамдар ғана оқитынын, халық арасында орныққан татар мен сарттар да өз тіліндегі газеттерді де оқымайтындығын баяндайды.

Ақмола уезінің басшысының есебі бойынша мұсылмандық насихат жұмыстары қазақ даласында оңтүстік территориядан, яғни Самарқандтан, Ташкенттен, Ферғанадан жүргізілуде. Әр болыстықта Меккеге барып келгендер бар, олар ақ және жасыл сәлде киіп, елде абыройға ие. Жастар арасында Өзбекстан жерінде медреседе оқып, жас ғалым молдалар дәрежесіне жеткендер туралы Полиция департаментінің анықтамаларында баяндалады [179, 18 п.].

Көкшетау уезінің басшысы өзінің 1902 жылғы есебінде былай жазады: «...қазақтар оқып, білімді болған сайын фанатиктік сезімге берілуде. Бұл үрдіс отырықшы аудандарға, қалаға, орталыққа жақындаған сайын анық аңғарыла береді. Молдалардың халық арасында рөлі көтеріле берген сайын Ресей өкіметіне қарсы исламның таралуына әкеп соқтырады», – дейді. Өзіне тиесілі ауданда, яғни Көкшетауда жаңа әдісті мектептердің жоқтығын айта отырып, ескі әдісті мұсылмандық мектептерге тоқталады. Мәселен, Шаймерден Усмановтың мектебі, онда мұғалім ретінде Атбасарлық Мұртаза Шамуратов жұмыс істейтінін айтса, Көкшетау станицасында Наурызбай Таласовтың мектебі, сабақ беруші ташкенттік Ингам қари екендігін айтады [179, 20 п.].

Ресейлік әкімшіліктің өзінде XIX ғ. аяғында көшпелілер арасында ислам дінінің кең тарап, орныққанын мәлімдейтін және сауатты, беделді молдалардың көбейгенін тілге тиек ететін 1901-1902 жж. хаттар өте көп. Сондай бір хатта: «В настоящее время каждый сколько-нибудь развитый, а тем более грамотный киргиз, убежденный мусульманин. В нашей волости есть люди, побывавшие уже в Мекке. Везде встречаются и белые, и зеленые чалмы, носители которых пользуются большим уважением и авторитетом,

среди киргизской молодежи есть уже ученые муллы, получившие образование в Ташкентском или Самаркандском медресе. И таких, конечно, больше, чем окончивших русские учебные заведения», – дейді [179, 18 п.]. Яғни көзі ашық, көкірегі ояу мұсылмандардың саны артып жатқандығын, олардың Ташкент пен Самарқанда біліп алып, Меккеге қажылыққа барып келіп жатқандығын, ең бастысы орыс-қазақ мектептерін бітірушілерден әлдеқайда көп екенін жазады.

Әр уезден жоғарыда аталған нұсқаулыққа жауап хаттар келе бастайды. Бірақ, еш уезде не жаңа әдісті мектептің, не татар газет беттерінде мақала жазып жүрген новатор жәдидтің жоқ екендігі, жалпы қазақтардың артта қалушылығы айтылады. Мысал ретінде Семей облысының әскери губернаторы полиция департаментінің 1900 жылғы сұрауына полиция қызметкерлерінің көпшілігі алаңдататын фактілердің тіркелмегендігін алға тартады. Татарлар арасында новаторлық ізденістер жоқтығын айтады. Бірақ халықтық училищелер инспекторы әскери губернаторға Семей облысы территориясында 2-3 жыл шамасында татар мешіттерінің жанындағы медреселерде оқыту барысы дыбыстық әдіспен жүріп жатқандығын ескертеді [181, 9 а.б.]. Бұл құжаттар негізінде XX ғ. басында қазақ даласында жаңа әдісті мектептердің не жәдидтердің үзілді-кесілді жоқ деп нақты айтуға болмайды. Өйткені, жәдидтік қозғалыстың идеясы империялық саясаттың түпкі мақсатына қарама-қайшы деп танылғандықтан, жәдидтер өкімет тарапынан қысым көріп отырған. Соған байланысты жасырын, астыртын түрде мектептер ашып, балаларға рухани азық беріп отырған. Онымен қоса бақылаушы инспекторлардың құзыры жетпейтін жылжымалы, көшпелі мектептер де көп болғанын ескеруіміз керек.

Түптеп келгенде, жәдидтік қозғалыстың негізгі екі қарсыласы болды: біріншісі отарлық билік, екіншісі қадымшылар (ескі дәстүрлі көзқарасты ұстанушылар). Жәдидтер мұсылмандардың мәдени тұрғыда өркендеуі үшін, ағартушылық пен ғылымның дамуы үшін, өз тілінде білім алуға, діни пәндермен қоса күнделікті өмірде қажет болатын пәндерді оқытуға, халықтар арасындағы достықты насихаттаса да, қадымшылдар мен билік тарапынан қарсылыққа ұшырады. Содан қоғам өмірінде екі партия қалыптасты: 1-ескі дәстүрді жақтайтындар және прогресс пен мәдениетке негізделген жаңа бағыт. Бұл таластар ұлттық, қоғамдық және мәдени сипатқа ие болды [175, 62 б.]. Ескі молдалар өзінің ықпалынан, байлығынан, қоғамдағы беделінен айырылып қалудан сескенді. Жәдидтерді қоғамды ислам дінінен алыстатып, кәпірлікке апарады деп қорықты. Түркі мұсылман халықтарының сауат ашып, ұлттық сана-сезімінің оянуын отарлық билік оқшаулануға ұмтылыс деп бағалап, бұл үрдіспен күресуге бар күшін жұмсайды. Десек те, әміршіл-әкімшіл өкіметтің репрессиялық әдіс-тәсілдері мұсылмандық халықтардың жаңаруға бағытталған табиғи қозғалыстарын тежей алмады. Жаңа бағыттан қауіптенген билік ендігі кезекте бір-біріне айдап салу әдісіне көшеді.

Жалпы Ресейлік әкімшілік екі партияны, екі топты да өзінің жақтасы ретінде қарастырмайды [182, 134 б.]. Себебі, екі партияның қайсысы болса да жеңіске жетсе Ресейдің мемлекеттілік саясатына пайдасы қалай болмақ екендігін ойлайды. Қадымшылдар партиясы, ескілікті жақтаушылар сенімді топ емес десе, ал прогрессистер болса олар да Ресейден бөлінуді көздейді деп, екеуіне де күмәнмен қарайды.

Көзі ашық мұсылман стратегиялық тұрғыда отарлық биліктің саясатына тікелей дұшпан ретінде қаралды. Оған арнайы «фанатик, фанатичные муллы» деген жала жабылып, арнайы тіркестер қолданылды. Ал шын мәнінде олар өзінің елінің болашағы үшін еңбек етіп жүргендер болатын. Архив құжаттарында білім алған сайын қазақтардың бойында фанатиктік қасиеттері арта түсетіндігі және халық арасында ықпалын арттыруда олар орыстық үкіметпен бәсекелес болып жатқандықтарын көрсетеді. Мысалы: «1897 ж. көкшетауда Шаймардан Усманов салдырған мешіт жанындағы мектеп бар. Мұғалім ретінде мектепте Атбасар уезінің қазағы Мұртаза Шамуратов істейді. Ал Көкшетау станицасында мешіт қасында сұлтандардың ақшасына салынған мектеп бар. Ұстаздық етуші Ташкенттік сарт Ингам қари, мұғалімдерде сабақ беруге деген куәліктері жоқ, мектеп басшысы Наурызбай Таласов», – деген ақпарат берілген [179, 19-20 пп.].

Аттары аталған ағартушы-прогрессист адамдар арқылы көшпелі халықтар арасында білімнің таралуына орай, далаға міндетті түрде жаңа толқынның лебі жетуі заңды еді. Орта және жоғарғы орындарда білім алған қазақтар өзінің халқының білім деңгейін көтеріп, жаңа даму жолымен жүргізуге атсалысуда. Далаға жаңа бағыттардың енуі көп жағдайда Петропавл қаласы арқылы жүреді, себебі ол сол зманада ірі мәдени орталық болған. Жастар Петропавл қаласындағы татар мектептерінен және жеке мұғалімдерден білім үйренуге көптеп келіп жатқандығы архивтік құжаттарда да, зерттеушілер еңбектерінде де айтылған.

XX ғасырдың басына қарай патшалық билік мұсылмандық оқу орындарының өміріне тікелей араласуы тереңдей түсті. Ендігі кезекте сабақ беруші молдалардың орыс тілінде ауыз-екі сөйлей алуы талап етілді. 1906 жылы мұсылман оқу орындарының жанынан орыс тілін үйрететін сыныптар ашылуы тиіс жаңа ереже шығады, ол бойынша жергілікті халықтың балаларына орыс тілін сол халықтың ішінен шыққан мұғалімдер оқытуы керек болды [183, 20-20 а.б. пп.].

XX ғ. бас кезінде «Вакт» (Уақыт) газеті Қазақстанның сол кездегі аумағында кең таралды. «Вакт» Ресейдің барлық мұсылмандарының, соның ішінде қазақ мұсылмандарының атынан мұң-мұқтаждықтарын да білдіріп тұрды. Сонымен қатар мерзімді басылым бетінде қазақ ұлтшылдарының да саяси талаптарын көрсетіп тұрды. Аталмыш газеттің 1906 жылғы сандарының бірінде шыққан «Бастауыш мектептер туралы» атты мақалада бастауыш мектептерде орыс тілінде сабақ берілетіні және Мемлекеттік Думада «Біздің дініміз, ана тіліміз және ұлттық рухымыз жоқ жерде»

мұсылман балалары тәрбиеленетіні туралы заң жобасы дайындалып жатқандығы жайлы жазылды. Автордың пайымдауынша: «Егер заң жобасы біздің пайдамызға өзгертілмесе, онда біздің ұлттың жоғалып кетуі сөзсіз. Бүкіл Ресейдің мұсылмандары өз мүдделерін қорғауға ұмтылуы керек, ұлтқа ана тілінің, дінінің және ұлттық мектебінің керектігі жөнінде жасқанбай айтатын кез келді», – деп дабыл қағады [87, 424 б.].

Бұл жобаның идеялық негіздеушісі болған Ильминский, өзінің ұсынысы бойынша орыс тілін кириллица қарібімен емес, арабша әріптермен үйрету дұрыс жол деп бағалады. Алайда, әкімшілік тарапынан қолдау көрсетілгенімен, орыс тілін оқыту қағаз жүзінде қабылданғанымен, іс жүзінде ұстаз молдалар орыс тілін пән ретінде мүлдем жүргізбеді. «Мектеп пен медреселерде тек мұсылмандық оқу қазақтардың орыстардан бөлектеніп, өзіндік гильдия құруға, түрік сұлтанын исламның қорғаушысы ретінде теріс пиғылды көзқарастар қалыптастырады. Сондықтан ислам дінін уағыздаушы татарлардың емін-еркін далада жүруіне тосқауыл қою керек» дей келе Полиция департаменті ХХ ғ. басына қарай, олардың негізінен кедейлер, шала сауаттылар, толыққанды насихат жүргізе алмайтындар деп бағалайды. Бірақ олардың кесірі қазақтар арасында татар жазуын таратуында болып тұрғаны ашық айтылады [184, 6 п.].

ХІХ ғ. екінші жартысында биліктің конфессиялық саясатында мұндай күрделі өзгерістердің орын алуын татар діни қызметкерлерінің әлі де болса толық мұсылман болмаған қазақтардан алыстатумен түсіндіруге болады. Себебі, фанатиктік сезімге берілген татарлардан гөрі, қазақтар өзіне тиесілі ділінің ерекшелігіне орай болып жатқан оқиғаларды төзімділікпен қарсы алады. Зерттеуші ғалым Г.С. Сұлтанғалиеваның пайымдауынша, осы кезеңде Ресей өкіметі татар молдаларының қызметінен бас тартып, керісінше олардың ислам дінін таратып, қазақ балаларын оқуға үйретуді тежеуге бар күшін салады [185].

Сондықтан исламның таралауына тосқауыл жасалып, миссионерлік шаралардың жүргізілуі қолдауға ие болды. Қазақ халқын шоқындырып, орыс ұлтымен біртұтас халыққа айналдырып, толығымен Ресейдің бір құрамдас бөлігіне айналдыруды көздеді. Бұл мақсатқа жету үшін екі құрал керек болды: біріншісі христиан миссионерлері арқылы көшпелілер арасында уағыз-насихаттар жүргізу болса; екіншісі жергілікті тұрғындар арасына ресейдің түкпір-түкпірінен орыс шаруаларын жаппай қоныстандырып, орыстандыру саясатына жол ашу. ХІХ ғ. екінші жартысында конфессиялық саясатқа бұрылуды үкіметтің жергілікті халыққа татар әсіре діншілдігінің әсерін жою ниетімен түсіндіруге болады.

Ислам дінінің ұстанымдары нығайып, ХІХ ғасырдың екінші жартысында мұсылмандық діннің орнына христиан ілімінің басымдықтары таратыла басталды. Қазақтардың діни ісін Орынбор мүфтилігі құзырынан шығару шарасы да жоғарыда аталған мақсатты көздеді [186, 83 б.]. Бірақ бұл заңнамалық актінің қабылдануы оның дәйекті орындалуын білдірмеді.

Орынбор мүфтилігі кеңесінен қазақтар шығарылса, ал татарлар сол институттың қарамағында қала берді. Яғни қазақтарды татар ұлтының ықпалынан мүлде аластатуды жүзеге асырудың бір қадамы еді.

Орыс миссионерлері де өзінің шоқындыру жұмыстарының нәтижелі болмай, ақсап жатуына елді аралап ислам дінін таратып жүрген мұсылмандардан көреді. Сол үшін билікке арыз-шағымдар түсіріп, олардың әрекеттерін қадағалауды талап етеді. Мәселен, «Дело по письму епископа Томского и Семипалатинского о воспрещении разъездов по киргизской степи татарам, бухарцам и туркам в видах устранения пропаганды ислама (1893-1894 г.)» атты Томск пен Семей епископының хатында былай жазылған: «Епископ Тобольска и Семипалатинска просит генерал-губернатора принять меры по пресечению распространения ислама через разъезжающих татаров, торговцев бухарцев и т.д. Предлагает ввести закон, чтоб они согласовали свои маршруты с администрацией» [187, 5 п.].

Миссонерлік істің кенже қалып жатқандығын айта келе хаттың авторы, төмендегідей ұсыныстар білдіреді:

- қазақ балаларын оқуға Константинопольға жіберуге шектеу қою;
- шетелге шығатын, әсіресе Түркия мен Мысырға баратын мұсылман жастарына паспорттар бермеу;
- мұсылмандардың Еуропалық не азиялық түркияға баруын қиындату немесе имүлдем жібермеу;
- қазақтарға мешіт салуға, оның қасынан мектеп ашуға жол бермеу секілді пункттер айтылады. Соған орай заңсыз тұрғызылған деген желеумен Зайсандағы мешіт пен мектепті бұзып, орнына қазақтарға арналған мектеп салынады. Ал жергілікті имам Ахтямов Ахмед-закиды Зайсаннан қуып шығу туралы шешім шығады [187, 5 п.].

Жоғарыда аталған ұсыныстармен қоса архиепископтар да патшаға хат жазып, қазақтарды христиан дініне өткізудің тиімді жолдарын көрсетіп, өз ұсыныстарын білдіріп отырған. Сөзімізді дәйектесек, ҚР Орталық мұрағатының 15-қорында «Мұсылман өкілдерінің реакциялық қозғалыстары туралы (1903-1905 жж.)» атты құжатта қызықты мәлімет сақталған. 1891 ж. қыркүйек айында Архиериялық мекеме жақтан мұсылмандар арасында Иса дінін тарату жайлы ұсыныстар Жоғары мәртебелі патшаға жіберілген. Осыған орай 1902 ж. 22 наурызда православие дінін тарату бойынша нұсқаулар келген [188, 20 п.]. Мәселен осы бағыттағы саясатты жүргізу үшін бірнеше пункттер көрсетілген:

- құпия кеңесшілер ұсыныс бойынша ең алдымен ауылдарда қарапайым мектептер ашып, оны ауылдық мектеп деп атап, уақыт өте келе олардың санын арттыра беру керек. Бастапқыда қырғыздардың күдіктерін сейілту үшін мұғалімдерді тек жергілікті халықтан тағайындау көзделді. Олар тек орыс тілінде сабақ беріп, орысша оқытуға міндеттелсін. Соның барысында қазақ тілін күнделікті қолданыстан мүлдем ығыстыру көзделді. Оған жету жолында төмендегідей айла жоспарланды, яғни ауыл мектептерінің

мұғалімдері оқытушылық куәлігін инспектордан алу керек. Яғни мектепте ұстаздық ету үшін заңға сәйкес тиісті рұқсат ететін құжатты оқу-ағарту министрлігі тағайындаған инспектордан ғана ала алады. Ал инспекторлар осы кезде қырғыздарға куәлікті беру процесін қиындатып, ұзартып жіберу керектігі айтылған. Құжатты күтіп жүргенде орнына уақытша деген желеумен керекті мұғалімді тағайындап отырған. Ал куәлігі жоқ адамдарды заң алдында жауапқа тартып, қорқытып, ақырындап молдалардың санын азайтып, олардың міндетін ауылдық старшиндерге жүктеу процесін жүзеге асыру жоспарланған;

– әр жерлеу рәсімінде орыс попы қатысып тұруы керек. Мұсылман не христиан жерлеу рәсімінде шіркеулік қызметкердің болуының астарында ең алдымен қазақтарды христиан дініне үркітіп алмай, ақырындап поптың түр-келбетіне, өзінің тұлғасына жергілікті халықтың көзін үйрете беруде. Күнделікті өмірде көріп, жерлеу рәсімі секілді жиындарда бірге болу кейіннен сол адамға деген сенімді тудырады деп ойлады;

– қыз балаларына арналған мектептер ашып, арнайы орыс сауатын үйрету. Қыз баласы орыстық-христиандық бағытта білім алса, өсе келе біреуге жар, ана болғанда өзінің күйеуі мен баласына орыстық отарлық дәнін себеді. Нәтижесінде олар орыстық мүддені жоғары қойып, патшалық мемлекеттің саясатын жүргізушілер болады деп пайымдады. Қырғыз жазуын құртып, орнына орыс сауатын еш қан төгусіз бейбіт жолмен алып келуді ойластырды;

– көшпелі халықты жекелеген қоныстарға бөліп, отырықшы шаруаларға айналдыру. Отырықшылыққа өткеннен кейін жергілікті халықтың атынан, жасырын түрде қонысқа шіркеу поп қызметкері керек деп, жоғары жаққа өтініш білдіріп, хат жіберу. Ауыл старшиндарына, жергілікті әкімшілік басшыларына қыруар ақшалай, заттай сый-сияпаттар көрсетіліп, шоқынуға итермелеп, орыс попына қол бергізу. Қырғыз басшыларының қайсысы болса да попқа қол беріп, мойындаса, қоластындағы адамдарын да шоқынуға тартады деп сенді [188, 20-21 pp.].

Ең соңында қу саясаттың шарықтау шегін көрсетеді, яғни қазақ халқының өкіметтен сұраған барлық өтініштері қанағаттандырылды (мектеп ашып беру, шіркеу салу, поп алдырту, т.б.), шіркеу қазынасынан қыруар қаржы жұмсалынды, бірақ осы жақсылықтардың бәріне қарамастан, қазақтар өкіметті алдады, олар өздерінің мұсылман дінінде қала беруде, сол үшін оларды жазалау керек деп қаруланған әскер жинап, өліммен қорқыту барысында күштеп шоқындыру керектігі айтылған. Ал қарсы келгендерді сол жерде халық көзінше өлтіріп, содан кейін ауылдарда сиынатын шіркеу мен мінәжат орындарын салып, күнде крестпен сиынып жүрсе, татар мен сарттардың ықпалы әлсірейтіндігі жөнінде жазылған [188, 20-21 pp.].

Ресей империясы жаулап алған территорияларды өзінің құрамына қосып, пайдалы табиғи байлықтарды иемдену жоспарына сәйкес қазақ даласына лек-легімен орыс шаруаларын қоныстандыра бастайды. Әсіресе

1867-1868 жж. реформалардан кейін бұл үрдіс күшейе түсті. Ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани көкірегі ояу, ұлттық тілі мен дәстүрі, діні мығым елде өз саясатын жүргізу мүмкін емес екендігін сезінген Ресей басшылығы қазақтардың (өзінің құрамындағы жалпы мұсылман халықтарын) рухани тұрғыда отарлаудың жаңа сатысына көшеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басында қазақ даласы аумақтық-әкімшілік заңдардың өзгеруіне байланысты Ресей империясы тарапынан күшті отарлық қысымын бастан кешірді. Бұл өзгерістер қазақ жерінің Ресей меншігі болып жариялануына және орыс шаруаларының Қазақстанға жаппай қоныс аударуына әкелді.

Шын мәнінде, орыс патшалығының көздеген мақсатында босып жүрген орыс шаруаларын жер телімдерімен қамтамасыз ету ғана болған жоқ. 1912 жылы Ә. Бөкейхан Мемлекеттік Думаның мүшелеріне жазған ашық хатында: «Қоныс аударушылар Басқармасы қырғыз даласындағы қазыналық жерлерді барлық таптардың өкілдеріне берумен ғана шектеліп жүрген жоқ, сонымен қатар қырғыз халқының арасына православ-христиандық дінді таратуды көздеп жүр», – деген [189, 409 б.]. Ә. Бөкейхан жерге орналастыру барысында басшылыққа алынатын мәселелерді мысалға келтіреді. Олардың негізгі мақсаты қазақ пен орыс аралас тұратын елді мекендерді құру екендігін мәлімдейді. Қасиетті Синодтың ұстанымы бойынша, дала облыстары мен Түркістан өлкесінің қырғыз халқы уақыт өте келе түгелдей православиелік христиан дінін қабылдауы тиіс еді.

Патшаның 1905 жылғы 17 сәуірдегі нұсқауынан кейін «Қасиетті синод 5 миллион қазақ халқының шаруашылық өміріне қысым жасау түрінде өзге дін иелерінің сенімдеріне араласуын» жолға қояды, синодтың мұндай әрекеттері Ә. Бөкейхан мен қазақ қоғамының наразылығын одан әрі күшейтті [189, 409 б.]. Шіркеу православие дінін тарату жолында кез келген мүмкіндікті пайдалануға тырысты. Өз кезегінде қазақ интеллигенциясының өкілдері мұндай әрекеттерді назардан тыс қалдырмады, оларға қарсы шықты, өйткені діни бірегейліктің жоғалуы ұлттың өзіндік ерекшеліктің жоғалуымен парапар. Нәтижесінде Ресей империясының халқының бір құрамдас бөлігіне айналуға апаруы сөзсіз екенін түсінді.

Осы тұста қазақ халқының санасын идеологиялық және саяси тұрғыда арнайы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізбеуге болмас еді. А. Кононов «История изучения тюркских языков в России» еңбегінде былай деп жазады: «Ресей империясының шығыс жақтарын мекендеп отырған халықтарды экономикалық игеру саясатын жүргізу үшін ең алдымен оларды идеологиялық жағынан, яғни христиан діні аясында өңдеу қажет болды. Бұл міндетті жүзеге асыруды ерекше оқу орындарында арнайы дайындық курсынан өткен православиелік миссионерлер өз мойнына алды», – дейді [190, 207 б.].

Ең алдымен қазақтардың христиан дініне өткізу мүмкіндігіне талдау жасау қолға алынды. Оның жолдары мен барысы сараланды. Бұған дейін

мұсылмандықпен бейтарап ұстанымда болу мен ислам дініне мән бермеу қате екендігі мойындалды. Ал татарларды орыс-қазақ арасында мәдени дәнекерлеуші ретінде қолдану мүлдем орынсыз болғандығы анықталды. Ендігі кезекте қандай қадамдар жасау керектігі талқыланып, қазақтардың бұрынғы ата-баба сенімдерін сақтауға бар күш жұмсауды ұйғарады. Себебі, әкімшіліктің түсінігінше ескішілдік пен шаманизмге негізделген соқыр сенімді еш қиындықсыз уақыт өте келе христиандықпен ауыстыруға болады деп ұйғарылды [191, 211-212 бб.]. Осы ұстаным патшалық өкіметтің кейінгі кезеңдегі қазақтардың рухани өміріне деген саясатын анықтап отырды.

Бұратана тұрғындардың өмірі мен тұрмысының ерекшеліктерімен таныс жергілікті шенеуніктердің пікірінше, орыстандыру мен христианизация саясатының нәтижелі болуына қазақтардың өзін мұсылманбыз деп атағанымен, күнделікті өмірінде ислам шарттарын орындамауы, азаматтық және адамдармен қарым-қатынастарында шарият үкімдерін басшылыққа алмауы, оның орнына ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрлерін қолдануы оң әсерін тигізеді деп сенді. Мұсылмандық діннің түпкі негіздерімен таныс болмаған, фанатикті көңіл-күйлері жоқ қазақтар, орыстың салт-дәстүрлерін сыйлап, өздерінің балаларын орыс-түземдік мектептерге оқуға беріп, орыс халқымен достық қатынас орнатуға көмектеседі деп ойлады. Мұндай позитивті жағдай қазақтар арасында орыстық мәдениет пен өркениетті кең таратуда оңтайлы жағдай жасап, болашақта қазақ орыстардың сенімді азаматы болады деп күтті. Бірақ қазақ даласына ислам дінін уағыздаушылар тарап, насихаттар жүргізетін болса, жағдай түбегейлі өзгеріп кету ықтималдылығынан сескенді. Оны Ақмола облысының генерал-губернаторының Батыс Сібір губернаторына жазған хатынан аңғаруға болады: «Осындай либералды ахуал келешекте де сақталғаны жақсы, егер қандай да бір себеппен далаға мұсылмандық дін келсе, ол қырғыздарды орыстандыруға үлкен кедергі болып, өкіметтің барлық ізгі ниеттерін жоққа шығарады», – дейді [184, 4-5 пп.].

Ресейлік шенеуніктер империялық идеология саласындағы үлкен кедергі ретінде ислам дінін көрген. Онымен күрес жүргізуде барлық амал-шараларды пайдаланған. Тіпті, халық арасында беделі бар, қауымға сөзі өтетін дуалы ақсақалдарды да сый-сияпаттар жасап, сатып алуды жоспарлаған. Мұндай саясат тек осы кезде ғана пайда болған құбылыс емес еді. Мысалы Өзбекстан архивінің И-47 (Управление учебными заведениями в Туркестанском крае, 1908-1915 гг.) атты қордың 955-ісінде (Об открытии туземных училищ и о новометодном преподавании) 1909 ж. генерал-адъютант Мищенко қол қойған құжатта былай деп жазылған: «Ресей билігінің саясатын жүргізу мақсатында біз әкімшілік ең алдымен жасырын агенттерге содан кейін елдегі құрметті, сөзі өтетін ақсақалдарға сүйенеміз. Олар өзінің қоғамдағы авторитетімен бізге көп көмегін тигізеді. Түземдік халықтың атақ пен мансапқа құмар екендігін пайдалана отырып, оларды өзіміз жаққа тартып, қандай да

болмасын мәселеде біздің саясатымызды еліне жүргізуге көмектеседі» [192, 49 п.].

Православиялық миссионерлер ислам дінімен күресудің батыл шараларын алға тартады. Соның ішінде діни қызметкер И. Сотников 1872 ж. «Православное обозрение» журналының бетінде: «Орта орда қырғыздары арасында ислам толық таралмаған, алайда жылдан жылға оның ықпалы күшейе түсуде», – деп, исламның таралуының үш негізгі бағыттарын көрсетеді: Орталық Азия, жергілікті мұсылмандық насихат және мұсылмандық мектептер. Қазақтар қоғамында исламның рөлі мен ықпалын шектеп, онымен күресудің төмендегідей жолдарын келтіреді: 1) Орта Азия имамдары мен қажыларына қазақ даласында өмір сүруден бұрын, тіпті кіруге де тыйым салу; 2) қазақтарға қатысты діни басшылық жасаудан татардан шыққан указной молдаларды шеттету; 3) ең бастысы қазақтар ішінде орыс сауаттылығын тарату. Осы тұрғыда бұдан былай мұсылмандық мектеп пен медреселерді ашуға жол бермей, ал істеп тұрған мұсылмандық білім ошақтарында орыс тілін оқытуды міндеттеу керектігін айтты. Оның ойынша Қазан рухани академиясының мұсылмандыққа қарсы бөлімінде оқыған тәлімгерлерді ұстаздыққа тағайындап, ал мектептерге семинария шәкірттерін қоюды жөн көрді. Осы шаралар арқылы исламның ықпалын азайтып, оның орнына православ дінін енгізуді күн тәртібіне қойды [193].

Оған архивтік құжаттар дәлел бола алады. Мәселен, Тобольск епархиясының төрағасы генерал-губернатор, барон М.А. Таубеге 1890-шы жылдардың соңында жазған хатында былай дейді: «...сондықтан, христиандықты отарланған халықтар арасында кез-келген өркениеттің және азаматтықтың негізі ретінде енгізу мемлекеттің және шіркеудің алдында тұрған маңызды шаруаларының бірі [188, п. 3]. Бірнеше бөлімнен тұратын бұл миссионерлік есептің 37-бетінде 4-бөлімі «Миссия противомусульманская-киргизская» атты тарауы бар. Ол бойынша Тобольск епархиясының оңтүстігінде орналасқан қазақтарды жүйелі түрде шоқындыру сонау 1864 ж. бастау алғаны айтылған.

Құжаттың келесі бөлігінде қазақтарды шоқындыруға үгіттеу жұмысының аясында арнаулы нұсқаулықтар берілді, нәтижесінде: «Қарқаралыда, Ақмолада және Атбасарда 3 миссионерлік стан ұйымдастырылып, 1 миссионер мен 1 көмекші діни жыр айтушы (псаломщик) бекітілуге тиіс болды. Псаломщик міндетті түрде жергілікті мектептерде қырғыздарға сабақ беруге тиісті болды. Жергілікті дін қызметшісі (священник) миссионер әрі жасырын тыңшы қызметін атқарып, сосын екі жыл аралығында қазақ тілін оқуға міндеттелді. Оқу бітіріп жатқан жастарды қызықтыру мақсатында Қазандық Рухани Академияда болашақ миссионерлер үшін арнайы 3 стипендия тағайындалды [194, 41 п.].

Дала генерал-губернаторының берген есебіне сәйкес шоқынуға бейім тұрғандарға кедейлер және жалдамалы жұмысшылар әлеуметтік топтары жататындығын ескерсек, православ дініне өткендерге үлкен көлемде жер

бөліп беріп, ай сайын материалдық көмек ретінде ақша беріліп тұратындығы саяси ұтымды қадам болды. Сонымен қатар отырықшы өмірге көшкендерге қажетті жер өңдеу құралдарын алып беруге көмектескен. Десек те, қазақ халқының ішінде шоқынған нақты адамдар саны белгісіз. Отарлық өкіметтің шоқындыруға, күштеп болсын немесе еркін түрде, жұмсаған күштерінің нәтижесі өздері күткендей болмады. Себебі, қазақ халқы сонау байырғы заманнан мұсылман болған, ислам дінінің ғұрыптық жақтарын кей жағдайда толық орындамағанымен, жүрегінде бір Жаратушыға деген сенім берік орныққан болатын. Негізінде шоқындыруға қызықтыру мақсатында билік бірқатар жеңілдіктер жасап, ақшалай ынталандырулар жасаған. Соған еріп, өзінің материалдық тұрмысын жақсарту мақсатында христиандықты қабылдаған кедей шаруалар болған, бірақ мемлекет тарапынан берілген қаржыны алғаннан кейін қайта мұсылмандыққа өтіп отырған.

Мәселен, ҚР ОМА «Дала генерал-губернаторлығының канцеляриясы» деп аталатын 64-қордағы «1887-1888 жж. Дала генерал-губернаторының есебі» атты істе сол уақыттағы өзіне тиесілі аумақта қазақтардың жалпы жай-күйі, рухани ахуалы, жүргізілген реформалардан кейінгі өзгерістерді баяндайды. Қазақ даласындағы жәдидтік қозғалыстың пайда болуы туралы маңызды көзқарасты айтып кетеді. «Қырғыздар (қазақтар) өздерін мұсылмандарға жатқызса да, соңғы кезге дейін олардың көбісі Мұхаммед пайғамбардың насихаттарынан хабарлары болмады, діни индеферентизмнің туындауына қазақтар арасындағы ауызша таралған нанымдық-құқықтық нормалар себепкер болды. Нәтижесінде ислам дінінің толықтай орнығуына дайын орын болмады».

1867-1868 жж. реформалардан кейін рулық құрылым өз күшін жойып, күнделікті өмірден алынып тасталды. Енді қазақтар рухани тірек, рухани іргетас іздеп, бұрын дұрыс мән бермей келген ислам дініне табан тірейді. Осы тұста дін уағыздаушы татар көпестерінің рөлі күшейе түседі. Осындай аласапыран уақытты пайдаланып, абдырап қалған қазақтарды православие дініне кіргізу қажет» [79, 24-26 pp.]. Сондай-ақ, бұл шоқындыру процесін жасырын түрде емес, ашық жариялау керектігін айтады. Хат авторының пайымдауынша, жаңадан құрылып жатқан жүйеден тыс қалып жатқан кедей қазақтардың саны күн санап артуда. Олар жалдамалы болып рудада жұмыс жасайды, орысша сөйлейді және жер өңдеуді біледі. Дәл осы орта шоқынуға бейім топ, оларды шоқындырып, жер беріп, ақша беріп өздеріне бөлек қоныс ұйымдастыру керектігін айтады. Сол мақсатқа арнайы Буконьский поселкісінен 600 десятина жер бөлінгенін мәлімдейді. Яғни шоқындыру мәселесі Ресей империясы үшін маңызды тақырып болды, себебі, өзінің тілінен, дінінен, салт-дәстүрінен айырылған халықты басқару өте жеңіл, пайдалы байлықтарын да алу оңтайланады. Өмірдің ырғағынан тыс қалып қойған кедей әлеуметтік топ өзінің күнкөрісі қамымен қандай да болмасын үгіт-насихаттарға тез ергіш болып келеді деп сенді.

Орыс миссионер-ағартушысы Ильминский, өзінің есептерінде бұратана халықты орыс халқымен қосып, сіңдірудің ең тиімді жолы деп алдымен оларды православие дініне өткізу керек дейді. Ресей халықтарына ортақ бір әліпби рухани колонизация мәселесін шешпейді, мәселен татар-мұсылмандарында ислам дінінің тілі мен әліпбиі басымдықта екенін айта келіп, сондықтан оларды бірінші кезекте шоқындыру керектігін алға тартады. Сөзімізді бекіту үшін ағартушы-миссионер Ильминскийден үзінді келтірсек: «...в России единство алфавита, даже самое точное не приведет к внутреннему единению инородцев с русскими, пока первые не объединятся с нами в вере православной. Я даже полагаю, что иноверные инородцы, имеющие свою религиозну письменность, ...не примут русского алфавита. Все наши инородцы, как и русский сельский народ, находятся в периоде религиозного мирозерцания и руководствуются религиозными мотивами [195, 14 б.]. Бұл пікірді кейіннен қазақтарды да исламнан ажыратып, православиеге көшіру саясатына билік басшылыққа алған.

Ислам дінін қазақ даласында таратып жүрген татарлар қазақтардың орыстандырылуына үлкен кері әсерін тигізген. Әрине, қазақтар да шоқынуда бейім болмағаны анық, десек те татарлар қазақ даласында бір ауыл болып тұрып, қазақтар оларды «шалақазақтар, шалақырғыздар» деп атаған. Қоғам арасында діни кітаптарды көптеп таратып, ал ол өз кезегінде халықтың рухани сезімін оятқан [187, 6 п.].

Христианизация үрдісі жәдидтік қозғалыстың кең етек алуының бір себепкері болған. Яғни өкіметтің халық арасына миссионерлер жіберіп, рухани иммунитеті әлі қалыптаса қоймаған қараңғы халықты шоқындырып жіберуіне қарсы бағытталған күрес болды. Ұлттық ерекшелікті сақтап қалуға тек қазақ халқы ғана емес, патшалық империяның қоластында жұтылып бара жатқан барлық түркі халықтары көтерілді. Осыған орай жәдидтік қозғалыстың моноцентристік емес полицентристік құбылыс екенін мойындауымыз қажет. Осы орайда «...с помощью насаждения между инородцами христианской истины, а через это к соединению их в одно целое с великим русским народом», – деп [187, 6 п.], өзге халықтарды орыс халқымен қосып, ұлт ретінде жойып жіберуді көздегені анық көрініп тұр. Осы жолда жеңіске жетуде шіркеулік мектептер мен орыс-түземдік мектептерді пайдалану нағыз дұрыс жол деп баға беріледі. Сөзімізді дәйектесек, «...архипастыри Сибири кроме того избрали хотя медленный, но верный к тому способ – именно школу». Осындай мектептер биліктің қолдауымен жер-жерде ашыла бастайды. Патшалық билік отарлық мақсатында қазақ халқының арасынан шыққан, қазақ топырағында өсіп, халықтың арасында өмір сүрген ірі тұлғаларды да ұтымды пайдаланып өтті.

Заманынан асып туған, қазақ елінің жарық жұлдызы Ш.Ш. Уәлихановты да өз мүдделеріне сай қолданған. Ол алғашқы сауатын басқа да ұлт зиялылары секілді ауылдық молдадан ашса, кейіннен білім қуып ресейлік ғылымнан сусындайды. Ш. Уәлиханов Қазақ даласындағы діни білім беру

жүйесін реформалауға атсалысқан жәдидшілдік қозғалысының өкілдері болмаса да, заманына сай жан-жақты білім алған, халқының сауатын ашуға мол үлес қосқан ағартушы. Шоқан Уәлиханов өзінің «Мусульманство в Степи» атты еңбегінде шала сауатты молдаларды, ишандар мен қожаларды білімсіздіктері үшін қатты сынға алған. Ал қазақ жерінде еуропалық үлгідегі мектептердің ашылуын қолдайтындығын көрсетеді. Бірақ, ислам діні христиандықтың жауы ретінде көрсетіліп, онымен күресудің радикалды әдістерін қолдануға шақырады. Ш.Ш. Уәлихановтың сөзін келтірсек: «...областное правление должно было принять вместе с тем и репрессивные меры в отношении ислама, ибо без этого невозможен успех христианства», – дейді. Шоқан Шыңғысұлы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының артта қалуының басты себебі монархиялық тәртіп пен ислам діні деп түсінді, бұқара халықтың аяусыз қаналып отырғанын көре білді, халықтың тілегімен санасып, мүддесін қорғады, сонымен қатар Қазақ даласындағы басқарушылық тәртіптің өзгеруін қалады. Татарлардың алып келіп жатқан ислам діні тек схоластикадан басқаға үйретпейтінін, ал өкімет тез арада татар кезеңінен өтіп кетіп, орыстық мектептерді көбейту керектігін ескертеді [196].

Білім беру, сауаттылық, ағартушылық мәселесі қозғалғанда Ыбырай Алтынсариннің атын атамай өту мүмкін емес. Ыбырай Алтынсариннің есімі қазақ халқына білім тарату ісімен тығыз байланысты. Қазақ тарихында ол қазақтан шыққан педагог, ағартушы ғалым ретінде қалған. Сонымен қатар ойшыл, ғалым, этнограф, қоғам қайраткері. Орыс-қазақ мектептерінің ашылуына Алтынсариннің көзқарасы бойынша тек осы орыс-қазақ мектептері және орыстық білім беру ғана қазақтарды алдыңғы қатарлы орыстық мәдениетке жақындататындығын айтқан. Жоғарыда аталған инспектор қызметіне жергілікті халықтан шыққан кадр мамандарды тағайындау мәселесінде әкімшілік теріс көзқараста, яғни жергілікті мамандарға сенім білдірмеді. Мұндай стратегиялық маңызы бар қызметке тек тексерілген, сенімді, ресейлік мүддені жүзеге асыратын тұлғаларға ғана үміт артылды. Ал қазақтан шыққан халықтық училищелер инспекторы болған тарихта екі адамның ғана аты аталады. Біреуі барша халыққа аты жақсы таныс Ыбырай Алтынсарин болса, екіншісі Ғ. Балғынбаев. 1906 жылы оқу-ағарту министрлігіне халықтық училищелер инспекторы лауазымына жергілікті қазақ халқынан шыққан Балғынбаевты қою туралы ұсыныс хат жолданады. Патшаның мақұлдауымен бұл кандидатура қолдау тауып, бекітіледі. Тек бір талап, Балғынбаев түземдік мектептерге ғана бақылау жасайды, ал орыстық мектептерге орыс инспекторы басшылық жасауға бұйырылды.

Балғынбаев та, Алтынсарин де инспектор қызметіне өте отырып, отарлық әкімшіліктің шенеуніктерімен бір қатардан орын алды [197].

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында кең таралып жатқан жәдидтік идеялармен күресудің Ресей билігі радикалды әдісін таңдап, күштеу, қорқыту, жазалауға кіріседі. Оқыған, сауатты тұлғалар құрыққа бірінші

ілігеді. Мемлекеттік Дума өкілі Мақсудов 1913 жылы алқалы жиында елдегі мұсылмандардың хал-ахуалы турасында ірі баяндама жасайды. Баяндамасында үкіметтің мұсылмандарға қарсы жасаған әрекеттерін әшкерелеп, тұтқындау мен тінтуге ұшыраған молдалардың тізімін келтіреді:

1. Абдулла Апанаев, Қазан қаласындағы молда;
2. Ғалымжан Галиев, Қазан қаласындағы молда;
3. Абдулла Нығматулин, Вятка губерниясындағы, Буби ауылының молдасы;
4. Тубайдулла Нығматуллин, Вятка губерниясының, Буби ауылының молдасы;
5. Хасан Пономарев, Петропавл қаласының молдасы;
6. Магомет-Эмин, Уши қаласындағы мударрис;

Мақсудовтың қолындағы мәліметтер бойынша бір жыл ішінде 150-ге жуық молданың үйінде тінтулер орын алған. Ал панисламизм идеясын таратты деген желеумен көптеген мұғалімдер қудаланып, жұмыстан шеттетілген. Оған нақты дәлелдер мен фактілер де қажет етілмеді. Себебі, билік қалай болса да, қолдағы бар мүмкіндікті пайдалана отырып, көзі ашық, болашақты болжай алатын, ұлтжанды азаматтардың көзін құртуды мақсат етті. Мәселен Қоқан хандығында 20 мектепте татар мұғалімдерін оқу процесінен алыстатқан [198, 34 п.].

Жиында келесі сөзді алған Ахтямов: «...осы күнге дейін Ішкі Істер министрлігіне рухани-приходские школар қарап келеді. Діни басқарма секілді осы күнге шейін мектептер де өз өмірімен сүріп жатты, оларға сенім білдірілді. Ал бұл мектептер ескі әдістерден бас тартып, жаңа прогрессивті әдістерге көшіп, еш зияны жоқ пәндерді, мысалы географияны оқыта бастап еді, бірден күмәндана бастады. Ескі әдісті мектептер жайына қалдырылды, ал саны жағынан әлдеқайда көп болған жаңа әдісті мектептерге тоталды бақылау орнатып, себепсіз жабыла бастады», – дейді. Ахтямовтың мәлімдеуінше, Ресей империясының территориясында 14318 мұсылмандық мектептер болған, оның ішінде 12417 мектеп пен 1901 медресе жұмыс істеп тұрған. Ал Поволжье аймағында 553 мектеп, Қазан губерниясында – 1091; Уфада – 1382; Орынбор губерниясында – 467 білім ошақтары болған [198, 28 п.].

Демек, мұсылмандық мектеп-медреселер жүйесі біршама қалыптасып, патшалық Ресей территориясының түкпір-түкпірінде қызмет жасап, балалардың сауатын ашып, болашақ өмірге дайындап отырған.

Сонымен, Ресей империясы өзінің құрамына едәуір алқапты алып жатқан, табиғи байлығы мол жаңа жерлерді басып алғаннан кейін, тиісінше туындаған жаңа мәселелерді шешуі керек болды. Патшалық өкімет Орта Азиялық мұсылман халықтарын мемлекеттік мүддеге сай жұмыс жасап, біртұтас бір ағзаға келтіруге көп күш жұмсады. Осы орайда отарлық әкімшілік өзінің Қазан, Башқұрт, Сібір мұсылман халықтарына жүргізген тәжірибесіне сүйеніп, орыстандыру мен шоқындыруға, рухани отарлау

саясатына ден қойған. Бұл орыс ұлтымен сіңдіріп, бірұлтқа айналдыру саясаты билік күткен нәтиже бермеді, ұлттың болашағы үшін маңдай терін төккен көзі ашық азаматтар қалқан болды. Алайда, патшалық империя құлап, орнына мұрагер ретінде отырған большевиктік өкімет осы саясатты ары қарай жалғастырып, тереңдете түсті. Отарлық езгіні күшейтіп, жазалау тетіктерін жетілдіріп, қызыл өкімет дінді мүлдем жоюға әрекет жасады. Ұлт зиялыларын мемлекеттің мүддесіне қарсы шығушылар деп айыптап, атып өлтіріп, радикалды әдістерге жүгінді. Мұсылмандық мәселені шешуде билік қате жолды таңдап, христиандық пен мұсылмандықты, молдалар мен архиепископтарды, мешіт пен шіркеуді, орыс халқы мен бұратана халықтар деп бөліп жарып, бір-біріне қарсы қойып отырды. Осылайша, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. бас кезінде Қазақстан жерінде күрделі ахуал қалыптасып, Ресейдің қоластындағы түркі-мұсылман халықтары қиын-қыстау кезеңді басынан өткеріп жатты.

2.2 Қазақстандағы патшалық әкімшіліктің ағартушылық саясаты

Патшалық Ресей өзінің қоластындағы халықтардың қандай да бір ұлттық мәдениеттің көрініс табуына, ұлттық сезімнің оянуына қарсы болып, барынша басып отырды. Орыстандыру мен шоқындыру процестері осы саясаттың құралы болғаны анық. Осы орайда патшалық өкімет империяның түкпір-түкпірінде арнайы білім ошақтарын ашып, біртұтас орыс халқын құру мақсатына жетуді көздейді. Осы мектептер арқылы бұратана халықтарға орыстық білім беру нәтижесінде оларды Ресейдің сенімді азаматтары болуына ынталандырып, «проресейлік» көзқарасты қалыптастыруға тырысты. Бұл мектептер ресми деректерде «орыс-қазақ», «орыс-түземдік», «орыс-қырғыздық» деп аталып, атауының өзінен қандай бағытта білім беретінін айғақтап тұрғандай. Бұл мектептердің түпкі мақсаты жөнінде сол кезде оқу-ағарту министрі болған Д.А. Толстов 1870 жылы былай дейді: «...орыс-түземдік мектептердің ақырғы мақсаты – Ресей жерінде тұратын барлық өзге ұлттарды сөзсіз орыстандырып, орыс ұлтымен біріктіріп жіберу», – деп, империяның қоластындағы жергілікті халықтардың орыс ұлтына жұтылу қаупі бар екенін мойындап тұрғандай [178, 43 б.].

Орыстандыру саясаты империяның барлық территорияларында, соның ішінде Қазақстан жерінде де жүргізілді. Орыстандыру саясатының мәні – орыс тілін бұратана халықтардың тіліне айналдыру, орыстық өмір сүру салтын, ойлау, дүниеге көзқарасын, тұрмыс-тіршілігін, дінін орыстық үлгіге сай сіңдіру. Бір сөзбен айтқанда, барлық өзге ұлттарды ұлт ретінде жойып, мәңгүрттік деңгейге түсіріп, орыс халқына жұтылдыру. Генерал-губернатор Кауфман бұратана халықтарды оқыту ресейлік мүдде тұрғысынан жүргізілу керектігін айта отырып, ол мүдденің өзегі өзге ұлттардың шаруашылығын дамыту, азаматтық сана-сезімін көтеріп, ресейлік мемлекеттік өмірдің негіздерімен біріктіру екенін айтады [32, 35б.].

Бұратана халықтарды орыстандыру процесінде ағартушы-миссионер Ильминскийдің орны ерекше. Н.И. Ильминский империя құрамындағы бұратана халықтарды оқытудың, шоқындырудың теоретигі деп айтуымызға болады. Себебі, патшалық өкімет оқу-ағарту саясатында Ильминскийдің бағдарламасын, оның ұсыныстарын басшылыққа алып отырған.

Ағартушы-миссионер ғалымның көзқарасы бойынша өзге ұлттарды орыс тілінде оқыту саясатына байланысты мемлекеттің ұстанатын бағдарламасы 3 критерийге негізделуі тиіс болды:

1) бұратана халықтарды оқыту барысында сол жергілікті халықтың өзінің тілінде сабақ жүргізу қажет. Ол тіл әдеби немесе ойдан құрастырылған тіл емес, міндетті түрде халықтық ауызекі тіл болуы шарт;

2) оқыту процесінде міндетті түрде жергілікті кадрларды қолдану. Сырттан келген орыс мұғалімінен гөрі өз ішінен шыққан адамға халықтың сенімі жоғары болары сөзсіз. Осы тұсты отарлық саясат жүргізуге тиімді қолдануға жағдай туғызады ;

3) «...лучшим средством для христианской миссии или борьбы с иноверною пропагандою может быть только школьное просвещение инородцев. Дело просвещения эффективнее всего реализовывать путем организации миссионерских проповедей и бесед среди инородцев» [199, 213-214 б.]. Яғни діни-миссионерлік бағыт оқу процесімен бірге жүруі нәтижелі болатындығын айтқан.

Профессор Ильминскийдің 1869 ж. 5 ақпанда оқу-ағарту министріне 1867-1868 жж. реформаға сәйкес өзінің кейбір ойларын баяндаған хаты бар. Мысалы, Ильминский қабылданған ережеге сәйкес (параграф 259) ауылдық молдаларға мешіт жанынан мектеп ашуға рұқсат берілген. Бұл шешімнің дұрыс еместігін айта отырып, Ильминский бұл мектептің болашақта үлкен медресеге айналып кетуінен қауіптенеді. Әсіресе баланың сауатын ашуда орыстық емес, татар-мұсылмандық негіз болатынына қарсы болады. Қазақ халқының бұрынғыдай көшіп-қону өміріне өзгерістер жасалған соң, олар өзінің энергиясын білім алуға жұмсауы анық. Сондықтан қазақ даласында мектеп пен медресеге бәсекелес бола алатын, арзан, қолжетімді орыстық мектептерді ашу керектігін айтқан. Мысалы, «кішігірім мектеп пен медреседе мыңдаған бала оқыса, ал орыстық зәулім, ірі мектептерде жүздеген ғана бала оқиды», – деп нық қадамдар жасау керектігін айтады.

Енді бұл кішігірім орыстық мектептерді қалай құруға болады деген сұраққа профессор былай жауап береді: «...дәл қазір бұл сұраққа жауап беру өте қиын. Халықтың өмірінде дін мәселесі өте өзекті орынды алады. Халықты мектепке тарту үшін ең алдымен олардың сол мектеп арқылы дінге деген сұранысын қанағаттандыру керек. Ал біздің мектептерде мұсылмандық дінді оқыту мәселесі мүлде қарастырылмаған», – дейді. Осы кезде халықтық қазақ мектептерін құру идеясы көтеріледі, яғни бұл хатты Халық ағарту департаменті 1869 жылдың көктемінде жазған еді [183, 19 а.б.].

Ильминскийдің оқу-ағарту министрлігіне қазақтарды оқыту жөнінде қойған талаптары: «...обосновать образование собственно киргизское (а не татарское) с направлением в русских интересах; поставить эти образования в такие условия и дать ему такой характер, чтобы оно способно было в возможно скором времени широко развиваться в массы киргизского народа». Атақты орыс миссионерінің бұл айтқан барлық ойлары мен ұсыныстары ескеріліп, қазақ даласында өзінің қолданысын тапқан болатын [183, 20 п. а.б.].

Ильминскийдің шәкірті болған Граменицкий ұстазының жұмысын әрі қарай жалғастырып, жергілікті халықты орыс тілінде оқытуда аударып беру әдісінің әлсіздігін айта отырып, оның орнына көзбен көріп отырып, дыбыстау әдісін ұстануды жөн көрді. Яғни, сурет пен оның атауын айтып, үнемі сөйлеу дағдысын жетілдіру еді [200, 74 б.]. Бұратана халықтарды орыс тілін оқыту арқылы орыс әлемімен таныстырып, жақындастыру әдістері І-дүниежүзілік соғысқа дейін жетілдіріліп отырған.

XIX ғ. екінші жартысында отарлық өкімет мұсылмандық мектептер мен медреселерге қарсы шабуылдарын үдетті. Оларды орыс мектептерімен алмастыруға әрекеттенді. Бірақ бұл орыстық оқу орындары жалпы педагогикалық канондарға қарама-қайшы келді. Олай дейтініміз, мектептер жұмысы саяси мүддеге емес, педагогикалық ұстанымдарға негізделуі керек болатын. Оқыту тілі баланың ана тілінде жүргізіліп, орыс балаға орысша, қазақ баласына қазақша, татарға татарша берілуі керек еді. Бұл көтеріліп отырған бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. Себебі, тілі енді ғана жетіліп келе жатқан балаға үш тілде бірден білім беру қате, ең алдымен бұл саяси тұрғыда, мемлекеттің болашақтағы қауіпсіздігі тұрасында нұқсан келтіретін сөзсіз. Әр бала сол елдің болашақтағы тірегі болмақ, демек оған жастайынан төл ана тілі арқылы өз ұлтына, еліне, жеріне деген патриоттық махаббат ұялатып, ұлтжандылық, ұлтшылдық рухта тәрбие берілгендігі дұрыс болар. Олай болмаса, қай тілде оқытылса, сол тіл арқылы басқа ұлттың мәдениетін, ойлау жүйесін бойына сіңдіріп, түптеп келгенде шет елдің азаматы болып шыға келеді. Мұны қазіргі қоғам ішінде анық байқауға болады [201, 443 б.].

XIX ғ. екінші жартысы қазақ халқында мұсылмандық пен орыстық оқу орындарының теке-тіресі нәтижесінде өрбіді. Диссертацияның алдыңғы бөлігінде айтылып өткендей, отарлық билік жәдидтік білім ошақтарын өзінің бәсекелесі, саяси құрылымды шайқалтушы, ислам дінін уағыздаушы деп наразы болды. Бастапқы кезде орыс-қазақ мектептерінің ашылуын халық біржақты көңіл-күйде қабылдамады. Бір тобы орыс тілінде білім алуды орыстық мәдениетке қолжеткізу, заманауи батыстық мәдениеттен сусындау деп қабылдады. Әсіресе Қазақстанның отарланушы позициясында болғанын ескерсек, орыс тілін білу қажеттілік болғаны сөзсіз. Бұл ойды қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев та айтқан болатын. Өзінің шығармашылығында орыстық мәдениетті, әдебиетті, тілді оқу керектігін бірнеше рет айтқан. «Хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі де орыста тұр. Залалынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға, тілін, оқуын, ғылымын білмек керек»»; «Орыстың ғылым, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі»; «...барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет», – деп, сол заманның өзіндік ерекшеліктерін аңғарып, халқына жарқын өмірдің орыстық ғылым-білімді игерумен ғана келетінін жеткізуге тырысқан [202].

Кейбір ауылдар халық болып, ақша жинап, орыс-қазақ мектептерінің ашып беруін сұрап, әкімшілікке өтініш хаттарын да жазған. Мәселен, Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің 461-қорында мұсылмандық инновациялық жаңа толқынның туындап жатқандығы, мұсылман арасында өзара қарым-қатынас жасаудың жылдамдағанын айта келе, оның Ресейлік отарлық саясатқа кесірін тигізуі мүмкіндігін жазады. Осы істің жалғасында Түркістан генерал-губернаторына жазған хатында жалпы әлемдегі мұсылмандар арасында коммуникация ісі жақсы жолға

қойылғанын, мұсылмандардың жаңалыққа, білімге, прогресске қызыға бастағандығын, көздерінің ашыла бастағандығын, өзара ой алмасу жеңілдегенін айта келе, бұл үрдіс Ресей империясының мұсылман халықтарына деген саясатының жүзеге асырылуына кедергі келтіретінін айтқан. Ал ол саясаттың мәнін былай түсіндіреді: «татарлық орталықтарда ресейлік өкіметтің ассимиляциялауға, иесіздендіруге және оқшауланған мұсылман әлемін залалсыздандыруға бағытталған әрекеттеріне қарсылықты күшейтіп жатқандығын мәлімдейді. Ал қырғыздар болса, көп жағдайда бұл қозғалыстан алыстау екендігі, себебі олар өздері орыс-қазақ мектептерін құруға үлкен ақша беруде. Мәселен, Пішпекте гимназия ұйымдастыруға қырғыздар 100 мың сом ақша жинаған, Қапалда, Жаркентте, Пржевальскіде ақша жинау жолға қойылуда», – деп айтылған [203, 26 п.].

Патшалық билік мұсылман халықтарының білімге деген құштарлығын байқап, бұл қажеттілікті тез арада орындау керектігін түсінді. Орталық Мемлекеттік архивтің 44-қорының 15821-істе Түркістан аудандық күзет бөлімшесінің басшысы 1913 жылдың 16-қаңтарында: «Егер қазақ халқы ағартушылыққа зәру болып, ынталанып отырса, онда біз олардың қажеттілігін басқалардан бұрын қанағаттандыруымыз керек. Ол үшін орыс мектептерінің санын арттырып, мектеп пен медреселерді ығыстырып шығуымыз қажет», – деп, нәтижесінде орыс сауаттылығын үйрететін қарапайым әрі арзан оқу орындарын ұйымдастыру ісі одан әрі жеделдей түсті. Дәстүрлі көшпелі гимназиялармен бәсекелес болу үшін бұл мектептер көшуге ыңғайлы жеңіл сандықпен, жиналмалы тақтамен, жер үстелдерімен, сауда есептерімен, кілемше, және т.б. заттармен жабдықталуы тиіс болды [204, 10 п.].

Түркістан генерал-губернаторына 1913 жылы генерал-лейтенант Фольбаум хат жазған. Оның ойынша қырғыздардың татар молдаларына еріп, қарсы шығып кетпеулерінің алдын алу үшін үш шара жасалу керек:

1. Қырғыздарды жермен қамтамасыз етіп, көші-қон үшін жерді тартып алуды доғару;
2. Жергілікті халықтың әкімшілік және сот жүйесін жақсарту;
3. Орыстандырушы бағыттағы мектептердің түрі мен ортақ бағдарламасын жасап, қырғыздарды саяси тұрғыда тәрбиелеу керек», – делінген [203, п. 26].

Шындығына келгенде, жәдидтік қозғалысының өкілдері де орыстық тілді білуге шақырған. Патшалық әкімшілік қызметкерлерінің көзқарасы бойынша жаңа әдісті мектептерді жақтаушылар осы мектеп-медреселер арқылы ортақ түркі тілі негізінде барлық мұсылмандардың басын біріктіруге ұмтылыс жасауда. Демек, мұсылмандық мектептерді реформалаудың түпкі мақсаты барлық мұсылман халықтарды діни-ұлттық фактор негізінде ресейлік мемлекеттілікке қарсы біріктіру деп сенді. Алайда бұл ойлары қате болған, себебі жәдидтік мектептің іргесін қалаған Гаспринский мен оның жақтастары өздерінің еңбегінде түркі-мұсылман халқын Ресей мемлекетімен

бейбіт өмір сүруге, оның тілі мен мәдениетін білуге шақырып отырған еді. «Біз мұсылмандар Ресейдің қоғамымен, саясатымен біргеміз, бірақ мәдени тұрғыда жеке даралыққа ұмтыламыз деп», – Ахтямов мәлімдеген еді [198, 2 п.].

Бірақ бір ескеретіні, жәдидтер империя құрамындағы орыс халқы мен мұсылман халықтарының өзара тең құқылы, заң алдындағы бірдей теңдігін талап еткен. Ал екінші топ болса орыстық мектептерде қазақ балаларының білім алуына үзілді-кесілді қарсы болды. Бұл ислам дініне, шариғатқа қарама-қайшы екендігін айтты. Балалардың орыстанып, шоқынып кететіндігін алға тартты. Бұл үрей мен қорқыныштың артында шындық жатқандығын жоғарыда келтірілген архивтік және жазба құжаттар айғақтап тұрғандай.

Орыстандыру саясатының басында мектеп ісі тұрды. Бұл тарихи факт. Бұратана халықтың ұлттық сана-сезімін өшіруде осы көптеп құрылып жатқан орыс-қазақ мектептері басты рөлде болды. Бұл міндетті жүзеге асыру отарлық кезеңде Қазақстанның барлық аумағында бой көтерген орыс-қазақ мектептеріне жүктелді [205, 212-213 бб.]. Олар өз кезегінде қазақ балаларын тек орысша білім беріп, сауатын ашып қана қоймай, оларды орыстардың дүниетанымымен, өмір сүру салтымен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, бір «ағзаға» біріктіру. Мектептік өмір барысында қазақ жастарының үнемі орыстық күнделікті өмірмен таныса отырып, бірте-бірте мұсылмандық фанатизмге тоқтау салып, қазақ халқының сепаратистік көңіл-күйін басуға жәрдемдеседі деп сенді. Патшалық өкімет қазақ халқының арасында әр деңгейлі мектептер ашып, ол жерде аудармашыларды дайындап, кейін солар арқылы отарлық саясатты жүргізуге талпынды.

Қазақ балаларын оқытатын алғашқы орыстық мектеп 1789 жылы Омск қаласында «Азиялық мектеп» деген атпен ашылған болатын. Оның ашылудағы мақсаты жергілікті әкімшілік үшін кадрларды даярлау болды. Себебі орыс өкіметі жаңадан жаулап алған жерлерде билік жүргізу үшін жергілікті тілді білетін, сонымен қатар орыс тілін де меңгерген адамдар қажет болды. Олар биліктің шығарған заңдарын, талаптарын, ережелерін жергілікті халыққа жеткізіп, отарлық биліктің бір тетігі іспетті болды. XIX ғ. ортасында Омск қаласында «Омское училище» атымен тағы бір оқу орны ашылып, қазақтар арасынан аудармашылар мен писарьларды даярлады. Алғашқы қазақ балаларына арналған орыс тілді мектеп Бөкей ордасында 1841 жылы ашылған. Жалпы бұл мектептерге бастапқыда кез келген баланы қабылдай бермеген. Мәселен, 1857 жылғы қазақ балаларына арналған мектептердің ережесі бойынша орыс тілін оқытатын мектепке төмендегі сандағы балалар қабылданған: сұлтандардың балалары; сұлтандық тегі жоқ, бірақ қоғам ішінде беделді адамдардың балалары; болыстың балалары; жалпы айтқанда патшалық өкіметке берілген, оның саясатын жүргізуде атсалысқан немесе болашақта халық ішінде сөзі өтетін адамдардың балалары [206, 50 б.]. Кейіннен мектептер саны артып, әр деңгейлі орыстандыру

орталықтары көбейе түседі. Отарлау ауқымы кеңейген сайын орыс-қазақ мектептер жүйесі де арта түскен.

Болашақта Қазақстанның жаңа аймақтарын жаулап алып, Орталық Азия құрлығына тереңдей енуіне байланысты орыстық мектептер жаңа жерлерде ашылды. Алдымен олар әкімшілік орталықтарда (облыстық және аудандық) құрылса, содан кейін ірі елді мекендерде де бой көтерді. Бөкей Ордасында алғашқы рет қазақ балаларын оқытатын орыстық мектеп ашылған [207, 126 б.]. Дәл осы сияқты орыс мектептері кейінірек Қазақстанның басқа да аймақтарында ашылды. Бастапқыда қалаларда Қостанай, Петропавл, Ақмола, Перовск, Түркістан, Верный, Семей, Торғай, т.б., содан кейін ірі елді мекендерде ашылды. Бұл мектептердің барлығы алты жылдық оқу мерзімімен екі жылдық деп аталды. Оқу орнының жанынан алыстан келген балаларға арналған арнайы жататын орын – интернаттар ұйымдастырылды, онда оқушыларға тегін киім-кешек, оқу жабдықтары пайдалануға берілді [208].

Екі жылдық мектептерде балаларға орыс тілі, арифметика, жаратылыстану, сызу және т.б. сабақтар оқытылды. Сонымен қатар, балаларға география және тарих туралы негізгі білім берілді. Екі жылдық мектепті бітіргендер ішінара тәжірибелік жұмысқа көшті, яғни олар әлемдік судьялардың, шаруашылық және уездік басшылардың аудармашылары болды. Ал кейбіреулері болыс басшылары мен ауыл ақсақалдарының хаттаушылары болса, ал басқалары мұғалімдік, фельдшерлік, ауыл шаруашылық және сол сияқты Қазақстанның кейбір қалаларында және көршілес облыстарда ашылған мектептердегі оқуға кетті. Екі жылдық мектептерден басқа мектептер де болды, олардың ішінен болыстық мектептер бір сыныптық болып саналды, яғни төрт жылдық оқу мерзімі бар бастауыш мектептер. Олар жекелеген (әкімшілік және сауда орталықтарында) елді мекендерде ашылды және екі жылдық мектептердегі секілді олармен бірге интернаттары болды [208].

Болыстық мектептерінде балаларға екі жылдық мектептердегідей пәндер оқытылды. Айырмашылығы тек олардың көлемінде болды. Сонымен қатар, болыстық мектептер екі класты мектептердің бірінші сыныбына теңестірілді, сондықтан оларды бітірушілер тікелей осы мектептердің екінші сыныбына бара алатын болған. Ауыл мектептеріне келетін болсақ, олар сауаттылық мектептері болып саналған. Олар далада ашылып, жалдамалы үй-жайларда болды: жазда киіз үйлерде, қыста жеркепелерде. Бұл жөнінде Томск архивінің 126-қорының 1161-істе жазылған (Дело об организации аульных (русско-киргизских начальных школ в Акмолинской и Семипалатинской областях 1898-1917 гг.) [209, 9 п.].

Бөкей ордасына қарасты ауыл мектептерін аралап жүрген инспекторлардың бірі оларды былай суреттейді: «Біз мектепке қарай жол тарттық, саздан немесе қамыстан жасалған мектеп аумағына кірдік: жарық аз, жылу сақтау үшін терезелер кішігірім болып жасалынған. Оқушылар еденде

отыр, біреулері дәптерлеріне иіліп жазу жазып отырса, басқалары оқып отыр. Кейбір мектептерде кітаптар мен дәптерлер қойылатын орындықтар қойылған. Көзге бірден оқу құралдарының жетіспеушілігі байқалады. Бұл мектептер қыста теңіз жағалауында болса, жазда жергілікті адамдармен құмға көшеді. Осындай ахуал Қазақстанның барлық аумағындағы ауыл мектептерінің ортақ көрінісі болды» [208]. Бұл дегеніміз басшылықтың ауыл мектептерін жақсартуға жағдай жасамағандығының нәтижесі себебі олар қарапайым халықты қараңғы етіп ұстағысы келді.

Ауыл мектептерінде оқу мерзімі екі жыл болды. Балаларды орыс тілі және арифметикаға үйретті. Бітірушілер бастауыш мектепке түсетін. Оқытушылар екі сыныптық мектептен және педагогикалық курстардан білім алған қазақтар болды. Ол кезде бастауыш мектеп пен екі сыныптық мектепте сабақ беретін оқытушылар педагогикалық мектептерден және семинарлардан білім алған қазақтар мен орыстар болған [210, 167-168 бб.].

Ауыл және бастауыш мектептерде қазақ балалары ғана оқыған, сонымен қатар бастауыш мектептерде кейде орыс балалары болған. Екі сыныптық мектептерге келетін болсақ онда орыстар да, татарлар да және басқа да ұлт өкілдері оқыған, бірақ оқушылардың көп бөлігін қазақ балалары құраған [208].

Қазақ балалары оқушыларының әлеуметтік құрамына келетін болсақ, олардың басым бөлігі жағдайы жақсы балалар болды. Бірақ олардың арасында кедейлердің балалары да кездескен. Себебі, қазақтың кейбір ауқатты байлары орыстық мектептерде балаларды шоқындырып, орыстандырып, кейін әскерге жауынгер етіп алып кетеді деп қорқып, балаларын жібермей қойған. Сондықтан мектеп әкімшілігі кейбір мектептерді кедейлердің балалары есебінен жабдықтауға мәжбүр болды. Сонымен қатар, орыс мектептеріне, атап айтқанда болыстық және екі жылдық мектептерге кедей балаларды тартуда мектеп жанынан ашылған интернаттардың болуы септігін тигізді, бірақ соған қарамастан, қазақ балалары үшін ашылатын орыс мектептерінде оқушылардың жалпы санында кедейлердің балалары аз болды. Қалталы азаматтар тарапынан орыстық мектептерге деген сенімсіздіктері оның балаларды оқытудағы жетістіктерін көрген кезде жойылып, бұл мектептерге балаларын оқытушылар қатары арта түсті. Н. Сабитовтың айтуынша, мектеп ісінде болған кейбір жетіспеушілікті ауыл тұрғындары толтырып отырған. Мәселен, қыс мезгілінде балаларды оқытатын үй болмай қалған кезде, оқу-білімге құштар жандар өздерінің қыстақтарын сыйлаған. Жалпы қазақ халқы білім-ғылым мәселесіне жанашырлықпен қарайтындығы, тіпті өздерінің қыздарына білім беретін қыздар мектебін ашуды сұрағандықтары баяндалған [32, 38 б.].

Ендігі кезекте осы орыстық мәдениетті алып келуші ретінде қабылданған орыс-қазақ мектептерінің ашылу процесін, барысына тоқталсақ. Наливкиннің еңбегінде бұл мәселе толық ашылып, сипатталған. Ташкент өңірінде 1884 ж. 19-желтоқсанда алғашқы орыс-қазақ мектебі ашылған.

Оның салтанатты ашылу рәсіміне қабылданған жергілікті ұлттың балаларын көрсету керек болды. Осы тапсырма полиция басқармасына жүктелді. Өз еркімен байырғы тұрғындар балаларын мектепке жібермейтіндігін жақсы түсінген полиция қызметкерлері қорқыту, үркіту, пара беру секілді әрекеттерге барып, бай-шонжарлардың балаларынан 41-ге жуық бүлдіршіндерді жинап алады [90, 104-105 бб.].

Ал келесі жылы 1885 жылы Пскент пен Чиназ елді-мекендерінде тағы да екі орыстық мектеп ашылған. Ата-аналар бұл мектептерге де өз балаларын жібергілері келмеді. Бірақ полиция құрылымы күшпен жиырма баланы әр топтағы жергілікті халықтан тартып алса, тағы жиырма оқушыны ең кедей топтан сатып алды. Әр балаға 20-30 рубльден әке-шешесіне ақша берген [90, 106 б.]. Мектептің салнатты ашылуына губернатордың келуі күтілді. Таң азанмен барлығы жиналып, есік алдында болыстық басшының қарауыл жігіттері тәртіпті күзетіп тұрды. Жергілікті билік өкілдері мектеп ашу, губернаторды күтіп алу, балаларды мектепке күшпен не ақшамен келтіру секілді шығындардың барлығын артығымен халықтың мойнына салып, тіпті, алдын ала үлкен салықтар жинап отыратын болған. Осындай жеңіл табыстың көзін үйреніп алған жергілікті әкімшілік өкілдері, Ресей билігіне Түркістан өлкесіндегі жергілікті халық қазақ-орыс мектептеріне разы, оның көптеп ашылғандығын талап етіп отыр деп, ақша табудың арам жолына түсіп кеткен еді. Наливкиннің айтуы бойынша, жергілікті биліктің осындай қанауына шыдай алмаған халық 1887 жылы өлкеге келген ревизорға көптеген шағымдар түсірген [90, 109-110 бб.]. Бұл істердің барлығы генерал-губернаторға жеткен кезде, ол бұл ұятты істің ары қарай өрбуіне жол бермей, уезд болысына, осы қанаудың жетекшілеріне сөгіс береді. Олар өзінің мүддесіне қарай істі жылы жауып, ешқандай заңсыздықтар мен келеңсіздіктер болмағандай кейіп танытқан. Бұндай халықты талан-таражға салып, тонаушылық үрдіс өлкенің барлық үш облысында да болып жатқанын айтады.

XX ғ. басына қарай жоғарыда аталған мектептер бойынша қысқаша есеп берілген. 20 жыл ішінде аталған қазақ-орыс мектептерінен өткен балаларды оқу сауаттылығына қарай үш топқа бөлуге болады:

1. қашып жүріп мектепті бітірмегендер;
2. азды-көпті орыс тілін үйреніп шыққан балалар (алайда, көп ұзамай олар оқығандарының барлығын орыс тілін қолданатын орта болмағандықтан ұмытып қалып отырған);
3. орыс тілін, арифметиканы, басқа да дүнияуи пәндерді оқып, қоғамнан өз орнын таба алмай, базарға саудаға кеткендер [90, 110 б.].

Орыс мектептеріне қазақтардың осындай оң көзқараста болуын сол заманның орыс тіліне деген сұраныстың артуымен түсіндіріледі. Себебі, қазақ халқы тіл білмегендіктен, өзінің құқықтарын қорғай алмай, орыстық әкімшілікке, орыс шаруаларына табаланып жатқан еді. Мұны түсінген халықтың едәуір бөлігі балаларының орыс тілін меңгеруін қош көре бастады.

Жоғарыда айтылған білім ошақтары бұл қазақ балаларының отаршылдық кезеңінде оқып, орысша білім алған негізгі мектептер. Сонымен бірге қазақ балалары арнайы мектептерде білім алған, олар Қазақстанның әртүрлі қалаларында және ірі елді мекендерінде орыс балаларына ашылған (Ақмола, Орал, Семей және т.б.): ауыл шаруашылық, қолөнер, фельдшерлік мектептер. Семей, Ақмола, Орал және басқа қалаларда ашылған мұғалімдер мектептері мен семинариялары, оның ішінде Қазақстанның көршілес облыстарының қалаларында (Орынбор, Омск, Ташкент және т.б.) ашылған мұғалімдер мектептері мен семинарлары қазақтар арасында халық ағарту жүйесінде маңызды рөлге ие болды. Бұл мектептер мен семинарияларда қазақ жастарын болыстық, ауыл мектептеріне және екі сыныптық мектептерде оқытушы болуға арнайы дайындады. Жоғарыда аталған жалпы және арнайы барлық мектептер патша үкіметінің мүддесі үшін, отарлық саясатты жүргізу мақсатында ашылғандығы туралы төменде баяндалатын болады.

Орыс тілі көмегімен қазақ халқының діліне, дініне, көзқарасына әсер етіп, орыстық құндылықтарды алып келу мақсатында мектептер маңызды рөл атқарды. Жас балалар орыстық элементтерді бірден қабылдап, көзқарастарын өзгертуге бейім тұрған әлсіз әлеуметтік топ екендігі баршаға мәлім. Жастайынан орыс тілінде оқып, білімді орысша алып, орыстық «оазисте» тәрбиеленген бала бойында орыстық сана қалыптасып, ойлау жүйесі, көзқарасы өзгертіндігі анық. Ментальды тұрғыда бала өзін қазақ, не мұсылман деп сезінбей қалады. Орыс тілі арқылы ұлттық өзіндік ерекшеліктер жойылып, қазақ мүддесі үшін емес, орыстық мүддені жоғары қоятын космополит жастарды қалыптастыру саясаты үлкен қарқынмен жүргізілді. Мектеп өмірінде күнделікті орыстық білімнің, орыстық тілдің, діннің, мәдениеттің артық екендігі қайталанып отырды. Сол уақыттың көптеген әкімшілік қызметкерлері, зерттеушілері, миссионерлері осы артықшылық идеясын үнемі насихаттап отырғанын байқауға болады.

Орыс-қазақ мектептеріне қарсылық білдірудің артында қазақ халқын жойылып кетпей, ата-баба дәстүрін сақтап, ұлт ретінде орыс халқына жұтылып кетпеу мәселесі жатқан болатын. Бір жағынан қарағанда бұл мектептер балалардың сауатын ашып, орысша білім алуға мүмкіндік жасап жатқандай көрінгенімен, түпкі мақсаты саяси отарлық бағдарламаны жүзеге асырушы еді. 1870 жылы «Ресейді мекендеп отырған бұратана халықтарды оқу-ағарту шаралары туралы» ережеге сәйкес жергілікті халықтардың мектептері үшке бөлінді. Бөліну принципі балалардың білімділігіне, мұғалімдердің кәсіби деңгейіне, т.б. емес, орыс тілін меңгеру дәрежесіне байланысты болды. Бірінші санатқа орыс тілін мүлдем меңгермеген мектептер, екіншіге жартылай оқығандарға, үшіншіге толық орыс тілін меңгерген мектептер жатқызылды. Бірінші санаттағы мектепте алғашқы сауатты ашуда қазақ тілін қолдануға, кириллица алфавитінде жазылған оқулықтарды оқуға рұқсат берілді. Екінші топтағы мектептерде сабақ орыс

тілінде жүргізілді, ал мүлдем түсінбеген балаға жергілікті тілде үйретуге рұқсат берілді. Бұл мұғалімдер екі тілді қатар білуге міндеттелді. Ал үшінші топтың мектептерінде сабақ тек орыс тілінде жүргізілді, ана тілін пайдалануға мүлдем шектеулер қойылды [211, 15 б.].

1874 жылдың 20 қарашада қабылданған ережеге сәйкес мектеп пен медреселер халықтық училищелер инспекторына толығымен бағындырылды. Сонымен қатар әр мұсылмандық оқу орнында өздерінің қаражатына ұымдастырылған орыс тілін үйрететін сыныптарды ашуға міндеттелді. Екіншіден, жаңадан мектептердің ашылуы үшін жергілікті мұсылмандық ұйымдардың қаражатына алынған орыс тілді оқытатын ұстаздың болуы шарт болды. Үшіншіден, мектеп пен медреселердегі сабақ жүргізу барысын қадағалап, шетелдік басылымнан шыққан кітаптарды пайдалануға тосқауыл қойылды. Төртіншіден, бұл мектептердің қаншалықты деңгейде санитарлы-гигиеналық талаптарға сай келетіндігі қарастырылды [19, 41 б.].

Ресейдің билік өкілдері исламды ұстанатын қазақ, башқұрт, татар халықтарына білім беруде орыс тіліне аса мән берді, оларға төрт сыныптық білім жеткілікті деп есептеді. Орыс-қазақ мектептерін ашу патша үкіметінің қайырымдылық шарасы емес, қайта Ресей империясы құрамындағы Далалық өлке көшпелі халқының шаруашылығы мен мәдениетін жедел интеграциялау саясаты еді [212, 136 б.]. Қазақ, башқұрт, татар, т.б. жастарының гимназия мен университеттерде білім алуына билік өкілдері үзілді-кесілді қарсы болды. Ұлттық интеллигенцияны қалыптастырудағы патшалық биліктің мақсаты ағартушылық институттарын қалыптастыру емес, қайта оларды саяси-идеология қаруы ретінде қолдану болды [60, 41 б.].

С.М. Граменицкийдің қызметі туралы 1912 жылдың күзінде Түркістан өлкесіндегі мектеп, медресе мен училищелердің жағдайымен танысуға барған Н. Ильминскийдің ісін жалғастырушы Н.А. Бобровников өзінің «Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии: Путевые заметки» атты еңбегінде орыс-түземдік училищедегі орыс тілін оқыту бағдарламасы мен әдісін қарастырады. С.М. Граменицкийдің «Мектепте араб, парсы тілдері оқытылатынын, осыған қоса орыс транскрипциясын енгізу сабақты қиындатып, жергілікті халықтың наразылығын тудыруы мүмкін» дегеніне қарамастан, оның 4 жылдық білім беру бағдарламасын құптап, орыс тілін мектеп табалдырығын аттаған 1-ші жылдан оқыту дұрыс деген шешімге келеді. Ал Түркістандағы орыс-қазақ мектептерін мұсылмандық мактаб пен орыстық мектептің симбиозы негізінде құрылғанын айтады [22, 113 б.].

Томск облысының Мемлекеттік архивінің Ф-125 «Батыс Сібір училищелерінің бас инспекторы» атты қордың №17 ісінде Батыс Сібір генерал-губернаторына 1855 жылдың күзінде орыс-қазақ мектептерінің ашылудағы негізгі екі функциясы айтылады:

1) татар аудармашыларын алып тастап, орнына жергілікті халықтан оқыған қазақ балаларын алып, патшаның жарлықтары мен бұйрықтарын бұрмалаусыз халыққа жеткізу;

2) Ресейлік билікке көңілі бұрып тұратын, сенімді жастарды тәрбиелеп, отарлық саясатта ұтымды пайдалану [213, 3 п. а.б.].

Батыс Сібір генерал-губернаторына жазылған хатта татар аудармашыларының қызметіне көңілдері толмай, олардың орнына жергілікті халықтан оқыған жастарды қою мәселесі көтерілген. Отарлық өкіметтің қазақ халқына жаны ашып, олардың білім-ғылымнан құр қалып жатқан жағдайына қатты уайымдайтындығын мәлімдейді. Ал орыстық мектептердің басты екі мақсатқа жұмыс істеу керектігі айтылады: біріншісі, іс-қағаздармен жұмыс істей алатын, орыс және татар тілдерін жақсы меңгерген, дұрыс жаза алатын, іскерлік құжаттарды талапқа сай дайындайтын жастарды тәрбиелеу болса; екіншісі біздің өкіметке деген адалдығы мол болатын, сенімді азаматы болатындай берік адамгершілік тұрғыда санасын қалыптастыру.

Дегенмен, орыс-қазақ мектептерінде және орыстық білім ордаларында қазақтың зиялы қауым өкілдері, Алаш ардақтылары білім алғандығы баршаға мәлім. Қалайша қазақ интеллигенциясы орыс саясатының жетегінде кетпей, сойылын соқпай туған еліне адал болып, өмірінің соңына дейін халқы үшін аянбай тер төкті? Бұл сауалға жауапты архивтік құжаттарынан табуға болады. Мәселен, Өзбекстан архивінің И-47 қорының 1148-ісінде (Об открытии ново-методных мактабов 19.01.1911 – 23.02.1916 гг.) 1913 жылы 22-қыркүйекте Ішкі Істер министрі Маклаков патшаға жазған хатында былай дейді: «Сторонники школьной реформы открыто заявляют, ...школа должна насаждать в своих питомцах национальный и мусульманский дух столь прочно, чтобы они, не смотря ни на какие внешние воздействия, условия среды и окружающей обстановки, всюду и везде оставались верными своей национальности и религии» [214, 1 п. а.б.]. Осы тұжырымды әрі қарай өрбітсек, Алаш ардақтылары мен қазақ мұсылман қайраткерлерінің барлығы дерлік алғашқы сауатын мұсылман ордаларынан ашқан. Яғни олардың таза қағаз секілді кіршіксіз бойларына алғашқы тәрбие мен білім ислами құндылықтар негізінде сіңген еді. Ал психолог ғалымдардың пайымдауынша бала өзінің туған халқына адал қызмет етуі үшін алғашқы білімді өз төл тілінде, төл рухани мәдениетінің ортасында алуы шарт. Демек, интеллигенция өкілдерінің осындай теория бойынша алғашқы сауатын мұсылмандық бағытта алған болатын. Кейін қазақ жастардың да алғашқы білімін қазақ тілінде алуына барлық күш-жігерлерін салған болатын.

Бірақ Ресей өкіметі қазақ жастарының барлығын бірдей оқытып, білімін арттыруға құштарлы болмады. Оны осы құжаттың келесі бөлігінде оқу-ағарту министрі былай түсіндіреді: «Мектепке саны 20-дан аспайтын ғана бала алып, соларды дұрыс бағытта оқытуға бар күш салу керек. Шектелген бала саны оларға деген мығым әрі жан-жақты бақылау орнатуға ыңғайлы болуы үшін қажет. Оқыған жастардың көп болуы өкімет үшін қауіпті болмақ.

Сондықтан қызметке қажетті ғана балаларды оқыту дұрыс», – деп жазған болатын. Сонымен 1865 жылы Омбы мен Семей облыстарында қазақ балаларын оқытатын екі орыстық мектепті ашу жөнінде бұйрық қабылданған [213, 4 п. а.б.].

Жоғарыда көрсетілген бұйрыққа сәйкес Семей жерінде алғашқы мектеп ашылған. Ол жөнінде Томск архивінің 125-қорының 570-істе (Переписка с военными губернаторами Акмолинской и Семипалатинской областей об открытии русско-киргизских школ и интернатов для киргизских детей в Акмолинской и Семипалатинской областях 1875-1877 гг.) айтылған. Ең алғашқы қазақ жеріндегі орыс-қазақ мектебі (Батыс Сібір генерал-губернаторлығы аумағы негізінде) 1867 жылы Семей облысында, бұрынғы Көкпекті округінің Саржұмарт болыстығында ашылған. 1868 жылы Көкпектіге, бұрынғы Көкпекті округінің басшысы болған есаул Әлімхан Тілеубердінің қайырымдылыққа берген үйіне көшірілген. Бұл мектепке әр болыстықтан 2 баладан жіберілетін болып, жылына керек-жарақпен қамтамасыз ету үшін 520 рубль халықтан жиналып отырған [215, 2 п. а.б.].

Орыс-қазақ мектептерінің ашылудағы патшалық өкіметтің ұстанған құйтырқы саясаты уақыт өте келе жария бола бастады. Халық арасында оның беделі түсіп, Қазақстан жерінде мұсылмандық жаңа әдісті мектептермен терезесі тең бола алмады. Жоғарыда аталған фатілерді ескере отырып, патшалық билік қазақ даласындағы барлық мұсылмандық мектептер мен медреселерге, мешіттерге, қажылыққа барып келгендерге, сабақ беретін ұстаздарға тотальды бақылау орнатады.

Билік өзінің мақсатына жету жолында кең жүйелі тыңшылар аппаратын пайдаланды. Олар өзіне тиесілі жұмысты толықтай орындап, елде болып жатқан оқиғалар жөнінде ауқымды ақпараттар әкеліп тұрған. Сөзімізді дәйектесек, ҚР ОМА сақталған «Дело о задержании и высылке за границу турецкого подданного Махмет Амина, путешествующего по чужому билету. 1897-1898 гг.» атты архивтік құжатта Жетісу әскери-губернаторына 1897 ж. жолданған хатта: «Шілік болысында еш құжатсыз сенделіп жүрген бір молда бар. Ол өзін Қашғарлық Абдулла Хабибуллин деген сартпын деп таныстырған. Өзімен бірге түрік тіліндегі хаттар, кітаптар, түрік мөрі бар жазбалар табылған». Болыста ол әртүрлі садақалар жинап және балаларға сауаттылықтан сабақ беріп жүргендігі жазылған [216, 6 п.]. Осы құжаттың жалғасында Ішкі Істер Министрлігінде саяси қауіпті азаматтар жайлы ақпаратта соңғы уақыттарда Верный қаласында мұсылмандық үгіт-насихаттардың кең етек алғандығы баяндалған. «Бұл таралып жатқан әдебиеттерді полиция көмегімен тартып алып, ал уағыз-насихатшыларды сотқа беру», – шараларын қолға алу керектігі нұсқалған.

Мұсылмандық мектептер мен медреселердің саны артып, халық арасында оның беделі күн санап артып жатқанын байқаған отарлық өкімет татар молдаларының далада еркін жүріп, көшпелілер балаларын мұсылманша оқытуымен тікелей байланыстырды. Оның алдын алуы үшін фанатик

модалардың жүріс-тұрысын қадағалап, артынан бақылау орнатып, ақырында қазақ даласынан толықтай ығыстырып шығаруды көздеді. Биліктің пайымдауынша елден татар модаларын аластату орыстық мектептердің дәрежесін көтеруге ықпал етеді.

Архивтік дерекке сүйенсек, «Назим», «Кокандский», «Фролов» сынды арнайы тыңшы агенттердің аймақтағы ахуал жөнінде есептері берілген. Мәселен, Өзбекстан архивінің И-461 қорының 1361-ісінде «Шахризбский» лақап атты тыңшының 1913 жылы қаңтар айында берген бір есебінде Сырдария облысының Перовск пен Қазалы аудандарында татар ұстаздарының белсенділігі жөнінде былай дейді: «Қазіргі кезде татар молдалары еш кедергісіз еркін түрде жергілікті халықты оқытуда. Тіпті татар молдалары кездеспейтін бірде бір ауыл жоқ. Ескі әдісті мектептен гөрі жаңа әдісті мектептерде балалардың қысқа уақыт ішінде сауат ашып, оқу-жазуды меңгере алуына орай бұл мектептер халық арасында үлкен қолдауға ие. Ал орыс-қазақ мектептеріне ата-аналар балаларының шоқынып, христиан дінінің ықпалында қалып қалады деп қорқып, бермеуде. Бір баланы оқытуға бай адамдар жарты жылға татар молдасына 90-нан 180 сомға дейін ақша жұмсайды. Ал жағдайы төмендер балаларын оқытуға бір мезгілге 25-30 сом ақша береді. Шақыртумен келген татар молдалары ең алдымен жергілікті атақты ишан Ходжам Берды Ахунға келеді. Кейін осы ахун оларды жергілікті ауылдарға бөледі. Мәселен, Үш көпір ауылының байы Нұрылла Қыпшақ Бай татардың Садық атты молдасын 150 сомға шақырса, Шиелі бекетінде 130 сомға Уфаның Ғалия медресесін бітірген Садреддин атты молданы алдыртып, сабақ беру ісіне бекітілген [217, 27 п. а.б.].

Н.А. Бобровников «Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии. Путевые заметки» атты еңбегінде отарлық мектептер жүйесінің әлсіздігі мен оның сан жағынан мұсылмандық мектептерден әлдеқайда артта екендігін айтады. Оның келтірген мәліметі бойынша, Сыр-Дария облысында 804 мектеп пен 31 медресе, барлығы 835; Ферғана облысында 2446 мектеп пен 204 медресе, барлығы 2650; ал Самарқандта 2753 пен 93 тиісінше, барлығы 2846. Ал жалпы Түркістан генерал-губернаторлығында мұсылмандық мектептер саны – 6003, медреселер – 328, барлығын қосқанда 6331. Бұл жерде автор мұсылмандық оқу орындарын қадымдық не жәдидтік деп бөлмеген, тек барлығының статистикалық мәліметін келтірген. Мәселе онда емес, Бобровников сөз соңында былай дейді: «Так как в этих трех областях одновременно с 6,331 туземно-магометанским учебным заведением существовало лишь 89 русско-туземных училищ, то громадное значение мектеб и медресе ясно само собой» [21, 41 б.].

Билік өкілдерінің ішінде қазақтарға татарлардың ықпал етуіне зор қарсылық білдіріп, кириллица қарпіндегі қазақ тілін арабшаланудан сақтап қалуға көп күш жұмсағандардың ішінде оқу-ағарту минситрі Д.А. Толстов, орынборлық генерал-губернатор Н.А. Крыжановский және түркістандық генерал-губернатор К.П. Кауфман болды. Бір қызығы, осылардың соңғы

екеуі генерал-губернатор лауазымын Батыс өлкеде жемісті жұмыс атқарғаннан кейін алған. Олар тілдік фактордың өте өткір мәселе екендігін басынан өткеріп, көп тілділікті мемлекеттік мүдде тұрғысында пайдалану бойынша үлкен тәжірибе жинақтап келген болатын. Крыжановский бірнеше мәрте өзінің көзқарасы бойынша қазақтарға татарлардың әсер етуін зиянды екенін айта отырып, орыс тілін тарату жөнінде мәселе көтерген. Ішкі Істер министрлігіне П.А. Валуевке 1867 ж. жазған хатында татарлар мен башқұрттарды аудармашы жұмысынан аластату керектігін айтып, қазақ балаларын оқуға тартып, бұйрықты түрде мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін үйрету керектігін айтқан. Бітіріп шыққан жастарды қазақтың қоғамдық басқаруында пайдалануды жөн деп есептеген. Осы пікірді архив құжаттары да растайды.

Сөзімізді дәйектесек, Томск архивінің №597 ісінде отарлық биліктің татар тілінің қолдану аясын тарылтып, орыс алфавиті негізінде қазақ тілін халық арасында қолдануға көп күш жұмсады. Қазақ халқын орыс тілін оқуға ынталандырып, итермелеу үшін мемлекеттік заңдарды, ережелерді, іс-қағаздарды татар тілінде емес, орыс әріптерімен қазақша шығаруды қолға алды. Сонымен қатар татарларды далада сенделіп жүргізбей, елде жүруде белгілі тыйымдар салды. Енді қазақ халқының заң шеңберінде өмір сүруі үшін орыс тілін қалай болса да білуін қажеттілікке айналдырды. Жүргізілген эксперимент барысында гимназияның қазақ жастары орыс алфавиті негізінде жазылған қазақша мақаланы еш қиындықсыз оқып, түсінген. Осыдан кейін биліктің бұл шарасы қазақтарға орыс әрпімен берілген мәтіндерді оқып түсінуіне кедергі болмайтындығына көз жеткізіп, кеңінен қолдануға жол ашты [82, 5 п.].

1885 ж. 21 мамырда №2137 Дала генерал-губернаторының мұсылмандық оқу орындарында орыс тілі пәнін оқыту жөнінде нұсқаулығы шығады. Ол туралы Жетісу облысы әскери губернаторы Верный уездік басшысына жазған хатында былай дейді: «...жаңадан ашылып жатқан мешіт жанындағы медреселерде, мұсылмандық мектептерде орыс тілін жеке пән ретінде оқытуды міндеттеу қажет». Ал бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан мұсылмандық мектептерде халықтың назарын аудармай, бірте-бірте орыс сауатын енгізе беру керек. Мұғалімдер ретінде орыс-қазақ мектептерінде, семинарияларда орысша оқыған қазақ халқынан шыққан жастарды тағайындау бұйырылды. Себебі, көптеген мұсылмандық балалар орысша білім алғаннан кейін өзінің алған дағдысын пайдалана алмай, жұмыссыз жүреді, сондықтан билік тарапынан ұсынылған ұстаздық қызмет етуге қуана келеді. Оларға айлық жалақыны мемлекет тарапынан емес, жергілікті халықтың мойнына жүктеу тапсырылды [218, 1 п.].

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің 64-қорында Ақмола облысында мұсылмандық мектептер мен медреселерде орыс тілін оқытуды енгізу мәселесі айтылған. Ол бойынша 1880 жж. аяғына қарай «...мешіт жанынан мектеп ашуға рұқсат беріледі, тек орыс тілін оқыту пәнін

мектеп бағдарламасына кіргізу шартымен». Мұндай өзгеріс жасаудың, яғни орыс тілін оқытудың мақсаты былай айтылады: «орыс тілінің мұсылмандар арасында таратылып, сол арқылы жергілікті халық арасында орыс ықпалын күшейтуді, фанатизмді таратып жүрген имам-молдалардың ықпалын азайту» [219, 20 п.]. Алайда Акмола қаласындағы мұсылмандық мектептерге орыс тілі пәнін енгізуді талап еткенде, олар өздерінің балаларын бірінші кезекте ана тілі мен ислам дініне үйрететіндіктерін, содан кейін ғана барып орыс тілін оқуға жіберетіндігін айтқан [219, 5 п.]. Осындай айла арқылы мемлекеттік бұйрықты орындамай, бұрынғы қалпында қала берген.

Осы секілді 1885 ж. Петропавл полицмейстрі Акмола губернаторының нұсқаулығын Петропавл қаласындағы мектептер мен мешіттерге де орыс тілін бағдарламаға енгізу керектігі айтылған. Алайда, мешіт қызметкерлері балаларға алдымен татар тілін және Құранды үйрететіндіктерін, ал орыс тілін үйренуге қаладағы 5 жылдық гимназияларға барып оқытындарын жеткізеді. Соған орай мектептер мен мешіттерді жаппауды өтініп, Дала генерал-губернаторының атына ұжымдық хат жазып, қаланың тұрғындары қол қойған [219, 5-6 пп.].

Билік тарапынан халықтың мұң-мұқтажы мен қалауы қараусыз қалдырылып, осы хатқа былай жауап берілген: «Орыс тілін оқытатын мұғалім табылмаса, мұсылман қатарынан орыс тілін оқыған кез келген адамды тағайындауға бұйырады. Сонымен қоса жоғарыда айтылған нұсқау қалай дегенде де орындалуы тиіс, әйтпесе мектептің заңға қайшы келгендігі үшін жабылатындығын ескертеді» [219, 6 п.].

Мұндай қарсылықтар мен наразылықтар Қазақстан территориясының барлық дерлік бұрышында болып жатқан еді. Бұл үрдіспен бетпе-бет келген билік өкілдері, нақтырақ айтсақ генерал-майор Ливенцов Дала генерал-губернаторы атына хат жазып, бұйрықт орындамай жатқандарға қандай шара қолдану керектігін сұрайды. Репрессиялық қадамдарға бару, не осы күйінде қалдыру жолдары бойынша кеңеседі. Бірақ бұл мәселе жауапсыз қалған.

Оқу-ағарту министрлігі Ресей империясы құрамындағы славян емес халықтарға алғашқы орыстық білім беру ісінде мұғалімдерге үлкен сенім артқан. Бұл бағдарламаның мемлекеттік маңызы бар, саяси астарлы нысан екенін ескере отырып, Батыс сібір оқу-ағарту бөлімі орыс тілін бұратана халықтар арасында бастауыш мектептерде үйрететін орыстық мұғалімдер үшін арнайы талаптар жасаған:

1. Ол мұғалім ең алдымен сабақ өткізетін жергілікті халықтың тілінде емін-еркін оқып, таза сөйлей алуы керек;
2. Әсіресе татар тілін жақсы меңгерген болу қажет;
3. Мұғалімдікке бекітер алдында математика мен орыс тілінен емтихан тапсыру;
4. Егер үміткер Қазандық, Симферопольдық, Уфалық мұғалімдер мектебін бітірген болса емтихандар тапсырмайды;

5. Қазандық мұғалімдер семинариясында емтиханнан өтіп, мұсылмандық балалар сыныбында ашық сабақ өткізу керек болған.

Ал жергілікті халықтан шыққан мұсылмандар оқытушылық қызметке тұру үшін (қалалық, ауылдық) міндетті түрде орыс тілін білетіндігі туралы куәлігін көрсетіп, сосын арифметиканың алғашқы 4 амалын білетіндігі жөнінен емтихан тапсырған [219, 30 п.].

Мұсылмандық мектеп басшылары орыс тілін оқытатын мұғалімдерді таппаса, не орыс пәнін оқытуды өз еркімен сабақ жоспарына енгізбесе, жабылатын болған. Жетісу облысының халықтық училищелерінің инспекторының есептеуінше, мұсылмандық мектептерде орыс тілі сыныбын енгізіп, қаматамасыз ету үшін жылына әр мектепке 400 сом ақша керек [220, 2 п.]. Ал мектеп ішіндегі орыс класын ұйымдастырып оны қамтамасыз етуге қажет ақшаны жергілікті дін өкілдері тауып беруге міндеттелді.

Н.А. Бобровников Түркістан өлкесіндегі орыс-түземдік училищесінде орыс тілін оқытудың бекітілген бағдарламасын келтірген. Ол бойынша бұратана халықтың балалары бірінші жылы оқушыларды көзбен көріп, қолмен ұстай алатын қоршап тұрған ортаға байланысты орыс тіліндегі сөздерді ауызша қайталап, жаттауы керек болды. Мысалы, табиғатты суреттеу, үй, сыныптың ішін, жан-жануарларды және т.б. Оқулық ретінде Граменицкийдің 62 параграфтан тұратын 1-кітабын қолдану көзделді. Екінші жылы жаттаған сөздер негізінде мәтіндер оқып, оның түсінігін айту. Граменицкийдің оқуға арналған 1-ші және 2-ші кітаптары бойынша болып жатқан құбылыстарды сипаттау. Үшінші жылы оқушылар кітапта берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындап, жеке дара жауаптар тауып, жазбаша жаттығулар жасауға көшулері жоспарланған. Ал төртінші жылы үлкен көлемді ертегілер мен әңгімелерді оқып, түсінгенін айтып беру керек болды. Түркістан аймағының және Ресейдің географиясымен қысқаша таныстыру көзделді. Қатесіз сауатты жазуға бағытталған ауызша диктант жазу тапсырмасы болды [21, 6-7 бб.]. Орыс тілін оқытып, өз ана тілін мүлдем ұмыттыруға бағытталған отарлық биліктің оқу-ағарту бағдарламасында қазақ тілін қолдануды мүлдем жоққа шығару талпыныстары анық байқалады. Мұғалімдерге берілген нұсқаулықта орыс тілін оқыту барысында туындайтын түсініспеушіліктерді шешудің нұсқаулығы жасалған. Онда: «Егер оқу процесі барысында бала өткен орыс сөзін түсінбесе, не айтуға қиналса, онда оның атауын жергілікті тілде қалай айтылатындығын қолдануға болады. Бірақ түсінуі үшін тек бір ғана рет айтылсын. Алайда, бірнеше мәрте қолдануға болмайды, себебі олар орысша тыңдап, орысша сөйлеуді үйренулері керек», – делінген [21, 8 б.].

Орыс әкімшілігінің орыс тілін оқытудағы мақсаты ресми құжатта – мұсылман балалардың орысша жазып, оқи алса, сол алған білімдері арқылы күндерін көрсе деген игі мақсат қана екендігі жазылған [218, 1 п.]. Бірақ, жоғарыда қазақ жастарын оқытудың негізгі мақсаты айтылып кеткен болатын.

Бұл үрдіспен күресу үшін мұсылмандық білім орталықтары арқылы империяның тілдік саясатын жүргізуді көздеді. Бұл жоспарды жүзеге асыру өте қиын екені түсінікті болды, бір жағынан арнайы мамандарды даярлау керек болса, екінші жағынан жергілікті халықтың наразылығын туындатуы ықтимал болды. 1877 жылы молдалар мен ахундарға орыс тілі пәнін оқыту керектігі айтылса да, айтарлықтай ілгері жылжушылық болмады. Тіпті Петропавл қаласының татар молдалары патшаға арыз жазып, орыс тілін оқыту ата-баба дінін ұстануға қарама-қайшы әрекет деп, депутация жазуға дейін барған [221, 51-52 пп.].

Түркістан аудандық қорғау бөлімшесі басшысының мәлімдеуінше 1913 ж. 24 қазанда Верный қаласында молдалардың қатысуымен өткен мұсылмандардың жалпы жиыны болған. Ол бас қосуда жаңа бағыттағы (жәдидтік) мектептерге орыс тілінен сабақ беруге келетін орыс мұғалімдеріне қарсылық көрсету керек деген шешім қабылданған. Оның орнына орыс тілін жергілікті мұсылман ұстазы беру керектігін және бұл шешімді мектепті жауып тастауға барса да өзгертпеу керек екені туралы қаулы қабылдайды. Жергілікті шенеуніктің хатында: «Осы жиынның белсенді өкілдері дұңған молдасы Изнабакиев пен Алматы станицасының имамы Рафиков», – деп көрсетілген [204, 1 п.].

Ал өкімет орыс тілін оқытуды сабақ жоспарына енгізуді қазақтар үшін жасалып жатқан игі бастама екендігін, олардың мұсылмандық дініне еш қарама-қайшылық болмайтындығын, берілген бұйрық өзгертілмейтіндігін алға тартып, соңына дейін үміттенеді. Мешіт жанындағы мектептерде орыс тілін оқыту науқаны ашық та, жасырын түрде де дін өкілдері тарапынан қарсылыққа ұласты. XX ғасырдың басына дейін татар және арабша оқыту жалғаса берді де, ал орысша оқыту мүлдем жіргізілмеді [179, 12 п.].

Генерал-майор Цытовичтің жазбасында: «Қырғыздарды орыстандыру мақсатында ең алдымен татар жазуын орысшаға ауыстыру керек. Оны бірнеше жылдар ішінде ақырындап, бірақ тұрақты түрде жүргізу қажет. Бүгінгі күні оның бастамасы жасалған. Қырғыз интернаттарында балалар тек орысша ғана оқуда. Интернаттарда балаларды өз ойларын қазақша білдіріп, орыс әрпімен жазуға үйретеді. Бұлар кейін ауылдық мектептер үшін пайдалы мұғалімдер болмақ. Бұл мұғалімдер саны біршама болған кезде ауылдағы барлық татар мұғалімдерді ауыстырып, татар жазуын толық ығыстыруға болады», – дейді [183, 7 п.]. Демек, бұл хаттан түсінетіміз қазақ жастарын орыс сыныптарында оқытып, болашақта оларды отарлық биліктің құралы ретінде өз халқына қарсы қолдануды жоспарлағаны анық көрініп тұр.

Анығында, империялық билік өкілдері көшпелі халықтар арасындағы мұсылмандық білім беру мекемелерінің нақты ауқымын, санын, оқыту барысын толық қадағалай алмады. Мектеп пен медреселердің де статистикалық мәліметтерін білмеді. Олардың көбісі халықтық инспектор назаранына тыс қалып, жасырын түрде жұмыс істеп тұрды. Орыс тілі пәнін енгізу әкімшілік күткен нәтижелерді бермеді. Молдалар мен ұстаздар орыс

тілін оқытуға ниеттері де, кей жағдайда мүмкіндіктері де болмады. Ендігі кезекте орыс тілін бағдарламаға енгізбей, қазақ жастарын оқытпайтын мектеп пен медреселерді жабу секілді жазалау шаралары ойластырылады. Олай дейтініміз, Ақмола облысы бойынша халықтық училищелердің директоры Алекторов (1903 ж.): «Көптеген заңсыз ашылған медреселер мен мектептер, онда заңсыз сабақ беріп жүрген молдалар өздерінің міндеттеріне сай емес қызмет етуде. Байырғы мұсылмандық халық пен орыс халықтарын жақындастырмайды, сонымен қатар орыс тілінің таралуына кедергі жасап, орыстық азаматтықтың жайылуына қарсы әрекет етеді», – деп мәлімдеген болатын [220, 98 п.]. Заң бойынша (1893 жылғы оқыту ережелері жарғысының 3715 пен 3720 баптарына сәйкес) училищелік басшылықтың рұқсатынсыз ешбір оқу орны жеке-дара жұмыс жасай алмайды, ал ашылып қойған оқу орындарында орыс тілі пән ретінде міндетті түрде жүргізілуі қажет екендігі жазылған. 1909 жылғы уездер мен қалалық жерлердегі мұсылмандық медреселер саны жөніндегі есепте, рұқсатсыз ашылған мұсылмандық мектептердің саны күн санап артып отырғандығы, оларда орыс тілі оқытылмайтындығы жазылған [220, 2 п.].

XIX ғ. екінші жартысында патша өкіметі орыс-қазақ мектептерінің нәтижелеріне көңілдері толмады. Жер-жерде ашылған мектептердің саны аздығымен қоса, ол жерде оқып жатқан қазақ балаларының да қарасы мардымсыз болғандығы билікті алаңдатты. Себебі, бұл кезде ислам діні негізінде Ресейдің боданында болған мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімдері көтеріліп, жәдидтік қозғалыстың кең таралып жатқан уақыты болды. Сонымен қатар бұл мектептерді мемлекеттік қазыналық қаражатқа қамтамасыз етіп отыру да шығынды жұмыс болды. Халық орыс-қазақ мектептерінен гөрі мұсылмандық оқу орындарына, жаңа әдісті мектептерге балаларын жіберуді жөн көрді. Ал осы оқу орындарында Қазақ даласында бұрыннан бері орыс саясатына қарсы үгіт-насихат жүргізіліп отырды. Бұл мектептер әкімшіліктің қарауынан тыс жұмыс істеді, оған басшылықты көзі ашық, көкірегі ояу молдалар жүргізді. Жастарға мұсылмандық артықшылықты үйретіп, көшпенділер арасында орыс азаматтығының дамуының алдын алуға ұмтылды. Мұндай мұсылмандық мектептердің қазақ даласында кеңінен таралуына ең алдымен мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақтардың білім-ғылымға деген құштарлығы, сондай-ақ осы оқу-ағарту жұмыстарының көмегімен орыс халқымен терезі тең қарым-қатынас жасау. Келесі себебі, түркі-мұсылман халықтарының білімге деген құштарлығының артуымен түсіндіріледі. Ата-баба қанымен ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ислам дінінің тұнық философиясы, оның негізгі ұстанымдары да өз ықпалын тигізгені сөзсіз. Бірақ отарлық өкімет орыстандыру мен шоқындыру саясатын ары қарай, одан да үлкен күшпен, ынтамен жалғастыра берді. Ол саяси реформалармен, экономикалық қайта құрулармен, мәдени-ағартушылық трансформациялармен қатар жүріп отырды.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ АҒARTY САЛАСЫНДАҒЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР

3.1 Жаңа әдісті мектептердің қалыптасуы

Бұл тарауда, Қазақстандағы XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметіне тоқтала отырып, сол кезеңдегі Қазақстанның әр түрлі аймақтарындағы мектеп-медреселер мен жаңа әдістік (жәдидтік) мектептердің қызметіне деректік негізде салыстырмалы-тарихи талдау жасау жүзеге асырылады.

Ресейдің қоластындағы мұсылман елді мекендерінде XIX ғасырдың соңына қарай жәдидтік оқу орындары бой көтере бастады. Остроумовтың көрсетуіне қарағанда, Түркістан өлкесінде алғашқы жәдидтік мектеп Ферғана алқабында 1890 жылы ашылған [20]. Қазақ даласында алғашқы жәдидтік мектептер XX ғасыр басында ашылған-ды [222, 95 б.]. Содан, жәдидтік мектептердің саны жыл өткен сайын көбейе түсіп, тек Түркістан өлкесінде 1905 жылға қарай саны 35-ке дейін жеткен [223, 97 б.]. Жәдид мектептеріне мамандар тәрбиелеуде Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния» медреселері, Қазандағы «Мұхаммедия», «Расулие» медреселері елеулі қызмет атқарды. Онда оқитын басқа дамұсылман халықтарының балаларымен бірге қазақ жастарының саны да жыл өткен сайын өсе түсті. Оның үстіне аталмыш медреселердің мұғалімдері мен шәкірттері қазақ даласында көшпелі төте оқу мектептерін ашып, қазақ балаларына дүниауи білім берді. Мұндай мектептер Еділ бойынан алыста жатқан Жетісу өңірінде де бой көрсете бастады. Көшпелі жәдид мектептерінің ашылуына байланысты «Орыс-түзем» мектептеріндегі қазақ оқушыларының оларға ауысуы жиілей түсті [224, 64 п.]. В. Бартольд атап көрсеткеніндей ендігі жерде Еуропа мәдениетін насихаттауда Еділ татарлары орыстардың бірден-бір бақталасына айналды [225, 340 б.]. Демек, Қазақстан территориясына жәдидтік идеялар мен көзқарастар еніп, халық арасында танылып, кең қанат жая бастады. Оның негізгі тарату орталығы білім ордалары мен мерзімді басылымдар болғаны сөзсіз. Белгілі қазақтың қоғам қайраткері, әрі зерттеушісі Қ. Кемеңгерұлы айтқандай: «Тәржіман» газеті Түркістан өлкесіне де жетіп, ондағы жастарды оятып, жәдидтер тобын тәрбиелей бастады» [226, 24 б.].

Тәржіман газет бетінде Жетісу облысының Сергиополь қаласында (қазіргі Аягөз қаласы) осы уақытқа дейін бірде бір медресе болмағанын және осы олқылықтың орнын шақыртылған имам Хабибулла Қазыев толтырып, заманға сай медресе ашып, 70-ке жуық шәкірт жинағандығы басылған. Бұл ордада сабақ жаңа әдіс арқылы жүргізіліп, оқу үдерісінде Гаспринскийдің оқулығы басшылыққа алынған. Оқытушы ұстаз Троицк қаласындағы да молла Ахмед қажы хазреттің медресесінде білім алғандығы туралы баяндалған [227, 22 б.].

Ал 1891 жылы газет редакциясына мударрис Кешафетдин Шахмерданоглу медресесіндегі оқушылардың жетістіктері туралы хат келген. Онда Семей облысының Қарқаралы қаласынан Халиулла Бикметев «ходжаи сыйбиян» оқулығын басшылыққа ала отырып, 8-10 жастағы балалардың төрт ай оқудан соң жазу мен оқу ісін меңгерген. Олар естігенін түсініп, қағазға түсіре алатын деңгейге жеткен және кез келген кітапты оқып, талдай алатындығы баяндалған. Яғни, осы деректің мәліметін талдайтын болсақ, ескі дәстүрдегі медреселердегі көбінесе құранды жаттатумен шектеліп, тіпті оның мазмұнын түсінбейтін ұзақ уақытқа созылатын оқыту түрімен салыстырғанда, бұл алғашқы жетістіктердің бірден-бір көрінісі болды деуге болады. Мұның барлығы жария сынақ барысында тексеріліп, расталған [84, 57 б.]. Қазақ жерінде ашылған жәдидтік мектептің ең алғашқысы осы болу керек. Себебі, биліктің ресми құжаттарында бұл жөнінде мәлімет жоқ, ал Гаспринскийдің басылымында кездесіп отыр.

Орталық Мемлекеттік архивтің 41-қорында Алматы облысындағы бір жәдидтік медресе туралы ақпарат жазылған. Алматы облысының Қорам ауылында бір медресе бар екендігі, оның басшысы Сабит Селимов деген адам. Бұл медресе 26-27 жыл бұрын ашылған. Ол жерде 6 мұғалім жұмыс істеген. Негізін қалаушы Сабит ахун Құлжада, Қашғарда, Меккеде оқып, білім алған. Бұл медреседе 20 мен 30 жас аралығында 50 шәкірт оқыған. Негізі, медресеге 18-25 жас арасындағы балалар қабылданған, сонымен қатар мектептерді бітірген балалар да білім алған [228, 7 п.].

Медресенің оқу бағдарламасы төмендегідей:

- тіл үйрену (арабша және парсы тілі);
- логика, құдайтану (богословие, шариат, Құран тәпсірі, Мұхаммед туралы оқыту);

Толық курсты оқып бітіруге, баланың қасиеті мен шамасына қарай 15 жыл беріледі. Оқу жылы 1-қазан айынан бастап, маусым айына дейін жалғасқан. Сырттан келіп оқитын балаларға арнайы жататын орын қарастырылған [228, 7-8 пп.].

Қазақстан территориясындағы өз заманында қызмет еткен атақты медреселер жайлы С. Смағұлова өз зерттеуінде құнды мәліметтер береді. Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда – Ғабдулвалиевтер, Ақсуда – «Мамания», Қапалда – «Якобия», Зайсанда – «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда – «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылған. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дәріс алған [159, 311 б.].

Сонымен, жоғарыдағы деректер мәліметінен көретініміз, Қазақстанның түпкір-түкпірінде ашылған осындай ірі медреселердегі шәкірттер санының артуы қазақтар арасындағы білімге деген құмарлықтың артып келе жатқандығының нақты дәлелі болып табылады.

Архив құжаттарында қазақ жеріндегі екі мектеп/медресенің аты жиі кездеседі және ең танымалы ретінде сипатталады. Олар – Мамания мен Ғабдулвалиевтер мектебі. Жетісу облыстық 1-аудан оқу инспекторының Түркістан өлкесі училищелерінің Бас инспекторына 1914 жылы 3 мамырда жолдаған 1686-қатынас хатында: «Жергілікті мұсылман тұрғындары арасында көптеген мұсылмандық оқу орындардың ішінде Верныйдағы татар және Қапал уезіндегі ағайынды қазақтар – Маманов пен Тұрысбековтың жәдид мектептері беделді болып, мәртебеге ие болып отыр», – деп көрсетілген [229, 55 п.].

Енді, осы Маман байдың өмірі мен қызмет жолына толығырақ тоқтала кетейік. Маман байдың ұлдары – Тұрысбек, Сейітбаттал және Есенқұл қажылар өздері қала үлгісінде үй салдырып, негізін қалаған Қарағаш ауылында 1899–1904 жылдар арасында 3 кластық мектеп салдырады. Бастапқыда екі татар молдасы сабақ беріп, балаларға дін тарихын, шарият жолын оқыта бастайды. 1905 жылы Арасан болысының биі Сейітбаттал қажы мектепті кеңейтіп, 4 кластық етіп қайта құрып, жәдиттік оқу жүйесін енгізген. 1907 жылы ағаштан қиып мешіт үйін салдырса, 1909 жылы қызыл кірпіштен қалап Уфадағы «Ғалия» медресесінің үлгісімен медресе үйін салады. Қапал көшесіндегі Мейтанов үйінде жалға алып орналасқан. Медресенің құрылыс жобасы ғана емес, оқу бағдарламасы мен ішкі ережелері де «Ғалия» медресесінің оқу-тәжірибесіне негізделеді. Мектептің қаржылық жағын Вятка губерниясының татары Зейнетдин Тазетдинов қадағалайды (ол жөнінде кейінірек тоқталамыз). Алғашында татар мұғалімдері сабақ берсе, кейінірек «Айқап», «Қазақ» сияқты қазақ басылымдары арқылы қазақ ұлтының зиялыларына үндеу жарияланып жұмысқа шақырады. Медресе иелері шеттен келген мұғалімдерге жылына 2500 сом жалақы төлеп тұрған.

Бұл сол кездегі аса қомақты және әжептәуір жақсы жалақы болатын. Бір қызығы медресенің абырой атағын паш етіп, тіпті оны университеттің деңгейге дейін көтерген жағдай, шет елдер мен басқа қалалардан ең мықты деген оқымысты-мұғалімдердің шақыртылып, үй-жаймен, ас-ауқатпен және қаржымен толықтай қамтамасыз етіліп, барлық керекті оқулық, көрнекі құралмен қамтамасыз етілгендігі. Оның мысалы: медреседе 1911-1915 жылдар аралығында Татарстаннан – Нажар Әбішев, Башқортстаннан – Ахметгерей Ғабитов, Фатима Есенгелдина, Челябинскіден – Стамбұл университетінің түлегі Файзрахман Жиһандаров, Семейден – Мұстақым Малдыбаев, Ахметгерей Батыршинов, Мұхаметқали Есенгелдин, Орал облысынан – Каир университетінің түлегі, политолог-ғалым Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Сарқантан – Захар Назаров, т.б. арнаулы оқу орындарын бітірген қазақ, татар мұғалімдері келіп сабақ бергендігі [230].

Орталық мемлекеттік архивтің 7736 атты құжатта бұұл мектеп 1909 ж. инспектордың рұқсатынсыз ашылғандығы оқыс жағдайда анықталғандығы, нәтижесінде жабылып тасталғандығы баяндалған. Тек 1912 ж. 3-сәуірінде 1-

аудандық халық училищелер инспекторының №1045 рұқсатымен ашылып, орыс тілін оқыту жөнінде шарты қойылған. Мектеп Қарағаш шатқалында, Қапал уезінде орналасқан. Мектептің барлық шығынын ағайынды Мамановтар көтерген. Бір жылға мектептің барлық 4000 рубль болған. Басқарушы Тұрысбеков Құдайберген өзінің ағаларына кіріс-шығыс бойынша есеп беріп отырған. Кітапхана каталогы мен мүліктер инвентары жүргізіліп отырған. Мектептің меңгерушісі – Ғабдул Ғазиз Мусағалиев екендігі баяндалған: «...жергілікті адресі: Абакумов мекені, Қапал уезі. Ұлты қазақ (киргиз), мұсылман. Ішкі Бөкей ордасы, Астрахан губерниясында дүниеге келген. 15 жасқа шейін сол жерде тұрған, кейін Қазанда, Апанаев мектебінде 6 жыл оқыған. ОМСД мұсылманша оқыту жөнінде №5834 рұқсат қағазы бар». Ол 1911 ж. бастап мактаптың меңгерушісі болып тағайындалған. Орыс тілінде еркін сөйлей алатындығы, орыс грамматикасын да білетіндігі айтылған. Өткен жылдары 350 рубль айлық алса, 1913 ж. бастап 500 р. алып тұрған. Балаларға Құраннан дәріс берсе, 4-сыныпта сонымен қатар Ислам тарихы; 5-сыныпта Ислам тарихы, татар тарихы және хадистен сабақ берген [231, 18 п.].

Осы құжатта мектептің келесі мұғалімдері Мұхамед Ғали Есенгелді және Бейсембай Исмаил Кедесов жөнінде анықтама берілген. Есенгелді – тұрғылықты мекен-жайы Абакумовск мекені, Қапал уезі. Ұлты қазақ, мұсылман. Туған жері есінде жоқ. Бұған дейін үнемі Орынбор губерниясындағы Қошқарлы алтын өндіру кенішінде өмір сүрген. Троицкідегі орыс-татар 2-сыныптық училищеде білім алған. Троицк ерлер гимназиясы педагогикалық кеңесінің 1909 ж. 15-қыркүйегіндегі №716 куәлігі бар. Орыс тілі мен грамматикасын білетіндігі жазылған [231, 18 п. а.б.]. Оқытушылық қызметі үшін жылына 300 рубль алып тұрған. 2-сыныпта арифметика, оқу сабақтарын берсе, 3-сыныпта оқу, арифметика, география; 4-сыныпта оқу, арифметика, география; 5-сыныпта оқу, арифметика, география және зоология. 1912 ж. бастап ресми түрде мұғалім ретінде тіркелген.

Кедесов жөнінде төмендегідей мәліметтер берілген: «Қазақ, мұсылман. Сарқан станицасында туған, 9 жасқа шейін сонда өмір сүрген. Мамановтар мектебінде оқыған. Құжаттары жоқ. 1913 ж. күзінен бастап мұғалім ретінде тіркелген. Жылына 120 рубль алады. Орысша сауатты. 1-сыныпта оқу, арифметика, хат тану; 2-сыныпта диктант; 3-сыныпта Қасиетті тарих (тарих анбия), диктант; 4-сыныпта ғылым хал» [231, 18 п. а.б.].

Біздің қарастырған келесі бір мәселеміз жәдидшілдердің қыздарға білім беруге деген көзқарастары. Жәдидтік өкілдерінің алдына қойған бір мақсаты қыз балаларына замануи біліп беріп, қоғам көшінен тыс қалмауы, жергілікті қыздардың білім алуына үлкен мән беріп, басымдық ретінде тануы. Мамановтар мектебінің жанынан қыз балаларды оқытатын бөлімшесі болған. Қыздар мектебінде Фатима Есенгелдина сабақ берген. Анкеталық дерек бойынша: «Ұлты қазақ, мұсылман. Қазан губерниясының, Муллина

ауылында туған. Уфада 16 жыл тұрған. Уфадағы 3-мешіт жанындағы мектепте білім алған. Құжаттары жоқ. 1913 ж. күзінен бастап осы мектептеұстаздық етіп жүр. Жылына 300 рубль ақша алады. Орысша аздап біледі. 1-сыныпта оқу, хат жазу; 2-сыныпта оқу, хат тану, арифметика; 3-сыныпта оқу, хат тану, арифметика, география, қолөнер [231, 18 п. а.б.-19 п.]. Төменде Мамания мектебінің оқу бағдарламасының қысқаша үлгісі берілген:

1-сыныпта: Оқу, хат тану, арифметика, диктант, наурыз айынан бастап Құран.

2-сыныпта: Оқу, хат тану, арифметика, диктант, Құран, діни білім.

3-сыныпта: Оқу, хат тану, арифметика, диктант, мазмұндау, Құран, діни ілім, пайғамбарлар тарихы, география.

4-сыныпта: Оқу, хат тану, арифметика, диктант, мазмұндау, Құран, діни ілім, география, ауызша грамматика. Қазақ тілінде грамматика кітаптары жоқ.

5-сыныпта: Оқу, хат тану, арифметика, диктант, мазмұндау, Құран, діни ілім, ислам тарихы, география, татар тарихы, зоология, хадис. Құран мен Хадис сабақтары араб тілінде, ал қалған пәндер қазақ тілінде оқытылған [231, 18 п. а.б.-19 п.].

Ізденіс жұмыстары барысында алғаш рет Мамания мектебіндегі 1913-14 жж. оқыған 30-ға жуық қыз балаларының тізімі табылды. Сөзімізді дәйектесек, тізімді кестеден көруге болады.

Кесте 1. 1913-1914 ж. Ағайынды Мамновтар мен Тұрысбековтердің жаңа әдісті мектебіндегі Коллеждік регистратор Мир Назаров қол қойған қыз бала оқушыларының тізімі [231, 10-10 п. а.б.].

№	Оқушының аты-жөні	Жасы	Ұлты	Мектепте оқып жатқандығының ұзақтығы	Ата-анасының тұрғылықты жері
	1-ші сынып				
1	Кульджамила Бекенова	8л.	Қырғыз (қазақ)	1	Барлығы Арасан болыстығының тұрғындары
2	Нурбигайча Байназарова	10	қазақ	1	
3	Гульмай Сапакова	10	қазақ	1	
4	Хабиба Сеитпаткалова	10	қазақ	1	
5	Мулькаджамаль Курманбаева	10	қазақ	1	
6	Гульсим Чакерова	8	татарка	1	
7	Нурбиби Нурланова	12	қазақ	1	

8	Есмбала Байгаскина	7	қазақ	1	
9	Хадича Измаилова	10	қазақ	1	
10	Сатбала Иманкулова	8	қазақ	1	
11	Нургида Оланбекова	15	қазақ	1	
12	Батиха Курманбекова	10	қазақ	1	
13	Джумамыш Мусина	10	қазақ	1	
14	Халима Сеитпаткалова	8	қазақ	1	
15	Рабига Суанова	12		1	
16	Сафура Галиакпарова	8	татарка	1	
17	Фагила Ибрагимова	16	қазақ	1	
2-ші сынып					
1	Шакира Имбергенова	10	қазақ	1	Барлығы Арасан болыстығының тұрғындары
2	Бибиджамаль Байгабакова	10	қазақ	1	
3	Меиркан Беисбекова	14	қазақ	1	
4	Туйгунь Нурушева	16	қазақ	1	
3-ші сынып					
1	Гульсум Имбергенова	15	қазақ	1	Барлығы Арасан болыстығының тұрғындары
2	Сафья Сеитпаткалова	13	қазақ	1	
3	Мунауара Исенгулова	9	қазақ	1	
4	Бибигайча Тартбаева	16	қазақ	1	
5	Сафа Аллабергенова	15	қазақ	1	

**(Ескерту: оқушы қыз балалардың аты-жөнін қазақша әріптермен аударып жазу кезінде өзгеріске ұшырап кетпеуі үшін архивтік құжат бойынша түпнұсқада берілді).*

Келесі кестеде аталмыш мектептегі оқулықтар мен оқу құралдары жөнінде мәліметтер келірсек.

Кесте 2. 1913-1914 жж. арналған Қапалдық жаңа әдісті мектептегі (Маманов) оқулықтар мен оқу құралдары [231, 14-15 пп.].

Оқулықтар	Авторы	Басылу мерзімі	Баспахана
Құран	←	Қазан	белгісіз
Тарих ислам (Пайғамбарлар тарихы)	Фатих Каримов	Орынбор, 1913	
Татар тарихы (История татар)	Абдул Бариб Батталов	Қазан, 1913	
Ғылымхал	Якуб Халили	Қазан, 1911	
Оқу құралы I және II-ші	Ахмет Байтұрсынов	Орынбор, 1913	
Қырағат турки I және II-ші басылым	Гайнутдин Ахмаров	Қазан, 1911	
Қырық мысал	Крыловтан аударма Ахмет Байтұрсынов	Орынбор	
Мунтазал қырағат	Сұлтан Рахманқұлов	Қазан	
Хисаб (арифметика)	Ахмет Валишев және Гумдатуль Ислам Хабиров	Қазан 1911	
Джаграфия дунья	Мухетдин Курмангалиев	Қазан, 1911	
Қысқаша жағрафия	Зекий Аминов	Қазан, 1911	
Хайуанат (Зоология)	Сұлтан Рахманқұлов аудармасы	Қазан, 1913	
Хадис	Шихаб Ахмаров	Қазан, 1913	
Тарих Амбия	Каримов	Орынбор, 1913	

Кесте 3. Оқу құралдары [231, 16 п.].

Атауы	Авторы
Жарты құрлық картасы 1 дана, Еуропалық Ресей картасы 2 дана, Түркістан генерал-губернаторлығының картасы, Жетісу картасы 2 дана	Ильин
Еуропа, Азия, Африка, Америка, Австралия картасы	Ильин

Глобус	
Тұрмыстық және әртүрлі жануарлар мен құстар суреті, 52 дана	
Адам анатомиясының суреті	

Жоғарыдағы кесте мәліметтеріне қарасақ, негізінен татар, қазақ тіліндегі оқулықтар тізімделген, ал келесі кестеде көрнекі құралдардың тізімі жасалып, қанша данасы бар екендігі берілген. Бұл аса құнды мәлімет болып табылады себебі оқулықтармен қатар Дүние жүзі карталарының, глобус, адам анатомиясы, жан-жануарлар мен құстар суреттері, көрнекілік ретінде оқыту ауқымын кеңейтіп, шәкірттердің ой-өрісінің дамуына зор ықпал ететіні айқын.

Аталған, «Мамания» медресесінен кезінде қазақ әдебиетінің классигі, әрі ақын І. Жансүгіров және Біләл Сүлеев, Мейіржан Ермектасов, Әбубәкір Жайшыбеков секілді көрнекті қайраткерлер білім алған [232].

Келесі мектеп – 1883 ж. ашылған, 1904 ж. жаңа әдісті мектеп болып өзгертілген – Габдулвалиев (Ғабдулвалиев) мектебі. «Тәржіман» газетінде мынадай жолдар бар: «Ысқақ Ғабдулвалиев өз мектебінде жәдидтік жүйені енгізуді қолға алды. Оның бұл әрекеті жергілікті халық тарапынан зор қолдаушылыққа, ризашылыққа ие болды. Жұртшылық оянып, қазіргі өмір талабын түсіне бастады. Халықты кері тартатын көзқарастар біртіндеп ығыстырылуда» [84, 50 б.].

Мектепте 1913 ж. бастап орыс тілі енгізілген. Ресей Оқу-ағарту Министрлігі талаптары орындалғандықтан ресми түрде рұқсат қағаз беріліп, тіркеуден өткен. Лепсі көшесі №666 Габдулвалиева ханымның үйінде орналасқан. Халықтың қаражатына және ең көп бөлігі Исхак Габдулвалиев және ұлдары атты сауда үйінен түсетін қаржыға жұмыс істеп тұрған. Мектепте оқу мерзімі алты жыл деп белгіленді. Алғашқы оқу жылында шәкірттер грамматиканы, дауыстап оқуды және Құранды меңгерген. Келесі оқу жылдарының жоспарында арифметика, табиғаттану, тарих, география, зоология, геометрия, анатомия, физика секілді т.б. пәндер енгізілді. Медресе түрлі көрнекі оқу құралдарымен жабдықталды. Көрнекі құралдар қатарында Еуропаның, Американың, Африканың, Азияның карталары, глобус, есеп шот, картиналар болды. Мектептің оқу жүйесін Габдурахман Сағадиев басқарған. Лепсі көш. №661 Мулин үйінде тұрған. Ұлты тептярь, Уфа губерниясының тумасы, Троицк, Орынбор қалаларында білім алған, 4-жылдық медресе тәмамдаған. Орынбор мұсылмандық рухани кеңестің рұқсат қағазы бар. 1913 ж. бастап осы қызметте. Орыс тілін меңгерген, сауатты. Жылына 600 руб. айлық алып тұрған. 1-сыныпта діни білім, 2-сыныпта ана тілі (татар), 3-сыныпта ана тілі, 4-сыныпта діни білім мен ана тілі, 5-сыныпта ана тілі мен араб тілін, тарихты, 6-сыныпта ана тілі мен араб тілін, тарих, хадис пәндерінен сабақ берген.

Осы орайда жоғарыда есімдері аталған Тазетдинов пен Сағадиевке қатысты құпия хаттар барысы таныстырылып өтілген. Ол бойынша 3. Тазетдиновке мынадай анықтама берілген: «панисламист и ярый противник русской государственности, человек влиятельный среди Верненских татар, чрезвычайно хитрый и являющийся скрытой пружиной, регулирующей всю внутреннюю жизнь мактаба, попечителем которого он числится» [231, 34 п.].

Түркістан аймағының бас инспекторына 1913 ж. қазан айында Түркістан аудандық сақшылар (Полиция департаментінің охранкасы) бөлімшесі Габдулвалиев мектебінде жұмыс істейтін Габдурахмен Сағадиевті панисламист ретінде айыптап, оған қатысты барлық деректерді сұратады. Ол балаларды жастайынан исламизм рухында тәрбиелеу керектігін айтып, оған орыс тілін оқыту туралы ережені кедергі ретінде көретіндігі айтылған [231, 1 п.]. Ол мұсылман әлемінде атақты болған ғалымдармен жиі сұхбаттасатындығы айтылып, өзі Орынбор губерниясының, Мурзамар болыстығында дүниеге келгендігі және қазіргі кезде 23 жаста екендігі айтылған.

Сонымен, жоғарыдағы жаңа тәсілдік мектептердің негізгі ұстанымы еуропалық білімге ғана бетбұрыс емес, оның астарында, оқу-ағарту жүйесін отарлық езгіге қарсы астыртын күрестің бір тәсілі ретінде қарастыруда жатса керек деп болжауға болады.

Бұның тағы бір дәлелі төмендегі құжаттардың мәліметтері: 1914 ж. сәуір айында Жетісу облысы мен Верный қ. бойынша іздестіру пунктiнiң ротмистрi өзiнде құпия агенттер көмегімен жиналған құжатта Сағадиевтің Уфа қ. бастауыш білім алып, кейін Константинопольде жалғастырған; панисламист, себебі балаларды жастайынан ислам діні негізінде тәрбиелеу керектігін айтқан, ал орыс тілін оқытуды енгізсе балалар бұзылып, басқа арнаға ауып кететіндігін айтқан. Ол белгілі панисламистер: Торғай обл. тұратын Омармен, университетте оқитын Галимдан Ирагимовпен, «Шуро» газетінің редакторымен жақын араласады. Ялта немесе Уфада жақын арада болатын «Тәржіман» газетінің редакторы Гаспринский ұйымдастырып отырған мұсылман мұғалімдерінің съезіне Верный қаласынан осы Сағадиев баруы ықтимал. Осы құпия мәліметтерді ескере отырып, Сағадиевті мұғалім қызметінде қалдыруға болмайтындығын жазған [231, 5-5 п. а.б.]. Кейін осы хат негізінде оны саяси тұрғыда сенімсіз деп танып, жұмыстан шығарған.

Архив деректеріне жүгінсек, мектеп ұстаздарының барлығы оқыған, білімі бар, сауатты адамдар. Мәселен, Шакирджан Якупов, Габдулвалиев үйінде тұрады. Татар, Троицк қаласында алғашқы білімін алған, Оренбургтегі Расулев медресесін бітірген, Орынбор мұсылмандар рухани кеңесінің рұқсат қағазы бар. 26 жаста, 1911 ж. осы қызметке қабылданған. 1-сыныпта арифметика, 2-сыныпта Құран, 3-сыныпта география, 4-сыныпта арифметика, география, Мұхамед пайғамбар тарихын оқытса, 5-сыныпта арифметика, география, діни білім, 6-сыныпта арифметика, Мұхаммед пайғамбар тарихы, элементарлы физика пәндерін оқытқан. Келсі ұстаз

жөнінде архив құжаттарында былай делінген, Габдурахим Имашев, мектеп жанындағы үйде тұрады. Пермь губерниясының башқұрты. Троицк, Орынбор медреселерінде білім алған. Діни басқармадан рұқсат қағазы бар. 29 жаста, 1913 ж. бастап осы қызметте. 1-сыныпта әліппе, 2-сыныпта діни білім, 3-сыныпта Құран, пайғамбарлар тарихын, 4-сыныпта Құран, физика бастаулары, 5-сыныпта сурет салу, 6-сыныпта Құран пәндерін оқытқан. Деректердегі бұлар туралы баса айтылған нәрсе екеуінің де Сағадиевтің бағытын ұстанушылар екендігі.

Тағы бір қызықты дерек: орыс тілі мұғалімі қызметін Владимир Иванович Шабельников атқарған, Қапал көшесінде тұрған. 1884 ж. Верный қаласында дүниеге келген, Түркістан мұғалімдер семинариясын бітірген, орыс тілі мен арифметиканы 5-6 сыныптарда оқытқан. Жылына 420 рубль айлық алып тұрған, 1913 ж. бастап осы қызметте. Ол жергілікті халықтың тілін жақсы түсінеді. Өзінің өкіметтің тыңшысы әрі агенті ретіндегі рөлі мен қызметін жақсы біледі, орыс мемлекеттілігінің мүддесін қорғаушы ретінде анықтама берілген [231, 34 п. а.б.].

Ал, енді статистикалық мәліметтерге жүгінер болсақ: 1913 жылдары бұл мектепте 136 оқушы болған, оның 116-сы татар, 11-і қазақ, қалған 9-ы өзге ұлттар [231, 34 п. а.б.].

Сабақтар негізінен Уфада, Қазанда, Санкт-Петербургтағы татар баспаханаларында шыққан оқулықтармен оқытылды. Мысалы кестеде солардың кейбірі көрсетілген.

Кесте 4. 6-жылдық Ғабдулвалиев атындағы татарлық жаңа әдісті мектептің оқулықтар тізімі: [231, 29-30 pp.].

Оқулық аты	Авторы	Шыққан жылы, жері
Біздің мектеп	Наджудин Яумаев	1913, Орынбор
Құран		әртүрлі
Тахарат	Гады Максудов	1911, Қазан
Қырағат турки	Ганетдин Ахмаров	1911, Қазан
Гакида	Ризатдин Фахитдинов	1911, Орынбор
Табиғат ішінде	Гадула Сулейменов	1912, Қазан
Хисаб	Нур Ахматов Валишев	1910, Қазан
Намаз	Гады Максудов	1912, Қазан
Тарихи Анбия	Фатих Каримов	1912, Орынбор
Яны Кырагат (Новое чтение)	Габдулла Тюкаев	1913, Қазан
Гамали Хисоб (Практическая арифметика)	Мухшинар Идрисов	Қазан
Мухтасар Жаграфия	Салим Сабитов	1910, Қазан
Рузи Закят	Гади Максудов	1911, Қазан

(Пожертвование)		
Гасры Сагодат (Счастливый век)	Шагир Шарадов	Қазан
Білім Юрты (Образовательный кружок)	Халим Искандаров	1913, Уфа
Тили бызнинггы сарф (Грамматика нашего языка)	Габдурахман Садиев	1913, Қазан
Таилими Жаграфия	Харис Фаизов	1907, Қазан
Кирагати фанния (Научное чтение)	Губайдулла Файзиев	1912, Қазан
Мугаллиму Шариги	Х. Забиров	1913, Қазан
Біздің тілдің синтаксисі	Габдурахман Садиев	1913, Қазан
Тарихи Исламия	Фатих Каримов	1912, Орынбор
Мабзауль Кирагат (начальное чтение)	Сунгатулла Бекбулатов	1913, Қазан
В школе национальные уроки	Габдулла Тинкаев	1911, Қазан
Ильми ашия (Физика)	Харис Файзы	
Адабият мугалими	Габдурахман Саадиев	1913, Уфа
Синтаксические правила	Гади Максудов	1911, Қазан
Разговорный урок	Гади Максудов	Қазан
Ильми Ташрих (Анатомия)	Габдулла Сулейман	Қазан
Татар Таарихи	Г. Батталов	1912, Қазан
Минь быр хадис		1911, Қазан
Синтаксис	Ризаетдин Фахретдин	1912, Орынбор
О семье	Ризаетдин Фахретдин	1910, Орынбор
Синтаксис	Габдулбари Усманов	
Путешествие в природу	Губайдулла Радуди	1908, Орынбор

Осылайша, жоғарыдағы кестедегі мәліметтер жаңа тәсілді мектептердің оқулықтармен жеткілікті қамтылғанын көрсетеді.

Мамания секілді Верный қаласындағы қыз балаларына арналған Габдулвалиев мектебінің жанынан ашылған мектеп те болған. Оған қыз балаларын оқытуға жергілікті мұғалімдермен қатар, оқыған шет жақтағы әйел ұстаздарды да шақыртқан. Мәселен, қыздар мектебінің оқу бөлімін Гафира Давликамов атты указной мулланың жұбайы 21 жастағы Қазан губерниясының татары басқарған. Сол жердегі медреседен білім алған. Орыс тілін меңгерген, сауатты, жылына 360 рубль айлық алып отырған. 1907 ж.

бастап осы қызметке тағайындалған екен. 1-сыныпта Хадис, 2-сыныпта діни білім, 3-сыныпта пайғамбарлар тарихын, 4-сыныпта география, 5-сыныпта арифметика, 6-сыныпта Құран пәндерін жүргізген.

Анкеталық құжаттарға тоқталсақ: келесі мұғалім 19 жастағы Мариям Якупова, Уфалық татар, білімін сол жерде медреседе алған. Өте сауатты, жылына 300 рубль айлық алған. 1912 ж. бастап осы қызметке бекітілген. 1-сыныпта діни білім, 2-сыныпта Құран, 3-сыныпта оқу, 4-сыныпта элементарлы физика, 5-сыныпта араб тілін, 6-сыныпта пайғамбарлар тарихы пәндерінен оқытқан. Мухтарам Сағадиева, Лепсі көшесіндегі Муминов үйінде тұрған, ұлты татар, 21 жаста, Уфа губерниясында туылып, сонда мактабтан білім алған. Жылына 300 рубль айлық тағайындалған. 1913 ж. тамызынан бастап осы қызметке келген. 1-сыныпта ана тілін, 2-сыныпта діни білім, 3-сыныпта пайғамбарлар тарихын, 4-сыныпта Құран, 5-сыныпта арифметика, 6-сыныпта араб тілін оқытқан.

Құжаттардың мәліметі бойынша, 1913 ж. бастап оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы негізінде орыс тілі оқытыла бастаған. Орыс тілі пәнінің мұғалімі ретінде Нина Федоровна Лукина шақырылған. Троицк көшесіндегі №334 үйде тұрған. Верный қаласының тумасы, жасы 21. Верный қыздар гимназиясын бітірген. 1913 ж. қыркүйегінен бастап осы қызметте. Жылына 360 рубль айлық бекітілген. Орыс тілі мен арифметиканы 5-6 сыныпта оқытқан [231, 11-11 п. а.б.]. Жалпы бұл мектепте 90 қыз бала оқыған, оның 69-ы татар, 9-ы қазақ, 9-ы сарт, қалған 3-і өзге ұлт өкілдері болған [231, 35 п.].

Сонымен қатар қыз балаларына арналған жаңа әдісті оқу ордалары басқа елді-мекендерде де қызмет етіп тұрған. Мәселен, Қазақ жерінде мұсылман қыздарын оқытатын жәдидтік мектептер Жаркент пен Қапал қалаларында да болды. Жаркентте екі, Қапалда бір жаңа оқыту әдісіне көшкен қыз балалар мектептері қызмет етті. Жаркенттегі екі мектептің біреуін қаладағы татар қоғамы, ал екіншісін сондағы ұйғырлар қаржыландырған. Қапалдағы жаңа оқыту әдісіндегі қыздар мектебі болса 1870 жылы ашылған «қадими» мектептің негізінде 1905 жылы қайта құрылған болатын. Үш жыл көлемінде білім беретін Қапалдағы бұл мектепте әр оқу жылы сайын 65 қызға дейін оқитын болған [231, 37 п.].

И. Гаспринский бастамасымен ашылып жатқан жәдидтік, яғни жаңа оқу әдісіндегі мектептер мұсылман халықтарын тез баурап алды. Өйткені, жәдидтік мектептегі жаңашылдықтар халық көңілен шықты. «Тәрбие, эстетика, психологиялық ахуал жағынан алатын болсақ, жәдид мектебі сол кездегі үлгілі орыс мектеп-гимназияларында берік орныққан гуманистік көзқарастар, жоғары қызмет және педагогикалық мәдениеті, педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасына тиісті әдеп, субординация (ресми арақашықтық) сақтай отырып, бірақ өзара сыйластық, ашық мінез таныту, белгілі мөлшерде демократиялық ахуал қалыптастыру, шәкірттің жеке басын, бостандығын сыйлау сияқты жақтарын белсенді түрде қабылдады. Яғни, ескі

мұсылман мектебіндегі шәкіртке менсінбей қарау, зекіп сөйлеу, қорқытып, үркіту, ұстазға деген шын сүйіспеншіліктің орнына сыртқы жағымпаздық басым болуы, өзара сенімсіздік, мектеп басқару мен тәрбиенің авторитарлық әдісі, мүдәррис (медресе оқытушылары) арасындағы бір-бірін көре алмаушылық, өсек-аяң – осы ластықтың барлығы жәдид мектебінде жойылды [233, 37 п.].

Салыстырмалы түрде қарастырар болсақ, сыртқы формасы жағынан да өзгерістер орын алды: мысалға жаңа әдісті мектеп, медресе оқытушыларын «молла», «қожа», «мүдәррис», «тақсыр», «халфе», деп емес, батыстық үлгідегі бір атаумен «мұғалім» деп атайтын болды, ал әйел ұстаздарды – «мұғалима» деді. Киім үлгілері де еуропалық стильге ұқсастырылды. Ал мектептің ішкі өмірінде сол заман ауқымында қарағанда бірқатар жаңалықтар енгізілді. Олардың кейбіріне тоқталсақ: үзіліс жасау, қоңырау беру, дене шынықтыру сабағы мен ойындар, сол сияқты парталар мен тақта қолдану, оқу кестесі, емтихан өткізу сияқты бұрын болмаған жаңалықтар енгізілген болатын [234, 180 б.].

Американ ғалымы Даниэлла Россидің (Danielle Rossi) пайымдауынша реформаланған жаңа әдісті медреселерді ескі медреселерден тек оқу үдерісіне дүниаяуи пәндерді қосу ғана емес, ең бастысы оқу орнындағы құрылымдық өзгерістердің орын алуы басты жаңалық болды. Мәселен, автордың пікірінше, XVIII–XIX ғасырларда медреселерде ұрпақтар арасында әлеуметтік байланыстар пайда болып отырған. Тәлімгер өзінің ұстазынан не шейхынан білім алып тұрған кезде ол оның көзқарастарының ықпалында болып, соның ізін жалғастырушы ретінде, ұстазының атын пайдаланып көпшілікке танылып отырған. Ал жаңа оқыту жүйесі, оқу сағаттары мен жас ерекшеліктеріне қарай топқа бөлінуі ұрпақтар арасындағы бұл байланысты жойған. Енді медреседе бір ұстаз барлық пәндерді алып жүре алмайтындықтан және оқушылардың көптігінен, көптеген мұғалімдерді жұмысқа алуға тура келген. XIX ғасырда медресе директорлары тәлімгерлері үшін ұстаз бен жөнсілтеуші болса, XX ғасырдың бас кезіне қарай олар администраторларға айналды. Жоғарыда аталған зерттеушінің «Tatar Empire: Kazan's Muslims and Making of Imperial Russia» еңбегінде осы әкімшілер өздерінің идеяларын тарату үшін ең тиімді жол ретінде қысқа уақыт аралығында көзқарастары бір болатын мұғалімдер мен тәлімгерлерді даярлауды таңдаған. Медресеге империяның түкпір-түкпірінен келген әр әлеуметтік топтың балаларын қабылдап, арнайы жатақханалар әзірлеген. Кейін осы тәлімгерлер ұстаздарының идеяларын әртарапқа балаларды оқыту барысында таратулары керек болатын. Келешекте бұл солай болғандығын көріп отырмаз [235, 190-192 бб.].

1871-1916 жылдар аралығында Ресей империясында жыл сайын қысқаша сипаттамалар жарияланып тұрған. Бұл есептерде облыстардың дамуын сипаттайтын статистикалық мәліметтер басылып тұрды. Соның ішінде халықтық білім беру ісінің де жалпы көрінісі берілген. Осы есептер

негізінде кейбір облыстардағы жәдидтік мектептер мен медреселер бойынша статистикалық мәліметтерді бір жүйеге келтіруге болады. Мәселен төмендегідей кесте түрінде:

Кесте 5. XIX ғ. аяғы – XX ғ. бас. қазақ жеріндегі мектептер мен медреселердің сандық көрсеткіші [236, 1689 б.].

№	Облыс аты	Жыл	Мектеп-медреселердің саны			Білім алушылардың саны		
			жалпы саны	мектеп	медресе	жалпы саны	ұл балалар	қыз бал.
1	Ақмола облысы	1890	27	-	-	1170	849	321
		1895	13	-	-	693	578	115
		1907	15	-	-	970	895	75
		1911	31	19	12	1298	-	-
		1914	29	19	10	1424	-	-
2	Семей облысы	1895	17	-	-	892	846	52
		1903	14	-	-	700	655	45
		1908	21	-	-	932	752	180
3	Жетісу облысы	1894	9	-	-	249	-	-
		1897	-	-	-	7859	-	-
		1900	63	-	-	2099	1611	488
		1907	243	-	-	6076	5208	868
		1908	246	-	-	5939	5198	741
4	Сыр-Дария облысы	1892	1534	1479	35	27082	22704	4378
		1910	777	742	35	24424	21634	2790
		1911	771	739	32	23805	18855	4950
5	Торғай облысы	1894	59	-	-	457	-	-
		1907	2	-	2	69	-	-
		1914	6	-	-	-	-	-
6	Орал облысы	1899	81	-	-	1754	1512	242
		1902	58	-	-	1145	651	494
		1905	39	-	-	729	652	77
		1911	27	-	-	1259	981	278

Кестеден көріп отырғанымыздай, мектептер мен медреселердің Жетісу облысында ең үлкен көрсеткіші тіркелген, сәйкесінше оқушылар саны да көп болған. Ал Торғай облысында оқушылардың ең аз саны тіркелген Сонымен қатар, қыздардан гөрі ұл балалардың көптігі бірден көзге түседі. Жалпы қыз балалардың мектеп табалдырығын аттап, білім алулары XX ғ. басынан бастап ұлғая түседі. Жоғарыда кестеде келтірілген мәліметтер мұсылмандық білім беру ордаларына ортақ берілген сандар. Патшалық өкіметтің берген ресми

есептерінде жәдидтік не қадымшылдық деп бөлмеген. Сондықтан бұл сандар тек жәдидтік деп айтуға келмес, алайда мұсылмандық білім ошақтарының ауқымы жөнінен хабардар ететіндігі сөзсіз.

1911 ж. Есепте Жетісу облысы бойынша жаңа әдісті мектептер жөнінде мәлімет келтірілген: Пржевальскіде – 3 мектеп, ал оқушылар саны – 240; Тоқмақта – 1 мектеп, 90 оқушы; Пішпекте – 1, 120 оқушы; Сергиопольде – 1, 60 оқушы; Лепсіде – 2, 45 оқушы; Жаркентте – 2, 70 оқушы; Қапалда – 2, 200 оқушы [192, 229 п.].

1912 ж. 6-қазанында Рухани істер департаменті М.А. Фольбаумға хат жазып, өзіне тиесілі жердегі мұсылмандар, мұсылмандық оқу орындары жөнінде құпия түрде ақпарат сұрастырады. Соған орай 2-қараша күні Жетісу облысының халықтық училищелер инспекторы облыстық басқармаға берген жауап хатта: жаңа әдісті мектептер жөнінде Верныйда – 3, Қапалда – 2, Қапал уезінде – 1, барлығы 6 жаңа әдісті мектеп бар. Ал Лепсі мен оның уезінде тек ескі әдісті мектептер бар екендігін айтады [237, 8-8 п. а.б.].

Кесте 6. 1911 ж. Жетісу облысы бойынша мұсылмандар жөнінде статистикалық мәліметтер [237, 10 п.].

Уезд	Мұсылмандық мектептер саны					Діни қызметте тіркелмеген мектептегі оқытушылар саны	Мектеп пен медреседі оқушылардың жалпы саны
	Ескі әдісті (уезд бойынша мектеп пен медресе)	Жаңа әдісті					
		Мектептер	Медресе	Жалпы уезд бой.	Жалпы уезд бой. мектептер		
Верный уезі	27	2	1	3	30	62	1626
Қапал	5	4	—	4	9	17	462
Лепсі	10	—	—	—	1032	10	291
Жаркент	19	13	—	13	22	34	1028
Пішпек	19	2	1	3	8	28	855
Пржевальск	4	4	—	4		10	353

Ескеретін жәйт, жалпы 25 жаңа әдісті мектептің 20-сы ерлер, ал қалған 5-уі әйелдер мектебі болған.

Жетісу жерінде Ерлер шіркеу мектебі (Мужской приходской) 1870 жылы ашылған, кейін 1905 жылы жаңа әдісті болып өзгертілген. Ал қыздар мектебі 1908 жылы ашылған. Жаңа әдісті мектепті ашуға №1815 1912 ж. Жетісу облысының 1-ауданының халықтық училищелер инспекторы рұқсат берген. Мектептер Сергиополь көшесі бойында Абсатаров көпестің үйлерінде орналасқан. Деректерге жүгінсек, Қапал қалалық жауапты басқармасы жыл сайын мектепті ұстауға 400 р. бөліп отырған және жергілікті халықтың жыл сайын 2000 р. жинайтын қайырымдылық көмегімен жұмыс істеп тұрған. Оған жауапты Садыков Фатых деген жергілікті халық өкілі. Мектептердің басшысы Қазандағы Усмания медресесінде білім алған Закир Таипов деген татар. 55 жаста, орыс тілін жақсы меңгерген. Ал Фатых Садыков болса Сергиополь көш. өз үйінде тұрған, анкеталық мәлімет бойынша жасы 32-де [231, 20 п.].

Кесте 7. Қапалдық мұсылмандық ерлер мектептерінің оқу пәндерінің бағдарламасы (басқа мұсылмандық жаңа әдісті мектептер) [231, 20-23 п. а.б.

Бөлім	Ұстаз	Пән аты және оқулық
I (7 мен 9 жас аралығындағы балалар)	Айманов Я.Г., 22 жаста, татар, Уфадағы Ғалия медресесінде оқыған, 1913 ж. бастап осы қызметте, жылына 200 р. алады. Орысша сауатты	Татар тілі, Курбанғалиев оқулығы Діни білім, «Гакида» оқулығы Арифметика, татар тілінде
II сынып (8-10 жас аралығында)	Халитов Г.З. 20 жаста, Қапалда туып өскен, Ғалия медресесінде қыған, 1913 ж. Оқытады, жылына 200 р. Алады. Діни білімнен сабақ береді. Муртазин Н.С. 20 жаста, Қапалда туып өскен, Ғалия медресесінде қыған, 1913 ж. оқытады, жылына 200 р. алады, татар тілінен сабақ береді.	Татар тілі, «Имля мугалими», «Қирағат иптадия» оқулығы бойынша; Діни білім, арифметика, сурет салу оқулықтарының аты жазылмаған
III сынып (9-11 жас аралығында)	Фаизов Л.С. 20 жаста, Хусаинов медресесінде, сосын Қазанда 4-сыныптық сауда мектебінде оқыған, татар, жылына 200 р. айлық алады. Арифметика, татар тілі, татар тарихы, татар географиясы, табиғаттану, сурет пәндерін жүргізеді. Халитов Г.З., Муртазин Н.С.	Татар тілі, «Қирағат иптадия» 3-бөлімі, грамматика «Имля Мугаллими» Діни білім, «Құран» География, «Дунья», 1-бөлім Пайғамбарлар тарихы

IV сынып (10-13 жас аралығы)	Фаизов Л.С. Айманов Я.Г. Халитов Г.З., Муртазин Н.С.	Татар тілі, «Имля Мугаллими», «Татар Сарфи» Діни білім, «Ғылымхал – Намаз», «Татар тарихы», Табиғаттану, «Гелим-Аийа»
------------------------------	--	--

Міне жоғарыдағы кестеде, сыныптардың сатылану дәрежесі, білім беретін ұстаздар мен сабақ түрлері және оқулықтар туралы мәліметтер берілген

Жетісу облысының халықтық училищелер инспекторына 1906 ж. 24-желтоқсанында Пржевальскідегі Колпаков атындағы 4 сыныптық қалалық училище директоры жазған хатта жеке хат авторының өзі аралап жүріп Пржевальск мекеніндегі мұсылмандық білім ошақтары жайлы ақпарат береді. Бұл мектептер жөнінде жергілікті уездік басқармада еш ақпарат болмаған. Пржевальск қаласында 4 мактаб болған, ал медресе болмаған. Олар:

1. ұл балаларға арналған татар мектебі. 2 сынып 4 бөлімге бөлініп, 4 жыл оқыған. Барлығы 75 бала (татар, сарт, қазақ, дұңған). Мектеп татар қоғамының қаражатымен жұмыс істеп тұрған. Екі мұғалім болған: аға ұстаз Салихджан Мефтахуддинович Надиршин, Қазандағы Галиев медресесін бітірген. Айлығы 300 р., қайырымдылық қоғамнан жарығы, жылуы, көмекшісі бар үй алған. Екінші мұғалім Закир Тагиров, Жаркенттегі мектепті бітірген. Ол да 300 р. айлық алған.

Мектеп жанында кітапханасы болған. Екі сынып болған, оқуға ыңғайлы. Парталар Эрисман жүйесі негізінде қойылған. Аулада гимнастикалық алаңқай жасалған. Мектептің барлық шығындары ауқатты татар адамдары кірген комитетке жүктелген, басшысы көпес Фатих Гаддиевич Сулейманов.

2. Сарттық 1-мектеп. Мұнда тек сарт балалары оқиды. Курс төрт жылдық, барлық оқушылар төрт топқа бөлінеді. 55 бала болған. Ұстаз 1-еу ғана Сайдак Бар-Карим Сайды-Ахметов. Пржевальск татар мектебін аяқтаған. 180 р. Айлық алып отырған. Сабақтар түске дейін және түстен кейін болған, сыныптардың ыңғайлы екендігін жазған.

3. Сарттық 2-мектеп. Сарттық қайырымдылық комитеттің ақшасына өмір сүріп отырған. Сыныпқа, бөлімге бөліну жоқ. Балалар жерде отырып оқыған. Мұғалім бекітілген жалақы алып отырмайды, оқушылар әр апта сайын 2-3 тиын әкеліп тұрған. Ұстазы молда Исраил Мухамет Рахимов. Маргелан медресесінде курсты бітірген.

4. Дұңғандық 1-мектеп. Дұңғандық комитет қолдап отырған, 30 дұңғандық бала оқыған. Ұстазы молда Мұхаммед Салих Зиявуддин, Үрімшідегі мектептен білім алған. 300 р. Айлық алып отырған, сабақтар таңертең және кешке 2 сағаттан болып тұрған.

Дұңғандық 2-мектеп.бар. Ол жөнінде архив құжатында айтылмаған, беті жоқ [238, 3-3 п. а.б.].

Кесте 8. Пішпек пен Тоқмақтағы мектеп/медреселер 1906 ж. [238, 11 п.].

Орналасуы	Мектептер саны	Оқытушылар	Оқушылар	Қыздар мект. саны	Оқытушылар	Оқушылар
Гор. Пішпек	3	3	145	2	2	30
г. Токмак	7	10	226	2	2	55

Кесте 9. Верный уезіндегі мектеп/медреселер 1906 ж. [238, 13 п.].

Орналасуы	Мектептер саны	Оқытушылар	Оқушылар	Қыздар мект. саны	Оқытушылар	Оқушылар	Медресе	Оқытушылар	Оқушылар
Верн. Уезі, Зайцевское мекені	2	2	106	1	1	33	1	1	90
Тараншылар болыстықтары:									
Қарасу	14	14	360	-	-	-	1	1	10
Малыбай	9	9	273	2	2	48	-	-	-
Қорам	23	23	793	-	-	-	-	-	-
Қазақ болыстықтары:									
Шығ. Талғар	2	2	30	-	-	-	-	-	-
Жалпы:	50	50	1562	3	3	81	2	2	100

Жоғарыдағы номері сегізінші кестеде екі қаладағы мектеп-медреселер туралы айтылса келесі тоғызыншы кестеде тек Верный ояздығының болыстықтарындағы мектептер мен медреселер туралы мәліметтер берілген.

Түркістан аймағының бас инспекторына 1913 жылы наурыз айында оқу инспекторының жазған хатында осы жылы Верныйда жауып тастаған екі жаңа әдісті мектептің орнына екі орыс-түземдік мектептің ашылғанын баяндаған. Оның себебі, жергілікті мұсылман өкілдерінің жаңа әдісті мектепте орыс тілі сыныбын ашудан бас тартуы. Бұлай қалдыра берсе аймақта мұсылмандық фактор күшейіп, орыстық ықпалдың әлсіреуіне әкеп соғатындығын мәлімдеген [239, 4 п. а.б.]. Бір қызығы аталған екі орыс-түземдік мектепте қазақ, сарт, татар, дұңған балалары мүлдем оқымаған [239, 6 п. а.б.].

Енді Қазақстанның Орталық және Батыс өңірлеріндегі оқу-ағарту жағдайы қалай болғандығына талдау жасайық. Құжатта Торғай облысының 1904 ж. Оқу ісі, училищелері турасында статистикалық мәліметтер мен деректер берілген. Алайда мұсылмандық мектеп/медреселер жөнінде бірде-бір сөз айтылмағаны күдік тудырады [240].

XIX ғ. аяғы – XX ғ. бас кезіндегі Торғай уезі бойынша мектеп/медреселер жөнінде кейбір статистикалық деректерге тоқталсақ. Архив деректеріндегі Торғай уезіндегі мектеп/медреселердің 1890 жылдардағы жағдайы:

Тусунская болыстығында Ханафия Мачиев қырғыздың (қазақтың) қыстауы маңында, №1 ауылда жалғыз медресе орналасқан. Жазда балалар орындықтарын өздері әкеліп, 3-4 адамнан отырып сабақ оқиды; №2 ауылда Отар Құдайбергенов (Отар Худайбергенов) қырғыздың (қазақтың) жеке үйінде, №3 ауылдағы Мырзадулат Досымбековтың (Мирзадулата Досымбекова) үйінде, №4 ауылдың Бектеміс Шегеновтың (Бектемиса Чегенева), №6 ауылда Нұрдай Талпақовтың (Нурдай Талпаков) үйінде, №7 ауылда Бермұхамед Құлжановтың (Бермұхамед Кульжанов) және №8 ауылда Сүйіндік Дулатовтың (Суюндук Дулатов) жеке үйінде балаларға арналған мектеп бар. Ешқандай рұқсат қағаздары жоқ, ал оқушылар саны тұрақты емес, 5-10 баладан 40-50 балаға шейін, кейде одан да көп. Оқытушылары қазақтар, еш рұқсаты жоқ [241, 11 п. а.б.].

1-Наурызым болыстығында: №1 ауыл маңында Қайын-Қарасу деген жерде мешіт жанында медресе бар. №3 ауыл маңында 4 мектеп бар. Олар Ыбырай Қаржасов, Байқадам Көккөзов, Достай Қалжанов, Ақсақал Қойдановтарға тиесілі. №2 ауылда 2 мектеп, Шулан Хатов пен Көпжасар Құнжановтың үйінде орналасқан. Олар да еш рұқсаты жоқ. 5-10 аралығында балалар оқиды. Оқытушылары молда Мұртаза Сексенбаев. 2-Наурызым болыстығында: төрт ауылдың әрқайсысында жеке адамдар ашқан екі-екі мектептен бар. Оқытушылары сол мектепті ашқан қазақтар.

Сарықопты болыстығы: бір медресе бар, ашқан молда Тамшыев. Ұстазы да осы кісі. №2 ауылда Сыпсынбай Қыйлыбаев мектебі бар. Ал №3 ауылда Биғаш Бестібаев үйінде мектеп бар. Оқытушылары жергілікті қазақтар мен үйрету үшін алынған татарлар құрайды. Балалар саны 5-10 мен 15-25 аралығында [241, 13-14 пп.].

Осы секілді қалған болыстықтарда да мектеп пен медреселер жұмыс істеп тұрған. Алайда архивтік құжатта олардың жәдидтік не қадымшылдық екендігі жөнінде мүлдем айтылмаған.

Жалпы алғанда Торғай облысының Николаевск уезінде 1893 жылы 105 мектеп/медресе болса, ұл балалардан 918, қыз балалардан 74 оқыған [241, 69-70 п. а.б.].

1913 жылы 5-маусымында Патшаның бұйрығымен өзге дін өкілдеріне бастауыш білім беру мәселесінің тәртібі, құрылым, мақсат-міндеттері көрсетілген болатын [242].

Кесте 10. Торғай облысы аумағындағы 1913 жылғы мектеп/медреселер [242, 14-15 п. а.б.].

Орналасқан жері	Кімнің үйінде ашылған	Мұғалімдер, қайда білім алған	Балалар саны	Қай уақыттан бастап ашылған
Қостанай уезі Қостанай қ.	Галиулин Бекмұхамедов үйіндегі мектеп	Молда Абдулвалиев Гатауллин, Троицк қаласында білім алған	80 ұл бала	1905 ж. бастап
	Ағайынды Яушевтер үйіндегі мектеп	Нафиса Карачурина, Троицк қаласында білім алған	36 қыз бала	1905 ж. Бастап
Татарлар қонысы	Мешіттің өзіне тиесілі үйіндегі мектеп	Мулла Сагит Забиров, Троицк қаласында білім алған	130 бала	1910 ж. бастап
Арақарағайболыстығы, №9 ауыл	Оспан Исебаев үйіндегі мектеп	Сафи Ахмедов, қазақ. Уфа қ. білім алған	80 ұл бала	1910 ж. бастап
Арақарағай болыстығы, №11 ауыл	Абдулла Арасангашев үйіндегі мектеп	Молда Абдулла Арасангашев, қазақ, өзі ізденіп білім алған	18 ұл бала мен 3 қыз бала	1911 ж. бастап
Құмақсай болыстығы,	Жеке үйдегі	Нуриа	10 ұл	1875 ж.

№8 ауыл	мектеп	Куттулов, қазақ, өзі ізденіп білім алған	бала және 7 қыз бала	бастап
№9 ауыл Құмақсай болыстығы	Жеке үйдегі мектеп	 қырғыз, өзі ізденіп білім алған	-	-

Аталған мектептердің ішінде тек 1-нде ғана рұқсат қағазы болған, ол Абдулвалиев Гатауллиннің мектебі, Орынбор уездік округ басқармасының рұқсатын алған екен. Ал қалғандары еш рұқсат қағаздары болмаған, заңсыз, жасырын түрде істеп тұрған.

Дегенмен, неге рұқсат қағаз алынбады деген сұрақ туындамас үшін, Торғай облысының халықтық училище директорына Қостанай 1-орталықмешіт кеңесінен 1913 жылы сұраным хат жолданғанын мысал ретінде келтіре кетейік. Хатта, сонымен қатар тезірек рұқсат алудың амалы ретінде мешіт жанынан мектеп ашып, оған орыс тілінен сабақ беретін сынып ашуға рұқсат сұруды да ұмытпағандарын атап өткеніміз жөн. Барлық шығынды жергілікті халық төлейтінін айтып, орыс пәні мұғаліміне жылына 360 рубль және үй жалдауға деп қосымша 120 рубль ақша берілетіндігі айтылған. Қол қойған молда Валиев. Осы секілді хаттар жиі кездеседі. Бәрінің қоятын бір талабы – ресми билік қойған талаптарға сәйкес болып, мектепті заңды түрде бекіттіру [242, 18 п.].

Басқа да облыстармен алыстырмалы түрде қарастырар болсақ, Ақтөбе қаласында да ұлдар мен қыздарға арналған орыс-татар мектебі ашылып, арнайы оқу бағдарламасы жасалған.

Бұл мектеп бес жылдық оқу жүйесінде болған.

Бірінші жылы:

1. Оқу. Тагировтың кітабы (Қазан, 1910 ж. шыққан) бойынша әріптермен танысып, оқу.
2. Жазу. Жекелеген сөздерді естіп отырып дұрыс жазу, оқулық жоқ.
3. Діни білім. Діннің негізгі түсініктемесі, оқулық жоқ.
4. Арифметика. Ондыққа дейінгі 4 арифметикалық амалдарды үйрену.
5. Ашья. Қоршаған әлем бойынша сөйлесу сабағы.
6. Хифзь. Соңғы үш сүрені жаттау.
7. Иляги. Салауат айту.

Екінші жылы:

1. Құран. Құран оқу сабағы.
2. Тәжуид. Құранды дұрыс оқуға арналған ережелер. 1910 ж. Қазанда шыққан «Мумтахаб теджвиль» кітабы бойынша.
3. Діни білім. Діннің негізгі теориялары. 1913 ж. Қазанда шыққан Максудовтың кітабы.

4. Арифметика. Жүздікке дейін жазбаша және ауызша түрде 4 арифметикалық әрекетті жасау. 1910 ж. Валишевтің «Хисяб» кітабы.

5. Хат жазу. Каллиграфияны қосу арқылы жеке сөйлемдерді жазу. Табиғат жайлы ауызша сөйлесу.

6. Хифзь. Құранның соңғы 10 сүресін жаттау.

7. Оқу. 1912 ж. Думавовтың кітабы бойынша «Біздің мектеп» мәтінді дұрыс оқу және айтып беру.

8. Салауат айту [242, 51-52 pp.].

Бұдан кейінгі жылдары оқу барысында аталған пәндер тереңдетіле беріп, қасиетті тарих, ислам дінінің негіздері сынды пәндер қосылған.

Жалпы дәстүрлі жекелік мектептердің ашылуының астарында не жатқанын, Торғай облысының халықтық училищелер директорына 1913 ж. Қостанай уезінің 2-районының оқу инспекторы жолдаған хатының мазмұнынан байқауға болады. Онда, қазақ халқы арасында байлардың өз қаражатына мектеп ашу дәстүрі кең тарағанын, сол арқылы бай өзінің атын шығаруды, сайлауда танымалдығы арқылы көп дауыс жинау мақсатымен жасайтындығын айтады. Мәселен, хат авторы өзіне тиесілі елді-мекенде 5 мұсылмандық мектеп бар екенін, оның ішінде оқу барысы біршама жүйеленгені – Жетіқара болыстығының №5 ауылы жөнінде баяндайды. «аталмыш мектепте 30 ұл бала мен 6 қыз бала оқиды. 1912 ж. 12-желтоқсанда еш рұқсатсыз ашылған. Араб транскрипциясы арқылы қазақша оқу мен жазуға үйретеді. Оқытушы – Абдул Гали Валеев, Уфа губерниясының Қарғалы медресесінде білім алған». Пайдаланып жатқан кітаптар жайлы инспектор арабша хат танымайтындықтан айтып беруге қиналып тұрғанын жазған [242, 54-55 pp.].

Келесі бір, Торғай облысының халықтық училищелер директорына жазылған хаттың мазмұнына тоқталар болсақ, Ырғыз қаласындағы 1 жәдидтік мектеп пен Торғай қаласындағы 1 жәдидтік медресе жөнінде жазады. Біріншісі халықтық училище директорының рұқсатымен 1906 жылы ашылса, екіншісі 1905 жылы ашылған. Сабақ оқушылардың ана тілінде және араб тілінде жүргізілген. Діни пәндермен қоса жоғарғы сыныптарда география мен тарих оқытылған.

Ал қандай заманауи және діни кітаптар оқулық ретінде пайдаланылғанына келер болсақ: 1913 ж. қазанда шыққан Зуфар Қасымовтың «Гильм хал» кітабы; 1911-1912 жж. жарық көрген Губайд. Мухминовтың «Иман», «Тахарат», «Намаз» және «Ахирет» кітаптары; 1912 ж. А. Сүлейменовтың «Табиғат ішінде» кітабы; 1912 ж. Халиловтың «Муғамалат» кітабы; Г. Максудовтың басшылығымен шыққан «араб грамматикасы», «Мухтасар»; 1911-1913 жж. шыққан Н. Валитов пен Кабировтың «Арифметика» кітабы; 1910 ж. Мустафиновтың «География» курсы мен Харис Файзулиннің «Ресей империясының географиясы» мен «Тағлым Жағрафия» кітаптары; 1912 ж. шыққан Батталовтың «Татар тарихы» мен Ф. Каримовтың «Ислам, пайғамбарлар тарихы» кітаптары оқытылған.

Медреседе Хусайния медресесін бітірген Самар губерниясының тумасы Абдулхан Рафиков және қыздар бөлімінде оның әйелі Мавзуда Рафикова сабақ берген. Қазақ балаларына Шұбалаң болысының молдасы Салих Байтуов пен 2-Наурызым болыстығының молдасы Беис Мыңбаев сабақ берген.

Аталмыш оқу орындарында көрсетілген оқулықтар негізінде сабақ өтіледі. Оқу үдерісі 5-6 жылға бөлінген. Сондай-ақ, сабақ кестесі жасалған және сынып журналдары енгізілген. Ырғыз мектебінде 42 бала, оның ішінде 11 қазақ, 21 татар, 10 бұқарлық оқыған. Ал қыздар бөлімінде 40 қыз бала, оның 25 татар, 9 қазақ, 6 бұқарлық.

Торғайлық медреседе 90 шәкірт оқыған. Оның 53 қазақ, 37 татар бала білім алған [242, 56-57 пп.].

Жоғарыда аталған жеке меншік оқу орындарының зиянды екендігін және оған біршама тежегіш болатын айла ретінде орыс сыныптарының қажеттілігі мәселесі көтерілген. Ашылып жатқан мектеп-медреселерге деген орыс шенеуніктерінің көзқарасы қандай болды дегенге тоқталар болсақ оны 1914 жылдың мамыр айында Ырғыз уезінің инспекторы Соколовтың Торғай облысының халықтық училищелер директорына жазған хатындағы мұсылмандық мектеп/медреседегі орыс сыныбының ұйымдастырулуы жайлы өз ойына байқауға болады. Оның пікірі бойынша, мұсылмандық фанатизмді дәріптеуші мектеп/медреселердің жұмыс істеуіне негізінен татарлар ғана ықыласты, олар бейбіт жатқан қазақтар мен сарттарды өзінің зиянды ықпалына алмақшы. Сондықтан: «...такие русские классы безусловно необходимы, как сеятели зерен Русской государственности и света истинного знания в самых гнездах мусульманской пропаганды», – дейді [242, 58 п.]. Демек, солтүстік, орталық, батыс Қазақстанда татар мұғалімдерінің, татарлық мектептердің ықпалы зор болған. Ал оңтүстікте татарлармен қоса жергілікті қазақ білім ордаларының саны да көп еді.

1915 жылдың соңына қарай Астрахань губернаторына №8 болыстың Адамбілмес Атынайтбасов деген лақап атпен хат жазып, «Шапшашы» (Чапчачи) ауылында еш рұқсатсыз екі мектеп бой көтергенін жазады. Олар Халық Ағарту министрлігінің қаулысын бұзып, заңсыз түрде діни пәндерді оқытып жатқандаған баяндаған. Біреуін Ғинаят деген татар салса, екіншісін қазақ Хайретдин Қазыев салған. Сонымен қатар «Қаңбақты» шатқалында Кенжеле Сарыев пен Үмбетәлі Жанпейісов басқаруымен діни рәсімдер өтіп тұратындығын, ал «Ішпе» (Шпе) аңғарында заңсыз мешіт тұрғызылып, онда күнделікті намазбен қатар Жұма намазы да оқылып тұратындығы баяндалған [243, 1 п.]. Билік өкілдері бұл мәселенің анық-қынығын білу үшін арнайы тексеріс жасайды. Нәтижесінде екі мектептің біреуіне Хайретдин Қазыевке мұсылмандық конфессионалдық пәндерді оқытатын және орыс тілін үйрететін мектеп ашуға рұқсат бергендігі айтылады. Ал екінші татар адамы ашқан мектепке ешқандай рұқсат жоқтығы айтылып, оны жабуға бұйрық береді [239, 3 п.].

Осы секілді Ішкі Бөкей ордасында заңсыз жұмыс істеп тұрған мектептер жөнінде архив қорларында көптеген мәліметтер берілген.

Кесте 11. Ішкі Бөкей Ордасы, Талов аймағындағы заңсыз жұмыс істеп тұрған мектеп пен медреселер жөнінде (1915 ж) [244, 8 п.].

Болыстық атауы	Мектеп/медресе	Құрылған жылы
№1	«Тіленші» шатқалында мешіт жанындағы мектеп	1908ж .
№3	«Саралажынкөл» маңында мешіт жанындағы медресе; «Қылыш-Саражынкөл» маңындағы мектеп; «Жұмабек-Шеген» шатқалында жеке мешіт қасынан ашылған мектеп	
№4	«Тоқбас-көл» мекенінде мешіт қасында ашылған; «Қарамия» мекенінде жеке үйде ашылған мектеп	1878 ж.
№5	Исенбаев төңірегінде ашылған мектеп	1913 ж.
№7	«Қара-су» маңындағы мектеп	
№8	«Қос-арал» ойпатындағы мектеп; «Сары-қопа» маңындағы мектеп	

Ішкі қырғыз (қазақ) ордасының халық училищелер инспекторының осы бір мәліметінен, қазақтардың білім алуға деген ұмтылысының зор болғандығын, тіпті тыйым салынған патша заңдарына да қарамағандығын көре аламыз.

Енді, осы ішкі қазақ ордасындағы 1896 жылғы оқу орындары жөнінде халықтық училищелер инспекторы Александр Андреевич Воскресенскийдің Ішкі қазақ ордасын басқару бойынша Уақытша кеңес төрағасына берген есебіне тоқталайық. Ол бойынша төмендегі кестеде сол аумақтағы мұсылмандық мектеп/медреселердің саны, оқытушылары жөніндегі мәліметтерді жинақтап ұсынып отырмыз:

Кесте 12. Ішкі қазақ ордасы бойынша мұсылмандық мектеп/медреселер [245, 2-3 п. а.б.].

Оқу орны	Қызметі	Аты-жөні	Мекен-жайы
Хан ордасындағы мектеп	Басшысы	Ахун Сафиулла Абдуллин	Хан ордасы
	Орыс тілі мұғалімі	Андр. Фил. Филиппов	
Ново-Казанская медресе	Муддарис	Ахун Гатаулла Галикеев	Новая Казанка

	Орыс тілі мұғалімі	Вад. Вад. Цветницкий	
	Арифметика мұғалімі	Ив. Мат. Сиротов	
Джаркиакская медресе	муддарис	Мулла Джубан Джордибеков	Джаркиак шатқалы
Қарасу маңындағы медресе	Муддарис	Мулла Бузауов	Қарасу
Токбас-куль өңірінегі медресе	Муддарис	Укмулла Кубаев	Токбас-куль

Кестедегі мәліметтерден бөлек, құжаттың келесі бөлігінде училищелер турасында статистикалық мәліметтер келтірілген.

Сөзімізді қортындылай отырып айтар болсақ, 1896 жылы Бөкей Ордасында барлығы 64 училище болған. Оның ішінде: 2 сыныптық ауылдық мектеп – 2; 1 сыныптық ауылдық мектеп – 6; старшиндық мектеп – 14; медреселер мен мектептер – 38; оның ішінде орыс тілі оқытылатыны – 2; жеке мектептер – 2 [245, 4 п.]. Өткен жылмен салыстырғанда жаңа оқу орындары ашылып, қосылған. Сонымен қатар мұғалімдер саны: барлығы – 90 адам, оның ішінде заң оқытушы – 2; дінді оқытушы – 58; әйел мұғалімдер – 3. Ұстанатын дініне қарай: православие христиандары – 16; мұсылмандар – 74. Олар білімдерін Қазанда, рухани семинарияда, рухани училищелерде алған.

Жалпы, 1896 жылы Ішкі ордада барлығы 708 бала оқыса, оның 673-і ұл бала, 35-і қыз бала. Ал ұлты жағынан: 64 орыс баласы, 629 қазақтар, 15 татар. 56 мектеп/медреседе оқыған балалар – 400. 375-і ұл бала, 25 қыз бала. Деректердегі құжаттарға сәйкес, бұл мұсылмандық мектептердің ішкі өмірі, оқу бағдарламалары, т.б. оқу үдерісінің қырлары әртүрлі себептерге байланысты беймәлім [245, 4-5 п. а.б.].

«1915 ж. Ішкі қырғыз Ордасындағы оқу мекемелерінің ахуалы жөніндегі тізімдемесі мен мектептің есептері» атты құжатта Ішкі қазақ ордасының училище инспекторы Кушеевтің мәліметінше Торғын бөлігіндегі мектеп пен медреселер саны 1915 ж. 8 болған. Олардың ешқайсысында рұқсат қағазы болмаған. Ал сабақты указной молда жүргізіп отырған [246, 8-9 пп.].

Осылайша «...талай ғасырлық қалыптасқан 14 миллиондық Ресей мұсылмандарының күнделіктік өмірінің қалпын өзгертуі мүмкін» жаңа күш, жәдидтік қозғалыс пайда болып, озық мектеп пен медреселер өзінің шәкірт түріндегі алғашқы жемістерін бере бастады [179, 7-8 пп.].

Қорыта келе айтатынымыз, жалпы алғанда, жоғарыдағы деректердің мәліметтерін салыстырмалы түрде талдай келе бірнеше тұжырымдамалық қортындылар жасауға болады:

1. Патша үкіметі өзінің шеткі аймағы болып табылатын қазақ жеріндегі оқу-ағарту ісін соның ішінде ескі сарындағы діни мектептер мен медреселердің жəнезамана ағымына сай ене бастаған жəдидтік (жаңа тəсілдік) мектеп-медреселердің толық бақылауда болуын Полиция департаментінің Түркістан аудандық сақшылар бөлімі, облыстық, қалалық полиция, іздестіру, жандармерия жəне халықтық инспекторлар арқылы қамтамасыз етуге тырысты;

2. Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінде, əсіресе Жетісу аймағында (Верный қаласын қоса алғанда) жəдиттік бағыттағы мектептер мен медреселердің жылдам дамып, тез таралып, ірі жəне қуатты оқу орындарына айнала бастағанын байқауға болады. Жетісу облысы бойынша жаңа əдісті мектептер: Пржевальскіде – 3 мектеп, ал оқушылар саны – 240; Тоқмақта – 1 мектеп, 90 оқушы; Пішпекте – 1, 120 оқушы; Сергиопольде – 1, 60 оқушы; Лепсіде – 2, 45 оқушы; Жаркентте – 2, 70 оқушы; Қапалда – 2, 200 оқушы. Верныйда - Ғабдулвалиевтер, Ақсуда - «Мамания», Қапалда - «Якобия», Зайсанда - «Қазақия» жəне «Ғизатия», Қарғалыда - «Әмирия» жəне тағы басқа медреселер ашылған. Бұл оқу орындарының шəкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дəріс алған.

3. Қазақстанның батыс өңірлерінде көбінесе діни сауат ашу, ауыл маңындағы жекелік мектептердің басымдылығы көрініс берген, оның өзіндік себебі де болды, бірінші ауыл аймақтар арасында жер шалғайлығы, екіншіден мал шаруашылығының басым болуы мен климаттық жағдайдың ерекшелігі əсер етсе керек;

4. Діни сауатты жəне заманауи еуропалың білімді игерген татар жəне қазақ зиялылары халық көп шоғырланған орталық қалалардағы мектеп-медреселерде сабақ беретін;

5. Қазақтық Маман секілді алыс жақын шетелдерге кіре тартып сауда жасаған ауқаттылары ең алдымен шетелдік үлгідегі мектеп-медреселер ашуға күш салып, қаржыларын соған жұмсады, оның астарында халық санасын оятып, сауат ашып қана қоймай ел басқаратын, азаттық үшін күрестің көсеміне айналатын тұлғалар шығатын оқу орындарын ашу арманы жатты.

6. Ресей отарлық езгісінен құтылудың бір жолы ретінде, ұлт-азаттық көтерілістердің тұншықтырылуын көре отырып, ағарту жолын саяси күрестің бір құралы екендігін түйсіктерімен ұғынғандар жəдидтік қозғалысты қолдап, жаңа тəсілдік мектептерге ден қойды.

3.2 Жəдидтердің ағартушылық қызметі

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі Ресейдің түркі-мұсылман халықтары қоныстанған аймақтарында қоғамдық өмірдің саяси,

әлеуметтік, мәдени, діни, ағартушылық, экономикалық және басқа да салаларында стагнация үдерісі орын алып жатты. Бұл көрініс жалпы мұсылман әлеміне тиесілі ортақ болды. Патшалық империя құрамындағы әр ұлт өзінің өмір сүруге деген құлшыныстарын негіздеп, билікпен күресудің жаңа жолдарын іздеп жатты. Осы кезеңде «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» атты қарсылық көрсетудің орнына ғылым мен білім салаларын дамытып, халықтың сауаттылығын арттырып, сол арқылы ұлтты сақтап қалуға әрекеттер жасала басталды. Сол заманның сұраныстарына тиісті жауап қайтаратын интеллектуалды азшылық қажет болды. Нәтижесінде ол жәдидтік идеяны дүниеге әкеліп, жәдидтердің прогресшіл қозғалысы пайда болды.

Жәдидтер өзінің идеясының түпқазығы ретінде ислам дінін, шариятты, пайғамбардың ілімін ту етті. Зерттеуші Қалижан Уәлихан өзінің «Жәдитшіл жырлар: (Тарихи зерттеулер)» атты еңбек жариялап, бұл шағын кітапта автор XIX ғ. яғы мен XX ғ. басында өмір сүрген, халық арасында ақындығымен, діндарлығымен, ағартушылық ойларымен көзге түскен, өлеңдері кең жайылған, сол замандағы жәдидтік идеямен үндес болған 4 тұлғаның өмірбаяны, жырлары мен өлеңдерін жинақтаған. Олар: Әбубәкір Кердері, Нұржан Наушабайұлы, Шәді Жәңгірұлы, Мақыш Қалтайұлы. Әбубәкір Кердері туралы сирек кездесетін шағын ақпаратты жинақтап, оған талдау жасап, өмірбаяндық өлеңдерінен, ислам діні турасында, білім-ғылым, т.б. бағыттағы өлең үзінділерін келтірген. Бұл ақын жөнінде біршама кешенді зерттеуді М. Әуезов жүргізген болатын. 1905 ж. Каримов баспаханасынан «Әдебиет Қазақия» жинағын бастырып шығарған. Алайда Қ. Уәлихан жоғарыда аттары аталған қазақ даласының қайраткерлерін жәдидтік толқынның өкілі ретінде алса да, нақты жәдидтік идеямен ұштасатын, қолдайтын дәлелдер келтірмеген.

Келесі ақын Нұржан Наушабайұлы. Ол жөнінде ғалым Б. Кенжебаев зерттеу жүргізген. Сал-сері болған, ақындыққа 30 жастан асқанда келген. Өзінің үш кітабы көзі тірісінде Қазан қаласындағы ағайынды Каримовтар баспасынан басылып шыққан: 1903 жылы «Манзумат қазақия», «Жұмбақ»; 1910 жылы «Алаш» жинағы шыққан [247, 31 б.]. Көптеген тақырыптар бойынша өлеңдер жазған. Сол заманның алыптары Ж. Көпейұлымен, Ы. Алтынсаринмен, А. Құнанбаевпен таныс болған. Бірақ жәдидтік бағытқа қалай жақын болғандығы көрсетілмеген.

Шәді Жәңгірұлы, өлең-дастандарының негізгі тақырыбы ислам дінінің тарихы, пайғамбарымыздың өмірбаяны, сонымен қатар қазақ тарихында өзіндік орны бар Абылай хан туралы да жыр-дастан жазып кеткен. Келтірілген үзінділерден бұл ақынның шешендігіне, әдеби тұрғыда шеберлігіне, дін тарихы жөніндегі біліміне тәнті боласың. Алайда, қалайша жәдидтік оймен ұштасатынын, дәлелдер келтіру арқылы түсіндірілмеген.

Мақыш Қалтайұлы 1910 жылдары «Қазақтың айнасы», «Тура жол», «Бар оқиға», «Насихат Қазақия» сынды бірнеше кітаптарын жарыққа шығарған.

Өзі молда болып, балалардың сауатын да ашумен айналысқан. Сонымен қатар газет-журналдарда мақалалар жариялап, «қазақ әйелінің бас бостандығы» турасында, қазақша оқулықтар мен оқу құралдарын жазып шығару жөнінде мәселелер көтерген.

«Оқу бітпес азық болар,
Оқымаған азып тозар,
Көңілі көр жабық болар,
Жастықта жарамас

Жалқаулықты қой» [247, 54 б.] деп жастарды оқу-білімге, ғылым үйренуге шақырған. Тек осы авторда ғана У. Қалижанның жәдидшіл жырлардың өкілі ретінде дәлел ала алдық.

Демек, кімді жәдидтік толқынның өкілі ретінде тануымызға болады деген заңды сұрақ туындайды. Олай болса жәдидтік партияға жатқызатын арнайы критерийлер, талаптар мен анықтамалар жасау қажет. Осы өлшемдерге сала отырып, кімді жәдидшіл, кімді дәстүрлі ағартушы, кімді зиялы қауым өкілі ретінде тануға болатын мүмкіндік туады. Зерттеу барысында осы күнге шейін мұндай критерийлерді жасаған, не ұсынған зерттеушілер жоқ.

Ислам діні ешқашан прогреске қарсылық танытпаған, бұл екі ұғымды бір-біріне антоним түсініктері ретінде қарауға негіз жоқ. Бірақ, басты назарда білім тұрады, тек діни емес, дүниелік те, кәсіппен айналысу да, тіл үйрену де, т.б. Осы тұста жәдидтер мен қазақ зиялыларының ұқсастықтарын, ойларының бірлігін, түпкі мақсаттарының ортақтығын байқауымызға болады. Мысалы, Ы. Алтынсарин: «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық», – деп білімге шақырса, И. Гаспринский өзінің «Тәржіман» газетінің бетінде: «Коран и пророк (с.а.у.) категорически обязали мусульман «поголовно учиться», – деп жазады [248, 51-52 бб.].

Жәдидшілдік қозғалыстың астарында жатқан прогреске ұмтылу мен білім-ғылым арқылы ұлтты сақтап қалу идеясы ретінде қарастырсақ оның бір уақытта бірнеше территорияда қатар пайда болғандығын байқауға болады. Қазақ жерінде ойшыл-ағартушылар Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсарин десек, Осман империясында Танзиматшылдар қоғамы, Татарстанда әл-Маржани, Курсави ізбасарлары, Орталық Азияда Ризаэтдин Фахретдин, Мұхаммед Абдо, Жамаладдин әл-Афгани, т.б. өкілдері ұлты үшін еңбек етті. Осы орайда шетелдік зерттеуші Адиб Халидтің полицентристік көзқарасымен келісуге болады [64, 8 б.].

Жәдидшілдер Ресей империясындағы мұсылмандардың жағдайын жақсарту үшін мұсылмандық білім беру жүйесін модернизациялауға талпынды. Бұл модернизациялық үдеріс медресе бағдарламасына орыс тілін, еуропалық тілдерді, жаратылыстану пәндерін, математика, география және т.б. жаңа пәндерді енгізуді көздеді. Орталық Азия «оазисінде» дін мен ғылымның жаңа орталығы ретінде Бұқара аймағы танылды. Сонымен қатар бұл территория жәдидтік жаңашылдық пен сопылық ортодокс

көзқарастарының теке-тірес ордасына да айналды [249, 57 б.]. Шетел зерттеушісі Аллен Франктың пайымдауынша татар мен башқұрт жәдидтері Орта Азияда жаңа білімді таратуда алдына жан салмады [250, 181 б.].

Татар ағартушылары жөнінде Түркістан облысы бойынша полиция агенттерінің мәліметтері келтірілген. Соның ішінде «Шахризьбский» лақап атты тыңшының мәліметінше татар ұстаздары Ташкент маңына бұрыннан бері келіп, оқыту жұмыстарын жүргізуде. 1912 ж. 3 ер адам мен 1 әйел ұстаз келген. Ол әйелдің аты Бибі Мариям, Ташкент орталық мешітінің имамының туысы. Жергілікті халықтың айтуынша татар молдалары бұрын көптеп келіп кетіп жүрген, ал соңғы уақыттары жергілікті әкімшілік тарапынан қысым көріп жатқандықтан Жетісу мен Ферғана облыстарына ауыспақшы. Мысалы, Ферғанаға 1912 ж. 8 татар ұстазы келген. Жаңа әдісті оқыту жөнінде: «...ал Жетісуда жаңа әдіспен оқыту бұрыннан бар, алайда жергілікті билік одан хабарсыз», – деп мәлімдеген [251, 17 п. а.б.].

Алғашында татар, башқұрт ағартушылары болса, кейіннен тәжік, өзбек, қазақ ұстаздарының да саны арта бастаған. Татарстан Республикасының мемлекеттік архивінің қорларында осыған дәлел мәліметтер бар. Мысалы, Қазан губерниялық жандармерия басқармасы басшысының хаты сақталған. Ол жерде Түркістан аудандық қауіпсіздікті сақтау бөлімінің басшысы өзіне тиесілі аумақта Қазандық медреселердің шәкірттері келіп, қазақ жастарының сауатын ашып, сабақ беріп жүргендігі жазылған. Осы шәкірттерге қатысты ресми әкімшіліктен ақпарат беруді сұрайды. Жауап төмендегідей берілген: «...қазақ даласына жыл сайын медресе шәкірттері мен татар-мұғалімдері келіп, балаларға сабақ беріп, орыс-түземдік мектептерге бармау керектігін, орыс тілін татарлық оқулықтардан да өздiгiнше үйренуге болатындығын айтып, үгiттейдi. Сондай-ақ олар өздерiмен Қазан қаласында басылған әртүрлi сарындағы мемлекет идеологиясына қарама-қайшы кiтаптар мен брошюларды таратады» [252, 2 п.]. «Мұғалімдер саны қырыққа жуық, олардың ішінде «Харис» атты біреуі мен қазандық татар Гады Давидов бар. Сұраныс хатқа жауап берген жандармерия басшысы олардың арасында тек татар ұстаздар ғана емес, қазақтардың да бар екендігін мойындайды. Тексеріс барысында бірнеше адамдардың аты-жөндері аталған:

1. Мавлют Латыпов (Уфа губерниясынан, қазіргі кезде Жетісу облысы, Сергиополь қаласында ұстаздық етуде);
2. Хасан Узбеков (Қазан қаласындағы Қасымов медресесінің түлегі);
3. Гатаулла Ахмаров (Жаңаөзен уезінің тұрғыны, қазіргі уақытта Қазанда тұрып, халықтық училищелер оқытушысы лауазымына дайындалуда.

Жоғарыда аталған «Харис» атты адамға мінездеме беріліп, оның толық аты Харис Файзуллин екендігі, оның бес жыл бұрын жабылған жәдидтік «Ахбар» газетінің редакторы болғандығы айтылған. «Ол – анық ұлтшыл татар, панисламист». Бірқатар оқулықтар мен кітаптарды жарыққа шығарғандығы айтылған [252, 2 п. а.б.-3 п.].

ҚР Орталық Мемлекеттік архивінің 938-ісінде Дала генерал-губернаторы берген есепте қырғыз даласында паспорттары болса да, тұрақты жұмыстары жоқ әр ұлт өкілдері мұсылмандар ауыл-ауылды аралап, діни сауат ашып, сабақ беріп жүрген шершеш, сарт, татар, т.б. сөзге тиек етеді. Демек, ұстаздық етіп, мұсылмандықты үйретіп жүрген тек татарлар емес, өзге ұлт өкілдері де көп болған [253, 38 п.].

Жандармерия мекемесінің бастығы қазақтардың арасында соңғы жылдары орыс билігі беделінің тым төмендеп кетуін осы татар мұғалімдері мен шәкірттерінің саяси үгіт жұмысының салдары есебінде түсіндіреді. Соған байланысты Орынбордағы әріптестеріне өзінің құпия тергеу жұмысын жүргізіп жатқанын мәлімдеп, қандай татар мұғалімдерінің қазақ даласына шығып жүргенін және қазақтардан кімдердің татар училищелерінде білім алып жүргенін анықтау ісінде көмек көрсетулерін өтінеді.

Түркістан жандармерия мекемесінің қатынас хатына 1913 жылы 5 наурызда берген жауабында Қазан губерниялық жандармерия басқармасының бастығы Қазаннан қазақ даласына бала оқытуға шыққан мұғалімдер жөнінде мынадай мәлімет береді: «Тексерілмеген мәліметтер бойынша Қазаннан қазақ балаларын оқыту үшін мына кісілер кеткен: 1) Мавлют Латынов, Уфа губерниясында туып өскен, ал қазір Жетісу облысындағы Сергиополь қаласында мұғалім болып істейді; 2) Хасан Өзбеков, Хвалынскі уезінде туып-өскен. Бұл екеуі де Қазан қаласындағы Қасымов медресесінің түлектері; 3) Гатаулла Ахмаров, Жаңаөзен уезінде туып өскен, қазіргі уақытта ол Қазан қаласында тұрады, халық училищесінің мұғалімі атағын алуға даярлық үстінде. Бұлардың үшеуі де жандармерия басқармасында тіркелмеген» [121, 222 б.].

Дала өлкесіндегі мұсылмандардың көңіл-күйлері мен мұсылмандық жиын өткізу туралы құжатта орыс халқы мен бұратана халықтар арасындағы құқықтық алшақтық пен билік тарапынан жасалып жатқан дискриминация фактілері ашық көрсетілген. Ішкі істер министрлігіне келіп түскен хатта Дала генерал-губернаторлығында 1914 жылдың сәуір айында мұсылмандық істерге қатысты құпия жиналыс өтетіндігі хабарланған. Осы жиынға ресми билік тарапынан А.Н. Неверов деген шенеунік адам жіберіледі. Осы қызметкерге мұсылмандық мәселелерді шешуде төмендегідей ұсыныстар берілген: «...әкімшілік іс-шаралар бойынша мәселелер талқыланғанда, ең алдымен православты орыс халқының жағдайы жасалынсын, сосын ғана барып мұсылмандық халықтың әділ талаптарын орындау керек. Халықтың басым көпшілігі қазақтар, олар басқа мұсылмандарға қарағанда фанатизмнен аулақ». Сондықтан қазақтарды басқа мұсылман халықтарымен біріктіретін ұйымдастырушылық орталықтардан оқшаулау керектігі нұсқалады [254, 5 п.]. Патшалық өкіметтің мұндай саясаты ұлт жанашырларының намысына тиіп, жалпы қоғамның сана-сезімін оятып, тығырықтан шығар жол іздеуге итермелейді.

Оның шешімі I және II Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің қарарында төмендегідей пунктте баяндалды: «...жақын болашақта үлкен өзгерістер орын алуы мүмкін, Ресейдің қазіргі жағдайын ескере отырып, оның келешектегі мақсатын ұғына отырып, біз арнайы мұсылмандар арасынан, болашақта мұсылмандар әлемі үшін пайдалы болатын жекелеген адамдар тобын тәрбиелеуіміз керек». Бұл мақсатқа жету үшін жалпы білім беретін мектептер (училищелер) ашу қажет, газет-журналдар, кітаптар арқылы осы бағытта идеялық бастаманы насихаттауға назар аударады [255, 27 п.].

Бұл жол – интеллектуалды күрес жолына, қалам мен қағаз жолына, рухани ағартушылық күресі жолына алып келді. Тарихта – жәдидтік қозғалыс атымен қалды. Дегенмен, алдыңғы тарауда айтылып өткендей, Ресей билігі өз ұлтының қамы үшін жанын бәйгеге тіккен тұлғалардың барлығын әртүрлі теріс мағынадағы атаулармен белгілеу әдісі бар болған. Соған орай, жәдидтік идеяны қолдағандарды да «пантүркішілдер», «панисламистер» (пантюркизм, панисламизм идеясын таратушылар), «тыңшылар», «шетел агенттері», т.б. деп атап, қаралауға тырысқан. Әрине, жәдидтік идея маңында топтасқан адамдардың барлығын біртекті, бірбейнеде қарастыруға болмайды. Бірақ, басым көпшілігі оларға тиелген жалалармен үйлесімі болмады. «Бөліп ал да, билей бер» саясатын қолданып, ресми билік өзінің қоластындағы түркі-мұсылман халықтарды қалай болса да бастарын қоспауға, бір-бірінен алшақ ұстауға тырысып бақты. Сөзімізді дәйектесек, архивтік құжат бойынша Қазақстандағы панисламистер мен пантюркистер, Еуропалық Ресейдің орталық бөлігіндегідей, ауызша және баспа түрінде насихаттау мен үгіттеуде алдыңғы қатарлы қайраткерлер ретінде қатысып, жаңа дыбыстық әдіс үшін медресе мен мектепте оқытудың ескі әдістерінің өкілдері – молдаларға қарсы күрес жүргізді. Панисламистер мен пантюркистер қай ұлтқа жататынына қарамастан, Қазақстанның барлық мұсылман халқын Ресейдің қалған бөліктеріндегі, тіпті одан тыс жерлердегі мұсылмандармен мектеп және діни мәселелер негізінде біріктіруге тырысты. Олар панисламизм мен пантюркизм идеяларын сәтті насихаттау үшін негіз жасады. Бұл қозғалыстың жақтаушылары мен өкілдері «джадидтер» деген лақап атқа ие болғандығы баяндалған [88, 423 б.].

Патшалық билік мұсылман газеттерінің сол замандағы ықпалы мен беделін ескере келе, қай аймақта мұндай газет-журналдар таралса, демек сол жердің халқы панисламизм мен пантюркизм шырмауында қалды деп тұжырымдаған. Мәселен Түркістанда «Ойна (Айна)» газетасы, «Седа-и-Фергана» (Ферғаналық дауыс») т.б. Мұсылмандық газета аймаққа келсе болды, ол жерге панисламизм мен пантюркизм идеялары таралып кетті деп ойлайтын болған [256, 37-38 пп.].

Диссертациямыздың алдыңғы бөлігінде жалпы жәдидтік идеяға, жәдидтерге, жаңа оқыту жүйесіне патшалық өкіметтің, жергілікті әкімшіліктің, қадымшыл молдалардың, христиан миссионерлерінің көзқарастары мен ұстанымдарын тікелей не жанама көрсетіп өттік, ендігі

кезекте жергілікті қарапайым халықтың және жергілікті ұлт зиялыларының көзқарастарына тоқталсақ. Өйткені, прогрессистік идеяны қарапайым халық арасынан қолдаушылар болмаса, ол сол күйінде идея ретінде ғана қала бермек. Оны материалдық тұрғыда жүзеге асыру үшін міндетті түрде қолдау мен сұраныс болу қажет. Сонымен, молдалардан алғашқы сауатын ашқан Алаш ардақтылары сол заманның өзгерістерінен, сұраныстарынан хабардар болған. Болашақты болжай білген. Ресей территориясынан келе жатқан жаңа лептің өзегін түсініп, оның қазақ жерінде кең қанат жаюына септігін тигізді. Мәселен, А. Байтұрсыновтың: «усул жәдид, яки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасында аз таралған соң, біздің мақсатымыз да – сол оқуды қазақ арасына көбірек жаю», – деп жазғаны бар [257, 10 б.]. Ал М. Дулатұлы «Таршылық халіміз хақында аз мәнажат» атты өлеңінде жәдидшілдікке қатысты келесі ойын білдіреді:

«Надандықтың шәрбатына мас болдық,
Зарарға дос, файдамызға қас болдық.
Үлкеніміз қадимләкқа жазылып,

Жәдид деген партияда жас болдық» [258, 78 б.]. Өз халқының надандық түнегіне түсіп кеткендігін сынай келе, автор сол заманда қоғамның қадымшылдық пен жәдидшілдік деп екіге бөлініп, ел арасында бірлік-ынтымақ жоқ екенін айтады. Сонымен қатар жәдидтік қозғалысқа жастайынан атсалысқанын, ал қадымшылдықта негізінен жасы үлкен азаматтар болғандығын білдіреді. Өлеңнің келесі жолдарында:

«Мұнымыз да дұрыс емес ойласақ,
Файдасы жоқ халқымызға қоймасақ.
Өзді-өзіміз дұшман болып жүргенде,

Жарар еді басқаға жем болмасақ», – деп сауатсыз халықта өзіне пайдалысы қайсы, зияны қайсы екендігін анықтатындай ауызбіршілік жоқтығын жазады. Бұл жағдай кейіннен қазақ халқын басқаларға мұқтаж қылып жүрмесе деген қаупін алға тартады [259, 54 б.].

Міржақып Дулатов өзінің «Тіл-құрал» мақаласында Гаспринскийдің газет арқылы айтқан ойларымен танысып, олардың көңіліне жағып, үндескенін жазады. «...1904-інші жылдан бастап ноғай әдебиетін үйренуге әуестендім, сол жылдан бастап «Тәржіман» газетасын, онан кейін шыға бастаған өзге ноғай газеталарын алып, оқитын болдым. ...бұлар маған сіңді» [94, 8 б.].

«Ғалия» медресесінің он жылдығына орай М. Дулатов арнайы мақала жазып, сол тұста бұл оқу орнының маңызы жайлы мынандай пікірін білдірген еді: «Медресе «Ғалияны» естімеген қазақ жоқ, қазақ даласының қай жерінен болса да, 10 жылдың ішінде медресе «Ғалиядан» оқыған шәкірттер бар. Осы күні қазақ арасындағы тәуір мұғалімдердің көбі «Ғалия» медресесінің жемісі. Медресе «Ғалия» он жыл мұнан бұрын осы күнгі мудирі Зияддин хазіреттің ыжтиһатымен һәм ұлтына қызмет етуді борыш көрген жомарттардың жәрдемімен ашылған медресе, жылдан-жылға, дәуірлер

мұсылмандардың бірінші медресесі қатарына қосылуына себепкер болған да әлгі ашушы Зияддин хазірет. ...медресе «Ғалия» ноғайдікі болса да, қазаққа бөтендігі жоқ. 10 жылдан бері қанша қазақ баласы кірсе де, есігі ашық болған, мұнан кейін де Иншалла жатырқайтын емес» [260, 284 б.].

Белгілі қазақтың қоғам қайраткері, әрі зерттеушісі Қ. Кемеңгерұлы айтқандай: «Тәржіман» газеті Түркістан өлкесіне де жетіп, ондағы жастарды оятып, жәдидтер тобын тәрбиелей бастады» [226, 24 б.].

Білім-ғылымы мықты елдің іргесі де берік болмақ. Елбасымыздың әр жолдауында жастардың білім алуға шақыруы осы ақиқатқа негізделген. Ал Ы. Алтынсарин атамыз «Бір Аллаға сиынып, кел балалар оқылық» деп, жастарды бос уақыт өткізбей, білім алып, әлемдік халықтармен тең дәрежеде болуға шақырған. Нағыз байлық оқу-білімде екендігін Алаш зиялылары да білімге көп көңіл бөлген. Мысалы, «Қазақ» газетінің № 11 санында: «Бұл күнде оқудың керек екенінен һешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші», – деп жазған болатын [260, 110 б.].

«Қазақ» газетінің № 37 санында білімге ынтасы бар оқушыларға жәрдем көрсетіп, елге білім-ғылым тарататын ұстаздар керектігі жайында: «Басқа жұрттарда бізге қарағанда ышқолдар, мектеп-медреселер көп. Олардың байлары болыстыққа таласпайды. Мыңдап, он мыңдап ақшаны оқу жолына жұмсайды. Тіршілігінде қайыр сахауаты бар кісілер, өлген соң да қалған дәулетінен өсиет етіп оқу жолына үлес шығарады. Жұртына пайдасын тигізіп тұрған атақты адамдарын жад ету үшін солардың құрметіне стипендиалар ашады», – деп жазған [261, 18 б.].

Мұсылман жұртшылығы арасында жаңа оқыту әдісін насихаттау тек татар басылымдары арқылы ғана емес, қазақ баспасөздері арқылы да жүрді. 1912 жылы «Қазақстан» газетінің 7-санында Жетісудан авторы көрсетілмей жіберілген бір мақала жарияланды. «Балаларды қай оқытумен оқыту керек» деп аталатын бұл мақалада: «Барайын деген жерімізге түзу жүрсек жылдам жетеміз. Оқытудың да сондай түзу, қисық жолы бар. Қазіргі кезде мұсылманша оқытудың жаңа тәртібі, түзу жолы шықты. Ол түзу жол сол һәр бір әріптің дыбысын айтқызады. Бұл оқумен оқыған жас балалар бір айдың ішінде хат танып, жазу жаза бастайды. Бізден кейін қалған халықты бұрынғы ескі оқыту онан жаман кейін жібереді. Ұлы бар, қызы бар адамдар һәм бұл балаларды оқытатын молдалар жаңа оқытуменен оқыта көріңіз», – деп жазылған [262].

Жоғарыда көрсетілген қарапайым мысалда білімді жеткізу әдісінің де замануи талаптарға сай, оңтайлы болу керектігі айтылған. Дұрыс таңдалған оқыту жүйесі болашақтың кепілі. Бүгінгі таңда ескі оқыту жүйесі өз мүмкіндіктерін толықтай сарпыды. Оның орнына жаңа үлгідегі оқыту форматтары керек. Бүгінгі заманауи тілмен айтқанда инновация керек болды.

Осы орайда президентіміз Қ.-Ж.К. Тоқаевтың соңғы жолдауында балаға білім беру мәселесіне арнайы тоқталып: «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс», – деген болатын [263, 18 б.].

Осы хаттың жалғасында қазақ халқына да сипаттама берілген. «Қазақтар, басқа көшпелі халықтар арасында тілдері бай, ұшқыр ойлы, өзіндік әдебиеті бар, жаңалықтарға құштар халық. Олар жәдидтік оқыту жүйесінің жаңа әдісін жақсы көреді, медресе түлектерін жәрмеңкелерде, базарларда алдыртып, балаларына мұғалімдікке жалдайды» [264, 5 п.].

Әртүрлі басылым беттерінен прогрессистердің озық идеялары халық көңілінен орын тауып жатты. Жаңа әдісті оқытудың артықшылықтарына көзі жеткен консервативтік ұстанымдағы молдалар да біртіндеп жаңа әдіске көшуді қолға алған. Соның нәтижесінде тіпті қадымдық мектептер мен медреселер де біртіндеп жаңа форматтағы оқыту әдісіне көшуге мәжбүр болды. Мұндай тенденцияның куәгері Н.А. Бобровников өз жазбасында былай дейді: «Ресей империясының территориясындағы әртүрлі деңгейдегі мұсылмандық білім орындарының еуропалық үлгідегі жәдидтік оқыту жолына түсіп жатқандығын айғақтайтын мәліметтер бар. Алайда мектеп-медреселердің бір мезетте еуропалық құрал-жабдықтармен, не оқушылардың арнайы бірізді формасының жасалуымен сипатталмайды. Мектептерде бұрынғы дәстүрлі мұсылмандық келбет сақталғанымен, онда алдыңғы қатарлы кітаптар кең таралып, заманауи педагогикалық тәсілдерді меңгерген жаңа мұғалімдер көбеюде. Бұл процесс кейінгі уақытта бұдан да үлкен масштабта жүруі даусыз. Сондықтан ендігі уақытта бұрынғы бағыт бойынша мұсылмандық мектептерді қадымдық және жәдидтік деп бөлу дұрыс емес. Олардың өзара айырмашылықтары жойылып, ортақ, біртұтас стильге көшуде» [233, 38 п.].

Осы орайда шетел ғалымы Девин Девизбен (Devin DeWeese) келісуге тура келеді. Ол «О мифах и клише, окружающих исследования джадидизма. Ложные дихотомии» атты еңбегінде тарих ғылымында қалыптасқан өзара қарама-қайшылықтарды, түсініктерді бір-біріне қарсы қою арқылы тарихи оқиғаны түсіндіру әдіснамасына қарсы шығады. «...искажающие исследования джадидизма, это «свет и тьма», «новое – старое», «прогресс – регресс», «светскость – религиозность и т.д.», – деп жәдидтік қозғалыстың дамуына байланысты жаңаша көзқараспен қарау керектігін жазған. Ал XVI ғ. бастап тимуридтер дәуірінен кейін жәдидтік идеяның пайда болуына дейінгі мерзімі жағынан ұзақ уақытты тек «қараңғылық», «оқшаулану» дәуірі деп атап өту дұрыс еместігін айтады [265].

Оқу-ағарту саласында кітаптар мен оқулықтардың алатын орны маңызды екені мәлім. XIX ғ. аяғында кітап басатын арнайы орындар санаулы болып, одан шыққан кітаптар саны да шамалы болды. Алайда, XX ғ. бас кезінде, әсіресе бірінші орыс революциясынан кейін барлық ұлттар серпіліп, рухани, саяси, ағарту саласында толқыныстар күшейе түсті. Мәселен, орыс

ағартушысы Васильев қазақ даласында татар жерінен шығып жатқан кітаптар мен мерзімді басылымдардың таралуынан сескеніп, оның арты мұсылмандық көңіл-күйдің күшеюіне алып келетінін ескерткен. ««Чтобы возбудить в них больший интерес, татары пользуются в этом случае готовыми произведениями устного народного киргизского творчества. Последние переделываются татарами самым бесцеремонным образом, уснащаются религиозными терминами и религиозно нравственными наставлениями в мусульманском духе, причем чистота речи киргизской намеренно искажается заменой и вставками слов татарских, арабских и персидских. Назначение татарских книг подобной фабрикации очевидно: это – ознакомление киргизов с исламом и возбуждение в них подражания образцам татарско-мусульманской жизни!», – деп мәлімдеген [266, 17 б.].

Орыс шенеунігінің бұл үрейі орынды болған. Себебі, жәдидтік идеялар ең алдымен қазақ даласына мерзімді басылымдар арқылы енді, содан кейін барып оқулықтар мен кітаптар көмегімен таралды. Оқулықтардың қажеттігі туралы: 1896 жылғы «Тәржіман» газетінің №11 санында Бұқарлық имам мен Орал қаласының молдасы Ахмед Ферид Ширвановтың білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістердің қажет екендігін жазған. «Мұсылмандық мектептер мен медреселерде оқыту жүйесі жақсартылмай, сабақ жоспарына география мен тарих пәндері енгізілмей мұсылмандар арасында өмірге бейім, жаңаша көзқарастағы адамдар болмайды. Мұсылмандық әлемді басқан түнектен арылу үшін ең алдымен ұлттық мектептердегі оқу бағдарламасын реформалау қажет», – деп, тез арада балаларды оқытатын оқулықтар, кітаптар қажеттігін алға тартады [84, 86-87 бб.].

Көзі ашық, көкірегі ояу, халқының болашағы үшін қам жеген азаматтар қолда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, елді білімге шақырады. Сөзімізді дәйектсек, Ғалиолла Ғалымжанов (құжатта Ғалиуллы Галимджанов деп жазылған) ағайынды Каримовтар баспасынан өзінің «Исель юртем» («Моя жалкая нация») атты өлеңдерін бастырған. Ол жерде қазақ халқын сөйлей алмайтын жануарға теңеген. Білім-ғылымнан мақұрым қалып, өзге елдер арасында күлкіге қалғанын, қорқақтығының салдарынан қолындағы бар затын тартып алып жатқандығын, осындай уақытта халықтың болашағы үшін жанын бәйгеге тігетін азаматтардың қашан шығатынын мәселе етіп көтерген. Билікті уыстан жіберіп қойып, барлық байлықтан айырылғанын, бұрынғы хандар мен батырлар болған кезде жағдай басқа болатын еді деп күңіренеді [246, 5 п. а.б.].

«Штат нашей нации» атты өлеңде қазақ халқының мүшкіл халі айтылып, одан шығар бір ғана жол – ол оқу-білім, ағартушылық дейді. Соның ішінде бұрынғы ескі әдісті оқыту жүйесі емес, жаңа әдісте. Әр молда, мұғалім міндетті түрде жаңа әдісті оқуға көшу керектігін айтқан. Халықтардың озық жетістіктерін алып, елде пайдаға асырып, халықтың оянуына әкелу керек деді [246, 6 п.].

Арстангали Биркалиева, ағайынды Каримовтар баспасынан Қазан қаласында 1912 ж. «Окнь» (Течение) атты өлеңінде «Оян, қазақ ... деп бастайды». Ресейлік тұман қазақтардың санасын жапты, Жәңгір хан секілді оқу-білімге ден қоймасақ күніміз қараңғы дейді [246, 7 п.].

Г. Джанибеков «Балалар бадвами» (Детская книжка) атты өлеңінде халықты оқуға, бірігіп еңбек етуге шақырып:

«Дети. Нижеприведенные слова прочтите отцам.

Пробуждайся, казак, вставай.

Объединяйся и советуйся.

Построй мечети и школы», – деген өлең жолдарын жазған. Үлкен үмітті жастарға артып, мешітке шақырған [246, 8 п.].

Мухамет Селим Кашимов 1908 ж. ағайынды Каримовтар баспасынан «Насихати–Казакия» (Наставление казакам) атты өлеңі шыққан. Автор шығармасында өзге ұлттардың барлық сала жағынан қазақтардан әлдеқайда озық тұрғандығын айтып, мұндай жағдайдан шығу жолды іздейді. Халықты білімге, оқуға шақырып, кәсіпті үйренуге үндейді. Сонымен қатар орыс тілі мен мәдениетін оқи отырып, өзіндік ұлттық ерекшелікті сақтап, ел үшін аянбай қызмет етуге шақырады. Бұл сөздердің қазақ халқы үшін әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпаған.

Осы орайда Міржақып Дулатовтың «Оян Қазақ» өлеңін атамай өтуге болмас. Бұл жөнінде архивтік құжатта былай жазылған: «1909 жылы Солтүстік Қазақстанда панисламистік мағынадағы «Оян, қазақ» кітапшасы тарала бастады, оның авторы панисламизм ілімінің негізін салушылардың бірі, кейіннен «Алаш Орда» партиясының көрнекті қайраткері – Мир Якуб Дулатов еді. Бұл кітапшада Дулатов қазақтарды бірігуге шақырады және панисламизм идеясын кеңінен насихаттайды», – деген сарындағы агентуралық хаттар көптеп кездеседі [88, 405 б.]. Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» еңбегі жоғарыда аталған Хусаинов баспасынан шыққан. Сонымен қатар Жұмабаевтың «Шолпан» кітабы да басылған [267, 5 п.]. Алайда, жұртшылыққа таралмай жатып, М. Жұмабаевтың «Шолпан» еңбегі, Абдулла Муштақтың «Қарлығаш» туындысы, т.б. көптеген авторлардың еңбектері 1913 ж. жандармериялық басқарманың шешімімен зиянды деп танылып, оқуға тыйым салынған [251, 27 п.].

Негізінен алғанда, ұлттық сана-сезімді ояту әрекеттері және жергілікті халықтың арасында тәуелсіздік идеяларының пайда болуы полиция органдарының ерекше назарында болды. М. Дулатовтың брошюрасының таралуы биліктің алаңдаушылығын тудырды. Брошюраларды халық жаппай сатып алып отырған. Полиция хабарламасында осы өлең жолдары туралы мынадай анықтама берілген: «Өлеңмен, жақсы тілмен жазылған «Оян, қазақ» брошюрасы тіпті аударып қарағанның өзінде белгілі әсер қалдырады және оның мазмұны бойынша орыс өкіметіне қатысты наразылықты қозғауға бағытталған, сонымен қатар панисламизм идеяларының бастамасы бола

отырып, императордың жүргізіп отырған саясатына қарсы шығуды қолдайды» [268, 3 п.].

М. Дулатовтың өлеңдерінің негізгі идеялары қолға алынып, қазақтардың арасында кеңінен таралып, жаңа өлеңдер пайда болды. Мәселен, Х. Бекмұхаметов 1913 жылы «Айқап» журналының беттерінде М. Дулатовтың өлеңдеріне үндесіп, қазақ халқына үндеу жазды [95, 57 б.]. Қырғыздар, өзбектер, татарлар және Ресейдің басқа да түркі халықтары да М. Дулатовтың шығармаларына немқұрайды қарай алмады.

Мұхамеджан Сералин Гаспринскийдің қазасынан кейін «Жуырда орны толмас өлім» деп аталатын мақала жариялайды. Ол жерде: «Біздер марқұм И. Гаспринский арқасында өзімізді тани бастадық. Дүниеде қандай ғылым, қандай өнер барлығын көре бастадық... Өзіміздің ана тіліміз – сүйкімсіз тіл емес, ең қадірлі тіл екендігін білдік. Тілсіз жұрт – жансыз жұрт екендігін аңғардық... Гаспринскиймен жүзбе-жүз көріскенім жоқ, сөйтсе де ол марқұмның маған әсері өте зор болды», – дейді [269, 61 б.].

Осындай еңбектер арасында 1912 ж. М. Дулатовтың «Оян қазақ» өлеңін тексерістен өткізгеннен кейін, қорытынды сөз сөйлеген Смирнов, оның қауіпті жазба екендігін айтып, таратылмауды сұрайды. Дулатұлы да жәдидтік идеямен сусындап, өзінің өлеңдеріне арқау еткен. Мысалы, осы құжатта орыс тілін оқу керектігі айтылған. Орыс тілі мемлекеттік тіл, іс-қағаздар орысша жазылады, оны білмесе өз құқықтарын ешкім қорғай алмайтындығын жазған. Ал ғылымды оқуда ислам дінін басшылыққа ала отырып үйрену қажет дейді [267, 3 п.]. Смирнов, «Оян, қазақ» жинағында «Тәржіман» газетінде жарыққа шыққан Гаспринскийдің мақаласынан үзінділер келтіргенін айтады. Осы мақаладағы идеялар Дулатовтың көптеген шығармаларына арқау болғанын мәлімдейді [268, 9 п. а.б.].

1913 ж. дейін қазақ тіліндегі еңбектерді жарыққа шығарып отырған Қазанда екі баспахана болған. Олар: ағайынды Каримовтар мен Хусаиновтар. XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында кітап басу ісі Татар елінде жақсы дамыған болатын. Соның ірі орталығы Қазан қаласы. Еңбектердің басым бөлігі Қазандағы Б. Домбровский, М. Чирков, Ш. Хусаинов, И. Харитоновтардың жеке баспаханаларында басылды. Аталған қалада араб қарпімен 434 қазақ кітабы 2 037 480 данамен басылып, таратылды [270, 180 б.]. XIX ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрген 258 қазақ кітаптарының 223-і Қазан қаласында, 21-і Орынборда, 6-ы Ташкентте, 4-і Санкт-Петербургта, ал бір-бір кітап Семей мен Троицк қалаларында басылып шықты [270, 126 б.].

1906 ж. бастап (1905 ж. бірінші орыс революциясының ықпалынан болар) татар кітап рыногы саяси және әлеуметтік әдебиеттермен толыға бастады. Көп кітаптар цензурадан өтпей, тәркіленіп жатты. Осы жылы Ғалиевтің «Ислам-динь» («Ислам діні») атты орыс әріптерімен татар тілінде жазылған, шоқынған татарларға арналған брошюра жарыққа шыққан. Одан кейін 1907 жылы Қазанда баспа ісі бойынша Комитет құрылып, барлық

билікке қарсы, антихристиандық дүниелер баспадан алынып тасталып отырды.

Баспа ісі бойынша арнайы құрылған Комитеттің есебі бойынша 1909 ж. Қазанда 412 жарияланым жарыққа шықса, оның 109-ы беллетристика жанрында болса, 108-і оқулықтар мен оқу құралдары. Оның 77-і татар тілінде, 27-і араб не татар-араб тілдерінде шыққан. 1908 ж. салыстырғанда оқу құралдары бірнеше есе көп басылған.

Ал қазақ тілінде 1908 ж. 44 кітап шықса, 1909 ж. тек 18 ғана басылған. Оқу құралдарының көптеп басылуының бір себебі, татар тіліндегі оқулықтар орыс тілінде жарияланған түпнұсқалардан аударылып, суреттер мен иллюстрациялар пайдаланып отырған. Мұндай жаңашылдық бұрын-соңды татар әдебиетінде болмаған. Кейіннен бұл оқулықтар қазақ жеріне де кең таралады [83, 57 п.].

1907 жылы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Қазан» баспасынан үш кітабы жарыққа шығады. Олар: «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы», «Хал-ахуал». Ақын бұл үш еңбегінде қазақ даласын жайлаған әділетсіздік пен теңсіздікті сынайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кітаптарын жарыққа шығарғаны үшін Қазандағы кітап шыққан баспахананың иелері ағайынды Хусайыновтарға 12 мың сом көлемінде айып салынып, 14 кісіні айыптап сотқа тартқан [271].

Патшалық өкімет панисламизм мен пантюркизммен күресуді ту етіп, мұсылман халықтарына тотальды бақылау орнатқан. Жергілікті ұлт өкілдерінен құпия агенттер жасақталып, тұрғындар арасындағы қобалжулар мен көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары туралы мәліметтерді жинақтап отырды. Жандармдық басқарма бөлімшелері саяси-қоғамдық кітаптарды шығару ісін цензурау мен оның авторларын қудалауды қолға алған еді.

XX ғасыр басында жарық көрген кітаптарды полицейлік жандармерия мұқият қара тізімге алғандығын архив қорларының құжаттары айғақтайды. Мысалы, Орынбор жандармдық жеке корпусы бастығының 1913 жылғы 1 қаңтарда татар және қазақ тілдерінде жарық көрген кітап, кітапша мен газеттердің алфавиттік тізімін беріп, оларды тәркілеуді ұсынады. Олардың татар тіліндегілері: Аль-Галим Луфтулланың «Пайғамбарлар тарихы. Мектеп сыныптарының оқушылары үшін», Белгісіз автордың «Тыңда, өлгендер не айтады», А. Блюмның «Жұмысшы табына қандай өмір қажет», Абдул Межид Гафуровтың «Өлеңмен ұлтты сүю», Абдур-Решид Ибрагимовтың «Шолпан жұлдызы», Ибрагимовтың «Құтқару», «Думадағы еңбекші мұсылмандар фракциясының қысқаша бағдарламасы», М-ловтың «Шаруалар өз қолдарына жерді қалай алады», А.В. Пешехоновтың «Нан, өмір және еркіндік», С. Федоровтың «Халық ақшасын не үшін жинайды және оны не үшін шашады», «Шын еркіндік қашан болады», Ариф-Бейдің «Мың бір хадис түсінігі»;

Газеттерден: «Бурган-Таракки. Астрахань, 1908 ж.», «Дума. Спб., 1907 ж.», «Таң Шолпан. Қазан, 1906 ж.», «Топ. Астрахань, 1907 ж.», «Үлфат. Спб., 1907 ж.»;

Қазақ тіліндегі кітаптардан: М. Дулатовтың «Оян Қазағы», Жәнібековтың «Балалар кітабы», Мазитовтың «Қазақ балаларына сыйлық», М. Жұмабаевтың «Таң Шолпаны», Кашимовтың «Қазақтарға өсиет», Шормановтың «Өмірден өкіну», Бірқалиевтың «Ағымы», Байбатыр Ержановтың «Тұр қазағы», Өткірбай Алмасовтың «Бұлбұл құсы», Қарабай Жапақовтың «Қарлығашы», «Серке»; Сарт тілінде: «Таракки» [272, 127 б.].

Жоғарыда аталған М. Кашимовтың 1907 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Әдеп» атты кітабы, «Ақыл кітабы» қазақ халқына кеңінен таныс еді [273, 19 п.]. Өзінің «Насихат қазақие» атты кітабымен көпшілікке танымал болған М. Кашимов жәдидтік оқу орындарды дәріптеп, ескі педагогикалық жүйені сынға алған болатын. Ол қазақтар арасында бала оқытқан молдалардың әдеби-шығармашылық жұмыспен шұғылданбай отырғандығын халықтың болашағын ойламау деп бағалай отырып, сабақ берудің тәсілдерін жеңілдеткен төте оқудың артықшылықтарын насихаттаған [274].

1911 жылы Омбы жандармериялық полиция қызметкерлері 1910 жылы Қазан қаласындағы Каримовтар баспасынан шыққан «Алаш» кітапшасын, «Мұхамед Ханафия» және «Қисса Зарқұм» кітапшаларының халық арасына тарағаны туралы мәліметті анықтайды. Алаш кітапшасы халық арасына үлкен тиражбен тараған. Дала генерал-губернаторлығының кеңсесі тәркіленген кітаптарды тілмаштар арқылы аудартып мазмұнымен жете танысады. 1910 жылы Қазанда жарық көрген «Алаш» кітапшасының авторы Торғай облысы, Қостанай уезі, Арақарағай болыстығының қазағы Нұржан Наушабаев. Кітапша 41 беттен тұрып 8 баспа табақты құрады. Автор қазақтардың жерлерінен айырылуын жаза отырып, «ғасырлар бойы ата-бабаларымыз иемденген жерлердің бәрінен қазір айырылды. Біз басқа халықтардан артта қалдық, демек біз қазақтар, мәдениетті мемлекеттер халықтарына қосыла алмаймыз». Автор бұдан кейінгі жағдайдың бұрынғыдан жақсы болуына күмәнданады. Н. Наушабаев қолында билігі бар болыс, билердің өз қызметтеріне сай еместігіне өкініш білдіреді [272, 127 б.].

1917 ж. революциядан кейін жәдидтік қозғалыс басылып қалса да, оның салып кеткен жолы, берген тәрбиесі, оқулық жазудағы принциптері өміршең болды. Мәселен балаға өз тілінде, жеңіл болатын, түсінуге оңтайландырылған оқулықтар басылды. Олардың қатарында: А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926 ж.); Қ. Сәтбаевтың «Алгебрасы» (1924); Ж. Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші» (1924); «Психология. Жан жүйе» (1926); М. Жұмабаевтың «Педагогика» (1922) еңбектерін айтуға болады [275, 172 б.].

XX ғасыр басында жарық көрген ұлт-зиялыларының кітаптарының халық арасында үлкен сұранысқа ие болып, жаппай таралуынан қорыққан

патшалық қадағалау мекемелері кейбір кітаптарды баспадан шықпай жатып тәркілесе, халық арасына тарап кеткен кітаптарды жандармерия сақшылары арқылы тәркіледі. Патшалық өкіметтің осы науқаны кейін КСРО дәуірінде де өз жалғасын тапқан болатын.

Орыс-түзем мектептері мемлекеттік бюджеттің қаржысына ашылып, биліктің қолдауымен күн көрсе, ал мұсылмандық мектеп-медреселер тек халықтың ақшасына ғана, халықтың қолдауымен жұмыс істеп тұрғандығы баршаға мәлім. Осы секілді халық арасында білім-ғылымды насихаттайтын, білім ордаларын ашуға, газет-журналдар шығаруға, кітап пен оқулықтар басуға қол ұшын беретін ұйымдар да болған. Мұндай ұйымдар (ашық не жасырын) XX ғ.басындағы революциядан кейін көптеп ашылған болатын. Ресми билік өкілдері кең таралған тыңшылар көмегімен олардың мақсаттарын, мүшелерін, жоспарларын, т.б. мәселелерден хабардар болып отырған. Осындай ұйымдардың ішінде қазақ жастары көптеп кездеседі. Архив деректеріне сүйене отырып, кейбір ұйымдар туралы құжаттар берген ақпараттарға тоқталып өтсек.

Уфа губерниялық жандармерия басқармасының мәлімдеуінше, 1911 ж. Уфа қаласындағы Ғалия медресесінде және 1912 ж. Османия медресесінде «Джамгият» одағы құрылған. Осы уақытта Орынбордағы «Мухаммедия» медресесінде де құрылғандығы айтылған. Бірақ көп ұзамай әкімшілік бұл ұйымдарды жабады. «Маариф» пен «Джамгият» ұйымдары Ресейлік студенттік жерлестік ұйымына ұқсас, ағартушылық мақсаттармен қоса өсіп келе жатқан жас ұрпақты пантюркизм мен панисламизм рухында тәрбиелеуге күш жұмсауда деген секілді біржақты бағалар берілген [276, 251 п. а.б.].

Орта Азия жерінде көптеген мұсылмандық қайырымдылық қорлар жұмыс істеген. Ресей өкіметі оның барлығымен жұмыс жасап, қызметтерін анықтауға тырысып отырған. Әсіресе, панисламдық пен пантүріктік идеяларды насихаттау белгілері болса бірден жауып тастап отырған [277, 55 б.]. Мәселен, 1913 жылғы 18 қарашада агентуралық жазбада Томск қаласында «Томск прогрессистері мұсылмандардың қоғамы» құрылған, оның «Сібір» атты газеті болған, басшысы М.Ш. Палаузов. Кейін бұл газет жабылып қалып, оның қызметкерлері Уфада құрылған «Тұрмыш» газетіне ауысып кетеді. Осы Томскі прогрессистер қоғамының астарында панисламдық «Таракион-ислам» ұйымы жатыр ма деп күдіктеніп, әкімшілік ортақ белгілерін іздестіреді. Сол замандағы патшалық өкіметтің бұл әдіс-тәсілдері кеңінен пайдаланылғанын көреміз [276, 355 п.].

Тағы бір Уфадағы қайырымдылық қоғамның жетекшісі – Селим-Гарей Сеитханұлы Джантюриннің аты құжатта кездеседі. Оның ұлты қырғыз екендігі, өзі ұстанымы мен көзқарасы жағынан ұлтшыл ретінде баға берілген. Сонымен қатар, оның османдық Түркияға жиі барып, хат-хабар алмасып, білім-ғылым жолында тер төгіп жүргендігі баяндалған [276, 356 п.].

Келесі құжатта Абдурашид Ибрагимовтың есімі кездеседі. Ол – Иттифак аль муслимин қоғамын құрушы ретінде сипатталған. «Тааруфуль-Муслимин»

(мұсылмандардың бір-бірімен өзара танысуы) газетін шығарғандығы, оған қоса Петербург қаласында «Миръат» (Айна) журналын шығарып тұрғандығы жөнінде хабар берілген.

1908 жылы Қапалда тұратын 1-приказ молдасы Ходжа Ахмет Мухамедиев, Қапалдық көпестер Шаги Ахмет Абсатаров пен Абдул Кадыр Кусебаев, т.б. «Қапалдық мұсылмандық ағартушылық және қайырымдылық қоғам» құрып, оның жарғысын Жетісу генерал-губернаторына бекітуге жөнелткен [278, 7 п.]. Соған орай, 19 наурыз күні жоғарыда айтылған Қапалдық қоғамның жарғысы жөнінде кеңес өтеді. Алайда, бұл мұсылман прогресистерінің ынтасы қараусыз қалдырылады [279, 5 п.].

«Красивый» лақап аты бар құпия агент мәліметінше Исмаил Гаспринский Қашғарлық алдыңғы қатарлы мұсылмандармен тығыз хат алмасуда. Мақсаты сол жақта «Таракион-ислам (Прогесс мусульман)» атты бөлімнің филиалын құру. Ресейде «Таракион-ислам» қоғамының 5-6 бөлімі белгілі (Петербургте, Мәскеуде, Ташкентте, Омбыда). Олардың беделді мүшелері: Гаспринский, Абдурашид Ибрагимов, Фатих Сулейманов, Риза Фахретдинов. Бұл қоғамның бастауында жас түріктер тұр, Түркия мен Үндістанда кең таралған жүйе. Верный қаласында бөлім филиалын құру туралы мәселені Верныйлық ұстаз Зайнетдин Тайзетдиновпен хат алмасуда. Бұл ұйымның басшыларына белгілі территориялар бөлінген, мысалы Гаспринский Кавказ, Закавказье мен Қырым, Галимджан хазрат Галиевке Қазан және соның аймағы, Риза қазы Фахретдинов Орынбор, ал Түркістанға кім жауапты екені әзірше белгісіз екендігі айтылған [276, 349 п. а.б.]

«Таракион-ислам» қоғамы Ташкент пен Сібірде ашық жұмыс жүргізуде. Тыңшылардың мәліметтері бойынша бұл қоғам ешбір антиорыстық, антиөкіметтік мәселелер көтермейді. Тек бар болғаны балаларды исламдық рухта тәрбиелеуге ғана шақыратындығы айтылады [276, 368 п. а.б.]. Демек, жоғарыда аталып өткен ұйымдар мен қоғамдар түркі-мұсылман халықтарын империя құрамынан шығаруды, не Осман империясына қосылуды насихаттаған жоқ. Негізгі мақсаттары артта қалып қойған мұсылман әлемін қайта жаңғыртып, өркениетті елдермен терезесі тең дәрежеге көтеру. Мәселен, «Таракки» сөзі «прогресс» деген мағынаны білдіреді.

Бірақ Андижан көтерілісінен қатты секем алған билік мұсылмандар арасында орын алып жатқан кез-келген қозғалыстарға, өзгерістерге бей-жай қарай алмады. Тіпті, атап кеткен ұйымдар мен қоғамдарға империя территориясындағы оқу орындарында білім алып жатқан жастардың қосылып кетпеуін де қадағалап отырды. Оған дәлел Оқуға келген студенттердің қандай да бір заңға қайшы келетін құпия немесе заңды ұйымдарға қатыспайтынына сенімді болу үшін, жоғары оқу орындарының басшылары олардан қолхат талап еткен. Мысалы, студент Ж. Ақпаевтың қолымен жазылған: «1898 жылы 3-қыркүйек. Мен, императорлық С.-Петербург университетінің студенттері мен тыңдаушыларының қатарында болған кезде ешқандай құпия ұйымға қатынаспай, тіпті жергілікті басшылықтың

рұқсатынсыз, заңмен шектеу қойылмаған ұйымдарға да кірмеуге, сондай-ақ қандай да бір ақша жинау істеріне қатыспауға міндеттенемін. Мен уәдемді бұзған жағдайда мекемеден қудалауға ұшырайтынымды толық сезініп, осы хаттың соңында қолымды қоямын. Куәлік, билет және студенттерге арналған ережелерді орындауға міндеттенемін. Заң факультетінің студенті Жақып Ақпаев» [280, 10 б.].

Ақпан революциясына шейін жәдидтік идея түркі-мұсылман халықтарының арасына кең тарап, кітап басу, мерзімді басылымдарды шығару ісінде айтарлықтай жетістіктерге жеткен еді. Жаңаша көзқарас нәрімен сусындаған жас буын халқының мүддесі жолындағы күресті әрі қарай жалғастырды. Әсіресе патшалық билік құлатылып, императорды тақтан түсірген Ақпан революциясынан кейін Алаш зиялылары білім-ғылым саласында дербестікке қол жеткізуді үміт етіп, кейінгі кезеңде білім беру жүйесінің бағытын, сипатын, құрамын анықтауға бағытталған бірнеше жиындар өткізеді. 1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінің күн тәртібіне де негізгі мәселенің бірі ретінде білім беру, оқыту мәселесі қойылған еді. Еділ бойы мен Қырымнан, Бұқара мен Хиуа хандықтарынан, Кавказ бен Сібірден, Түркістан өлкесі мен қазақ даласынан 830-ға жуық делегаттың қатысуымен өткен бұл съезде Жетісу облысы өкілдері де бар еді. Делегаттар қатарында Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, А. Досжанова, К. Тоғысов, У. Танашев секілді қазақ зиялылары болды. Жетісу облысының Пішпек уезінен Х. Хасанов, Верный уезінен М. Ниязов делегат ретінде қатысып съезде халық-ағарту мәселесі қаралған болатын [281].

Бүкілресейлік мұсылман съезі халық ағарту мәселесі бойынша қабылдаған шешімінде Қазақстан мен Түркістан өлкесінде қалыптасқан жағдайға көп көңіл бөлді. Съезге Уақытша үкімет өкілі ретінде шет діндер Департаментінің комиссары С.А. Котляровский қатысып, баяндама жасады. Ол өз баяндамасында мұсылман халықтарына ескі өкімет тарапынан халық ағарту, дін саласында жасалған қысымшылықтарға тоқталып, ендігі жерде жаңа өкіметтің мұндай қысымшылықтарға жол бермейтіндігін мәлімдеді. Ол өзінің мұсылман халықтарға қатысты заңдар жобасын әзірлеп жатқандығын және оны әзірлеу барысында осы съездің шешімдерін басшылыққа алатындығы жөнінде делегаттарды хабардар етті [129].

Оқу-ағарту ісі бойынша съезд 23 тармақтан тұратын қарар қабылдады. Онда: «... оқу-ағарту ісі әр ұлттың өз қолында болсын, мектептерде оқу ана тілінде жүрсін, елдегі барлық мұсылман халықтары мектептерінде «ортақ түркі тілі» оқытылсын, жалпыға бірдей оқу міндетті және тегін болсын деген сияқты талап-тілектер айтылды. Сондай-ақ қарарда: 1917-1918 оқу жылынан бастап ұлттық мектептердегі мұғалімдердің құқығы орыс мектептері мұғалімдерінікімен теңестірілсін; ұлттық орта мектептерді аяқтағандарға орыс жоғарғы оқу орындарына түсуіне құқық берілсін; ұлттық оқу-ағарту ісі мемлекет тарапынан қаржыландырылсын; ұлттық мектептерді

оқытушылармен қамтамасыз ету үшін мұғалімдер семинариясы ашылсын; орыс тілі мектептерде жеке пән ретінде оқытылсын; Ресейдегі барлық ұлттардың мұғалімдері мен оқушылары тең құқықта болсын; олардың ешқайсысына артықшылықта, кеңшілік те жасалынбасын», – деп көрсетілді [282, 25-27 бб.].

М. Қойгелдиев «Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы» атты еңбегінде: «XX ғасырдың басындағы жалпытүркілік азаттық идеясының күш алуына татар (қырымдық және қазандық) және башқұрт халықтарының зиялылары біраз еңбек етті. Бұл табиғи құбылыс болатын. Өйткені, орыстық отарлық езгінің ең алдымен басынан өткерген, сондықтан да онымен күрестің бағасын терең ұғынған және осы жолда біраз тәжірибе жинаған да осы халықтар еді. И. Гаспиринскийдің «Тәржіман», Фатих Каримовтың «Уақыт» газеттері, татар зиялылары ұйымдастырған баспаханалар, олар бастап берген жаңа әдістік оқыту белгілі дәрежеде жалпытүркілік азаттық идеясының қайта жаңғыруына қызмет жасады» [122, 17 б.].

Осы мектептерге инспекторлар мен әкімшілік тарапынан дұрыс қадағалау қойылса, олардың саяси тұрғыда еш зияны болмайды, алайда рухани-мәдени жағынан балаларына пайдалы білім беріп, болашақ ұрпақты сауатты етіп дамытуда. Жаңа әдісті мектептерді ата-аналар саяси белсенділік нәтижесінде емес, білімге деген, прогресске деген табиғи сұранысынан туындаған талпыныс. Жаңа әдісті мектептердің шәкірттері ескі әдісті оқушылармен салыстырғанда қорықпайтын, ержүрек, өз ойын батыл айта алады [81, 149 п. а.б.].

Жәдидшілдіктің И. Гаспринскийдің атсалысуымен қарқын алуы патша өкіметі үшін күтпеген белсенділіктің көрінісі еді. Бұл жәйт Н.Д. Нұртазинаның еңбегінде былайша орынды көрсетілген: «Кейіннен жәдидтерге айналған орыс мектептерінің түлектері миссионерлер күтпеген, Ресейдің жоспарына мүлдем кереғар мәдени (кейіннен саяси) салдар туғызды: біріншіден, олар білімге құштарлығымен, ерекше дарындылығымен, сүйкімді мінездерімен қарапайым орыс педагогтарын таң қалдырып, олардың көңілін еріксіз баурап алды, сондықтан оқытушылардың ұсынысымен олар түрлі демеу шараларына, мемлекеттік шәкіртақыларына (стипендияларға) ие болып, гимназия, тіпті университеттерде білімін ары қарай жалғастыруға мүмкіндік алып, өздеріне жол ашты. Сөйтіп, олар жасанды тосқауылдарды бұзып өтіп, интеллигенция қатарына қосыла бастады, дәлірек айтсақ, Ресей интеллигенциясының құрамдас бөлігі – жаңа ұлттық интеллигенцияны құрады (сол кезеңдегі құжаттарда «жаңа мұсылман интеллигенциясы» деп те аталған) [234, 176 б.].

Сонымен, қазақ жерінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бас кезіндегі жүріп жатқан мұсылмандық оқыту жүйесі мен ұлттық интеллигенция өкілдеріне жәдидтік идея оң әсерін тигізді. Нәтижесінде балаларды оқыту, арнайы мектептерді ашу, қажетті оқу құралдарын басып шығару, т.б. мәселелер қарқынды дамыды. Халықтың көзі, құлағы және тілі болатын газет-

журналдар қолға алынды, типография мен сәйкесінше кітап басу ісі ілгері жылжыды. Жәдидтік қозғалыс өкілдері жергілікті ұлттардың есебінен ұлғая түсті. Ағартушылық қызмет аясында көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтар халқының жарқын болашағы үшін күресуде жаңа серпін алып, ресми биліктің қысымына қарамастан өз елін қалың ұйқыдан оятуға бар күш-жігерін жұмсап, жемісті қызмет еткен болатын.

ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында қазіргі Қазақстан жеріндегі жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі бойынша жүргізілген диссертациялық зерттеу жұмысында шетелдік және отандық

архив деректері мен көптеген құжаттар жинақтарын ғылыми талдаудан өткізудің, сондай-ақ тақырыпқа қатысты ғылыми құндылығы жоғары болған зерттеулерді жүйелеудің нәтижесінде тақырыпқа қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар жасалды.

Қазақстан территориясы Ресейге қосылған уақыттан бастап ауқымды отарлық экспансияны бастан кешірді. Ресей билігі жаулап алу барысында барлық тетіктерді кеңінен қолданды. Хандық билікті жою, күштеп отырықшыландыру, жайылымдық жерлерін тартып алу, орыс шаруаларын көптеп қоныстандыру, т.б. Бұл үдерістер XIX ғ. екінші жартысынан бастап жаңа кезеңге ауысты. Яғни 1867-68 жж. реформалардан кейін патшалық биліктің қазақ жеріне қол сұғуы тереңдей түсті.

Қолға қылыш пен садақ алып, зеңбірек пен мылтыққа қарсы тұру мүмкін емес екендігін көптеген көтерілістер көрсетті. Ендігі кезекте қолға қалам мен кітап алып, білім арқылы ұлттық мүддені қорғау бірінші орынға шықты. Халық дәстүрлі ислам дінінен қолдау табуға тырысты. Бірақ, заман орнында тұрмайды, кәрі құрлықта XIX ғ. өзінде электромагнитті толқындар анықталып жатты, алғаш рет спектральды талдау арқылы күннің химиялық құрамы зерттелінді, микробиология мен иммунология салалары қарқын алды, бу қозғалтқыштары, т.б. адамның қиялы жетпейтін жаңалықтар болып жатты. Ал мұсылман әлемінде діннің өзегін түсінуде ауытқушылықтардың болуымен жаппай тоқырау орын алды. Ауыл молдалары дінді алғашқы қалпында сақтаймыз деген абыройлы ниеттерімен керісінше заман ағымынан тыс қалып, тәрбиелеп жатқан шәкірттерінің қоғам өмірінен тыс қалып жатқандарын байқай алмады.

XIX ғасырдың соңына шейін дәстүрлі мұсылмандық білім ошақтары өзінің ресурстарын сарпып, әлемдік деңгейдегі білім беру жүйелерімен бәсекеге түсе алмай қалды. Мектеп пен медреселер тек қасиетті жазбаларды жаттаумен ғана шектеліп, исламның діни-рәсімдік қырын ғана басшылыққа алды. Бірақ, ислам діні адамның ой жүгіртіп, ақылын іске қосуды ешқашан тежеген емес. Жәдидтер де өзінің идеясында ең алдымен ислам дінінің қоғамдағы орны мен маңызын қалпына келтіріп, оның білім-ғылым саласындағы тереңдігін халыққа түсіндірді. Жәдидтер ислам дінін өзгертуді мақұлдаған жоқ, алайда дінді түсіну, дұрыс интерпретациялау, мұсылмандық ілімді үйретудің рационалды әрі тиімді жолдарын көрсетті.

Алып империя қоластындағы саны жағынан екінші орынды алатын түркі-мұсылмандар арасында ислам дінінің күшейіп, мұсылмандардың «ұйқыдан оянып» жатқанына бей-жай қарай алмады. Мұсылмандардың бұрынғысынша қараңғылықта, бір-бірімен араз күйде жүруін қолдайтын патшалық империя бар күшін салды. Тарихта бұл саясат «мұсылмандық мәселе» атымен қалған. Дегенмен, билік мұсылмандардың жәдидтік жаңа үлгідегі, нәтижелі білім алуларын, заманауи ғылым жетістіктерімен танысуын, сапалы білім жүйесін орнықтыруын тежей алмады. Сөйтіп жәдидтік қозғалыс дүниеге келіп, мұсылмандардың басын біріктірді.

Патшалық өкімет татар молдаларының қазақ жерінде жүруіне тыйым салды. Мұсылмандық мектеп-медреселерге бақылау орнатты, кітаптарға қатаң цензура салды. Мұсылмандық білім ошақтарына қарсы тұру үшін орыс-түземдік мектептер ашты. Шоқындыру мақсатында бірнеше миссиялар ұйымдастырып, шіркеулік мектептер салып, тіпті күштеп шоқындыруға да барды. Бірақ, бұл жүргізілген шаралар билік күткендей нәтиже бермеді. Себебі, халық ақ-қараны ажырата алатын, пайданы зиянынан айыратындай деңгейде еді.

Жәдидтік қозғалысы пайда болғаннан бастап көптеген кедергілерге, тосқауылдарға, түсініспеушіліктерге тап болды. Бір жағынан қадымшыл ескі дәстүрлі ұстанымдағы молдалар, екінші жағынан қыспаққа алып отырған отарлық билік. Алайда, бұл қиындықтар жаңа лептің бәсеңдеуіне емес, керісінше үлкен күшпен толқындай түсуіне қамшылаған фактор болды. Елі үшін, жері үшін жанын құрбан батыр еткен ата-бабаларының ізімен оқыған, көзі ашық азаматтар жәдидтік идеямен рухтанып халқының болашағы жолында аянбай тер төкті.

Осы орайда үгіт-насихат құралдарының ішінде ең салмақтысы мерзімді басылымдар болғаны анық. Орыс революциясына дейінгі кезеңде түркі-мұсылман халықтары арасында И. Гаспринскийдің «Тәржіман» газетінің шоқтығы биік еді. Газет бетінде ең алдымен Ресей құрамында бауырлас халықтарды ислам діні негізінде бірігуге үндеу тастап, орыс халқымен тең құқылы, толық ресейлік азамат ретінде өмір сүруге шақырды. Ал ол үшін бірінші кезекте халықтың жан-жақты білім алып, ой-өрісі кеңеюі керектігін алға тартты. Жәдидтік идея білім беруді реформалаудан бастап, ұлттық болмысты сақтап қалу, еркіндікке қол жеткізу секілді кең ауқымды идеяларға дейін жетті.

Қарапайым халықтан бұрын көзі ашық азаматтар жәдидтік идеяның түпкі мақсатын тез аңғарып, өз ұлтына жеткізуге талпынды. Дегенмен, бұл діни-ағартушылық қозғалыстың өзіндік ерекшелігі болды. Ол – жалпы халықтың қатынасуы. Анығына келгенде, жаңашылдық негізде білім-ғылымды насихаттауда, діни сауаттылықты уағыздауда, білім ошақтарын ашуда, жалпы жәдидтік қозғалыстың сол кезеңдегі кең көлемде таралуына зиялы қауым өкілдері де, діни қызметкерлер де, бай-көпестер де, қарапайым қара халық та қатысқан.

Қазақстанда жәдидтердің мәдени-ағартушылық қозғалысын бар қырынан талдап, зерттей келе төмендегідей қорытынды жасауға тоқтадық:

– Жәдидтік қозғалысқа біржақты баға беруге болмайды. Ол өзінің бойына халық мұң-мұқтаждығын жинап, көп қырлы бағытта дамыды;

– Бұл қозалыс бастапқы кезде өзінің сипаты бойынша мәдени-ағартушылық болды, бірақ уақыт өте келе ағартушылық сипатпен қатар діни-реформаторлық, саяси жаңару идеялары да өрбіді;

– Жәдидтік идеяның бастауында Мысыр, Осман мемлекетінде білім алып келген түркі зиялылары тұрды, бірақ идеяны сөз жүзінде емес, нақты істермен қоғамға алып келген татар зиялысы Исмаил Гаспринский;

– Жәдидтік идеяның кең тарап, қанат жаюы сол замандағы заманауи озық үлгідегі әдіс болған – дыбыстық оқытудың жүзеге асуымен байланысты болды;

– Жәдидшілдіктің өмірге келуі Ресей патшалығының жүзеге асырып отырған отарлық саясатының салдарынан, шіркеудің шоқындыру науқандары, т.б. мәселелер тікелей әсер етті;

– Жәдидтік мектеп-медреселерде заман талабына сай, еуропалық үлгідегі білім беру жүйесі енгізіліп, тәлімгерлерге әртүрлі саладағы әлемдік жетістіктермен танысуға мүмкіндік жасады;

– Қазақ халқы патшалық Ресейде XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында түркі-мұсылман елдері арасында орын алып жатқан өзгерістердің құрамдас бөлігіне айналып, өз үлесін қоса алды.

– Жәдидтік идея қазақ зиялыларының бойына сіңіп, кейін Алаш атты ұлтты идеологияға ұласты. Сонымен қатар түркі-мұсылман халықтарын дін, тіл, тарих, мәдениет, саясат, ұлт болашағы секілді мәселелер төңірегінде одан әрі жақындастыра түсті.

Сонымен, көрші жатқан Ресей империясы, оның мұрагері болған Ресей Федерациясы қазақ халқының тағдырына елеулі ықпал етіп, түбегейлі өзгерістер алып келгені тарихи шындық. Ағылшындар Үндістан жерінде билік еткен уақытта барлығы өткінші екендігін біліп, мүмкіндік бар кезде табиғи ресурстарын барынша пайдаланды. Ал патшалық Ресей болса, Қазақстан территориясын отарлаудың түпкі мақсаты ретінде толықтай өзіне бағындырып, қазақ халқын ұлт ретінде жойып, орыстандыруды басшылыққа алды. Осы саясатты Кеңес Одағы да жалғастырды. Сондықтан орыс мемлекеті қазіргі күнге шейін империялық менмендігін шектейтін емес. Кезінде өзінің уысында болған орасан зор табиғи ресурстарға бай қазақ жерінен айырылып қалғандарына налиды. Оның анық дәлелі, 2020 ж. желтоқсанның 10 күні Ресей Думасының депутаты В. Никоновтың Қазақстанның солтүстік жерлері Ресейдікі деп айтуы. Депутатты қолдап В. Жириновскийдің де сөз сөйлеп, солтүстік аудандарда орыс халқының көптеп шоғырлануын атап өткен. Олай болса, Қазақстанға өткен тарихқа көз жүгіртіп, білім-ғылым саласына көп көңіл бөліп, түркі-мұсылман халықтарымен ынтымақтастығын одан да күшейту керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан тарихы. Энциклопедия / Жалпы редакциясын басқарған Қабылдинов З.Е. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2019. 1-том: А – Ж. – 848 б.
- 2 Тойнби А.Д. Каплан Д. Постигание истории. – М.: Прогресс, 1990. – 215 с.
- 3 Вебер М. Избранные произведения. Пер с нем. / Сост., общ.ред. Ю.Н. Давыдова; Предисл. П.П. Гайдено. – М.: Прогресс, 1990. – 808 с.
- 4 Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. 2-е изд., доп. – М.: Наука, 2003. – 486 с.
- 5 Алекторов А.Е. Очерк народного образования Тургайской области. Летопись 1744-1898 гг. – Оренбург: Типолитография П. Сачкова, 1900. – Вып. 2. – 123 с.
- 6 Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург: Типо-литография П.Н. Жаринова, 1896. – 226 с.
- 7 И. Гаспринский. Русское мусульманство: мысли, заметки и наблюдения мусульманина. – Симферополь: типография Спиро, 1881. – 45 с.
- 8 Исмаил Гаспринский. Полное собрание сочинений. Т. 2. Ранняя публицистика: 1879–1886 гг. / Гл. ред. Р.С. Хакимов; сост. С.А. Сеитмететова. – Казань-Симферополь: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2017. – 384 с., 23 ил.
- 9 Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. – Казань: Тип. император. унив-та, 1883. – 133 с.
- 10 Остроумов Н.П. К истории народного образования в Туркестанском крае. Личные воспоминания. – Ташкент, 1895. – 118 с.
- 11 Николай Иванович Ильминский. Избранные места из педагогических сочинений, некоторые сведения о его деятельности и о последних днях его жизни. – Казань: Типография императорского университета, 1892. – 132 с.
- 12 Граменицкий С. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. Составил инспектор народных училищ Туркестанского края 1-го района С. Граменицкий. – Ташкент: Типо-литография Торгового дома «Ф и Г. бр. Каменские», 1896. – 89 с.
- 13 [А.Н. Краснов](https://rus-turk.livejournal.com/352668.html). Очерк быта семиреченских киргиз // Известия Императорского Русского географического общества. Том XXIII. 1887 // <https://rus-turk.livejournal.com/352668.html>. – 20.07.2025.
- 14 _Валиханов, Чокан Чингисович. Избранные произведения / Сост.: С.Ф. Мажитов, Г.К. Анес, Э.Ж. Валиханов; Ин-т истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова. – Алматы: Арыс, 2009. – 582 с.
- 15 Алтынсарин, Ибрай. Собрание сочинений: в 3 т. / [Редколлегия: Б. Сулейменов (отв. ред.) и др. – Алма-Ата: Ан КазССР. Ин-т истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова, 1975-1978 гг.

- 16 Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы / А. Құнанбаев. – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Баспасы, 1961. – 692 б.
- 17 Валиханов Ч.Ч. О мусульманстве в степи // Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. – Алма-Ата, 1985 // [Электронный ресурс]. URL:<https://rus-turk.livejournal.com/52776.html>. – 20.07.2025.
- 18 Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Составил И. Алтынсарин. – Оренбург: Типография И.И. Евфимовского-Мировицкого, 1879. – Кн.1. – 112 с.
- 19 Остроумов Н.П. Мусульманские мактабы и русско-туземные школы в Туркестанском крае // Журнал Министерства Народного Просвещения. – СПб.: Сенатская типография, 1906. – Ч. 1. – С. 113-166.
- 20 [Остроумов](#) Н.П. Характеристика религиозно-нравственной жизни мусульман, преимущественно Средней Азии // Православное обозрение, 1880, том II, июнь-июль // [Электронный ресурс]. URL:<https://rus-turk.livejournal.com/424203.html>.
- 21 Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мактабы и медресе в Средней Азии // Журнал Министерства народного просвещения. – 1913. – № 6. – С. 112-124.
- 22 Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии. Путевые заметки. – СПб.: Сенатская типография, 1913. – 95 с. / [Электронный ресурс]. URL:<https://www.prilib.ru/item/442623>
- 23 Фахретдин Р. Асар. – Казань: Рухият, 2006. – Т.1. – 360 с.
- 24 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Ленинград: Изд-во АН СССР, 1927. – 256 с.
- 25 Айни С. Материалы по истории Бухарской революции. – М.: Центриздат народов СССР, 1926. – 251 с.
- 26 Ходжаев Ф. К истории революции в Бухаре. – Ташкент: Узбек.Гиз, 1926. – 78 с.
- 27 Асфендияров С. История Казахстана. – 2-е издание. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 304 с.
- 28 Тынышпаев М. История казахского народа / сост. и авт. предисл.: А. Такенов, Б. Байғалиев. – Алматы: Санат, 1998. – 280 с.
- 29 Тажибаев Т.Т. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине 19 века. – Алматы: АПН КазССР, 1958. – 98 с.
- 30 Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения: историко-педагогическое исслед. – Алма-Ата: Казахстан, 1965. – 343 с.
- 31 Сембаев А.И., Храпченков Г.М. Очерки по истории школ Казахстана (1901- 1917 гг.). – Алма-Ата: Мектеп, 1972. – 164 с.
- 32 Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. – 42 с.

- 33 Богданов И.М. Грамотность и образование в дореволюционной России и в СССР: (историко-статистические очерки) – М.: Статистика, 1964. – 195 с.
- 34 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.). – Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. – 112 с.
- 35 Самойлова Е.С. Население и образование. – М.: Статистика, 1978. – 143 с.
- 36 Нафигов Р.И. Формирование и развитие передовой татарской общественно-политической мысли. – Казань: Казан. ун-т, 1964. – 446 с.
- 37 Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 172 с.
- 38 Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг.: социально-экономический аспект. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 184 с.
- 39 Султанғалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII начало XX вв.). – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2002. – 262 с.
- 40 Народы Туркестана: проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеже XIX-XX веков. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 163 с.
- 41 Муминов А.К. Традиционный ислам в Казахстане: исторические данные преемственности традиций // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2018. – № 1. – С. 107–113.
- 42 Бимақанова З.Ш., Муқанова Г.К., Муминов А.К. Симбиоз духовной и светской форм Центрально-азиатского образования в истории XX века // Отан тарихы. – 2023. – Т. 26. – № 3. – С. 495-510. (На рус.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_495-510.
- 43 Қамзабекұлы Д. Жәдитшілдік – ұлттық рухани серпілу негізі // Ақиқат. – 2008, қаңтар. – №1. – 29-37 б.
- 44 Қыдыралиев Д.Қ. Біртұтас Түркістан идеясы: теориялық негіздері және іске асырылу жағдайлары: тар. ғыл. док. дис... – Алматы, 2010. – 300 б.
- 45 Кульшанова А.А. Парадигмы советской национальной политики в Казахстане в период становления тоталитарного государства (1917-1936 гг.). – Алматы: Атамұра, 2014. – 416 с.
- 46 Bazarbayev K.K., Gumadullayeva A., Rustambekova M. Jadidism Phenomenon In Central Asia // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2013. – (89). – P. 876-881.
- 47 Bazarbayev K.K., Tursun H., Sadykova R. Jadidism as an Educational System and a Political Movement in Turkestan (Central Asia) // International Education Studies. – 2013. – Vol. 6. – №1. – P. 85-94.

- 48 Bazarbayev K.K., Zhoraeva G., Zulpiharova E. The politicization of the Jadid movement in Turkestan (Central Asia) // The Online Journal of New Horizons in Education. – 2015. – Vol.5. – issue 3. – P. 115-123.
- 49 Толепберген Ж.Т. Мусульманское движение в Западном Казахстане и Южном Урале: особенности и тенденции взаимодействия (кон. XIX и нач. XX вв.): автореф. ... канд. ист. наук. – Актобе, 2010. – 27 с.
- 50 Смағұлова С.Ө. XX ғасырдың 20 -30 жылдарындағы қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы: тар. ғыл. док.... дис. – Алматы, 2010. – 365 б.
- 51 Зікірия Жандарбек. «Алаш Орданы» тұтас халықтың қолдамауының астарында дін проблемасы жатыр» / [Электронды ресурс]. URL:<https://abai.kz/post/73085>. – 20.07.2025.
- 52 Шотанова Г.А. «Материалы Астраханских научных обществ и учреждений как источник по истории Казахстана» (со II половины XIX в. – до 1917 г.). – Алматы, 2009. – 198 с.
- 53 Рустемов, С.К. XX ғасыр басындағы түркі-мұсылмандық қозғалыстың эмиграциядағы өкілдерінің қызметі хақында // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. историческая. – 2004. – N 2. – 55-58 бб.
- 54 Рустемов С.К., Шашаева М. Түркістан өлкесінде мұсылмандықтың таралуын бақылауға алу // Отан тарихы. – 2021. – № 1. – 63-72 бб.
- 55 Тарихты қаттаған ғалым: жеке тектік қор материалдарының жинағы (Құраст.: З.М. Теленова, Р.Е. Оразов, А.Ш. Махаева, Е.И. Стамшалов). – Алматы: ҚР ОМА, 2024. – 600 б.
- 56 Байгараев Н.Н. Қазақ даласының әлеуметтік-мәдени және саяси даму үдерісіне жәдидшілдік идеясының ықпалы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы): PhD док. дис.... – Алматы, 2016. – 158 б.
- 57 Мухаметшин Р.М. Ислам в татарской общественной мысли начала XX // Очерки истории татарской общественной мысли. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2000. – 191 с.
- 58 Хакимов Р.С. Джадидизм (реформированный ислам). – Казань: Институт истории АН РТ, 2010. – 208 с.
- 59 Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX в. как общественно-политическое движение (по материалам Уфимской и Оренбургской губерний). – Уфа: Гилем, 2002. – 300 с.
- 60 Фархшатов М.Н. Народное образование в Башкирии в пореформенный период. 60-90-е годы XIX в. – М.: Наука, 1994. – 144 с.
- 61 Хотамов Н. Бухарские джадиды и основные этапы их деятельности. – Душанбе: АН РТ, 2000. – 56 с.
- 62 Гафаров Н.У. История культурно-просветительской деятельности джадидов в Бухарском эмирате. – Худжанд: изд.им. Джалила, 2000. – 176 с.

- 63 Алимова Д.А. Джадидизм в Средней Азии. Пути обновления, реформы, борьба за независимость. – Ташкент: Узбекистан, 2000. – 24 с.
- 64 Adeeb Khalid. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. – Berkeley: University of California Press, 1999. – 336 p.
- 65 Adeeb Khalid. Islam after Communism. Religion and Politics in Central Asia. – Berkeley and LA. University of California press, 2007. – 241 p.
- 66 Allen J. Frank. Muslim religious institutions in Imperial Russia. The Islamic world of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. – Leiden-Boston-Koln: E.J. Brill Academic Publishers, 2001. – 341 p.
- 67 Paul W. Werth. At the Margins of Orthodoxy. Mission, Governance and Confessional Politics in Russia's Volga-Kama Region, 1827-1905. Ithaca-London: Cornell University Press, 2002, xiv, 269 p.
- 68 Uyama Tomohiko. The Alash Orda's relations with Siberia, the Urals, and Turkestan The Kazakh national movement and the Russian imperial legacy // Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. – London; New York: Routledge, 2012. – 287 p.
- 69 Uyama Tomohiko. A Strategic Alliance between Kazakh Intellectuals and Russian Administrators: Imagined Communities in Dala Walayatining Gazetī (1888-1902) // The Construction and Deconstruction of National Histories in Slavic Eurasia. – Sapporo: SRC, 2003. – 364 p.
- 70 Tomohiko U. Asiatic Russia as a space for asymmetric interaction // Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. – London; New York: Routledge, 2011. – 288 p.
- 71 Empire, Islam, and politics in Central Eurasia / edited by Uyama Tomohiko. – Sapporo: Slavic Research Center, Hokkaido University, 2007. – 371 p.
- 72 Уяма Томохико. Была ли исламская альтернатива? Место ислама в национальном движении казахов начала XX века // SHYGYS. – 2008. – №2. – С. 143-147.
- 73 Eden J., Sartori P., DeWeese D. Moving Beyond Modernism: Rethinking Cultural Change in Muslim Eurasia (19th- 20th Centuries) // Journal of the Economic and Social History of the Orient. – 2016. – Brill. 59. – P. 1-36.
- 74 Elena I. Campbell. The Muslim question and Russian Imperial Governance. – Bloomington, Indiana: Indiana University Press, 2015. – 265 p.
- 75 George J. Demko. The Russian colonization of Kazakhstan 1896-1916. – Bloomington: Indiana University Press, 1969. – 271 p.
- 76 Niccolo Pianciola and Paolo Sartori. Islam, society and states across the Qazaq steppe (18th – early 20th centuries). – Wien: Verlag der Österreichischen Akademie der Wissenschaften, 2013. – 352 p.
- 77 Kanlidere Akhmet. Reform within Islam: The Tajdid and Jadid movement among the Kazan tatars (1809-1917): Conciliation or conflict? – Istanbul: Eren, 1997. – 198 p.

- 78 Steven Sabol. Russian colonization and the genesis of Kazak national consciousness. – Basingstoke (Hants.); New York: Palgrave Macmillan, 2003. – 219 p.
- 79 ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві). 64-қ., 1-т., 436-іс.
- 80 ООМА (Орынбор Облыстық Мемлекеттік архиві). 21-қ., 2-т., 618-іс.
- 81 ӨР ОМА (Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві). И-47-қ., 1-т., 1148-іс.
- 82 ТОМА (Томск Облыстық Мемлекеттік архиві). Ф-125-қ., 1-т. 597-іс.
- 83 СПб МА (Санкт-Петербург Мемлекеттік архиві). 821-қ., 8-т , 801-іс.
- 84 Модернизационные процессы в татаро-мусульманском сообществе в 1880-е – 1905 гг.: документы и материалы / Сост. И.К. Загидуллин, Н.С. Хамитбаева, Л.Ф. Байбулатова, Х.З. Багаутдинова; под ред. И.К. Загидуллина. – Казань: Изд-во «ЯЗ», 2014. – 532 с.
- 85 Садвокасова З.Т. От протектората к колонии Российской империи: сборник документов и материалов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 260 с.
- 86 Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов / Сост. М.М. Козыбаева, З.Т. Садвокасова, Ф.Р. Лебаев. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2018. – 432 с.
- 87 Национально-освободительное движение казахского народа в конце XVIII – начале XX веков. Сборник документов / Сост.: Сатенова М.Р., Оразов Р.Е., Жетписбай Н.Ы., Жылысбаева М.Г. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2019. – 640 с.»
- 88 Национально-освободительное движение в Казахстане в XIX – начале XX вв. Сборник документов / Сост. М.Р. Сатенова и Р.Е. Оразов – Алматы: Литера-М, 2020. – 463 с.
- 89 Путевые дневники и записки российских чиновников и исследователей о Казахской степи XVIII – середины XIX века: Сб. док. и мат-лов / Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев, И.М. Самигулин. – Астана: ТОО «Общество инвалидов – Чернобылец», 2012. – 758 с. + 10 с. вкл.
- 90 Наливкин В. П. Туземцы раньше и теперь. – Ташкент: Электрич. типо-лит. «Турк. Т-ва Печатного Дела», 1913. – 144 с.
- 91 Предварительный отчет об Алтайской экспедиции / Соч. А.Н. Краснова. – Санкт-Петербург: тип. В. Демакова, 1883. – 17 с.
- 92 Бартольд В.В. Мусульманский мир. Вып. 22 / Под ред. С.А. Жебелева, Л.П. Карсавина, М.Д. Приселкова. – СПб.: 5-я Государственная тип., 1922. – 98с.

- 93 Дала уалаятының газеті / Құраст. Субханбердина Ү. – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б.
- 94 Қазақ» газеті. 1915 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.М. Абиқова; ҚР БҒМ ҒК, «Ғылым ордасы» РМК. – Алматы: Елтаным, 2017. – 528 б.
- 95 Айқап: Энциклопедия / Құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов; Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 368 б.
- 96 Ильминский Н.И. Воспоминания об И.А. Алтынсарине. Письма и бумаги И.А. Алтынсарина. – Казань: Типо-литография В.М. Ключникова, 1891. – 396 с.
- 97 Дневник А.Н. Куропаткина. – Нижний Новгород: Нижполиграф, 1923. – 137 с.
- 98 Тойнби А. Дж. Постигание истории: избранное / под ред. В.И. Уколовой, Д.Э. Харитоновича; пер. с англ. Е.Д. Жаркова. – Москва: Айрис-Пресс, 2008. – 521 с.
- 99 Тулибаева Ж.М. Казахские жузы и Российская империя в XVIII-XIX вв.: Из истории политических отношений / Эволюция института власти в древней, средневековой и новой истории Казахстана и сопредельных государств. – Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2016. – С. 197-216.
- 100 История Казахстана и Центральной Азии. Ред. М.Х. Абусеитова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 611 с.
- 101 ҚР ОМА. 4-қ., 1-т., 4079-іс. – 4-6 пп.
- 102 Институт волостных в системе управления Казахской степью (XIX – начало XX вв.): монография в документах / отв. Редактор Г.С. Султанғалиева, сост.: Г.С. Султанғалиева, Т.Т. Далаева, Б.У. Маликов, У. Тулешова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 396 с.
- 103 ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 818-іс. – 97-100 пп.
- 104 1891 жылы Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже қабылданды / [Электронды ресурс]. URL:<https://e-history.kz/kz/calendar/show/26155> (қаралды 07.10.2024).
- 105 Мырзаханов Е.Н. Некоторые тенденции социально-экономического развития Степного края во второй половине XIX – начале XX века. // Вестник КарГУ. Серия История. Философия. Право. – № 2(54). – 2009. – С. 120-125.
- 106 Тілеубаев Ш.Б. Қазақстан XIX-XX ғасырдың басындағы ресей империясының қазба байлықтарды игеру стратегиясында // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – №3(58). – 2018. – 40-44 бб.
- 107 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
- 108 Алампиев П.М. Ликвидация экономического неравенства народов Советского Востока и социалистическое размещение промышленности. – М.: Изд-во АН СССР, 1958. – 451 с.

- 109 Zhuldyz Tulibayeva, *The Qazaqs and the Central Asian Principalities in the 18th and the First Half of the 19th Centuries*. In *Oriente Moderno*. – Leiden: Brill, 2016. – Vol. 96. – Is. 1. – P. 25-45. <https://doi.org/10.1163/22138617-12340093>.
- 110 Смағұлов Б.А. Қоянды жәрмеңкесі тарихының кейбір аспектілері. // ҚарМУ Хабаршысы. Тарих. Философия. Құқық сериясы – № 2(54). – 2009. – С. 109-113.
- 111 Щеглова Т.К. Ярмарки Западной Сибири и Степных областей во второй половине XIX века: Из истории российско-азиатской торговли. – Барнаул: Изд-во БГПУ, 2002. – 260 с.
- 112 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 192 с.
- 113 Фридман Ц.Л. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане. – А.: Казахстан, 1974. – 175 с.
- 114 Юшков К.М. Деятельность банковских кредитных учреждений российской империи в Средней Азии с 90-х гг. XIX в. по 1914 г. // Проблемы истории, филологии, культуры. – 2005. – №1. – С. 122-125.
- 115 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 116 Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда. Ұжымдық монография. – Алматы «Литера-М.» ЖШС, 2018. – 720 б.
- 117 Асылбеков М.Х., Сеитов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. – Алматы, 2003. – 148 с.
- 118 ҚР ОМА. 94-қ., 1-т., 2205-іс. – 4-5 пп.
- 119 ҚРОМА. 146-қ., 2-т., 1-іс. – 12 п.
- 120 ҚРОМА. 94-қ., 1-т., 2740-іс. – 1 п.
- 121 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Екі томдық монография. Бірінші том. / Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
- 122 Қойгелдиев М.Қ. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – Алматы, 1997. – 53 б.
- 123 ҚР ОМА. 149-қ., 1-т., 26-іс. – 1-2 пп.
- 124 Қойгелдиев Мәмбет. Әзімхан Ахметұлы не үшін жазаланды // Айқап. – 2016. – №3. – 88-99 б.
- 125 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т. 1. – 552 б.
- 126 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2005. – 656 б.
- 127 Султанғалиева Г.С. Султанғалиева А.К. Ислам в Казахстане: история. Этничность и общество. – Алматы: КИСИ, 1998. – 188 с.

- 128 Волков В.В. Власть и мусульманская школа в русском Туркестане (1867–1881 гг.) // Власть. – С. 148-155.
- 129 Жолсейітова М.Ә. Жәдидшілдіктің қалыптасуы мен дамуындағы И. Гаспыралының рөлі / [Электронды ресурс]. URL:<http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1044>
- 130 Остроумов Н.П. Мусульманские мактабы и русско-туземные школы в Туркестанском крае // Журнал Министерства Народного Просвещения. – СПб.: Сенатская типография, 1906. – Ч. 1. – С. 113-166.
- 131 Якупов Р.И. К вопросу об истории и современных концепциях духовного образования // <http://www.idmedina.ru/books/materials/?2391> – қаралды 22.12.2025.
- 132 Қазақстандағы ислам / [Электронды ресурс]. URL:<http://e-history.kz/kz/contents/view/1053>. – қаралды 24.04.2024.
- 133 Тулибаева Ж.М. Рисала и тазкира по истории духовной культуры казахов: общая характеристика и обзор / Локальные религиозные верования в Центральной Азии. – Алматы: Университет Туран, 2017. – С. 53-80.
- 134 Историческое значение Атлахской битвы в судьбе казахов / <http://e-history.kz/ru/publications/view/1384>. – қаралды 24.04.2025.
- 135 Басилов В. Кармышева Ж. Ислам в казахской степи // Nomad-Kazakhstan, 2006. – №5. – С. 32-36.
- 136 Аничков И. Забытый край // Сб. материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Т.V – Ташкент, 1896 – С. 200-212.
- 137 Янушкевич А. Дневники и письма из путешествии по казахскому краю. – Алма-Ата, 1966. – 267 с.
- 138 Тасмагамбетов А.С. Из миссионерской деятельности православной церкви в Казахстане во второй половине XIX – начале XX вв. // Вестник высшей школы Казахстана. – 1996. – № 6. – С. 81-84.
- 139 Муканова Г.К., Муканов М.К. Идеи И. Гаспринского и «Алаш» // [Электронный ресурс]. URL:<https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9207> электронный портал. – 19.09.2013 (дата публикации).
- 140 Альмухаметов А.Р., Махмет М. Ислами білім берудің Қазақстандық моделі: исламтану ғылымының өткені мен бүгіні // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – №3 (57). – 2016. – 115-119 бб.
- 141 Раздыкова Г.М. О мусульманских школах в степном крае в конце XIX – начале XX веков // [Электронный ресурс]. URL:<https://articlekz.com/article/5218> – қаралды 15.07.2025.
- 142 ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 3475-іс. – 1 п.
- 143 Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
- 144 И.Т. Мусульманские училища Туркестанского края // ЖМНП. – 1874, декабрь. Четвертое десятилетие. Часть CLXXVI. – С. 1-34.

- 145 Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 216 б.
- 146 Мурзаходжаев Қ.М. Мусульманские учебные заведения на территории Казахстана (конец XIX – начало XX вв.) / «Рухани жаңғыру» бағдарламасын практикалық тұрғыда жүзеге асырудағы жас тарихшы-ғалымдардың міндеті» Жас тарихшы ғалымдардың VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.– Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының редакциясы, 2018. – 238-242 бб.
- 147 Школа у туземцев Средней Азии. Речь произнесенная на годовичном акте Туркестанской Учительской семинарии 31 мая 1889 года. Преподавателем семинарии Н.П. Наливкиным. – Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889. – С. 36-49.
- 148 Сатершинов Б. Ислам фобиясы және стереотиптер. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 158 б.
- 149 Труды Частного Совещания, созванного 20-мая 1907 года Степным генерал-губернатором по вопросам о нуждах киргизов Степного Края. – Омск: Тип. Акм. Обл. Прав., 1908. – 93 с.
- 150 Абдуллина З.М. Джадидизм в Башкирии в конце XIX начале XX веков: историко-культурологический аспект: дис. ... канд. культурологии. – Уфа, 2003. – 182 с.
- 151 Лысенко Ю.А. Дискуссия центральных и региональных органов власти по вопросу о ведомственной принадлежности мусульманской школы Туркестана (конец XIX – начало XX вв.) // Bylye Gody. – 2018. – Vol. 48. – Is. 2. – P. 759-767.
- 152 Гейер И.И. Путеводитель по Туркестану. – Ташкент: Типо-Литография В.М. Ильина, 1901. – 255 с.
- 153 Керенский Ф. Медресе Туркестанского края // Журнал Министерства народного просвещения. – 1892. – № 4. – Отд. 4. – С. 18-25.
- 154 ТОМА. И-2-қ., 1-т., 182-іс. – 11 п.
- 155 Әбдірәсілқызы А. Дін. Дәуір. Дәстүр: Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Баспалар үйі, 2014. – 296 б.
- 156 Kubeyev R.D., Murzakhodzhaev K.M. On some matters of jadidist educational Institutions in kazakhstan in the context of traditionalism and modernism correlation // Отан тарихы, 2018. – №1. – 165-180 бб.
- 157 Тулибаева Ж.М. Сочинения Курбангали Халиди как источник по истории и духовной культуре казахов Юго-Западного Алтая // Археография және деректану ұлттық орталығының Хабарлары. – Астана, 2014. – № 1. – С. 32-41.
- 158 Тулибаева Ж.М. Сочинения Курбангали Халиди как источник по истории и духовной культуре казахов Юго-Западного Алтая (продолжение статьи, начало в №1) // Археография және деректану ұлттық орталығының Хабарлары. Астана. – 2014. – № 2. – С. 18-29.

- 159 Смағұлова С.Ө. Қазақстандағы мұсылмандық оқу орындары мен ағартушылық қоғамдар (XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы) // Түркологиялық жинақ / жауапты редакторлары: Ескеева М., Аманжолова Д. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 768 б.
- 160 ӨР ОМА. И-461- қ., 1-т., 1260-іс.
- 161 Волкова Л.А., Рубанова И.В. Национальная школа Удмуртии в начале XX века (в контексте русско-японской войны и Первой русской революции) // Bylye Gody, 2015. – Vol. 35. – Is. 1. – С. 116-123.
- 162 Б.М. Аташ, Қ.Ұ. Әлжан. Ғұмар Қараш. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 375 б.
- 163 Кабульдинов З.Е. Основные проблемы жизни казахов в Каркаралинской петиции. – [Электронный ресурс] – URL: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9216/> – қаралды 02.03.2024.
- 164 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
- 165 Ғ. Қараш. Замана. Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
- 166 Кеңшілік Тышхан. Жәдид пен қадым күресі // [Электронды ресурс]. URL: <https://kazislam.kz/жәдид-пен-қадым-күресі/?Fbclid=iwar3byd-y5jy97gmftntyq7lff3voptx88j7ti3qdsl6jjslaihh7xcbqdp0&lang=ru>. – қаралды 04.10.2025.
- 167 Бенингсен А. Мусульмане в СССР. – Париж: YMCA-press, 1983. – 86 с.
- 168 Абдуллин Я.Г. Джадидизм как этап в развитии татарского просвительства. Очерки истории татарской общественной мысли. – Казань: татар. кн. Изд-во, 2000. – 191 с.
- 169 Нуртазина Н.Д. «Ислам и генезис казахской мусульманской традиции». – Астана: Муфтият баспасы, 2024. – 472 с.
- 170 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / Левшин, Алексей Ираклиевич; Под ред. М.К. Козыбаева; Сост.: И.В. Ерофеева. – Алматы: Санат, 2009. – 656 с.
- 171 Басилов В.Н., Дж.Х. Кармышева. Ислам у казахов (до 1917 г.). – Москва: Росс. Акад. Наук, 1997. – 161 с.
- 172 Муканов С. школа жизни. Книга I. Детство. – Алма-Ата: Жазушы, 1965. – 412 с.
- 173 Білім-ғылым турасында жәдидтер мен қазақ зиялыларының айтқан ойлары / Сб. мат. Межд. конф. «III Аргынбаевские чтения» (Алматы, 13-14 апреля). – Алматы, 2018. – С. 462-464.
- 174 «Опасные для единства нашего государства проповедники...» П.А. Столыпин о политике Турции в отношении России и панисламизме. 1910 г. // Отечественные архивы. – 2004. – № 3. – С. 93-97. [Электронный ресурс]. URL: <http://portal.rusarchives.ru/publication/stolipin.shtml> (қаралды: 11.12.2025).

- 175 Шомахова А.А. Мусульманский вопрос в российской империи и отношение к нему С.Ю. Витте и П.А. Столыпина // электронный журнал «СтРИЖ». – №3(14). – май 2017. – С. 76-79.
- 176 Арапов Д.Ю. Ислам в Российской империи (законодательные акты, описания, статистика. – М.: Академкнига, 2001. – 367 с.
- 177 Калимуллин Р.Х. Модернизированный джадидизм в России: монография. – Уфа: Изд-во БГПУ, 2011. – 126 с.
- 178 Кулбахтина А.З. Традиционная школа мусульман Башкирии на рубеже XIX–XX веков: монография. – Уфа: Изд-во БГПУ, 2012. – 149 с.
- 179 ҚР ОМА. 369-қ., 1-т., 780-іс.
- 180 Аничков И.В, К вопросу о калыме // Очерки народной жизни Северного Туркестана. – Ташкент: Типолит. «Ф. и Г». Бр. Каменские, 1899. – С. 1-25.
- 181 ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 5620-іс.
- 182 Юзеев А.Н. Философская мысль татарского народа. – Казань: Татар, кн. изд-во, 2007. – 214 с.
- 183 ТОМА. Ф-125-қ., 1-т., 270-іс.
- 184 ҚР ОМА. 15-қ., 2-т., 52-іс.
- 185 Татарская диаспора в конфессиональных связях казахской степи (XVIII - XIX вв.) / [Электронный ресурс]. URL:<https://cyberleninka.ru/article/v/tatarskaya-diaspora-v-konfessionalnyh-svyazyah-kazahskoy-stepi-xviii-xix-vv.> – 19.07.2025.
- 186 Речкина И.А. Мусульманская политика Российских властей в казахской степи (конец XVIII в. – 60-е гг. XIX в.) // Вестник Омского университета. – 2006. – № 2. – С. 80-84.
- 187 ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 3155-іс. – 5-6 пп.
- 188 ҚР ОМА. 15-қ., 2-т., 399-іс. – 20-21 пп.
- 189 Ә. Бөкейхан. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1993. – 478 б.
- 190 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Л.: Наука. Ленингр. отд-ние, 1982. – 306 с.
- 191 Гейнс А. К. Собрание литературных трудов. – СПб.: типография М.М. Стасюлевича, 1897. – Т. I. – 589 с.
- 192 ӨР ОМА. И-47-қ., 1-т., 955-іс.
- 193 Нурбаев Ж.Е. Из истории православного прозелитизма в Северном Казахстане / [Электронный ресурс]. URL:<https://e-history.kz/media/upload/5679/2015/10/26/1df870c2d467b577f73dfa6af595ff3a.pdf>. – 19.07.2019.
- 194 ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 595-іс.
- 195 Николай Иванович Ильминский. Избранные места из педагогических сочинений, некоторые сведения о его деятельности и о последних днях его жизни. – Казань: Типография императорского университета, 1892. – 132 с.

- 196 [Ч.Ч. Валиханов](https://rus-turk.livejournal.com/1874.html). На пути в Кашгар. В киргизском ауле // <https://rus-turk.livejournal.com/1874.html> – 25.08.2024.
- 197 Ахметова Ұ.Т., Балғымбаев Ғ.Б. және Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы / [Электронды ресурс]. URL:<https://iie.kz/?p=1585>. қаралды 20.11.2024.
- 198 Республиканский Государственный Исторический архив. 821-қ., 133-т., 620-іс. (О мусульманской фракции Гос. Думы. Слова Тевкелева, Ахтямова, Джафарова на съезде 1913 г. (1916 г.).
- 199 Яценко Р.В., Наумов И.Н., Соловьева А.В. Государственная политика в сфере народного образования среди мусульманского населения России во второй половине XIX – начале XX века // Грамота, 2013. – № 4 (30). – С. 212-215 [Электронный ресурс]. URL:www.gramota.net/materials/3/2013/4-1/52.html
- 200 Беленчук Л.Н. Граменицкий С. М.: просветительская деятельность в Туркестанском крае на рубеже XIX–XX вв. // Педагогика. – 1997. – № 4. – С. 73-75.
- 201 Қазақстан қоғамына серпіліс қажет / Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Основные итоги разработки краткой истории Казахстана для иностранной аудитории в рамках практической реализации статьи К.-Ж.К. Токаева «Независимость превыше всего». Алматы. – 29 сентября 2022. – С. 441-445.
- 202 Темірғали Нұртазин. Абай және орыстың классикалық әдебиеті / [Электронды ресурс]. URL:<http://abai.kaznu.kz/?p=1121>. – 23.11.2024 қаралды.
- 203 ӨР ОМА. И-461-қ., 1-т., 1320-іс. – 26 п.
- 204 ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 15821-іс.
- 205 Мусульманские и православные миссионеры в Казахстане: деятельность и результаты (XIX – начало XX веков). Сборник документов и материалов / Сост.: З.Т. Садвокасова, Б.Т. Жанаев, М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, С.К. Рустемов. – Алматы: Литера-М, 2021. – 528 б.
- 206 Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II пол. XIX – нач. XX вв.). – Алматы: Ғылым, 2005. – 277 с.
- 207 Ермекбай Ж.А. Хан Жангир: верноподданный россии и реформатор степи // Вестник Томского государственного университета. – 2017. – № 425. – С. 124-130.
- 208 Рахымқұлов Д.А. Қазақ балалары білім алған гимназиялар жөнінде (XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». – № 3. [Электронды ресурс]. URL:<http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/301>. – 10.10.2024 қаралды
- 209 ТОМА. Ф-126-қ., 1-т., 1160-іс. – 9 п.

- 210 Алекторов А.Е. Изистории развития образование среди киргизов Акмолинской, Семипалатинской области. – ЖМНП. – 1905. – Ч. CCCLXII. – С. 154-191.
- 211 Алтынсарин И. Письма, деловые бумаги и переписка // Собрание сочинений в трех томах. – Алма-Ата: Наука, 1978. – Т. 3. – 352 с.
- 212 Мұхатова О.Х., Оразов Р.Е. Орынбор ерлер гимназиясы және Алаш қайраткерлері // Отан тарихы. – 2024. – Т. 27. – No 1. – Бб. 132-149. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_132-149.
- 213 ТОМА. Ф-125-қ., 1-т., 17-іс.
- 214 ӨР ОМА. И-47-қ., 1-т., 1148-іс. – 1 а.б.
- 215 ТОМА. Ф-125-қ., 1-т., 570-іс. – 2 а.б.
- 216 ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 1003-іс. – 6 п.
- 217 ӨР ОМА. И-461-қ., 1-т., 1361-іс. – 27 а.б.
- 218 ҚР ОМА. 41-қ., 1-т., 424-іс. – 1 п.
- 219 ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2865-іс. – 1-31 пп.
- 220 ҚР ОМА. 41-қ., 1-т., 285-іс.
- 221 ҚР ОМА. 369-қ., 1-т., 2040-а-іс. – 51-52 пп.
- 222 Добромыслов А.И. Города Сыр-Даринской области. – Ташкент, 1912. – 117 с.
- 223 Табышалиева А. Вера в Туркестане. – Бишкек, 1993. – 160 с.
- 224 ӨР ОММ. 1-қ., 31-т., 124-іс. – 64-п.
- 225 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Соч. Т.2. Ч.1. – М.: Наука, 1963. – 624 с.
- 226 Кемеңгерұлы. Қ. Езілген ұлттар. – М.: Кіндік баспа, 1925. – 72 б.
- 227 Терджиман-переводчик. – 1891. – №11. – С. 22.
- 228 ҚР ОМА. 41-қ., 1-т., 286-іс. – 7-8 пп.
- 229 ӨР ОММ. И-47-қ., 1-т., 1149-іс.
- 230 Жолсейітова М.Ә. Жәдидшілдіктің қалыптасуы мен дамуындағы И. Гаспыралының рөлі // [Электронды ресурс]. URL:<http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1044> – 02.03.2024 қаралды.
- 231 ҚР ОМА. 90-қ., 1-т., 7736-іс.
- 232 Елдос Тоқтарбай. Мамановтар әулеті // <https://abai.kz/post/42445>. – қаралды 22.06.2024.
- 233 ӨР ОММ. И-1-қ., 31-т., 943-іс. – 37 п.
- 234 Нұртазина Н.Д. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002. – 208 б.
- 235 Danielle Ross. Tatar Empire: Kazan`s Muslims and Making of Imperial Russia. – Bloomington: Indiana University Press, 2020. – 276 p.
- 236 Kuanysh M. Murzakhodzhayev, Zhuldyz M. Tulibayeva. On Certain Questions Concerning Education in Jadidist Schools in the Kazakh Steppe (the late 19th – the beginning of the 20th centuries) // Bylye Gody. – 2018. – Vol. 50. – Is. 4. – P. 1684-1694.
- 237 ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 4086-іс.

- 238 ҚР ОМА. 90-қ., 1-т., 351-іс.
- 239 ҚР ОМА. 90-қ., 1-т., 773в-іс.
- 240 ҚР ОМА. 27-қ., 1т., 17-іс.
- 241 ҚР ОМА. 25-қ., 1-т., 3788-іс.
- 242 ҚР ОМА. 27-қ., 1-т., 178-іс.
- 243 ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 309-іс.
- 244 ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 242-іс.
- 245 ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 70-іс.
- 246 ҚР ОМА. 59-қ., 1-т., 280-іс.
- 247 Қалижан Уәлихан. Жәдитшіл жырлар: (Тарихи зерттеулер). – Алматы: Санат, 1998. – 64 б.
- 248 Таржимон–Переводчик. – 1891. – №6. – 22 февраля. – С. 51-52.
- 249 Қасымбекова М.А., Жеңіс Ж.Ж., Жұматай С. Орталық Азияда сопылық орденнің пайда болу тарихына қатысты кейбір мәселелер // Отан тарихы. – 2025. – Т. 28. – No 1. – 52-62-бб. (ағыл.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_52-62.
- 250 Frank, Allen J. Bukhara and the muslims of Russia: Sufism, education, and the paradox of Islamic prestige. – Dabvers: Brill Academic Pub, 2012. – 215 p.
- 251 ӨР ОМА. И-461-қ., 1-т., 1311-іс. – 17 п. а.б.
- 252 Татарстан Республикасының Ұлттық Архиві (ТР ҰА). 1-қ., 6-т., 861-іс.
- 253 ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 938-іс. – 38 п.
- 254 ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2674-іс. – 5 п.
- 255 ӨР ОМА. И-461-қ., 1-т., 1893-іс. – 9-31 пп.
- 256 ӨР ОМА. И-461-қ., 1-т., 1471-іс. – 37-38 пп.
- 257 Қамзабекұлы Д. Жәдитшілдік және Исмайыл Гаспыралы құбылысы // Астана ақшамы. – 2009. – №126(2447). –10 б.
- 258 Касабеков С. Идеино-политические ориентиры политической деятельности мыслителей казахской степи // Журнал Казахская цивилизация. – 2006. – №3. – С. 78.
- 259 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том: Олеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / Құраст.: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: Мектеп, 2013. – 368 б.
- 260 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 381 б.
- 261 «Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: Арыс, 2009. – 480 б.
- 262 Сайғы Г.Б. Міржақып Дулатұлы және қазақ жәдитшілдігі / [Электронды ресурс]. URL:<https://e-history.kz/media/upload/4624/2015/07/29/8a79c98f0c32fa971f5fc6e0ee851d31.pdf>. – қаралды 26.04.2025.

- 263 Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» / Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (akorda.kz). қаралды 30.10.2024.
- 264 ТР ҰА. 92-қ., 1-т., 22074-іс.
- 265 Девин ДеВиз. О мифах и клише, окружающих исследования джадидизма // [Электронный ресурс]. URL:<https://caa-network.org/archives/6780>. – қаралды 16.11.2024.
- 266 Анатолий Ремнёв. Татары в казахской степи: соратники и соперники Российской империи // [Электронный ресурс]. URL:<https://cyberleninka.ru/article/v/tatary-v-kazahskoy-stepi-soratniki-i-soperniki-rossiyskoy-imperii>. 1-27 с. – қаралды 13.10.2024.
- 267 ҚР ОМА. 15-қ., 1-т., 408-іс. – 3 п.
- 268 ТР ҰА. 420-қ., 1-т., 203-іс.
- 269 Ержиласун Г. Жәдит ағымының қазақ зиялыларына ықпалы // Абай. – 2017. – №6. – 58-63 бб.
- 270 Каримуллин А.Г. Книги и люди. Исследование. – Казань: Татарское книжное издательство, 1985. – 303 с.
- 271 Әсет Пазылов. Мәшһүр Жүсіп және «Сарыарқа тарихы» // [Электронды ресурс]. URL:<https://abai.kz/post/8213>. – қаралды 23.05.2024.
- 272 Оразов Р.Е. XX ғасыр басында Қазақстанда оқуға тыйым салынған кітаптар / «Ғылыми қазына» және Отан тарихы: жас ғалымдар міндеті» атты III Халықаралық жас тарихшы ғалымдардың ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / ред. Х.М. Әбжанов, Д.А. Рахымқұлов. – Алматы: Елтаным», 2012 б. – 242 б.
- 273 ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 26017-іс, – 19 п.
- 274 Асанова С.А. Ислам в духовной культуре Казахстана начала XX века // [Электронный ресурс]. URL:<https://e-history.kz/ru/e-resources/show/13372/>. – қаралды 30.04.2024.
- 275 Өскен Ә.М. «Жәдит» әдісі және Алаш оқымыстыларының алғашқы оқулықтары // Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. – 2022. – №2(139). – 168-176 бб.
- 276 ӨР ОМА. И-461-қ., 1-т., 1319-іс.
- 277 Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы : Ғылым, 2002. – 214 б.
- 278 ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 3024-іс. – 7 п.
- 279 ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 2868-іс. – 5 п.
- 280 Кул-Мухаммед М. Жакып Акпаев. Патриот. Политик. Правовед. – Алматы: Атамура, 1995. – 240 с.
- 281 Рүстемов С.К. «Шурои-улема» ұйымы: құрылуы және қызметі // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. – 2018. – №2(14).
- 282 Програмные документы мусульманских политических партий. 1917-1920гг. – Оксфорд: Общество исследования Средней Азии, 1985. – 131 с.

Қосымшалар

1-сурет. Киіз үйдегі мектеп. Ақмола облысы, революцияға дейін.
ОМКФДЖА, №4-1013.



2-сурет. Қазақ балаларының революцияға дейін киіз үйдегі Құран үйренуі.
Репродукция. ОМКФДЖА, №4-1216.



3-сурет. XIX ғ. аяғы – XX ғ. бас. қазақ мектебі оқушыларының сабақ оқу барысы. ОМКФДЖА, №Е-14210 ОС.

